

Ерлібай Өзбекбайұлы

Мырзашөл Қызылқұмы

ТАРИХИ ОЧЕРК

Шымкент-2019

УДК 908
ББК 63.3
Ө-25

**Кітапты құрастыруға және дерек жинауға
атсалысқан азаматтар:**

Серікбай Шәмшиев, Орынбасар Серікбаев,
Амантай Айтуғанов, Қамшыбек Әсемов,
Дүниезада Әліпбаева, Жасұлан Ағайдаров

Өзбекбайұлы Е.

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ. – Шымкент: “Шың” баспаханасы
– 2019. – 312 бет.

ISBN 978-601-80786-0-6

Оқырман назарына ұсынылған “Мырзашөл Қызылқұмы” атты бұл кітапта аталмыш елді мекеннің бір ғасырға жуық өткен тарихы нақты деректердің негізінде қамтылған. Сондай-ақ, бір ғана ауылдың басынан өткерген қилы-қилы кезеңдері кезінде Кеңес Одағының құрамында болған елдердегі ауыл шаруашылық саясатымен сабақтасып жатыр. Танымы мол тарихи очерктің ерекшелігі де осында.

Кітап қалың оқырманға арналған

УДК 908
ББК 63.3

© “Шың” Баспаханасы, 2019

© Өзбекбайұлы Е., 2019

ISBN 978-601-80786-0-6

АЛҒЫСӨЗ

Ата-бабамыздың ежелден мекендеп келе жатқан қыс қыстауы, жаз жайлауы болған Сейхундарияның орта ағысының екі жағалауы – қасиетті жер. Бұл жағалаудың Оңтүстік Батыс жағы Мырзашөл жазықтығы, қуаң дала және Қызылқұмның шөлейті мен шағылымен шектелген, оның шекарасы Жызак, Самарқанд және Бұхара аумақтарымен жалғасады. Ал, Солтүстік Шығыс беті Келес адырлы жазығымен, Бозай, Әлімтау, Арыс, Монтайтас далаларымен ұштасып кетеді.

Осы жағалауда Сыр суынан пайдаланып егіншілік, мал шаруашылығы, көмір-отын өндірісі, ұлттық қол өнері дамыған. Осыған байланысты отырықшы тұрғындары бар кенттер мен елді мекендер дамыған өңірге айналған. Олар: Аққұм, Асық ата, Үтіртөбе, Ақтөбе, Арбақалды, Жаушықұм, Майқала, Шардара, Қалғансыр, Қоссейіт, Көксу, Сүткент, Ұзын Ата, Байырқұм, Қожатоғай, Мұрынқарак, Көксарай, Балтакөл т.б. Осы елді мекендердің аттары Әмір Темір, Бабыр жорықтарына арналған шығыс тарихи-деректерінде келтірілген. («Темірнама», С.Ташкенди, «Бабырнама» және «Зафарнама», Х.Язади).

Қызылқұм алқабының тұрғындары мал шаруашылығы өнімдерін және өңдеуден алынған тауарларды Ташкент, Жызак және Самарқанд базарларына шығарып, ол жақтан тұрмысқа қажетті тұтыну тауарларын алып отырған.

Мал шаруашылығы үшін Қызылқұмнан құдық қазып, шығыр қауғамен су шығаруды тіршілік көзіне айналдырған. Олардың қатарында Қуанқұдық, Изей, Алтынбек, Сайлау, Ұзынқұдық, Мергенқұдық, Үшқұлаш, Пірәлі, Темірхан, Батырхан, Нәлібай, Қараөзек, Найман, Бұқарбай, Жібекші тағы сол сияқты жүздеген аттарды келтіруге болады.

Сырдың орта ағысының оң жағалауында Келес адырындағы Қылыштың қырынан Ақмешіт шекарасы, сол жағалауы Иіржар-Қияттан бастау алып көрші облыстың оңтүстік

аудандарын қоса қалың қоңырат елі мекендегені тарихтан белгілі. Осы өңірде Жаушықұм төбе, Шардара бекеті аумақтарында талай тарихи оқиғалар, жаугершілік соғыстар болған. Шыңғысхан, Әмір Темір, Жоңғар қалмақтары жорықтары, Бұхара әмірлігі мен Қоқан хандығы арасындағы жерге талас, орыс империясының генерал-губернаторы Чернявтің Кенесары хан немересі Сыздық Сұлтан бастаған сарбаздардың шайқасы осы ортада болған оқиғалар.

Бұл аумақ ежелгі кезеңде Бұхара әмірлігіне, кейінірек Қоқан хандығына, одан соң Қазан төңкерісіне дейін Ресей империясының генерал-губернаторларының Жызақ, Черняев, Шымкент уездік биліктерінің ықпалында болып әкімшілік басқару соларға тиісті болып келген. Басқаруды жүзеге асыру тетігі жергілікті жерде тағайындалған, сайланған датқа, билер және болыстар арқылы орындалған.

Елдің есінде жақсылығымен, қамқорлығымен қазірге дейін сақталып жүрген Тұрлыбек, Қанай, Мұсабек, Сапақ, Дәуренбек, Жабай, Таубайлар – елге қызметтері аңызға айналған тұлғалар. Елдің мүддесін, жерін және мал-мүлкін басқыншылардан қорғап, әділеттікке күресіп, халыққа пана болған батырлар: Жалаңтөс, Бұлтбай, Барак, Байбақ батыр, Сапақ, Жаманқара, Қайып, Құлжан, Нөсер, Елемес, Өтеш, Байтұяқ, Тәжен тағы басқалар.

Осындай қарама-қайшылығы жетерлік тартысты қоғамды қазан төңкерісі және онан соңғы оқиғалар аласапыран заманға айналдырды. Бай, болыстар кәмпіскеленді, кедейлер-белсенділер билікке келді. Кеңес өкіметін құру үдерісінде «тұрымтай тұсынан, балапан басымен» дегендей, бұрынғы тұтас айрандай ұйып отырған елдің тоз-тозы шығып, жаңа қоғам үстемдік ала бастады.

Түркістан өлкесінде, оның ішінде өзінің тұрған елінде Кеңес өкіметін құру және халық арасында үгіт-насихат жүргізуде Оспан Бапышев (лақап аты-Оспан орыс) аянбай еңбек еткен қайраткер. Жер-жерлерде Кеңес үкіметін нығайту, бастауыш партия топтарын құруда табандылық танытқан.

Алғашқыда Түркістан өлкесіне кірген Қызылқұм алқабы 1924 жылғы шекара белгілеуден соң Қазақ автономиялық өлкесінің құрамында, 1928 жылы Қызылқұм ауданы ұйымдасқан, ал 1932 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысының құрамына енген. Жаңа ұйымдастырылған аудандағы «Өгізарықтың» бойында: «Бірлік», «Қызыл партизан», «Ақтөбе», «1-Май», «Сталин», «К.Маркс», «Куйбышев», «Еңбекші», «Голощекин», «Қызыл ту», «Ворошилов», «Ленин жолы», «Алғабас», ТОЗ-дары, артельдері, колхоздары, ал Қызылқұмның шөлейтті алқабында қой шаруашылығын дамыту мақсатында: «Ұзынқұдық», Шымқорған, Тимирязев және «Көксу», «Байыркұм» кеңшарлары ұйымдастырылған.

Қызылқұм ауданының алғашқы партком хатшысы болып Сейдахан Баязиров, атқару комитетінің төрағасы болып Серғазы Құлтаұлы сайланған. Аудан белсенділері: Мұртаза Қошалиев, Қайыпназар Әйтпенев, Байәділ Тембаев, Шымырбай Төлешов, Әбутәліп Қожалиев, Сейдалы Омаров, тағы басқалар болған.

1946-47 жылдары Шардарадағы «Өгізарықтың» бойындағы колхоздар мен артельдер он колхозға біріктіріліп Мырзашөл қуаң даласын суландыру және жаңа жерлерді игеру мақсатында құрылысы аяқталған К-30 каналының бойына, екі бетіне көшіп келген. Олар: «Ақтөбе», «Алғабас», «Қызыл-ту», «Ворошилов», «Ленин жолы», «Мақталы», «Еңбекші», «1-Май», «Сталин», «Куйбышев». Ал, 1952-53 жылдары Қызылқұм ауданының орталығы және Қызылқұм МТС, тағы басқа ұйымдар сол кездегі «Мақталы» селосына көшіп келіп орналасқан. Мырзашөлге көшіп келген он колхоз мақта саласын дамытудың жаңа кезеңін бастады. Ерекше атап айтатындай табыстарға «Ақтөбе», «Алғабас», «Ворошилов», «Еңбекші», тағы басқа колхоздар қол жеткізді. «Ақтөбе» колхозы Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болып, «миллионер» колхозға айналды. Оның бастығы Байәділ Тембаевқа «Победа» машинасы сыйлыққа берілген.

Бұл колхозда алғашқы клуб, диірмен, балабақша, тағы басқа әлеуметтік нысандар колхоз табысы есебінен құрылды. Жалпы алғанда, аудандағы барлық іс-шаралар осы клубта, немесе Ленин атындағы орта мектепте өтетін еді. Қызылқұм ауданының орталығында үлкен сауда орталығы «Қызылқұм» базары халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуда орны айрықша.

1956 жылдың көктемінде Үкімет қаулысындағы колхоздар жарғысына сәйкес барлығы таратылып жаңа «XX партсъезд» атындағы мақта кеңшары ұйымдастырылды.

Бұл кеңшардың алғашқы директоры болып М.Лугин тағайындалды. Одан кейінгі жылдарда А.Әлібаев, Р.Биназаров, Ж.Ералиев, М.Оралов, Ә.Жаппаров, А.Күзенбаев, А.Сүттібаев басқарған. «XX партсъезд» кеңшары ауданда, облыста озат шаруашылықтардың бірі болатын. Әсіресе, мақтадан мол өнім алуда, мақта өндірісін механикаландыру, жаңа агротехнологиялық жетістіктерді қолдануда алдыңғы шепте жүрді. Осы шаруашылықтың ең озық тәжірбиеге ие болған бригада басшылары: Әжіхан Есқараев Социалистік Еңбек Ері, Қарахан Танабаев, Әзім Алданиязов, Сабыр Исабековтің даңқы бүкіл облысқа, республикаға белгілі болды.

«XX партсъезд» кеңшарының мақтанышына айналған ардагерлерін, бұрынғы басшылары мен мамандарын кеңшардың «70-жылдық» мерейтойымен құттықтаймын. Сіздердің жасаған ерен еңбектеріңіз, халықтың әлеуметтік-тұрмыс жағдайын жақсартуға жасаған қызметтеріңіз елдің есінен шықпайды. Бұл тарих жастарға өнеге, тәрбиелік маңызы бар екендігі сөзсіз. Ауыл жастары аға буын өнегесін дамыта берері айқын. Еліміз бай-бақуатты болсын!

Бегім СЕРІКҰЛЫ,

*Қызылқұм ауылының байырғы тұрғыны,
экономика ғылымының докторы, профессор,
Мақтаарал ауданының құрметті азаматы*

ТАРИХ. *Тереңдеп үңілген сайын елдің ертедегі тыныс-тіршілігіне дендеп енгізетін ерекше құдіретті күш іспетті зой бұл. Ия, өткен тарихты өзінше зерделеген кез келген пенде мұны еріксіз мойындайтынына титтей де шүбәміз жоқ. Бүгінгі таңда «Қызылқұм» ауылы атанған, ал бұрнағы жылдарда бірталай уақыт «XX партсъезд» кеңшары аталып келген өңірдің өткен кезеңдеріне көз жүгірткен сайын мен де жоғарыдағы күйді бастан кешірдім. Байқағаным, бір ғана елді-мекендегі тыныс-тіршілік, ондағы халықтың әр кезеңде еткен әрекеттері кезінде Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстандағы бүкіл аймақтың тарихынан сыр шертіп тұрғандай сезілді. Ендеше, «еңбек» деген ұғымға жан кіргізген, қаншама қилы-қилы кезеңдерден өтсе де басынан бағы таймаған «Қызылқұм» ауылының арғы-бергі тарихына қатысты деректерді хал-қадірімізше ақтарып көрелік.*

I бөлім

ТАУҚЫМЕТ

Жалпы, Мырзашөл өңіріндегі шаруашылық құрылымдар Кеңес Одағының сол кезеңдерде жүргізген саясатының жемісі болып саналады. Яғни, ауылдың шығу тарихы да аталмыш Одақтың тарихымен астасып жатыр. Сондықтан әңгімемізді әріден бастайық. 1917 жылға дейін Патшалы Ресейдің құрамында болып келген Қазақ елінің оңтүстік аймағындағы ел-жұрт Кеңес Одағы құрыла бастаған тұста көшпелі және жартылай көшпелі болып екіге бөлінген. Оның үстіне құрамына Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан секілді Орта Азия елдері кірген Түркістан өлкесінің (Түркістан АССР) бұл аймақ бір бөлшегі саналған. Ал 1920 жылы Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғаннан кейін барлық қазақ жері осы республиканың құрамына енгізілген болатын. Бұл кезең Кеңес өкіметінің құрылуына бірден-бір себепші болған және оның жұмысын өзі бас болып жүргізген Владимир Иличь Лениннің «Жаңа экономикалық саясат» деп аталатын бағдарламасының жүзеге аса бастауымен тұспа-тұс келді. Аталмыш бағдарлама әсіресе Орта Азия елдеріндегі қазақ секілді көшпенді халықтардың отырықшы елге айналуына тікелей септігін тигізген болатын. Мәселен, Бағдарламаның шығыс елдеріне қатысты тармағында Сырдария облысының бұқара халқын Кеңес өкіметінің ісіне кенінен тартуға маңыз берілгендігі атап көрсетілген. Бұл – көшпелі және жартылай көшпелі оңтүстіктегі біздің халықты жеке-жеке тіршіліктен ұжымдық қауымдастыққа айналдыру ісі болатын. Әрине, мұны жүзеге асыру оңай шаруа болған жоқ. Елдегі бай мен кедейдің арасына жік түсті. Кеңес өкіметі тек кедей мен орта шаруаның мүддесін көздегендіктен бай-манаптардың дүние-мүлкін, әсіресе төрт түлігін тәркілей бастады. Алғашқыда олардың тарапынан азды-көпті қарсылық болғанымен, сол кездегі өкімет тарапынан жасалған мәжбүрлеу шаралары өз дегеніне көндіріп тынды.

Ал енді жоғарыда біз сөз еткен «Қызылқұм» (бұрынғы ХХ партсъезд кеңшары) ауылының Кеңес өкіметі кезінде қалай отырықшы елді мекенге айналғандығына кеңірек тоқтала кетейік. Бұл орайда, осы ауылда көп жылдар бойы ел басқару қызметінде болған, бүгінгі таңда зейнет жасындағы Тілеу Қыстаубаев ағамыздың талай жылдар бойы «тырнақтап» жинаған тарихи деректеріне иек артқалы тұрмыз. Қызығынан шыжығы көп қызметте жүрген бұл ағамыз ел тарихынан сыр шертетін деректерді ақ қағазға түсіріп отыруға мейлінше қызыққан екен. Көрген-білгенін, естігенін, тіпті кей кездері оқыған кітаптарында көзге шалынған деректерді де қойын дәптеріне жазып қойған. Қысқасы, халыққа да, тарихқа да қызмет еткен ағамыз екен.

...Қыстаубаевтардың қара шаңырағына бас сұққаным сол еді, ішкі бөлмелелердің бірінде шай ішіп отырған Тілеу ағамыз бен жеңгеміз мені емен-жарқын қарсы алды. Бейне бір туған бауыры келгендей жанарынан нұр төгілген ағамыздың алғашқы адымын өз басым жақсылыққа баладым. Жаңылмаған екенмін. Жайылған дастарханнан дәм татқаннан кейін екеуара әңгімеміз қонақ бөлмеде жалғасты. Ауыл тарихына қатысты деректер кешегі Кеңес кезеңінің «көзіндей» болып тұрған «чемоданда» сақталып тұр екен. Сол «қазыналы қамбаны» ағамыз ашқан бойда өз қолымен жазылған деректерді менің алдыма рет-ретімен жайып салды. Оларды көрген сайын көз қуанышымда шек болған жоқ. Ендеше, ауыл тарихын осы бір деректердің негізінде айшықтап көрелік.

Жоғарыда біз еліміздің оңтүстік аймақтары алғашқыда Түркістан өлкесіне (Түркістан АССР) қарағанын айтқан болатынбыз. Яғни, бұрынғы Самарқанд облысының Жызак уезіне Атақорған, Қызылқұм, Көктөбе, Қорғантөбе, Пістелітау және Шардара болыстары қараған болса, кейін бұл аймақтар Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрамындағы Сырдария губерниясының Ташқзақ уезінің құрамына қосылған. Ал, 1924 жылдың соңында Көктөбе мен Пістелітау болыстары біріктіріліп, Көктөбе-Пістелітау

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

деп атауды иеленген. 1925 жылдың 8-9 сәуірінде Сырдария губерниялық атқару комитетінің қаулысымен Атақорған, Қызылқұм, Көктөбе-Пістелітау, Қорғантөбе және Шардара болыстары біріктіріліп, Қызылқұм деп аталған. Оның орталығы ол кезде қазіргі Шардара қаласының іргесінен орын тепкен Ақтөбе ауылы болған екен. Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің (ВЦИК) 1928 жылғы 3-ші қыркүйектегі қаулысымен осы жылдың 17-ші қаңтарында Ташқазак уезі таратылып, Қызылқұм болысы Сырдария округіне қарасты Қызылқұм ауданы болып қайта құрылған. Ал оның орталығы Ақтөбе болып қала берген. Арада төрт жыл өткен соң, яғни 1932 жылдың 10-шы наурызында Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің тағы бір қаулысы шығып, оның негізінде айтулы жылдың 20-шы ақпанында Қызылқұм ауданы Оңтүстік Қазақстан облысының құрамына енгізіліп, аудан орталығы Шардара ауылы болып бекітілген.

Жалпы, Кеңес Одағының көсемі саналған В.И.Ленин Орта Азиядағы көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшы елге айналдыру саясатын 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін арада екі жыл өткенде жүзеге асыра бастапты. Яғни, 1919 жылдың желтоқсан айында болған Бүкілресейлік сегізінші конференцияда Қазақстанның уездері мен губернияларында уақытша ұйымдастыру бюроларын ашу мәселесі қаралып, мұны аталмыш Конференцияның жарғысына енгізген. Осыған сәйкес жер-жерлерде түрлі деңгейдегі жиындар өткен. Онда елді мекендерде Кеңестік жүйенің құрылымы насихатталып, оған кедейлер мен орта шаруаларды молынан тарту шаралары қарастырылған. Бұл орайда бір мәселені қадап айтқан жөн. Ауылдарды Кеңестік және отырықшы жүйеге көшіру алғашқы уақыттарда аса ұқыптылықпен жүргізілген. Өйткені, Лениннің тікелей нұсқауымен алдымен әр ауылдың өзіндік ерекшеліктері мұқият зерделеніпті. Сондай-ақ, жергілікті халықтың болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары да ескерілген. Мәселен, Коммунистік партияның X құрылтайында 1920 жылдың

20-шы тамызында В.И.Ленин мен М.К.Калининнің қол қоюымен құрылған Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының әрі қарай даму үдерісі Партияға жүктелген міндеттермен айқындалған. Дәлірек айтсақ, Қазақ АКСР-на «Халықтың ұлттық бейнесіне сай келетін Кеңес мемлекетін өздерінше дамытып нығайтуына», «Жергілікті халықтың тұрмысы мен психологиясын білетін адамдардан құралған, ана тілінде іс жүргізетін сотты, әкімшілік орындарын, шаруашылық және өкімет органдарын өздерінде жолға қоюға», «Ана тілінде баспасөз, мектеп, театр, клуб жұмысын және жалпы мәдени ағарту мекемелерін өздерінде дамытуға» көмек қолын созу Коммунистік партияның бірден-бір міндеті саналған. Тағы бір көңілге қонымды жайт, Ленин Түркістан өлкесіндегі халыққа жолдаған хатында Кеңес өкіметінің «Жаңа экономикалық саясат» атты бағдарламасы аясында жүзеге асатын ұжымдастыру жұмыстары кезінде тым асығыстыққа бой ұрмау керектігін ескерткен. Ауыл тұрғындары алдымен отырықшы елге айналу мәдениетін бойына сіңіру қажеттігін айтқан. Әрине, Қазақ Автономиялы Республикасының құрылуы мен оның ұлттық ерекшеліктерге сай сипат алуына сол кездердегі Алаш арыстарының ықпалы зор болғандығын бүгінгі тарихшыларымыз жоққа шығармайды. Алайда, олар үшін мұндай мүмкіндік 1924 жылға дейін ғана жалғасты. Яғни, Ленин билік басында отырған жылдарда ғана. Ал, одан кейінгі Сталиндік билік ел азаматтарының ұлттық ұстанымдарын жүзеге асыруына мұрша берген жоқ. Тіпті, бұл жайында айтудың өзі мұнға айналды. Сол кездегі зұлмат саясатқа қарсы шыққандар «Халық жауы» атанды, абақтыға қамалды, атылды.

Сталиндік өкіметтің өктем саясаты «Жаңа экономикалық саясат» бағдарламасының жүйелі жүзеге асуына да салқынын тигізді. В.И.Лениннің «Ауыл тұрғындарының бойына алдымен отырықшы елге айналу мәдениетін сіңіру керек» деген ұстанымы тек сөз жүзінде ғана қалды. Оның орнын «мәжбүрлеу саясаты» алмастырды. Қаймана қазақ

үшін сан ғасырлар бойы қанға сіңген көшпенділік үдерістен, тарихи тілмен айтқанда феодалдық жүйеден отырықшылық қалыпқа ауысу көптеген қайшылықты туындатты. Өйткені, бұған дейін халқымыздың басым бөлігі мал шаруашылығын кәсіп еткен. Сол төрт түлігінің



В.И. Ленин мен И.В. Сталин

қамымен жылдың төрт мезгілінде жайлы жерге көшіп-қонып жүретін ел-жұртқа егіншілікке біржола бет бұру оңайға түскен жоқ. Оның үстіне Кеңестік жүйенің кедей мен бай деп екі тапқа бөлуі, бірінші тапты екіншісінен биік қойып, бай-манаптардың түлігін де, мүлкін де тәркілеуі біраз уақытқа созылған теке-тіреске әкеліп соқты. Мәселен, 1926 жылы еліміздің оңтүстік аймақтарында, әсіресе Сыр бойындағы өңірлерде былайғы жұрт «Қосшы», ал тарихта «Батрак» деген атаумен қалған шаруашылық одақтың, «Артель», «Тоз» секілді серіктестіктердің ұжымдастыру мақсатындағы ісі өрге домалаған жоқ. Бұған бірінші кезекте билікке келген кедей мен орта шаруа өкілдерінің жаңа жүйеге ә, дегеннен бейімделе алмауы және қолда бар дүниесінен айырылғысы келмеген бақуатты жандардың олардың ығына жығыла қоймағандығы себеп болса керек. Осы екі олқылықтың салдарынан ел бірлігі әлсіреген. Ауылда ауызбіршілік болмағандықтан егіншілікпен айналысқан жұрттың да, мал шаруашылығын кәсіп еткен елдің де берекесі қашқан. Басым бөлігі кедей мен орта шаруалардан құралған мұндай қожалықтардағы халықтың әл-ауқаты күн санап нашарлағаны соншалық ондағы шаруалар не тамаққа, не киімге жарымаған. Бұл жағдай сол кездегі саяси ахуалға да кері әсерін тигізіпті. Онсыз да қорадағы малының баршаға ортақ болуына іштей де, сырттай да қарсылық танытып жүрген бай-манаптар «Ортақ өгізден оңаша бұзауым артық» деп жоғарыда аталған бірлестіктерден ат тонын ала қашқан.

1970 жылы КСРО Журналистер Одағының мүшесі Хазме Амандықовтың «XX партсъезд» кеңшарының тарихына қатысты жазған көлемді очеркінде Сырдарияның сағасында тіршілік еткен көшпелі және жартылай көшпелі халықтың арасында Алданияз және Мұса деген байлардың болғандығы айтылған. Бұл кісілер 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін аталған аймақтың малға жайлы шұрайлы жерлерін иеленіп келген екен. Соның арқасында түлік санын жыл санап арттырып отырған. Мәселен, Мұса деген кісінің бір өзінде екі мың қой, 150 жылқы және 100 шақты түйе болған. Ал, Алданияздың түлік саны бұдан кем болғанымен ол меншігіндегі көшке жарамды түйесін жалға беріп те өз несібін айырып отырыпты. Бірде одан қыр жаққа көшкелі тұрған бір кісі жалға түйесін алып, қызмет ақысына бір қой мен бір ешкі берген екен. Бай-бағландардың осыған ұқсас әрекеттері Кенес өкіметіне тіпті жаға қоймаған. Оларды елдегі малшы, жалшы қауымның қас жауы, халықты қанаушы үстем тап өкілдері ретінде көрсету белең алған. Жоғарыда аталған очеркте ел арасында Маңғытай руынан Таңжар, Емшек, Қаракөсе руынан Жаппар, Қасылбек, Байқоңыз, Ақай секілді байлардың да есімдері аталған. Ұжымдастыру кезінде бұлардың мал-мүлкі түгел тәркіленіп, ортақ меншікке айналған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, В.И.Ленин билік басында отырған тұста қабылданған «Жаңа экономикалық саясат» бағдарламасы жедел емес, кезең-кезеңмен асықпай жүзеге асуы тиіс ұзақ мерзімді стратегиялық құжат болып саналған. Сондықтан, бұған жауаптылар ЖЭС аясында шаруа қожалықтарын біртіндеп кооперативтендіру арқылы ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды көздеді. Шаруалар кооперациясы мемлекеттік тұрғыдан еріксіз күштеу арқылы емес, керісінше экономикалық қажеттіліктен туындайтын қозғалыс болуы керек еді. Алайда, Лениннен кейін биліктің тізгінін ұстаған Сталин мен оның жандайшаптары ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыруға көшті. Бұған көнбегендер жаппай жазалана бастады. Мұндай өктем

саясат әсіресе қазақ даласында кең қанат жайды. Сол кездерде Қазақ өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы қызметін атқарған Ф.Голощекин ірі байлардың ғана емес, орта шаруалардың да малын тартып алуға көшкен. Ол 1925 жылдың қыркүйек айында билікке келген болса, арада өткен 3-4 жылдың ішінде қазақ даласында еркін жайылған 40 миллионнан астам түліктің тек 4 миллионға жуығы ғана қалған екен. Алдымен, қазақтың



Ф. И. Голощекин

кәсібі мен нәсібіне айналған малдан айырған Голощекин ен даладағы шабындық және жайылымдық жерлерді бөліске салған. Тарихи деректерге қарағанда, бөлінген шабындық жердің 61,6 пайызын кедейлер, 8,8 пайызын ауқаттылар алған. Ал жайылымдық жердің 59,3 пайызы кедейлерге, 31,7 пайызы орта топқа және 9 пайызы ауқатты қожалықтарға беріліпті. Бір таңқаларлық жайт, шабындық және жайылымдық жерлерді бөлу шаруа қожалығындағы отбасы мүшелерінің санына байланысты жүргізілген. Ал, қазақ өзінің сан ғасырлық дәстүрлі шаруашылығында жерді малдың санына қарай иемденіп келген. Дәлірек айтқанда, көшпелілер үшін жайылымға сұраныс мал басының санына және оның құрамына байланысты болған. Мұны ескермегені сол кездегі биліктің бірінші қателігі болса, екінші жартылай көшпелі аудандардағы жер бөлінісі елдегі шаруаларға еш пайдасын тигізбеген. Өйткені, ауылдағы кедей шаруалардың ғана емес, тіпті орта шаруа қожалықтары да бұл кезеңде ауыл-шаруашылық құрал-саймандарына, егетін тұқым және тағы басқа да қажетті заттарға өте зәру болған. Мәселен, 1928 жылы республикада тіркелген 800 мың шаруа қожалықтың 124 мыңы өте қарапайым еңбек құралдарын иеленіпті. Олар – 54 мың соқа, 0,5 мың тұқым себетін машина, 13,5 мың шөп шабатын шалғы, 9,4 мың тырма. Бұл еңбек құралдары шаруаларға бөлінген жердің жалпы көлемін есепке алғанда «теңізге құйылған тамшыдай» болып қалады.

Сонымен, қаймана қазақты мәжбүрлі түрде малынан айырған большевиктердің елге егін еккізіп, отырықшы етпек болған ниеттері бастапқы жылдарда орны толмас ашаршылыққа әкеліп соқтырды. Бұл нәубеттің зардабын қазақтың бүкіл аймағы тартты.

Сыр бойын жағалаған қазақтардың 1926 жылы құрылған «Қосшы» (Батрак) шаруашылық одағы да жоғарыда сөз етілген қиындықтарды бастан кешірді. Мұнда да байлардың малдары күшпен тартып алынып, олардың жайылымдық жерлері бөліске салынды. Сталиндік жүйенің осы мәселеге қатысты шығарған Заңы бойынша малы, дүние-мүлкі тәркіленіп, өзі жер аударылуға тиісті ірі байларға: көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400-ден астам малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы бар, отырықшы аудандарда



150-ден астам малы барлар және бұрынғы сұлтандар мен хандардың ұрпақтары жатқызылды. «Қосшы» одағын негізінен Орта жүздің Қоңырат руынан тараған қазақтар құрағандықтан осы рудан шыққан бай-бағландардың басым бөлігі аталған заңның қысымына ұшыраған. Ал, Кеңес Одағы кедей мен орта шаруалардың мүддесін қорғағандықтан бұл таптың тіршілігінде, өмірінде бірталай өзгерістер орын алды. Біз мұны да айтуға тиістіміз. Мәселен, алғаш рет өткізілген Кеңестің сайлауы кезінде «Ауылдық және селолық кеңеске», «Болыстық және уездік атқару комитеттеріне» республика бойынша 60 мың депутат сайланса, оның 31.2 мыңын

қазақтар құраған. Сайланған депутаттардың 70,9 пайызы кедейлер екен. Оның құрамында «Қосшы» шаруашылық одағының Сәрсен Омаров, Мұратбек Бозов, Ж.Әлімбаев, Ә.Өтембаев және А.Досымбетов секілді белсенділері де болған. Осы орайда, «Қосшы» шаруашылық одағы алғаш құрылған уақытта аталмыш шаруашылық бірлестікте Алғи руынан Жүнісбай, Әйгөжек, Әбдікерім, Қаракөсе руынан Орынбай, Көтеншеден Датқабай, Құрманәлі руынан Сәрсен, Құйысқансыз руынан Тұсынәлі деген азаматтар басшылық қызмет атқарғанын айта кеткен жөн. Бұл кісілер жетекшілік еткен одақтың құрамына 40 шақты қожалық енген. Ұжымдық бірлестікке алғашқылардың бірі болып Әбдікерім Айдарбеков қосылса, одан кейін оның қатарын ағайынды Шәзіндә және Сәрсен Өтекеевтер толықтырған. Ал, 1928 жылы «Қосшы» одағынан «Ақтөбе» артелі бөлінгенде оның құрамында 47 түтін болған. Аталмыш шаруашылық бірлестікті басқару тізгіні Байәділ Тембаев деген кісіге беріліпті. Жалпы, «Қосшы» одағы құрылған тұстарда таптық күрес, яғни сол кезеңде үстем тап өкілдері деп саналған бай-манаптарға қарсы тәркілеу саясаты қызып тұрған болатын. Сондықтан бұл одақ та бұдан айналып өткен жоқ. Сондай-ақ, осы бағытта республика көлемінде орын алған олқылықтар да осы өңірдің жан жарасына айналды. Мұның салдары шаруашылық одақтың 1930 жылға қарай құлдырап, тіпті тарқап кетуіне себеп болған.

Жалпы, И.В.Сталин мен оның маңындағылардың ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру, басқару кадрларына қарсы жаппай жазалау әрекеттерін қолдануы салдарынан ХХ ғасырдың 30-жылдарының басында «Жаңа экономикалық саясат» бағдарламасы іс жүзінде тоқтатылған. Әу баста В.И.Лениннің бастамасымен қабылданған бұл бағдарламада шығыс халықтарын отырықшы елге айналдыру саясаты осы елдердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыру көзделген болатын. Өкініштісі сол, кейінгі билік бұл жағдайды бұра тартып, әр халықтың, әсіресе қазақтың өзіне

тән тыныс-тіршілігін тіпті ескерген жоқ. Мәселен, елдегі мал шаруашылығын ата кәсібіне айналдырып, қолдағы төрт түлігін мейлінше көбейте алған бакуатты кісілерді малшы мен жалшыларға халықтың хақын жеп отырған, тіпті езгісінде ұстайтын қанішерлер ретінде сипаттады. Ал, шын мәнінде солай болды ма?

1840 жылы Броневский деген генерал қазақ жерін зерттеген екен. Ол қазақ тілін жақсы білген. Сондықтан болса керек, бір жазбасында «Қазақтың «бай» деген ұғымы орыстың «богатый» деген сөзінің баламасы емес. Бай болу үшін атағынан ат үркетін үлкен тұлға болу керек. Материалдық игіліктерге иелік етумен бірге, ақыл-ойы толысқан адам болуы керек», – деп түсініктеме беріпті. Міне, Кеңес өкіметі, әсіресе Сталин билік құрған тұста қазақтың байларын орыстың «богатыйларымен» шатастырды. Бұл екеуінде жер мен көктей айырмашылық бар болатын. Ресейдің және басқа да Батыс елдерінің дәулетті адамдарының басым бөлігі кедейлердің ұлын құлға, қызын күнге айналдырды. Оларда «Құл базары» деген болған. Дәулеттілер сол базардан сатып алған құлдарына мейірім танытпаған. Жалшысы да, мал-



шысы да өмір бойы дәулетті отбасылардың босағасында құл болып өткен. Ал, қазақтың даласындағы бай-бағландар мұндай озбырлыққа барған жоқ. Бабаларымыз ежелден-ақ рухани құндылықты, еркіндік пен ерлікті материалдық байлықтан жоғары қойған. Сондықтан «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» дегенді өміріне өзек етіп, өзіне сарандықты серік қылмаған. Керісінше, жомарттық жасап, барша жұрт игілігіне жарайтын іс тындырса ғана бай атанып, елге танылған. Көптеген қазақ байлары ұлы дала төсінде өз дәулетімен медресе, мешіт салғызып, ұстаз ұстап,



бала оқытқан. Осылайша елге пайдасын тигізген бақуатты байлар малын бағып, отынын шауып, жалпы шаруасын істеп жүрген қарапайым қарашаға да мейлінше қарасқан. Талайын өз қолдарымен аяқтандырып, жеке тіршілік жасауына көмек қолын созған. Бұған мысал боларлық ата-бабаларымыз да аз емес. Солардың бірі ретінде Сыр бойын сағалаған ел-жұрттың аузында осы күнге дейін аңыз болып айтылып жүрген Алғи руынан шыққан Кенімбайұлы Қожан деген байды мысал етер едік. Кезінде бұл кісінің малы өте көп болған көрінеді. Түлік санына қатысты нақты дерек болмағанмен, ел аузында Қожан байдың малы жайында әртүрлі әңгіме бар. Соның бірінде оған тиесілі малдың бір бөлігінің өзі Сырдың сол жағалауын, яғни қазіргі Өзбекстан аймағына дейін жайлаған деп айтылады. Сондай-ақ, бұл кісінің орыстың генералы сипаттағандай «Атынан ат үркетіндей» айбары да болған. Алайда, бойындағы бұл қайсарлық мінезін қарашаға емес, халық арасындағы дау-дамайға жұмсаған. «Қожанның ауылынан келдік» немесе «Қожанның атынан келдік» деген сөзді естісе, есірген ерлердің өзі сабасына түседі екен. Ал, даулы мәселеге өзі барып араласса, әртүрлі кедергілерге қарамай әділ шешімді шығарып беріп отырған. Мұны бір деңіз. Екінші, ен далада жайылған төрт түлігін тек өзінің ғана емес, елдің де еншісі деп есептеген.

...Бір күні Қожан бай әдеттегі әдетімен отар-отар қойлары жайылған жайылымды жағалап келе жатады. Қыр басына жақындай бергенде сарынын мұң тұмшалаған әуезді әнді құлағы шалады. Алғашқыда әннің әуеніне еліткен ол қыр басында отырған адамға жақындаған кезде мәтінге де мән беріп, тасада біраз уақыт тыңдап тұрыпты. Оның өрнекше өрілген өлеңі өзінің өміріне арналған екен. Бастапқы жолдарында бай қолында мал баққан күндері баяндалған. Одан кейін «Бар өмірім осылай қой бағумен өте ме екен, О, Құдайым мына пендең өз арманына жете ме екен?» деп ауылдағы өз замандастары секілді үйленіп, үйлі-баранды болуды меңзесе керек.

Қолында малшы болып жалданып жүрген кедей жігіттің бұл әні Қожан байды бей-жай қалдырмайды. «Қап, мына балаға обал жасап жүр екенмін ғой» деп көрші ауылдан қыз айттырып үйлендіреді. Қалың малы мен басқа да шығындарды өзі көтерумен қатар жаңадан шаңырақ құрған жастарға бай баласынан кем емес жасауы жасалған онаша отау тігіп, отбасының қажетіне жарарлық төрт түліктен де бөліп беріпті. Осылайша, күйбің тіршіліктің күрмеуінен шыға алмай жүрген кедей жігітті ел қатарына қосқан.

Жоғарыда Қожан байдың қошеметіне бөленген бір ғана адамның тағдырына тоқталдық. Ал, ел аузында осыған ұқсас оқиғалар өте көп. Кезінде әлгі кедей жігіт секілді кіріптарлық тіршілікте жүрген талай пендені Қожан бай өз қамқорлығына алған екен. Одан бөлек өз қаражатымен мектеп ашып, ауыл балаларының сауатын ашуға септігі тиген.

Алғашқыда «Ақтөбе» артелі деп аталған, одан кейін ұжымшар (колхоз) болып қайта құрылған шаруашылыққа бірталай жыл жетекшілік еткен Байәділ деген кісіге қатысты мына бір оқиға да сол кезеңдегі байлардың қандай болғандығынан хабардар етсе керек. Байәділ де жас кезінде байларға жалданып жұмыс істеген екен. Малшы болған. Кеңес өкіметі елдегі шаруа қожалықтарын біріктіру саясатына көшкен тұста ол қырғыз жеріндегі бір байдың

малын баққан. Әлгі байдың оған деген көзқарасы түзу болса керек, Байәділ жақын уақытта елге оралуды ойламапты. Бойдақ жігітті бұл райынан тек күндердің бір күнінде өзі көрген түсі ғана қайтарған. Ол түсінде ақ құба өнді ақсақалды көріпті. Қасына жақындап келген қария «Балам, ертерек еліңе барғын. Сенің бағың туған жерінде» деген екен. Байәділ түс көрген күннің ертесінде-ақ өз қожайынына жолығып, еліне шұғыл жол жүретіндігін ескерткен. Мұны әсте күтпеген бай оған «Балам-ау, неге соншама асықтың? Сенің ерте ме, кеш пе еліңе кететінінді сезіп жүргенмін. Бірақ, мұншалықты асығыс болады деп ойламаппын. Бес-алты күн күте тұрғын. Маған жасаған қызметіңе лайық құрмет көрсетейін саған» – деп ағынан жарылғанда Байәділ елге ертерек кету ниетін тағы да байқатады. Оның бетін қақпаған бай айналдырған екі-үш күннің ішінде қасына қосағын қосып, жолға жарамды түлігін де қосарлап, біраз дүниемен туған еліне аттандырған екен.

Байәділдің түсінде ақсақал арқылы берілген аян шынайы өмірде шындыққа айналыпты. Оның бағы туған жерінде жанған. «Ақтөбе» артеліне басшы сайлайтын жиында ауылдың үлкендері бұл қызметке ел көрген, жер көрген көзі ашық азамат деп Байәділді таңдапты.

Мінекей, қазақтың байы мен орыстың «богатыйларының» айырмашылығы осында жатыр. Әрине, қазақ байларының арасында да санасын «сарандық» билегендері де кездесті. Бірақ, олардың саны тым аз болатын. Ал, бақуатты қазақ байларының ешқайсысы қолындағы малшысы мен жалшысын орыстың немесе батыс елдерінің «богатыйлары» секілді «Құл базарынан» сатып алып, оларды басыбайлы құлдықта ұстаған жоқ. Осы ерекшеліктерге қарамай Кеңес өкіметі Сталиннің тұсында елдегі барша байлар мен дәулеттілерге бірдей жаза қолданды. Қолындағы мал-мүліктерін түгел тартып алып, онысымен қоймай оларды ит-жеккенге жер аударды.

Тарихи дерекке қарағанда, сол уақыттарда Республика бойынша 679 адам бай-феодал деп танылып, олардың малы

түгел тәркіленген. Қазақтың сол кездегі жалпы санымен салыстырғанда елдегі байлардың онша көп болмағанын аңғаруға болады. Алайда, олардың қолындағы түлік саны төрткүл дүниені таң қалдырарлықтай деңгейде болған. Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы да деректерге үнілейік. Мәселен, Кеңес өкіметі құрылғанға дейін кезінде қазақтың жері болған Шығыс Түркістанда Баспай Шолақұлы деген бай болыпты. Ол 60 мың қойды, 300 мың жылқыны және 1000 ірі қараны иеленген. Бұл кісі де Қожан бай секілді кедей-кепшікке көмек қолын созып отырған. 30 шақты адамды өзінің дүниесімен үйлендіріпті. Баспай Шолақұлы өз заманының ықпалды тұлғасы да болған. Соншама дәулетті ел пайдасына жаратуды мақсат еткен бай үлкен өзендерге көпір салдырыпты, бірнеше кен орындарын ашқан. Қазіргі таңда Қытай жерінде «Баспай тұқымы» деп аталатын қойдың екі миллионы бар екен. Сірә, «Батыр болсаң, жауға найзаң тисін, Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін» деген тәлімді сөзді сол заманның байлары санасына мықтап сіңірсе керек.

Халықтың қазынасы, елдің құты болған байлар қаламгерлердің шығармасына да арқау болған. Атап айтсақ, арқа өңірінің ауқаттылары атанған Нұрмағамбет байдың, Ерден байдың, Сүтемген байдың дәулетін қазіргі өлшеммен есептеу қиын. Ерден мен Тұрсын байларда 20 мыңнан жылқы болыпты. Бір ғана Нұрмағамбеттің дәулетін әкесі Сағынайға жасаған асынан көруге болады. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» Сағынайдың дәулеті сөз болады. Ілияс Есенберлиннің «Құлагер» поэмасында, Сәкен Жүнісовтің «Ақан серісінде» аталған астың ауқымы мен оған кеткен ас та төк байлық суреттеледі. Қазақ даласының дәулетін суреттейтін мұндай ас жер-жерде болып отырған. Сағынайдың асы 1886 жылы өткен. Ол асқа 500 ақ үй тігіліп, 500 бұхар кілем ілінген. 5 тонна шай әкелініп, жаңа ыдыс-аяқтар Ташкент пен Қазан қалаларынан алынған. 10 мың көрпе-жастық, қонақтарды сыйлауға 500 бұхар шапаны әкелініп, Сібірден 500 бағалы аң терісі алыныпты.

Бұл орайда мына бір жағдайды айта кетейік. Елдегі ірі байлардың тарапынан берілген мұндай Асты асып-тасығандық деп емес, о, дүниелік болған ата-бабаларымыздың әруағына деген құрмет деп бағалаған жөн. Оның үстіне біздің ата дәстүрімізде мұндай Астардың алар орны айрықша болған. Астан ханнан бастап қарашаға дейін қалыс қалмаған. Ондағы дастархан жалпы халыққа арналып жайылған. Ойын-сауық та ортақ болған. Бай немесе жарлы деп бөлінбеген. Бұдан қазақ не ұтты дейсіздер ғой? Бірінші, кеңдікті, теңдікті бойына сіңірді. Екінші, қазіргі уақытқа дейін қазақтың қанын тұлпарша тулатып тұратын көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу және қазақша күрес секілді ұлттық ойындарымыздың өркендеуіне жол ашты. Қысқасы, халықтың береке-бірлігін арттырмаса, әсте кеміткен жоқ.

Кеңес өкіметі жүргізген ұжымдастыру науқанының мәжбүрлеу саясатына ұласуы бірінші кезекте қазақтың байларына қатты соққы болып тиді. Бұл жағдай тек бақуатты отбасылардың ғана емес, ұжымдық бірлестіктердің бірден-бір мүшесі саналған кедейлердің де өмір сүру деңгейін төмендетіп жіберді. Өйткені, қазақ ешуақытта мал шаруашылығынан қол үзбеген. Негізгі күнкөрісі төрт түлікпен тікелей байланысты еді. Голощекин бастаған большевиктер мұны ескермек түгілі қазақты аз уақыттың ішінде отырықшы етпек ниетте неше түрлі озбырлық әрекеттерге барды. Байларды бар малынан айырды. Дүние-мүлкін тек тәркілеп қана қоймай, қуғын-сүргінге ұшыратты. Алғашқыда ауыл-аймақтың ауқатты, адуынды байларына бағытталған бұл солақай саясат бірте-бірте елдегі ықпалды деген азаматтарға да ауыз сала бастады. Мұның барлығы Қазақ өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы Ф.Голощекиннің тікелей басқаруымен жүзеге асты. Мәселен, 1929 жылдың 13-ші ақпанында Бүкілодақтық коммунистік партияға қарасты Қазақ өлкелік комитетінің алқалы мәжілісінде Голощекин астық дайындау ісінде өзіне жеке шешім қабылдау құқын беретін қаулы шығартқан. Сол арқылы ол астық пен ет дайындауды мәжбүрлеу, жазалау және үрей

туғызу арқылы жүргізе бастады. Елдің тұрмыс-тіршілігінен хабарсыз Голощекин тіптен егіншілікпен айналыспайтын көшпелі малшылардан астық өткізуді талап еткен. Мұндай солақай саясаттың зардабын астық салығынан 2 жыл мерзімге босатуға жататын Оңтүстік өңірдегі көшпелі аймақтың халқы да тартқан. Ал, етке өткізілуге тиіс мал басының саны қолда бар мал басынан анағұрлым асып түскен екен. Мәселен, бір ауданның өзінде бар малдың басы 173 мың болса, етке өткізілуге тиіс малдың саны 300 мың болып белгіленген. Ауданның 3 жылда етке мал өткізу жоспары 160 мың бас малдан 1,5 млн бас малға, яғни 10 есеге дейін өсіп кеткен. Қазақ өлкелік комитетінің алтыншы пленумында сөйлеген Х.Нұрмұхамедов «Менің бауырымның, яғни 12 жыл жалшы болған кісінің бір ғана сиыры болды. Егіншілікпен ешқашанда айналыспаған. Соған қарамастан оған 1930 жылы 5 пұт астық салығын салып, бұл астықты төлеу үшін соңғы сиырын және үйдегі мүліктерін сатуға мәжбүр болды. Өкінішке қарай мұндай жағдайлар өте көп кездеседі» деген деректі алға тартты. Осылайша жергілікті жерлерде егіншілікпен айналыспағандарға астық, малы жоқтарға ет салығын салу кең өріс алған. Оны орындамаған жергілікті басшылар да, шаруалар да жазаға тартылған. Ақылға тіпті қонымсыз мұндай озбыр әрекеттер ауыл-аймақтағы ағайынның ынтымағы мен бірлігіне сызат түсірді. Әркім өз басын қорғаудың қамын күйттеді. Осы мақсатта бір-бірін сату секілді бейәдеп қылықтар да белең ала бастаған. Солақай саясаттың зардабы мұнымен біткен жоқ. Қорадағы малынан да, қолындағы барынан да айырылған қазақ қасақана ұйымдастырылған аштықтың құрбаны болды. Әрине, бұған дейін бұл жайында талай айтылды да, талай жазылды да. Сондықтан біз келтіретін мына бір деректің өзі кез келген адамның сай-сүйегін сырқыратып жіберетіні анық. Аштық жаппай белең алған 1932-33 жылдары, яғни айналдырған бір-екі жылдың ішінде қазақ 40 пайыз халқынан айрылған. Дәлірек айтқанда, 2 миллионға жуық адам аштықтың құрбаны

болыпты. Аштық жайлаған аудандарда халық баудай түсіп қырылған. Тіпті, аштықтан өлген адамдарды жинап, көмуге мүмкіндік болмаған. Нәубеттің салдарынан адам етін жеу фактілері де өте көп кездесіпті. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде еліміздің қару ұстауға қауһарлы барлық азаматы майданға аттанса да қаза тапқан қазақтың саны аштық кездегіден (300 мың шамасында) алты есе аз болды. Оның үстіне адамды аштықтың азабын тартқыза отырып өлтіру жүрегі тасқа айналған қанішердің ғана қолынан келсе керек.

Тарихта «Геноцид» деген ұғым бар. Грек тіліндегі бұл «Геноцид» сөзі «өлтіру» деген мағынаны білдіреді екен. Ал, халықаралық құқық бойынша бұл аса ауыр қылмысқа жатады, яғни қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтың



өкілдерін түгелдей немесе жекелеп қасақана қырып-жоюды білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда біздің елде болған аштықты да тұтас бір ұлтты қыру мақсатында қасақана жасалған ауыр қылмыс деп айтуымызға әбден болатындай.

Халқымыздың қайраткер ақыны Жұбан Молдағалиев жырлағандай «Мың өліп, мың тірілген» қазақ аждаһадай болған аштықтың азапты күндерін де артқа тастады. Кеңес өкіметінің саясатына мойынсұнып, ұжымдық үрдістерге де көнікті. Тек көнігіп қана қойған жоқ, уақыттың сол кезеңдердегі талабына бейімделе білді. Мәселен, Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының Сырдария округіне қараған, біршама шаруашылық қожалықтарды біріктірген «Қосшы» («Батрак») одағынан 1928 жылдан бастап бөлініп шыққан «Сталин», «Ақтөбе», «Көпшіл», «Қызыл ту», «Ворошилов», «Ленин жолы», «Күншығар», тағы басқа да артельдер мен

серіктестіктер елді жайлаған аштықтың аласапыран кезеңінде де ауыл шаруашылығын дамытуға хал-қадірлерінше үлес қоса білді.

Қазақ адамның жанын кейде «Шыбын жан» деп те айтатыны бар. Екі сөзден құралған осы бір тіркеске терең үніліп қарап көріңізші. Адам жанын шыбынға телуде не сыр жатыр екен? Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Кей адамның (су немесе тамақ) ыдысына шыбын түссе, батырып жіберіп, қайта алып тастасын. Өйткені, оның қанаттарының бірінде ауру, енді бірінде шипа бар» деген хадисі бар. Осылайша шыбын Құранда жазылған санаулы жәндіктердің бірі. Ал енді жоғарыда айтылған хадистің хақтығына қатысты бір мысал келтіре кетейік. XX ғасырдың басында, нақтырақ айтқанда 1932 жылы Үндістанда безгек ауруы жылдамдықпен тарала бастайды. Оның жолын кесу тіпті мүмкін емес жағдайға жеткен. Сол кезеңдегі емшілердің ешқайсысы бұл дерттің емін таба алмапты. Халық жаппай қырылуға шақ қалған. Ел-жұрттың күдері әбден үзілген кезде Үндістандағы шағын бір ауылдың тұрғындары безгек ауруынан біртіндеп айыға бастайды. Мұның себебіне үнілген білімдар кісілер әлгі ауыл адамдары ішінде шыбын өліп жатқан құдықтан су ішіп жүргенін анықтаған. Құдайдың құдіретін қараңыз, өлі шыбыннан суға таралған медицинада «бактериофаг» деп аталатын бактерия безгектің күш алуын тежеп, ондағы адамға зиянды микробтарды жойып жіберген.

Шыбынға қатысты тағы бір мысал, ол өте аз өмір сүрсе де, оның жаны кез келген қиындыққа төзімді келеді екен. Адамның қолынан немесе басқа да жағдайлармен өлген шыбынның жаны кеудесінен оңайлықпен шыға қоймайды. Жәндіктің денесі қимылсыз жатқанмен, жаны ұзақ уақыт кеудесінде тұрады. Дана халқымыз өз жанын шыбынға тенеуінің негізгі сыры осында жатса керек.

Ия, қазақтың «шыбын жаны» талай рет шырқырады. Кеңес Одағының алғашқы кездегі кері саясатының кесірінен көкірегі талай рет езілді де. Алайда, кездескен кедергілер мен қиындықтарға төзіп, алдағы күндерден үмітін үзген жоқ.

Сыр сағасын жайлаған қоңыраттар да қожалықтардың басын қосқан «Қосшыдан» бастап одан кейінгі «Артелдер» мен түрлі бірлестіктердің қым-қуыт тірлігімен біте қайнасты. Жалпы, бұл өңірдегі ел-жұрт ауыл-аймақтағы шаруашылық одақтар мен бірлестіктер ұжымдық шаруашылыққа, яғни «Ұжымшар» болып қайта құрылғанға дейін бір ізге түсе алмай келген. Ал, әлгіндей шаруашылық ұжымдары жер-жерлерде құрылғаннан кейін мемлекет тарапынан берілетін көмек көлемі де артқан. Осылайша буыны енді қатып келе жатқан баладай еңсе көтере бастапты. Шынында да, мұндай шаруашылық ұжымдары істің ілгері жылжуына септігін мол тигізген. Мұны сол кезеңдерде «Ленин жолы» ұжымшарында көп жыл партия ұйымының хатшысы болған Биғара Жұмабаев деген кісінің мына бір естелігі де растаса керек: «Біз 1927 жылы өз еркіміз өзімізде, жеке дихан едік. Мақта егетінбіз. Менің иелігімде жеті гектар жер болды. Оған суды «Арбақалды» деген көлден жырмалап ағызатынбыз. Өкімет сол 1927 жылы-ақ әлгі көлден «Қызылқұм» атты үлкен арық қазды. Бірақ көктемде Сырдария өзені тасығанда толатын көлдің суы бас-аяғы үш айға ғана жететін. Әрі десе ат соқа, жер ағашпен айдайтынбыз. Баптауы, ылғалы, тыңайтқышы жеткіліксіз егістіктің гектарынан 5-10 центнерден ғана өнім алатынбыз. Бірқатарын мемлекетке өткіземіз. Мен сияқты жеке қожалықтардың саны біраз еді. 1929 жылдан бастап олардың тізімі жасалып, бірте-бірте ұжымдық шаруашылыққа біріге бастады. Көшпелі және жартылай көшпелі халықты бірінші бесжылдықтың соңында толық отырықтандыруға бағытталған бағдарлама аясында ауылдарда Машина-трактор станциялары (МТС) құрылды. Ұжымдық шаруашылықтарға берілетін несие көлемі артты. Салық пен жерге орналастыру саясаты қайта қаралып, халыққа ыңғайлы бағыт ұстанды».

Осы орайда Кеңес Одағы кезінде «колхоз», ал бүгінде «ұжымшар» деп айдар тағылып жүрген ұғымға қатысты аз-кем айта кетейік. «Колхоз» орыс тіліндегі «коллективные хозяйства» деген сөздің қысқартылған нұсқасы. Қазақшада

«ұжымдық шаруашылық» деген мағынаны береді. Ғылым тілінде «Колхоз» деген ұғымға «Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында пайда болған ұжымдық шаруашылық – өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық, меншік және ұжымдық еңбек негізінде ірі социалистік ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін шаруалардың ерікті түрде бірігуі жолымен құрылған кооперативтік шаруашылық» деп түсініктеме берілген екен. Бұған алып-қосарымыз жоқ.

Тарихи деректерге қарағанда, 1927 жылдың желтоқсанында болып өткен Коммунистік партияның XV съезінде ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың басты бағыттары жарияланыпты. Онда Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ісінің аяқталуы 1932 жылға жоспарланған. Яғни, Қазақстанның астықты аудандарында «колхоз» құрылысының негізгі формасы – ауыл шаруашылық артелі, ал мал шаруашылығы аудандарында жерді бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік (ТОЗ) болуға тиіс болған. 1929 жылдың екінші жартысынан бастап республикада «колхоз» құрылысы жедел дамытылған. Өйткені сол кездегі билік көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшылыққа көшіруді 1933 жылы аяқтауды көздеген. Нәтижесінде Қазақстанда «колхоздар» саны анағұрлым арта түскен. Мәселен, республикада 1927 жылы олардың саны 1072 болса, 1928 жылы - 2354, ал 1929 жылы- 4876-ға жетіпті.

Ал енді, Сырдария сағасындағы жаңа бағытты ұстанған ұжымдық шаруашылықтардың бірқатарына тоқталып кетейік. 1928 жылы «Ақтөбе» деген атауға ие болған аудан 1930 жылдың наурыз айында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Үкіметінің шешімімен «Қызылқұм» ауданы болып қайта құрылған. Ол кезде бұл ауданға 25 «ұжымшар», екі серіктестік және Шардара кеңшары қараған екен. Көп ұзамай екі серіктестік бірігіп, «Бірлік» деп аталатын ұжымдық шаруашылықты құраған.

Аудан құрамындағы Ақтөбе «ұжымшарын» Қосшы одағынан «Артель» болып бөлінген кезден бастап Байәділ

(Тембаев) деген кісі басқарған. 1928 жылы Сталин артелі болып бөлініп, одан кейін ұжымшарға айналған ұжымдық шаруашылықты ұзақ жылдар Қадірхан Пазылбеков басқарса, алғашқыда «Алғабас» серіктестігі, ал 1934 жылы ұжымшар болып қайта құрылған серіктестікті Шолықбай Байсейітов өз жетекшілігіне алған. Куйбышев атындағы ұжымшарды басқару тізгіні Өтеш Шойбековке тиген. «Күншығар» ұжымшары 1934 жылы Мақталы ұжымшары болып қайта құрылғанда оны Сырбек Момбеков басқарған екен. Қосқұдық (Ворошиловка) ауылының іргетасы 1931 жылы серіктестік (Төрағасы Сейітбек Сарымолдаев) болып қаланса, 1934 жылы ұжымшарға айналған. Ағман Қалдарбеков, Пәйзілда Мәженов және Украш Әбуов секілді азаматтар осы ұжымдық шаруашылықты басқарған. «Еңбекші» серіктестігі 1932 жылы құрылса, 1934 жылы ұжымшар болған. Оны алғашқы басқарған – Қоңырбай Әбілдаев. 1928 жылы пайда болған «Тыңғылық» серіктестігі (бүгіндегі 1 мамыр) 1934 жылы ұжымшар болып құралған. Алғашқы басқарма төрағасы – Ботабек Кайыпов. 1928 жылдың аяғында бөлініп шыққан «Қызыл ту» артелі 1934 жылы ұжымшар болып қайта құрылды. Оны Қындыбай Ақжігітов басқарған.

Жоғарыда аты аталған кісілер жаңадан құрылған ұжымшардарды басқару қызметіне кездейсоқ келе қалған жоқ. Олар осы ұжымдық шаруашылықтың құрылу жұмыстарына әу бастан-ақ араласып, өздерінің ұйымдастырушылық қабілетімен елдің көзіне түскен. Халықтың сеніміне ие болған. Жасыратыны жоқ, онсыз да бірде «Қосшы», енді бірде «артель», «тоз», «серіктестік» болып халықты сергелдеңге салған шаруашылық бірлестіктер ауыл адамдарының «Ұжымшарға» деген сеніміне селкеу түсірді. Сондықтан елді өз сөзіне сендіре алатын, жаңадан құрылатын ұжымдық шаруашылыққа мүше болуына көндіре алатын ұйымдастырушылығы да, іскерлігі де бар азаматтар ауадай қажет болды. Мәселен, кезінде осындай жағдайларды басынан өткерген, ұжымшар құрылысының басы-қасында

жүрген Шайхидин Зейнидоловтың мына бір естелігінде көп жағдай баяндалған.

– Шардараның «Сейіт» төбесінде (Шардара ауданының «Восход» кеңшары орналасқан жер) 1932 жылы «Күншығар» атты ұжымшар ұйымдастырдық. Онда әртүрлі рудың өкілдері болған. Жаңа шаруашылық ұжымды ұйымдастыруға арналған бір жиында Шәріпбек Мамасалиев деген жігіт уәкіл ретінде сөз алды. Алайда, алғашқыда оның «Біз барлығымыз бірігіп жанадан ұжымшар құруымыз керек», – сөзіне қарсы шыққандар да кездесті. Тіпті, олар жағдайды әдейі ушықтырып, жиынды дау-дамайға, ұрыс-жанжалға ұластыруға әрекет етті. Дегенмен, бұған сасқан Шәріпбек жоқ. Жиналған жұртшылықтың басым бөлігі соның соңына ерді.

Ұжымшарға алғаш мүше болғандардың қатарында Бейғара Елшиев, оның інілері – Жанбол мен Жәнәбіл, Айдар Ысмаилов, Ешемай Қожамқұлов, оның інілері Батырымбек, Есенәлі, ағайынды Оспан,



Қожан, Омар Үсіповтар, Шайхан Алданязов, Өмірбек Жүсіпов, Мәтбек Мамасалиев, Жәдігер Лепесов, ағалы-інілі Әлімжан және Ақмырза Бабажановтар бар. «Күншығар» ұжымшары кейіннен Голощекин атындағы артелге, ал 1934 жылдан бастап «Мақталы» ұжымшары атанды. Бізге 1934-1935 жылдары қой, сиыр, жылқы үлестіріп берді. Оларды орынсыз сатуға, союға тыйым салынды. Бұл мал ұстаушылардың жауапкершілігін арттырды. Ұжымшарға мүше болатындардың саны арта түсті. Сол кездің өзінде «Мақталы» ұжымшарындағы түтін саны 150-ге жеткен болатын. Жаңадан құрылған ұжымшардағы халықты Сырбек Момбеков, Шәмші Әбдірайымов, Қоңырбай Әбілдаев және Көбен Әбдірайымов секілді азаматтар бір мақсатқа жұмылдар білсе, ондағы мал шаруашылығының өркендеуіне Төлембек Бектібаев, құм ішінде талай құдық қазған Әлқожа

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Айыпов, он биені 800 жылқыға жеткізген Жанбол Елшиевтер сүбелі үлес косты.

Ал 1930 жылы ұйымдасқан «Сталин» атындағы ұжымшар жайында осы кезеңдерде еңбек еткен Мұратбек Бозов тұщымды дерек қалдырған екен. Оның айтуына қарағанда, бұл ұжымшар бастапқы кезде егіншілікке қажет суға жари қоймаған. Себебі, «Зымқаруан» деген жерден қазылған «Өгізарық» каналы



«П-1», П-2», П-3» және «П-4» деп аталатын төрт арықтан ғана құралыпты. Оны сол кездегі Қызылқұм ауданына қарасты он ұжымшар пайдаланған. «Сталин» және «Еңбекші» деп аталған ұжымшарлардың әрбірінде алғашқы жылдары жүзге жуық қожалық болған

екен. Олар негізінен мақта шаруашылығымен айналысқан. Әрқайсысы бастапқыда 300, ал одан кейінірек 500 гектар алқапқа мақта еккен. Адамға біліктілік тәжірибемен келеді ғой. Ауыл тұрғындары үшін алғашқы кезде мақта шаруашылығы таңсық болып көрінсе, уақыт өте келе оның да қыр-сырын үйрене бастаған. «Сталин» атты ұжымшардан тағы бір ұжымдық шаруашылық, яғни «Жанатұрмыс» ұжымшары бөлініп шыққан. Ол кейін «Красный партизан» деп те аталыпты.

Қара жұмыстың негізгі денін қолмен атқарып жүрген ауыл адамдары ұжымшарға Ресейдің сол кездегі Харьков және Сталинград қалаларында шығарылған «ХТЗ» маркалы тракторы келе бастағанда «көктен іздегені жерден табылғандай» қатты қуаныпты. Алайда, бастапқы кезде бұл техниканың «тілін білетін» мамандар тапшы болған. «Сталин» ұжымшарының масақты дақылдары егілетін алқап ауыл орталығынан алыс орналасқандықтан жұмысшылар көп уақыт жол азабын да тартып келген. Ұжымдық шаруашылықты ол кездерде Тұтқабай (Жанұзақов) деген кісі басқарыпты. Ұжымшардың қым-қуыт тірлігіне бел шеше кіріскен ол

аз уақыттың ішінде іскер басшы ретінде танылған. Бірақ, көп уақыт өтпей басшылық қызметтен қош айтысуына тура келген. Бұған ұжымшарға тиесілі отыз шақты құнан, тайдың Сырдың суына тұншығып өлуі себеп болыпты. Тұтқабайдан кейін ұжымдық шаруашылықты басқару міндеті Байтұрсын Нұржановқа, ал 1936 жылдан бастап Жомарт Бейсембиевке жүктелген.

«Ақтөбе» ұжымшарының өткен тарихын осы ұжымда есепші болып еңбек еткен Мұрза Сейітов деген кісі қалдырған деректерді негізге ала отырып сабақтап көрейік. Оның мәліметіне қарағанда, бұл ұжымшардың да құрылуы оңайға соқпаған. Бастапқы кезде шаруалардың басы бірікпепті. Ауылдағы ағайын ары тарт, бері тарт болып, жаңа шаруашылыққа сенімсіздік танытқан. Осы кезде Байәділ Тембаев белсенділік танытып, жаңа ұжымдық шаруашылықты ұйымдастыруды өз қолына алады. Ол бірінші кезекте елдегі кедейлер мен орта шаруаларға үгіт-насихат жүргізіпті. Жаңадан құрылатын ұжымшардың артықшылығын, пайдалы тұстарын мейлінше түсіндіріп баққан. Оның бұл еңбегі зая кетпеген. 1933 жылы «Ақтөбе» серіктестігіне 50 отбасыны біріктіріп, оны өзі басқарған. Ұжымда техниканың



жоқтығына қарамай, қолдағы кетпен-мен жер қазып, «Қосақты» деген алқапқа бидай егіпті. Халық қара күшпен жасалған бұл еңбектің жемісін де көрген. Қырман астыққа толған. Бірте-бірте ауылға шаруашылық техникалары да келе бастапты. Бастапқыда екі «Универсал» және екі «ХТЗ» тракторы ұжымшардың техникалық әлеуетін көтерген. Сондай-ақ, түлік саны да артыпты. Осының арқасында алғашқыда егінді жердің көлемі 100 гектар болса, бірте-бірте бұл көрсеткіш 530 гектарға дейін артқан. Мұндай жетістіктер «Ақтөбе»

ұжымшарының «Қызылқұм» ауданы бойынша алдыңғы орынға шығуына себеп болған. Әрине, бұл орайда ұжымшар бастығы Байәділ Тембаевтың ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетін, жұртты бір мақсатқа жұмылдыра алатын көпшілік қасиетін айрықша айта кеткен жөн. Бұл кісі осындай қарым-қабілетінің арқасында талай жылдар басшылық қызметте болған.

Ал енді «Алғабас» ұжымшарының құрылу тарихына қатысты Мұратбек Бозовтың алға тартқан деректеріне көз жүгіртейік.

– 1928 жылдың ортасында, сол кездегі орталық үкіметтің шешімімен 1918 жылы В.И.Лениннің шешімімен қабылданған Жаңа экономикалық саясат (НЭП) бағдарламасы тоқтатылып, елде жаппай ұжымдастыру науқаны басталғаны тарихтан белгілі. Осының негізінде 1929 жылы Сырдың жағасында, яғни бұрынғы «Восход» кеңшарының тұсында (қазіргі «Қоссейіт» а/ә) «Көпшіл» артелі құрылған. Осы артелдің көпшілігін Байлар-Жандар руының «Көшік» атасы мен Қаракөсе руының «Шүрен» ата руының адамдары құраған болатын. 1931 жылы артель Алғабас серіктестігі (ТОЗ) болып қайта құрылған. 1932 жылы ақпан айында Қызылқұм ауданы Оңтүстік Қазақстан облысының құрамына енгізіліп, аудан орталығы Шардара ауылында орналасты. Ал, 1934 жылы Алғабас серіктестігі Алғабас ұжымшары (колхоз) болып қайта құрылды. Оның алғашқы басқарма басшысы болып Шолықбай Байсейітов сайланған. Ақпан Асабаев, Спархан Сәрсенбаев, Әбілда Мәмбетов, Ділбархан, Мінбархан және Смайыл Құдабаев аталмыш ұжымшарға алғаш мүше болған кісілер. Қамбар Шыныбаев деген кісі бұл ұжымшардың алғашқы «полеводы» (агроном) болса, егінді алқапқа алғаш келген тракторды Қабланбек Мылтықбаев тізгіндеген.

Кезінде Коммунистік партияның мүшесі болып, бірталай жыл ауыл шаруашылығында еңбек еткен Жайлау Қарғабаев деген кісінің айтуы бойынша жазып алынған мына деректер де сол кезеңдердегі жағдайдан хабардар етеді.

– Шардара жағында 1922-1923 жылдары қазылған «Өгізарықтан» көктем мезгілінде Сырдариядан су шығарылды. Ата мекеніміз «Жаушықұм» үшін бұл үлкен қуаныш болды. Өйткені, ауылға судың келуі егіншінің де, малшының да шаруашылығына жан кіргізді. Сырдария көктемде тасыған кезде одан аққан су көлге төгіледі де шұңқыр лық толады. Біз үшін ол кездерде «Арбақалды» көлі үлкен апан болып көрінетін. Шаруалар сол көлге жалғанған «шлюз» арқылы егінге қажетті суын алатын.

1930 жылы «Қызылтуда» 200 түгін болған. Кеңес өкіметі көшпелі жұртты отырықшы елге айналдыру саясатын жүргізе бастаған тұста бұл ауылдың адамдары жаңа жүйені қолдаған болатын. Ұжымдық шаруашылыққа бірінші кезекте кедейлер мен орта шаруа өкілдері қосылды. Жаңа ұжымшарды тұңғыш басқарған Қандыбай Ақжігітов өз еңбегінің арқасында «Еңбек Қызыл Ту» орденін алғашқылардың бірі болып алған. Ал, одан кейінгі кезеңдерде ұжымшарды Әбдікерім Айдарбеков, Әйкезек Әбілғазов, Сәрсен Омаров және Датқа Байзақов секілді азаматтар басқарған.

Жайлау Қарғабаев өз дерегінде ауылдағы бай-бағландарға Коммунистік партияның Орталық атқару комитеті тарапынан жасалған әртүрлі қысымдар жайында да айтқан екен. Мәселен, байларды елден ығыстыру мақсатында тек мал шаруашылығымен айналысып жүрген оларға «Мақта тапсыру» салығын жүктеген. Бұл тапсырманы орындамаған жағдайда қатаң жаза күтіп тұрғандықтан алғашқы уақытта байлар қолындағы малын сатып, одан түскен қаржыға Өзбекстан, Түркменстан және Тәжікстаннан мақта алып келіпті. Осылайша біраз уақыт әуре-сарсаңға түскен. Алайда, мұндай ақылға тіпті қонымсыз құйтырқы әрекетке олар қашанғы шыдасын. Әбден тығырыққа тірелген байлардың бір бөлігі қолда қалған мал-мүлкімен елден көшуге мәжбүр болса, енді бір бөлігі тоғайда қалған түлігіне де қарамай бас сауғалап қаша жөнелген. Бұдан соң ауыл-аймақта «Тоғай тазалау» науқаны жүріп, иесіз қалған малдың бәрі ортақ меншікке айналыпты.

Ұжымшардағы шаруалардың тірлігі де алғашқы кезеңде аса ауыр болған. Отырықшы болуға бет бұрған халық алдымен баспана салуға қамданыпты. Осы мақсатта жұрттың бір бөлігі Сырдың тоғайындағы жабайы ағаштарды қиралаңдаған арбалармен тасыса, тағы бір бөлігі жер қазып лай илеген. Сондағы мақсаты – жертөле салу. Бұған егіншілікті де қосыңыз. Не керек, шаруалар таңның атысы, күннің батысы бір тыным көрмеген.

Тағы бір тарихи деректі ұсынған Мырзадияр Шайманов ұжымшарға алғаш келген шаруашылық техникалары мен оны тізгіндеген азаматтар жайында сыр шерткен екен.

– 1930 жылы «Сырдария» стансасында үш айлық курсты бітірдім де, жаңадан «Шардара» кеңшарына тракторшы болып орналастым. Ол кезде «НТР» және «Формаль» деп аталатын тісті дөңгелекті тракторлар жаңа-жаңа келе бастаған болатын. Бірінші техниканың отыз, ал екіншісінің 18 аттық күші бар. Бұрын жерді кетпенмен қазып жүрген халық мұндай техниканы көргенде қуаныштарында шек болған жоқ. Бұған дейін темірдің жер жыртып, егін еккенін кім көріпті?! Бірте-бірте ауылда 1,5 тонналық машиналар да пайда болды.

Арада көп уақыт өтпей «Шардара» кеңшары таратылды да, «Қызылқұм» машина-трактор стансасы (МТС) құрылды. Аталмыш станция сол маңайдағы 10 ұжымшарға техникалық көмек көрсететін. Мен сонда ауыстым. Еңбегім еленіп, трактор бригадасын басқардым. Осы уақыттарда менімен үзеңгілес жұмыс істеген Піләл Сүлейменов, Камал Артықов, Саржан Ерімбетов, Жайлау Қарғабаев, Биман Байғараев, Алтынбек Әкімбаев, Қоңқа Әлібаев және Қожамжар деген азаматтар болды. Кейіннен Піләл «Қызылту» ұжымшарында трактор бригадасын басқарған. Камал «Алғабас» ұжымшарының белді механизаторы болған. Саржан «Бірінші май» ұжымшарында озат тракторист атанса, ал Жайлау «Ворошилов» ұжымшарында комбайнді тізгіндеген.

Жайлау Қарғабаев болашақ ұрпаққа қалдырған тарихи деректерінде сол кезеңде шаруашылық жұмыстар қалай атқарылғандығын айтқан екен. Ұжымдастыру науқаны жүріп жатқан 1930 жылы халық қазіргі Шардара электр стансасы аумағынан «Славянкаға» дейін мақта мен астықты көбіне арбаға жегіп тасиды екен. Яғни, «Славянкадағы» дайындау орталығына жеткізіп отырған. Ол кездерде қазіргідей асфальтті жол жоқ. Тіпті қара жолдың өзіне халық зәру болған. Шаруалар 12 арбаға тиелген мақта мен астықты дйттеген жеріне жеткізгенше үш-төрт күнді артқа тастаған. Жол-жөнекей «Иінқамыс» және «Тоқсанбай» деген жерлерде тынықса, қалған уақытта дөң-сайлы, ойқырлы жолдың азабын тартқан. Ал, мақтаны зауытқа тапсырғаннан кейін Сырдария стансасынан арбадағы босаған орынға ағаш пен жанар май артып, келген жолдарымен кері қайтқан.

Бастапқыда қолындағы күрек-кетпенмен жер қазып, егін еккен еңбекші қауым жинаған өнімін 7-8 күндік жол азабын көре отырып тасығаны сол кездегі шаруалардың жанкештілігін байқатса керек. Ия, неткен төзімділік?! Мидай жазық даладағы жолдың бойында олар не көрмеді дейсін? Судан тарыққанда дария жағасындағы шұңқырларда көп уақыт тұрып қалған сасық суды қайнатып, кейде тіпті сол күйінше ішуіне де тура келді. Арада тынығатын екі орынға былайғы жұрт «Шайхана» деп ат қойған. Ал шын мәнінде бірі қамыстан жасалған шайла болса, ал екіншісі жертөлеге ұқсайтын үйшік. Бұрындары бұл манайда Қоңыраттан тараған Алғи және Байлар-жандар руының малдары болған көрінеді. Сондықтан Кеңес өкіметі құрылғанға дейін мұнда «Кебе жол» деп аталған құм жолы ғана болған екен.

Өткен тарихтың беттері қайтадан ақтарылып жатқандықтан келтірілетін деректердің әркілы болатындығы белгілі жайт. Ендеше, кезінде Сырдария сағасындағы елді-мекендерде ең білімдар саналған Дүйсенәлі Мәмбеталиевтің мына бір мағлұматтары да тарихи маңызға толы.

– Жаңадан құрылған «Қызылқұм» ауданында алғашқы кезде 25 ұжымшар бар болатын. Кейінгі 5-6 жылдың ішінде олар ықшамдалып, 15 ұжымшарға біріктірілді. Көп ұзамай осы шаруашылық бірлестіктерге ортақ жастар мектебі ашылды. Оны Ұжымдағы жастар мектебі (КШМ) деп атаған. 1934 жылдан бастап бұл білім ошағы В.И. Ленин атындағы орта мектепке айналды.

Өз әңгімесінің әлқиссасын осылай бастаған бұл кісі кезінде ел басқару ісіне де етене араласқандықтан ұжымшарлардың алғашқы кездегі жағдайына да жан-жақты тоқталып кетіпті.

– 15 ұжымшардың бесеуінің экономикасы нашар, шаруашылығы әлжуаз болды. Мәселен, «Бірлік», «Куйбышев», «Сталин», «1-Май», «Карл Марк» ұжымшарлары құрылған соң көпке дейін оңала алмады. Әрбірінде 40-70 түтінге дейін болатын. Ол кезде шаруалар алқапқа ел арасында «Жібек мақтасы» (Чимкентский чредер) деп аталатын мақта түрін егетін. Оның бойы аласа, түсі сары. Бекітілген жоспар бойынша әр гектардан 5-10 центнерден алу керек. Бұл жоспар орындала бермейтін. Кейін «Карл Марк», «Красный партизан», «Бірлік», «Каганович», «Аққұм» және «Калинин» ұжымшарлары Мырзашөлге бірінші болып көшірілді.

Дүйсенәлі Мәмбеталиевтің айтуына қарағанда «Бірлік» шаруашылығына басшы болған Үсенбек Өтебаев деген кісі өз ортасына тек жақсы қырынан танылған. Сондықтан болса керек, ел аузында ол жайында әзіл-шыны аралас әңгімелер де, қабілет-қарымын, болмыс-бітімін білдіретін өлеңдер де айтылып келген. Сонау 1930 жылдың өзінде халық арасында:

*Өтебаев бастықты-ай,
Жегізді бізге ет пен май.
Жібекпенен бөледі,*

Масаты кидік, көңіл жай, – деген жыр жолдары айтылса, сондай-ақ оның бойындағы мінезіне қатысты «Өтебаев

айтпайды, Айтқанынан қайтпайды» деген жыр жолдарын ел-жұрт тіпті әнге қосып жеткізген.

Келесі деректер Шаншар Өтебаев деген кісіге тиесілі. Ол бірқатар ұжымшарлар мен онда еңбек еткен азаматтар жайында айтқан екен.

– «Ақтөбе» ұжымшарының іргетасы қаланғанда Байәділ Тембаевтың қасында Бердеш Үсенов, Тайлыбай Асанов, Рауан Оспанов, Жаншыбек Тұрсынбаев, Барат Дәулетов, Жиренбай Тастанбеков, Избай Токтыбаев, Кемел Қыстаубаев, Елмырза Көрпебаев және Әріш Өтембаев секілді азаматтар болды. Олар бірігіп егін ексе, жыл соңында өнімін бөлісіп алатын. Сондай-ақ, бұл жолда ұжымшардағы Сарыбай Әлдеев, Жантай Әлімбаев, Жанбай Ыбыраймов, Төлемырза Көрпебаев, Қожалы Бөрібеков және Жамал Керімбаевтар да ел игілігі жолында маңдай терін аямай төкті.

Ал, «Алғабас» ұжымшарын алғаш ұйымдастырған – Шолықбай Байсейітов. Оның ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болатын. Сондықтан көп жылдар басшылық қызмет атқарды. Аталмыш ұжымшарды ұйымдастыруға атсалысқан әрі алғашқы мүшесі болғандар Ақбан Асабаев және Мәдірайым мен Шіріктай. Бұлардың қатарын Зұлымхан, Ділбархан, Мінбархан Шымырбаев, Күлтөре және Испархан Сәрсенбаевтар толықтырды.

«1-Май» ұжымшарының аяққа тұруына Ботабек Кайыпов және Қазыбек Әйдіков секілді азаматтар ерен еңбек сіңірді. Сондай-ақ, ұжымдастыру жұмыстарына Мыңқара Жүзжасаров, Сармантай Жетенбаев, Ақболат Иманқұлов, Аулаш Ахметов, Қадиша Телеева, Қожантай мен Зәкірдин Күнжігітовтер, Шүкір Қантереев, Исабек Романқұловтар және басқа да азаматтар белсене атсалысты.

1923 жылдың аяғында ұйымдасқан «Қызылту», «Көпшілік» серіктестіктері 1930 жылдан бастап «Қызылту» ауыл шаруашылығы артеліне біріккен. Алайда, арада екі жыл өткен соң әртүрлі себептермен бұл серіктестік тарап, қайтадан ұйымдасқан болатын. Дәлірек айтқанда 1932

жылдың соңы мен 1933 жылдың басында шаруашылықты қайта ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Ал, 1934 жылы «Қызыл ту» ұжымшары пайда болды. Оның алғашқы басқарма төрағасы Қыңдыбай Ақжігітов болса, одан кейін басшылық тізгінді Әбдікерім Айдарбеков, Сәкен Омаров және Датқа Байзақовтар алған.

Қосқұдық (Ворошиловка) ауылының іргетасы 1931 жылы қаланды. Серіктестік төрағасы Сейітбек Сарымолдаев болды. 1934 жылы Қосқұдық ұжымшар атанды. Алғашқы басқарма төрағасы Ағман Қалдарбеков болса, Пәйзілда Мәженов пен Украш Әбуов те аталмыш ұжымшарды басқарды. Бұл ауылдың өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан азаматтардың қатарында Биғара Жұмабаев, Махым Қалдарбеков, Әділбек Бөрібеков, Сәмен Доспанов және Жұмаділла Бекмұрзаевтар бар.

1932 жылы «Еңбекші» серіктестігі құрылса, ал 1934 жылы ол ұжымшар атанған. Бұл ұжымдық шаруашылықты әр жылдары Қоңырбай Әбілдаев, А.Мамасерипов және М.Кеттебеков басқарған.

Бұрнағы жылдармен салыстыра қарағанда бір ізге түсіп қалған елдегі ұжымшарлардың арасында бірте-бірте бәсекелестік пайда болып, бір-бірімен жарыса жұмыс істеу үрдісі қалыптасқан. Бұған әсіресе 1935 жылы жалпы Одақ бойынша жүргізілген «Стахановшылар қозғалысы» да түрткі болыпты. Бұл қандай қозғалыс? Оқырманға түсінікті болу үшін осы сұраққа да жауап беріп кетейік. «Стахановшылар қозғалысы» – КСРО халық шаруашылығын өркендетудің 2-ші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау мақсатында 1935 жылы пайда болған идеологиялық тәсіл. Мұның “стахановшылар қозғалысы” деп аталуына Украина жеріндегі Донбаста шахтасы (забойшы) болып жұмыс істеген А.Г.Стахановтың рекордтық көрсеткіші себеп болған. Ол 1935 жылы тамыздың 30-нан 31-не қараған түні (5 сағ. 45 мин) бір ауысымда жоспарланған 7 тоннаның орнына 102 тонна көмір өндіріпті. Осылайша бұл салада дүниежүзілік рекорд

жасаған. Стахановтың бұл көрсеткіші бүкіл Кеңес Одағына насихатталып, осындай талпыныс елдегі барлық салада, әсіресе ауылшаруашылығында байқалуына басымдық берілді.

Ұжымдық шаруашылықтар арасындағы жарыс олардың қай салада болсын алға жылжуына мейлінше көмегін тигізді. Елді мекендерде тек шаруашылық жұмыстарында ғана емес, мәдени-ағарту істерінде де алға жылжушылық байқалды. Әсіресе, 1934 жылы екпінді мұғалімдердің, ал 1935 жылы мәдени қызметкерлердің қатысуымен өткен құрылтайлар ауыл-аймақтардағы білім беру ошақтарының көбеюіне, мәдени мамандарды даярлау ісінің жандануына ықпал етті. Мәселен, осы жылдарда жоғарыда біз сөз еткен ұжымдық шаруашылықта, атап айтқанда «Ақтөбе», «Алғабас», «Қызылту», «Ленин жолы», «Куйбишев», «Сталин», «Бірінші май», «Еңбекші», «Мақталы» және «Ворошилов» атындағы ұжымшарларда бірнеше бастауыш және жеті жылдық мектептер ашылды. Олардың оқу-материалдық базасы жақсарды. Бұл кезең елдегі әйел азаматтарды білім мен мәдениет саласына маман ретінде тарту үдерісімен ерекшеленді. Соның арқасында ел арасында еңбекке белсенді араласатын әйелдер қатары анағұрлым артқан. Жоғарыда аталған аймақтан шыққан Нақай Есмұратова, Түймен Өтембаева және Сұлукас Сыдықова секілді белсенді әйелдер қоғамдық-шаруашылық жұмыстардың бел ортасында жүргендер. Ерен еңбегімен ерекше көзге түскен Нақай Есмұратова кезінде «Мақталы» ұжымшарын да басқарған. Ал, кара жұмыстан еш қаймықпаған Шекер Артықова ер адамдармен иық теңестіріп, егінді алқапта трактор айдапты.

Жалпы, қазақтың қыз-келіншектері Кеңестік жүйеде құрылған қандай шаруашылыққа болсын белсене араласқан. Оңтүстік аймақтан шыққан Қатша Жаббаева әйелдер арасынан алғашқылардың бірі болып Облыстық атқару комитетінің төрайымы болған. Қатшаның әкесі Жабай деген кісі байлардың қолында жалданып жұмыс істеген кедейлердің бірі екен. Кеңес өкіметі құрыла бастаған тұста ол жаңа заман талабына тез

бейімделе білген. Ауыл-аймақтарда білім беру ошақтары там-тұмдап ашыла бастағанда Жабай жатырқай қараған жұрттын көзқарасына қарамай Қатша қызын мектепке өзі жетектеп апарыпты. Қызының еркін білім алуына жол ашқан. Сондай-ақ, кейінірек елдегі қоғамдық-шаруашылық жұмыстарға да араласуына қарсылық білдірмеген. Әкенің тарапынан жасалған осындай қамқорлық Қатшаның қанатын қатайта түссе керек. Ол ел басқару ісіне де еркін араласып, бұл жолда біраз белесті бағындыра білген.

Қатшадан кейін оның қатарын толықтырған қыз-келіншектердің саны жылма-жыл арта түсіпті. Сонау 1926-1927 жылдары оның жолын қуған Ж.Төлешова көп жылдар Шардара ауыл кеңесінің төрайымы қызметін атқарған. 1934 жылға дейін ол осы қызметінде шаруашылықты басқару ісін ақсатпай жүргізе алған. Айтулы кезеңдерде ауыл кеңесіне жетекшілік еткендердің бірі Тоқтыкүл Бекниязованың, сондай-ақ «Сталин» атындағы ұжымшардағы партия ұйымының хатшысы болған Рсай Нұрбаеваның, бригадир Кален Мырзанованың да сол уақыттағы шаруашылық жұмыстарға сіңірген еңбегі орасан.

...Тіршілігінің тірегі саналған төрт түлігінің қамымен жылдың төрт мезгілінде малға жайлы жерлерге көшіп-қонып үйренген еркін қазақ Кеңес өкіметінің ықпалымен отырықшы елге айнала бастаған кезеңдер халқымызға оң қабақ таныта қойған жоқ. Алғашқыда бай мен кедейдің арасын «қырық пышақ» қылды. Айрандай ұйып отырған ағайынның ортасына от түсті. Елдің береке-бірлігін кетіріп, екі көздің бірін жауға айналдырды. Большевиктер енгізген «таптық күрестің» кесірінен елдің бас көтеретін талай азаматтары табанда тапталды. Мұның бәрі кезінде «дала демократиясын» қалыптастырған дана халқымыздың рухын сындырып, еңсесін езіп тастады. Әрине, бұған «қылышынан қан тамған» өкіметтің жетегіне амалсыз ерген халық кінәлі емес. Озбыр өкіметті орталықтан басқарған Сталин мен оның айналасындағы азғындар айыпты. Қаймана қазақ олар көрсеткен тауқыметтің

барлығына да төзді. Ұжымдастыру кезінде солардың тарапынан кеткен кемшіліктің кесірінен кесапаттың неше түрін көрді. Голощекин Алаш жұртын қасақана аштыққа ұрындырса, одан кейін елді басқарған Мирзоян 1937 жылы қазақтың «қаймағын», беткеұстар азаматтарын абақтыға тізіп берді. Енді сол кездегі жағдайды екшелей беріңіз. Қайран халқымыз мына азаптарға қалай шыдады екен? Ел басынан өткен жан түршігерлік жағдайларды тіпті көзге елестетудің өзі қиын-ау.

Кезінде Кеңес Одағына қараған елдердегі, әсіресе көшпелі жұрттың көрген азаптары мен қиындықтары 1939 жылға дейін, яғни жер-жерлерде құрылған ұжымшарлар еңсе тіктегенше жалғасқан екен. Бұл уақытта көшпелі және жартылай көшпелі халық отырықшылыққа бейімделген. Егін егудің қыр-сырын да меңгере бастаған. Сондай-ақ, бұған дейін шашыраңқы болып келген шаруашылықтар біршама ықшамдала түсіпті. Мәселен, Мырзашөлді кешенді түрде игеру мақсатында «Аққұм», «Қызыл партизан», «Карл Маркс», «Калинин», «Бірлік» және «Каганович» ұжымшарлары Жетісай тұрғын алабына көшірілген. Сөйтіп мұнда «Бірінші тоғай» деп аталған машина-трактор стансасы ұйымдастырылыпты. Осыған байланысты «Қызылқұм» МТС-нің қамтуындағы ұжымшар саны он алтыдан онға дейін кеміген. Бұл он ұжымшар Бүкілодақтық коммунистік партияның XVII құрылтайында бекітілген үшінші бесжылдық жоспар бойынша Мырзашөлді игерушілердің қатарына қосылып, осы тың жерге қоныс аударуға тиіс болды. Алайда, Кеңес Одағына да келіп кеткен екінші дүниежүзілік соғыстың дүрбелеңі бұл шешімнің ә, дегеннен жүзеге асуына айтарлықтай кері әсерін тигізді. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстар тоқтап қалған жоқ. Елді-мекендердегі егінді алқаптарды сумен қамту бағытындағы қарекеттер жалғасын тапты. Дәлірек айтқанда, «Киров» каналын қазу мен оны одан әрі дамытуға маңыз берілді. Осы орайда, аталмыш каналға қатысты тарихи деректерді алға тарта кетейік. Әрине, бұл құрылыс сол кездегі Одақтың ғана емес, әлем тарихында ойып тұрып орын алған оқиға

болғандықтан әңгімемізді әріден бастағанды жөн көріп отырмыз.

Негізі Сырдариядан су шығарып, өзеннің жағалауындағы ойпатты жерлерді суландыру ісі сонау XII-XV ғасырларда басталған екен. Алғашқыда арықтар қазыла бастаған. Солардың алғашқысы «Орынбай» деп аталған арық. Оның басы дарияның «Иіржар» деген мекеннің тұсынан басталыпты. Бұдан кейінгі кезеңдерде де бірталай арық қазылса, ал 1901 жылы «Солтүстік» каналының құрылысы басталып, 1913 жылы қазан айында сол каналдың бойымен су жіберілген. 1914 жылы ол «Романов» каналы болып өзгертіліп, 84 шақырымға ұзарыпты. Кеңес Одағының 1926 жылы өткен Орта Азия ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің құрылтайында «Мырзашәлді игеру бағдарламасы» қабылданып, Қазақстандағы 326 мың гектар жерді суландыру және онда мақта алабын ұлғайтуды жедел қарқынмен жүргізу міндеттелген. Осы міндетті жүзеге асыру барысында аталмыш канал бірнеше тармақтарға бөлініп, оның бойында мақта ұжымшарлары ұйымдастырылған. Канал С.М.Киров деген атауды 1938 жылдан бастап иеленген.

1939 жылы Мырзашәл өңірінде облыстық партия комитетінің көшпелі мәжілісі болып, онда 10 мың гектар жерді суландыру мақсатында 19 шақырымды құрайтын “Бірінші тоғай” тармағын құру туралы шешім қабылданған. Ал, 1940 жылдың 26-шы сәуірінде Бүкілодақтық орталық комитеттің Оңтүстік облыстарда техникалық дақылдарды дамыту туралы қаулысы шығады. Бұл қаулыда алдағы алты жылдың ішінде Қазақстан мен Өзбекстанда 120 мың гектар жаңа жер игерілуі керек деп көрсетілген. Мұны жүзеге асыру үшін алдымен сол игерілетін жерлерді суландыру күн тәртібіндегі өзекті мәселе саналған. Сондықтан осы мақсатта «Солтүстік» каналдың су жіберу мүмкіндігін 90 куб.мсек-тан 195 куб.мсек-қа жеткізу жұмыстары жүргізілген. Бұл іргелі істің жалпы көлемін өзара бөліскенде Қазақстанға 90 шақырым, яғни ұзындығы 5,3 млн. куб м. топырақ жұмыстары тиген. Ал, Өзбекстанға 15 шақырым, ұзындығы 4,5 млн куб.м. топырақ көлемі бар канал қазу

жұмыстары белгіленіпті. Бұл айтар ауызға ғана жеңіл ауқымды жұмыстар болатын. Сондықтан бұған бірінші кезекте қолдың күші қажет болды. Мәселен, осы кезеңде Қазақстан жағынан барлық аудандардан 30 мың жұмысшы жұмылдырылған екен. Олардың басым бөлігі ұжымдық шаруашылықтардың еңбеккерлері. Канал қазуға келген адамдар киіз үйлерде, жертөледе және «палаткада» тұрған. Оларға сол маңайдан шайхана, асхана және медициналық тексеріс пунктері секілді қызмет көрсету орындары ұйымдастырылыпты. «Бірінші тоғай» тармағындағы жұмыстар 1939 жылдың қазан айында басталып кеткен. Бұған облыстың 14 ауданынан 6 244 адам қатысса, ал техника жағынан 7 эксковатор, 30-дан астам машина тартылған екен. Сондай-ақ, 200 атты да қара жұмысқа жеккен. 1940 жылдың 10-шы қарашасында «Екінші тоғай» тармағының аумағында орталығы Бағара деп аталған жаңа Киров ауданы құрылған.

Жоғарыда канал қазу жұмысында 30 мыңнан аса адам маңдай терін төккендігін тілге тиек еттік. Ал, қолданылған техника саны 40-қа да жетпеген. Сонда 750 адамға бір техникадан ғана келіп тұр ғой. Демек, мұндағы қара жұмыс, яғни канал қазудың негізгі дені адамның қолындағы күрек-кетпенмен атқарылған. Не деген жанкештілік десеңші?!



Он екі жасынан бастап «Алғабас» ұжымшарындағы қара жұмысқа араласқан Саттар Мірәліұлы деген кісі «Киров» каналын қазуға кіріскен кезде небәрі жиырма жаста екен. Ол «Бірінші тоғай» тармағы жағындағы канал қазу ісіне алғаш араласқандардың қатарынан табылған. Жиырма шақты адамнан құралған бригадаға жетекшілік еткен Саттар

қарамағындағы түрлі ұлт өкілдерін бір мақсатқа жұмылдыра біліпті. Соның арқасында бір күндік меже 3 текше метр жер қазу болса, бұлар күн сайын 9-10 текше метрге дейін жеткізіп отырған. Мұның сыры неде дейсіз ғой? Бригада жетекшісі өзгелерге бірінші өзі өнеге көрсете білген. Алғашқы кездерде араларында сенімсіздік пайда болып, ішінара бөліне бастаған тұста ол жалғыз өзі тынбай жер қазып, нәтижені бір күндік межеге жақындатыпты. Оның бұл ерлігіне өзі жетекшілік ететін бригада ғана емес, канал қазу ісінде жүрген өзге жұмысшылар да тәнті болған. Бұл жағдай бригаданың ішкі бірлігін арттырмаса, әсте кемітпепті. Жетекшінің өзі жер қазудан рекорд жасап отырса, оның соңынан ергендер қалай ғана ерінсін?

Жұмылса, жұдырық бола білген бұл бригаданың еңбегі де елеусіз қалмаған. Саттар Мірәліұлы 1940 жылы сол кездерде Кеңес Одағының астанасы саналған Мәскеуге шақырту алыпты. Ол жерде оның кеудесіне Сталин билігінің белді мүшесі М.И.Калинин өз қолымен «Құрмет белгісі» орденін таққан. Міне, мандайдан төгілген адал еңбектің жемісі осы болса керек, сірә.

«Киров» каналының қара жұмысын атқарған адамдардан құралған топтарды басқарғандардың арасында Батырбас Исаев, Тұрсынбек Ибатбеков, Зархия Момбеков, Жарыс Абдырахманов, Кеттебек Тастанбеков, Төлемірза Көрпебаев, Әбді Кенбаев, Мінәлі Сырбанова және Камал Алтынбаев секілді азаматтар да болды. Сондай-ақ, «Ворошилов» ұжымшарынан келген П.Мәженов, М.Бөрібеков, Қ.Бекназарова және Қ.Жорабекова сияқты еңбек адамдары да озат атанып медаль алған.

...Әлем тарихында үлкенді-кішілі он бес мыңға жуық соғыс жайында деректер қалған екен. Ал осы қанды қақтығыстардың ішіндегі ең сұрапылы – Екінші дүниежүзілік соғыс. Кеңес Одағы аумағында «Ұлы Отан соғысы» деп аталған бұл ұрыс қазақтың да қаншама шаңырағын «қара жамылдырып» кетті. Кезінде ми дала болған Мырзашөлге

ұжымшарлар ұйымдастырылып, егінді жерлерді тіршіліктің нәрі сумен қамту ісі енді қанат жая бастаған тұста соғыс өртінің тұтануы мұндағы ел-жұрттың да есін алды. Ауыл шаруашылығының негізгі қуат күші саналған ер азаматтар жаппай әскерге шақырылды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен ұрысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Мұның салдары 1942 жылы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 1939 жылмен салыстырғанда 600000 адамға дейін азаюына әкеп соққан. Ал әйелдердің ұжымшарларда іс атқару үлесі 75 пайызға жетіп жығылған. Демек, ауыл шаруашылығының негізгі денін сол кездегі қыз-келіншектер мен аналарымыз атқарған болып тұр ғой. Енді мына бір дерекке қараңыз: КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1941 жылдың 16-шы тамыздағы қаулысы бойынша республиканың барлық шаруашылығы, өндіріс, құрылыс орындары мен экономикасы соғыс мүддесіне бағындырылған. Осыған байланысты 1942 жылы республика ұжымшарларының жалпы егіс алқабы 1940 жылмен салыстырғанда 1,1 миллион гектарға, оның ішінде дәнді дақылдар алқабы 872,4 мың гектарға артқан. 1942 жылы Қазақстанның ауыл-аймақтарында мал саны да артып, 1942 жылы ет тапсыру есебіне 160,4 мың ірі қара мал өткізіліпті. Бұл көрсеткіш 1941 жылға қарағанда 2 еседей көп. Сондай-ақ, 878,1 мың қой (1941 жылы – 189,8 мың қой өткізілген), бұл 1941 жылға қарағанда 3 еседей артық. Міне, осы деректердің өзі сұрапыл соғыс уақытында елде қалған аналарымыздың еңбектегі ерлігін көрсетпей ме? Әрине, оларға буыны енді қата бастаған балалардан бастап еңкиген қарияларға дейін хал-қадірінше көмек қолын созды. Әсіресе, аналарына қолқанат болған балалардың басынан өткізген талай-талай қилы кезеңдері бүгінгі ұрпаққа аңыз болып қалары анық. Осы орайда, сол бір сұрапыл соғыс жылдарында бала болған жазушы

ағамыз Дулат Исабековтың мына бір жүрек тебірентерлік сөзі ойға оралады.

«Былайғы жұрт «Осы Дулаттың соғысқа қандай қатысы бар?» деп ойлауы мүмкін. Менің де, біздің толқынның да бұл соғысқа және жеңіске қатысы бар. Өйткені, сол бір сұрапыл соғысқа біз балалық шағымызды айырбастадық. Бұл – өте қымбат айырбас. Ол кезде бала болдық, бірақ бізде балалық шақ болған жоқ. Сонау майдан даласында ысқырып ұшқан оқ біздің ауылды адаспай тауып келіп, көк желкемізден тиіп, балалық шағымызды күйретіп жатты. Менің қатарластарымда «көке» деген сөз айтылған жоқ. Қазіргі «папа» деген сөздер. Қорықсақ та «апа», қуансақ та «апа» дедік. Және жұрттың бәрінде әке жоқ, болмау керек секілді болып көрінді. Сондықтан бұл жеңіс бізге өте қымбатқа түсті.

Біздің толқын – қатыгез ұрпақ. Себебі, оның көрмеген қиындығы жоқ. Олардың басына қатыгез тағдыр бұйырды. Біздің толқын – боргемік ұрпақ. Қиындықты көп көргендіктен кейде құмырсқа ақсандап, жүре алмай жатса да көзіне жас келіп, жылай салады. Біздің толқын – әумесер ұрпақ. Соғысқа кеткен әкелерін әлі күтіп жүр».

Міне, соғыс жылдарында бала болған жасөспірімдердің жай-күйін жазушы ағамыз осылайша әдемі сипаттап берген. Бұл – ащы да болса ақиқат. Шынында да, олардың бал шағын-балалығын қырғи-қабақ соғыс «қыршынынан қиды». Ерте есейді, еңбекке ерте араласты. Сүйген жарын майданға аттандырған аналарына қолқанат болды.

Дулат ағамыз тағы бір сөзінде «Соғыс жылдары есіме түскен сайын жүрегім қан жылайды. Әсіресе, ауылда қалған аналардың сол уақыттардағы жанкешті еңбегін көз алдыма елестетсем, Жеңісті солар жақындатқандай болып көрінеді» деп айтқаны бар. Ия, отбасының ошағын сөндірмей, балаларына бас-көз бола білген, сондай-ақ елдегі тіршіліктің «қазанында қайнаса» да, қажымаған қайран аналарымыз ел басына күн туғанда атбал азамат та бола білді. Олардың сол кездерде еткен еңбегі – ерлікпен пара-пар.

Мырзашөлдегі қызылқұмдықтар да соғыс жылдарында өзге өңірлер секілді майданға өз үлестерін қосты. Мұнда да қару ұстауға қауһарлы азаматтардың барлығы соғысқа аттанған болатын. Олардың орнын алмастырған аналарымыз басшылық қызметтерді де, тіпті өндірістегі техникаларды да меңгерді. Мәселен, осы кезеңде Хатша Бәйтеева, Латипа Сейтқазиева, Шекер Әбдісейітова, Нияз Әбдіразақова, Сұлқас Сыдықова және Пісте Төлековалар шаруашылық жұмыстарға жетекшілік етсе, ал Шырынкүл Күрішбекова мен Телеш Жайлауова өндірістік бригадаларды басқарған. Ал, техниканың «тілін» біліп, оны жүргіндердің қатарында Әдепші Молдабекова, Алтын Әжібекова және Пісте Әйтереевалар бар. Қазақстанда осы секілді әйел кісілердің өз істеріне деген ынтасы мен еңбек жолында жеткен жетістіктері ауыл-аймақтарда механизатор қыз-келіншектердің күн санап көбеюіне мол септігін тигізген. Соғыс жылдарында жалпы еліміз бойынша 76 мың механизатор болса, соның 30 мыңға жуығы әйел азаматтар болған екен. Бұл дерек жоғарыдағы сөзімізге дәйек болса керек.

Соғыс басталған жылдары ауыл шаруашылығында аға агроном болып жұмыс істеген Көбей Әбдірайым деген кісінің тарапынан ұсынылған мына дерек те сол кездегі әйел азаматтардың бейнесін ашып тұрғандай.

– Ел-жұрт «Бағара» деп атап кеткен кең жазық даланы егіншілікке бейімдеу жұмыстары қызу жүргізіліп жатқан кез болатын. Ол уақытта «ХТЗ» маркалы тракторлар кәдеге жараған. Оны жүргізетіндердің басым бөлігі әйелдер еді. «Бағарадағы» жалғыз үйде Рыскүл Әбдірахманова деген ана тұратын. Ол егінді алқапқа қарауыл әрі аспазшы болды. Трактор айдайтын әйелдер «Бағарадағы» дала қосында көктем-жаз мезгілдерінде таңның атысы, күннің батысы жер жырттып, егін ексе, ал күзде оны жинаумен айналысатын. Осылайша, бір кездері Анарбек Бәйгебаев, Ақтөре Сыздықов, Әбдір Жүсіпалиев, Мамақан Қалшораев, Оштым Айтмұратов және Омар Еділбаев секілді ер азаматтары атқарған өндірістік

жұмыстарды өз мойындарына алды. Өйткені, тағдыр бұл азаматтарды соғыс өртіне салған болатын.

Соғыс жылдарында Қазақстанның қай аймағында болсын халық маңдай терін аямай төгіп, аянбай еңбек етті. Алайда, ауылдық жерлерде егіндік алқаптар көбейіп, соның арқасында өнім көлемі артқанымен жергілікті жұрттың әлеуметтік жағдайы одан оңала қойған жоқ. Өйткені, сол кездегі Коммунистік партияның арнайы қаулысымен елдегі бүкіл шаруашылық соғыс мүддесіне негізделді. Шаруалар жиған-тергенін, тапқан-таянғанын алдымен майданға жіберіп отырған. Жер-жерлерде ұйымдастырылған Қорғаныс қорларына ұжымдық шаруашылықтардан азық-түлік, тіпті киім-кешектерге дейін жиналған. Бұл орайда, осы бағытта орын алған олқылықтар жайында да айта кеткеніміз абзал. «Барлығы майдан үшін» деп ұрандатқан коммунистер кезінде бай-бағландарға міндеттеген секілді қисынсыз салық түрлерін ойлап шығарған. Мәселен, әр отбасы түліктің бар-жоқтығына қарамай ең кем дегенде 50 келі ет, 3 келі сары май және 30 жұмыртқаны қорға өткізуге міндетті болған. Егер, бұл салықты заттай өтей алмаса, оның орнына ақша талап еткен. Сол кездегі тәртіптің қаталдығы соншалық, ұжымшардағы шаруалар аш құрсақ жүріп еңбек еткен. Ашыққандарға ұжымшар қоймасынан бір кісіге бір айға екі келі ғана тары беріледі екен. Сондықтан кей уақыттарда ауыл тұрғындары Майдан қажетіне сойылған малдың терісін пісіріп, талшық еткен кезі де болған. Осылайша өз малдарына өздері ие бола алмай қалған қара халық осындай кертартпа кезеңді де бастан кешірді.

Мырзашөлдегі елді мекендерді басқарған азаматтар соғыс кезеңінде жоғарыдан берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындауға және бекітілген тәртіпке бағынуға мәжбүр болды. Егер олай болмаған жағдайда оларға қолданылатын жаза да қатаң-тын. Осылай бола тұра олардың арасында есебін тауып елдің ығына қарай жығылғандары да кездескен. Мәселен, тары мен бидай жиналатын қоймаларда негізінен

әйел адамдар жұмыс істепті. Сол уақыттағы тәртіптің тым қатал болғаны соншалық, әлгі әйелдер қоймадағы жұмысын аяқтағанда оларды киіміне дейін шешіп тексеру туралы бұйрық берілген. Бұл талап бүкіл Қазақстанға ортақ болған. Ел болған соң бұл бұйрықты бұлжытпай орындаған басшылар да болған шығар, десе де оңтүстік өңірдегі жұртқа жетекшілік еткендердің біраз бөлігі қазақтың ұлттық болмыс-бітімін алға тарта отырып, әлгіндей тексеріс түрін қолданбауға қол жеткізген. Бұл жағдай бірінші қазақ әйелдерінің арын сақтаса, екінші үйінде ашығып жатқан перзенттері мен қауһарсыз қарттарына көйлек ішінен тігілген қалта арқылы түйір-түйір дән жеткізіп берудің жалғыз ғана мүмкіндігі еді. Әрине, мұндай әдіс-айла барлық қоймаларға тән болған жоқ. Сондықтан кей жерлерде бір уыс бидаймен ұсталып, сотталып кеткендер де бар. Қоймадағы астықтан ашыққан жұртқа азмаз алып берген адамдар да абақтыға тоғытылды. Осындай оқиғаларды да көріп-біліп жүрген халқымыздың сол кездегі рухының мықтылығына таң қаласың. Олар Отан соғысына кеткен оғландарының елге аман-есен оралуын тілеп, елде ерінбей еңбек етті. Тырнақтап тапқан азық-түлік пен киім-кешектерді өздеріне жетпесе де Майданға жеткізіп отырды. Сонда да бойындағы рухы мен жігері мұқалған жоқ. Ертеңгі күнге деген сенімін жоғалтпады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде елмен бірге талай қиындықты бастан өткізген Жүзік Жүзбасарованың мына бір естелігі елде қалған еңбек адамдарының жоғарыда біз сөз еткен ахуалын айқындап тұрғандай.

– Қызылқұм ауданындағы он ұжымшар орналасқан өңірде қаншама тағдырлар тоғысты. Олардың талайы соғыс жылдарында аянышты халге ұшырап та жатты. Бұған басты себеп отбасының тірегі болып келген ер азаматтардың сұрапыл соғысқа аттанғаны еді. Бұл жағдай оны бастан кешірген адамдардың, тіпті сырттай куә болғандардың да жүрегін қарс айырғандай халге түсірді. Біреулер туған перзенттерін, енді біреулері Құдай қосқан қосағын, ағайын-

туыс, бауырын майдан даласына амалсыз аттандырып жатты. Олардың елге аман-есен оралуы тек бір Құдайға ғана мәлім. Сондықтан соғысқа шығарып салу сәтінде абзал аналарымыз етегін жасқа толтырды. Перзенттерін соңғы сапарға жіберіп жатқандай күй кешті. Мұндай көрініс ауыл-аймақтарда жиі қайталанатын көрініске айналды. Қайран аналарымыз мұның бәрін көтере де білді. «Тепсе, темір үзетін» азаматтарын соғысқа аттандырғаннан кейін ауылдағы бар ауыртпалық сол аналарымыздың арқасына түсті. Ел қорғауға кеткен ерлерінің орнын жоқтатқан жоқ. Соғыстың қаһарлы жылдарында қара жұмыстың «қара нары» атанған қазақ аналарының алдында қашанда бас иеміз. Ұмсын Досаева, Қалима Жорабекова және Тойдым Биташева секілді аналар осындай абзал жандар еді.

Жасының үлкендігіне қарамай ауыл шаруашылық жұмыстарына бел шеше кірісіп кеткен аталарымыздың да еткен еңбегі ел жадынан өшпек емес. Бұл ретте соғыс жылдарында қарттар арасынан шыққан «Құрмет белгісі» орденінің иегері Пайзілда Мәженов және Әділбек Бөрібеков, Сәмен Доспанов, соғыстан жаралы болып оралған Жұмаділда Беккураев секілді азаматтарды айта кеткен жөн.

Ия, бүкіл дүниежүзін қамтыған бұл сұрапыл соғыс талай отбасының шаңырағын ортасына түсірді. Халықты «қынадай қырды» деп айтарлықтай қырғын болатын бұл. Бұған мысал ретінде бір ғана ауылды алайықшы. Сол кездегі «Ворошилов» деп аталатын ұжымшардан 60 адам соғысқа аттанса, оның 14-і ғана елге аман оралған екен. Осы деректің өзі соғыстың елге қаншалықты қасірет әкелгенін байқатып тұрған жоқ па?

Ал енді Қызылқұм өңірінен майдан шебіне аттанған азаматтар жайында айтқан, өзі де соғыс өртінде болған Шырынбек Сариев деген кісінің тарихи дерегіне кезек берейік.

– Біз төрт ағайынды едік. Майданға Медін, Әбубәкір және Омар деген туыстарыммен бірге аттандым. Медін мен Омар

Сталинград үшін болған шайқаста қайтыс болса, ал Әбубәкір хабар-ошарсыз кетті. Ауылға аман-есен оралған мен ғана. Жалпы, біздің өңірден өте көп азаматтар соғысқа аттанды ғой. Олардың қатарында сұрапыл соғыстың алдында ел басқарған Інкәр Әбуов, кезінде ферма меңгерушісі болған Жасұзақ Медетов, Атабек Апсалиев, Барысбек Қалымбетов, Данияр Биташев, Биғара Жұмабаев, Турабек Қоңырбаев, Әліш Байғараев, Әбдікерім Жүрімбетов, Кәдірхан Пазылбеков, Марданбай Шынтаев, Дәрібай Әбденов, Кертай Егембердиев, Болат Дәуленов, Кененбай Раев, Субыхат Жақсылықов, Мырза Сейтов, Сыдық Құрманалиев, Саттар, Манақ Мірәлиевтер мен ағайынды Алданиязовтар және басқа да азаматтар бар. Бұлардың арасында елге аман-есен оралғандары да, майдан даласында мерт болғандары да болды.

Төрткүл дүниені аяғынан тік тұрғызған екінші дүниежүзілік соғыс төрт жылға созылды. Тарих үшін бұл кезең теңіздің тамшысындай болып көрінгенімен, адам ғұмыры үшін аз уақыт емес. Ал, майданда болған аталарымыз бен аналарымыз үшін соғыстың әр күні бір жылмен пара-пар болғаны анық. Өйткені, соғыс өрті тозақпен тең. Әйтсе де, бұл соғыста да олар батыр халықтың ұрпағы екенін дәлелдеді. Сұрапыл соғысқа аттанғандардың арасында ұжымшар басшысы да, оның қосшылары да, қарапайым шаруа адамдары да болды.

Жалпы, Қазақстанның қай аймағын алсаңыз да соғыс жылдарында қан майданға аттанған қандастарымыздың қатары өте көп болған. Бұл сұрапыл соғыс ешкімді аяған жоқ. Тіпті, кейде бір отбасының өзінен 4-5 бауыр майданға бірге аттанып, елге аман оралмай қалған. Бір таңқаларлығы, қайсар халқымыз ел басына күн туған уақытта тайсалуды білмеген екен. Елді мекендерде әскери комиссариаттарға өз еріктерімен барып, соғысқа сұранғандардың қатары да аз болмапты. Сондағы мақсаты – Отанды қорғау.

Онсыз да аштық кезінде елдің жартысынан (2 миллионға жуық), одан кейінгі қуғын-сүргін уақытында қаншама азаматынан (103 мың, оның 25 мыңы атылған) айрылған қазақ елі екінші дүниежүзілік соғысқа 1 миллион 700 мыңға жуық жауынгер аттандырыпты. Оның 50 пайызын қазақтар, 37 пайызын орыстар, ал қалған 13 пайызын өзге ұлт өкілдері құраған екен. Сұрапыл соғыстан елге оралмағандардың жалпы саны 601 мыңдай болса, оның 350 мыңы қазақтар болыпты. Не керек, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін қазақ халқының саны тек кеміп отырған. Бұған мына бір тарихи дерек те дәйек болса керек. 1879 жылғы санақта қазақтар 5 млн. болса, арада 60 жыл өткен соң 1939 жылғы санақта қазақтар 2 млн. 300 мың болды. Яғни, екі есе азайған. 60 жылда қазақтар миллиондаған адамынан айрылған. Осы екі санақ арасында орыстар – 30, өзбектер – 24, қырғыздар – 16 пайызға көбейсе, қазақтар – 22 пайызға кеміген екен.

Мырзашөлді мекендей бастаған қызылқұмдықтар да екінші дүниежүзілік соғыстан еш тартынып қалған жоқ. Қару ұстауға жарамды жастардың барлығы майданға аттанды. Өкініштісі сол, олардың үштен бірі ғана елге аман оралған. Ал, қалғандары жат жұртта жан тапсырды. Соғыс жылдарында халыққа ең ауыр тигені «қаралы хат» болатын. Оны жергілікті әкімшілікте жұмыс істеген қызметкерлер жеткізіп отырған. Бұл ретте кезінде осындай қызмет атқарған Артық Байтөреева деген анамыздың мына бір естелігін ел назарына ұсынайық.

– Қызметіме сай, қаралы хатты үйме-үй таратып, сарбаздың мерт болғанын естіретінмін. «Қаралы хат» алған үйлер жылап-сықтап шулап жататын. Мұны көру кімге жеңіл дейсің? Менің де көкірегім қарс айырылды. Бірі перзентінің, енді бірі Құдай қосқан қосағының, ал кейбірі туған бауырының бакилық болғанын естігенде солармен бірге егілетінмін.

Былайғы тіршілікте де менің түсім ағайын-туысқа суық болып көрініп кетсе керек, кейде өзге шаруаларыммен бір үйлерге бара қалсам, ондағылар қаралы хабар әкеле жатыр деп қорқып қарсы алатын. Бұл жағдай менің күнделікті көңіл-күйіме кері әсерін тигізді. Сондықтан бірнеше рет әкімшілікке бұл жұмыстан шығам деп өтініш жаздым. Алайда, ол өтінішім қабылданбады. Оқта-текте соғыстан ер азаматтар қайтып келетін. Бірақ, олардың бірінің қолы немесе аяғы жоқ болып оралғанда сұрапыл соғысқа лағнет айтатынбыз.

...Осылайша сұм тағдыр халқымыздың маңдайына екінші дүниежүзілік соғысты көруді де жазған екен. «Соғыс» деген сөз тек айтар ауызға ғана жеңіл. Ал, оны бастан кешіргендер бұл сөздің сай-сүйегінді сырқырататындай суық сөз екенін жақсы біледі. Әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыстың кезіндегі Кеңес Одағына, оның ішінде Қазақстанға әкелген зардабы орасан. Сол бір сұрапыл жылдарда қаншама азамат ажал құшты, қаншама бала әкесінен, қаншама ана баласынан, қаншама шаңырақ тірегінен айырылды. Ауылдан сән, өмірден мән кетіп, өмір сұрықсыз бір дүниеге айналды. Бұл соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп, әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды.

Дегенмен, соғысқа аттанған ерлердің де, елде қалған аталарымыз бен аналарымыздың да ерліктері мен еңбектері еш кеткен жоқ. Олардың Отан алдындағы адал қызметі 1945 жылы Жеңіс туының желбіреуіне себеп болды. Ия, бұл жеңіске майдандағы, тылдағы әр азаматтың қосқан үлесі бар. Сондықтан олардың тауқыметке толы тағдырын бүгінгі ұрпақ ұмытпауы тиіс.

II бөлім

ТАБАНДЫЛЫҚ

Соғыстан кейінгі екі-үш жыл ел-жұрт үшін оңалу кезеңі болды. Майданға аттанған азаматтардың біраз бөлігі елге оралған. Олар келген бойда ауыл шаруашылық жұмыстарына бел шеше кірісіп кеткен екен. Яғни, ауыл-аймақтарда қол күші де көбейе түскен. Бастысы, халық бейбітшілік бесігінде тербеле бастаған. Ендігі жерде ел-жұрт «Барлығы майдан үшін» деп емес, өздерінің игілігі жолында еңбек етіпті. 1946 жылдың наурыз айында шақырылған КСРО Жоғарғы кеңесінің кезекті сессиясында «КСРО халық шаруашылығын қалпына келтіру мен одан әрі өркендетудің 1946-50 жылдарға арналған бес жылдық жоспары» бекітілген екен. Кеңес Одағына қарасты республикалардың барлығы ауыл шаруашылық жұмыстарын осы жоспарды негізге ала отырып жүзеге асыра бастаған. Егін алқабының бір бөлігін Шардара, ал екінші бөлігін Бағарада ұстап келген оңтүстік өңірдегі ұжымшарлардың бұл тіршілігі соғыстан кейінгі кезеңде тиімсіз болып қалды. Мәселен, 1946 жылы «Сталин» атындағы ұжымшар әрқайсысы 300 гектар жерді құрайтын алқапқа мақта мен астық ексе, мұның екіншісі Бағарада болған екен. Алайда, арадағы алыс қашықтық пен одан туындайтын түрлі қиындықтар егінді алқапты дайындау ісіне де, өнімнің нәтижесіне де кері әсерін тигізген. Тіпті, мал шаруашылығы да мардымды дами қоймапты. Мұндай келеңсіздіктер тек «Сталин» ғана емес, сол өңірдегі өзге де ұжымшарлардың тіршілігінде кездескен. Сондықтан 1946-48 жылдары Шардарадағы «Өгізарықтың» бойында орналасқан он ұжымшар Киров ауданына қосылып, Мырзашөлдегі қуаң даланы суландыру және ондағы жаңа жерлерді игеру

мақсатында құрылысы аяқталған К-30 каналының бойына, яғни екі бетіне көшіп келген. Олар: «Ақтөбе», «Алғабас», «Қызылту», «Ворошилов», «Ленин жолы», «Мақталы», «Еңбекші», «1-Май», «Сталин» және «Куйбышев». Облыстық және аудандық партия органдарының бұл шешімі көп ұзамай-ақ оң нәтижесін бере бастады. Бұл орайда тағы да жоғарыда сөз етілген «Сталин» атындағы ұжымшардың жаңа қоныстағы нәтижелеріне тоқталай кетейік. Бұрын бұл шаруашылық мақталы алқаптан әр гектарына ары кетті 10-12 центнер өнім алып келген болса, мұнда өнім көлемі 20 центнерге дейін көбейген. Сондай-ақ, мал шаруашылығында да ілгерілеушілік байқалған. Осындай жағдай басқа да ұжымшарларға тән болды. Өңір өркендеу кезеңіне аяқ басты. Өркениеттен де кенде қалған жоқ. Отырықшы елді мекен болғандықтан бір кездегі киіз үйлер мен жертөлелердің орнына 3-4 бөлмелі тұрғын үйлер салына бастады.

1948 жылы Қазыбек Айтенов басқаратын «1-Май» ұжымшары II тоғай аумағына көшірілген болатын. Шығу тарихы «Тыңғылық» деп аталатын серіктестіктен бастау алатын бұл ұжымдық шаруашылықтың да тасы өрге домалай бастағандықтан мұнда да үй салу құрылысы қызу жүргізілген. Аз уақыттың ішінде 60 үй пайдалануға беріліпті. Ал, ұжымшар тізгінін Сыдық Құрманалиев ұстаған жылдары алты бөлмелі әкімшілік кеңсесі салынған. Ондағы орта мектеп барлық ұжымшарлардағы балалар оқитын орынға айналған. Төрт мақта бригадасы, бір көкөніс бригадасы мен екі ферма жұмыс істеген. Ауыл шаруашылық техникалары да арта түскен. Ұжымшарда бұл кезде екі мың қой, 150-дей ірі қара, ал түйе саны 70 болыпты. 350 гектар жерге мақта егілген. Шаруалар жиын-терім кезінде әр гектардан кем дегенде 15 центнерден өнім алып отырыпты. Жалпы, бұл ұжымға жетекшілік еткен Сыдық деген кісі

екінші дүниежүлік соғыстан мүгедек болып оралған. Сол аяғының жартысын сұрапыл соғыс өртіне қалдырыпты. Соған қарамай ол өзін ешкімнен кем санамаған. Он екі мүшесі сау адамдай әрдайым көтеріңкі көңіл-күйде жүреді екен. Сырбаз мінезімен қатар табанасты тауып сөйлейтін жарасымды эзілдері де болған.

Соғыстан кейінгі жылдарда «1-Май» ұжымшарын бірнеше азамат басқарған екен. Мұнда әртүрлі себептерге байланысты басшылық жиі ауысып отырған. Мәселен, айналдырған алты жылдың ішінде Қазыбек Айтенов, Әділхан Әбдіразақов, Сыдық Құрманалиев, Шаншар Өтебаев және Ябек Есенбеков ел басқару ісін тізгіндеген. Ал, оларға қолқанат болған М.Жүзжасаров, С.Жетекбаев, А.Иманқұлов, Қ.Күнжігітов, А.Ахаєтов, Ш.Қантөреєв және И.Раманқұловтар ұжымшардың өркендеуіне үлес қосқан. Аталған ерлермен қатар әйел кісілер де еңбек майданында әрдайым алдыңғы шептен көрініпті. Солардың бірі Хадиша Төлепова мал шаруашылығында жемісті еңбек еткен. Өкініштісі сол, сұм соғыс оның ерін елге оралтпаған.

«Ворошилов» атындағы ұжымшар жаңа жерге 1946 жылы көшіп келген. Осы жылы бұл шаруашылық 200 гектар жерге мақта ексе, ал 700 гектарға дәнді-дақыл егіпті. 1943 жылдан бастап бұл ұжымшарға жетекшілік еткен Ағман Қалдарбеков қажырлы еңбек адамы ретінде халыққа танылған. Шаруашылық жұмыстарда оның қасынан табылған Тұрсынмұрат Жұматаев, Абдыраман Омаров, Әзіретелі Быджиев, Ердақан Жосаев және Сарыжан Ерiмбетов секiлдi азаматтар ел игiлiгi жолында аянбай еңбек еткен. Сонымен қатар, мақталы алқаптың әр гектарынан 18-19 центнерден өнім алған Қызыр Быджиев озат бригадир атанса, егінді алқапқа алғаш трактор ізін салған механизаторлар Ердехан Қосаев, Қырғызбай

Сыманов, Үкібай Избасаров, Жәнібек Бөрібеков, Қалып Қалауов, Данияр Биташов, Оразхан Шайманов пен комбайн жүргізушісі Жайлау Қарғабаев және Құдайберген Нарбеков те өздеріне міндеттелген жоспарларын асыра орындап жүріпті. Бұл орайда, ауылдың шаруашылық жұмыстарында жүргенде ондағы бар ауыртпалықты көтере білген Ұмсын Қосаева, Әсем Бәкірова, Қалима Жорабекова, Биқаш Елеубаева және Ырыскүл Сүттібаева сияқты аналарымызды да айта кетуіміз керек. Осындай еңбек адамдарының төккен адал маңдай терлерінің арқасында ұжымшардың жетістігі жыл санап артып, 1950 жылға қарай егін мен мал шаруашлығында әжептәуір өсім байқалған. Шаруалардың күшімен 300 гектар жерге мақта, 100 гектарға жоңышқа және басқа да дақылдар егілген. Бұл алқаптардан жиналған өнім көлемі тәуір болғандықтан ауылдың әлеуметтік ахуалы да артқан. Осы жылдарда жетіжылдық мектеп, әкімшілік кеңсе және балаларға арналған мекемелер салынған.

Ал енді кезінде екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, кеудесіне «Қызыл жұлдыз» және «ІІІ дәрежелі даңқ» ордендерін тағып елге оралған, сондай-ақ сұрапыл соғыстан кейінгі жылдарда «Еңбекші» ұжымшарын да басқарған А.Мамасеріковтың мына бір деректерін алға тартайық.

– Жаңа қоныста «Еңбекші» ұжымшары 650 гектар жерге масақты дақыл, жүздеген гектарға мақта егіп жүрді. 7 мың қой, 500 ірі қара, 40 түйе ұжымшардың Сыр сағасындағы бұрынғы орнында бағылатын. Егінге МТС-тен 6 тиемелі трактор, бір жүк машинасы жұмылдырылды. Бұған 25 арба мен 30 соқаны да қосыңыз.

Аталмыш ұжымшар алғашқы кезеңде біраз қиындықтарды бастан кешірген. Мұны байқап жүрген сол кездегі аудандық партия комитетінің хатшысы Ж.Қасымов ұжымшарға мейлінше қамқорлық көрсеткен. Сондай-ақ, бұл елді

мекенді өз көзімен көріп қайтқан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтың да шарапаты мол тиіпті. Мәселен, мұнда бұған дейін тек бір мектеп пен медициналық пункт қана болса, кейінірек монша, клуб секілді мәдени-көпшілік орындар ашыла бастаған.

«Ленин жолы» ұжымшарын 1945-1951 жылдар аралығында Зархия Момбеков деген кісі басқарған екен. Бұл ұжымшар 1948 жылы жаңа қонысқа көшіп келген. Яғни, Кеңес Одағы кезінде «Жүзім» кеңшары болған аумақтан орын тепкен. Ол кезде аталмыш шаруашылықта 200 гектар жерге мақта, 100 гектарға масақты дақыл егілсе, жайылымда бес-алты мың қой, сегіз жүзге тарта жылқы мен ірі қара болған. Мұнда да түрлі әлеуметтік нысандар салына бастаған.

Жалпылама алғанда бұл кезеңдегі ұжымшарлардың ауыл шаруашылық жұмыстары мен әлеуметтік жағдайы бір-біріне ұқсас болған. Барлығында алға жылжушылық байқалды. Әйтсе де, мына бір келеңсіз жағдайды да айта кеткен жөн. Соғыстан кейінгі кезеңде ел-жұрт бейбіт өмірге қадам басқанымен Сталиннің қатаң тәртібінен құтыла алмаған. Әрине, жоғарыдан төнген қара бұлттың қауһары 1937 жылғы қуғын-сүргін уақытымен салыстыра қарағанда тәубә етерліктей болғанымен абақтыға қамалған азаматтардың саны аз болған жоқ. Сотты болған кісілерге негізінен «Ұжымшар малын ұрлады, мүлкін талан-таражға салды» деген секілді айыптар тағылған. Мұндай құйтырқы құбылыс Мырзашөлдегі он ұжымшарды да айналып өтпейті. Аталмыш өңірдің Тілеу Ақынов, Шолықбай Байсейітов, Мырзадияр Шайманов және Нұрымбай Шалымбетов секілді беткеуістар азаматтары да істі болған. Кеңес өкіметі олардың қиын-қыстау кезеңдерде атқарған ерен еңбектерін ескермегенімен, бүгінгі ұрпақ бұл кісілердің ел игілігі жолында қыруар тірлік істегенін ұмытпағаны абзал.

Сонымен, әу баста шаруа қожалықтары мен түрлі бірлестіктерден құралған Мырзашөлдегі он ұжымшар 1950 жылдан кейін тағы да өзгеріске ұшырай бастапты. Дәлірек айтқанда, оларды бір-бірімен біріктіре отырып ірілендіру жұмыстары қолға алынған. Бұл бағыттағы алғашқы көшті «Сталин» мен «Ақтөбе» ұжымшарлары бастаған. Алғашқысы соңғысының құрамына қосылыпты. Ал, бұдан кейінгі кезеңде Мырзашөлге көшіп келген он ұжымшарды тұтас біріктіріп, кеңес шаруашылығына (совхоз) айналдыру мәселесі туындаған. Сөйтіп, 1956 жылдың наурыз айында Үкімет қаулысымен «XX партсъезд» атындағы мақта кеңшары пайда болған. Осы орайда бұл кеңшардың атауы неге «XX партсъезд» деп аталғандығына жауап беріп кетейік. Аталмыш шаруашылықтың құрылуы туралы қаулы шығардан бір ай бұрын, дәлірек айтқанда 1956 жылдың ақпан айында Кеңес Одағы Коммунистік партиясының XX съезі өткен болатын. Бұл құрылтайда негізінен ауыл шаруашылығы мәселелеріне маңыз берілген. Біз сөз етіп отырған кеңшар арада бір ай өткенде құрылғандықтан сол құрылтайдың атауын иеленіп шыға келген ғой.

Жанадан құрылған кеңшар бастапқыда үш бөлімшеге бөлінген. №1 бөлімше «Ақтөбе», «Алғабас», «Куйбышев», «1 Май» және «Сталин» ұжымшарларынан құралса, №2 бөлімшенің еншісіне «Ворошилов», «Ленин жолы» және «Қызылту» ұжымшарлары кірген. Ал, «Еңбекші» мен «Мақталы» ұжымшарлары №3 бөлімшеге бағындырылған. Кейінірек бұл кеңшарда №4 бөлімше ашылғанымен ондағы тұрғындар саны бастапқы кезде аз болыпты. XX партсъезд кеңшарын алғаш Петр Лугин деген азамат басқарған. Ол бұған дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде облыстық дайындау мекемесінің бастығы қызметін атқарған. Алайда, бұл кісі кеңшарды бір жылға

жетер-жетпес уақыт қана басқарыпты. 1957 жылдан бастап оның орнына Әбубәкір Әлібаев келген.

Жалпы, бұл уақыттарда Мырзашөлдің шөлейтті алқаптарын игеру, әсіресе оларды суландыру арқылы ел-жұртты қоныстандыру жұмыстары әлі де жалғасып жатқан болатын. Осы мақсатта 1958 жылы «Шардара құрылыс» басқармасы құрылған. Аталмыш басқарманың тікелей басқаруымен Шардара су қоймасы және Қызылқұм суару жүйесі сияқты жасанды айдындарды іске асыру жұмыстары қолға алыныпты. Бұл жасанды айдынның бір бөлігі Мырзашөл өңіріндегі «XX партсъезд» кеңшарының аумағымен де шектесетін болған. Ал, сол су айдынының бір бөлігі орын тебетін жерде «Асық ата» деп аталатын зират болған екен. Соны сол кезеңдегі билік басқа жерге көшіру туралы пәрмен бергеннен кейін қабірде жатқан мәйіттерді соңында адамы барлары қайтадан қазып ала бастайды. Алайда, ондағы мүрделердің басым бөлігінің егесі табылмапты. Тіпті, ел арасында әулие атанған Асық атаның өзі алыстан көзге шалынатын күмбезінің ішінде қалып қойған. Ел-жұрттың біраз бөлігі аталмыш зираттағы ата-бабасы мен туған-туыстарының сүйегін жаңа қорымға ауыстырып алғаннан кейін айдынның құрылысына жауапты адамдар егесіз қалған қабірлерді сүрдірмек болады. Бірақ, бұған қажетті техника табылғанымен оны жүргізуші азаматтар қазақ әрі мұсылман болғандықтан тапсырманы орындаудан үзілді-кесілді бас тартқан. Олардың мұнысы орынды да. Қабірді бұзу қай қазақтың қанында бар дейсің? Сонау бағзы заманнан бері ата-бабаларының әруағынан медет сұрап, соларды қашанда қадір тұтып келген қазақтың бұл кезеңдегі ұрпағы да сол бір ұлық қасиеттен қол үзе қойған жоқ. Сондықтан болса керек, қабірді қазаққа бұздыруға пәрмені күшті партияның өзі қауһарсыз болып

қалған. Енді не істемек керек? Айдынға қажетті жер қалай да тегістелуі тиіс. Сол себепті, бұған жауапты кісілер амалдың жоқтығынан айлаға көшіпті. Трактор жүргізетін ұлты орыс бір жігітке зиратты сүрдіру міндетін жүктеген. Дінінің бөлектігі бар, оның үстіне берілетін сыйақының көлемділігі айрықша әсер етсе керек, әлгі орыс жігіті су жаңа ДТ-75 тракторына отырған бойда зираттағы қабірлерді қиратуға бел шеше кірісіп кетеді. Трактор жап-жаңа, оны жүргізуші де кәнігі маман болғандықтан жүктелген міндетті еш кедергісіз атқарып жатқан ғой. Ондағы бұл әрекетті біраз адам сырттай бақылап отырған. Алайда, олар әлгі трактор зираттың орта беліне жақындағанда кілт тоқтағанын байқаған. Басында оны тракторшы өзі өшірген болуы керек деп топшылап, ешқайсысы ол жаққа аяндай қоймайды. Арада біраз уақыт өткенде оларды трактор мен оны жүргізушінің үнсіздігі қобалжытса керек, барлығы тапжылмай тұрып қалған техникаға қарай жылжиды. Діттеген жерлеріне жеткенде трактор ішінде отырған жігіттің өз орнында сұлайып жатқанын көрген. Құдайдың құдіретін қараңыз, трактор тоқтаған кезде ол бақилық болып кеткен. Тек адам ғана емес, зауыттан құрастырылғанына көп бола қоймаған жап-жаңа трактор да істен шығып, тіпті жарамсыз болып қалыпты. Бұл тосын жағдай бұған куә болғандарды күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырған. Зираттағы құдіретті күштен қатты қамыққаны соншалық, олар о, дүниелік болған адамды ғана жерлеп қоймай, әлгі ДТ-75 тракторды да елді мекеннен тасалау аймаққа апарып, жердің астына көміп тастаған екен. Мұнымен қоймай, «Асық ата» зиратын сол күйінше қалдырып, үстінен су жіберу туралы шешім қабылдаған.

Ел-жұртты елең еткізген бұл оқиғадан кейін арада көп уақыт өтпей тағы да таңдай қақтырарлық жағдай болыпты. Арнаға әлі су тола қоя қоймаған кез болса керек, халық

қашанғы әдетімен Асық ата күмбезіне барып, зиярат етіп тұрады. Бірде солардың бірі күмбез ішінен адамның дауысын естіпті. Басында мұны жаңғырық шығар деп ойлаған ол әлгі күмбезге жақынырақ барғанда «Ау, мейірімді мұсылмандар. Мені су шайып кететін болды. Құтқарындар!» деп айқайлаған дауыс құлағына шалынады. Бұл сөз бірнеше рет қайталаныпты. Зиярат етуге келген кісі өз құлағымен естіген дауыс жайында сол кезеңдерде оңтүстік өңірге молдалығымен кең танылған Зәуірбек деген діндар кісіге барып айтқан екен. Ол мұны естіген бойда ел-жұртты «Асық ата» зиратына жинап, әулиенің рухына арнап ас беріп, құран бағыштапты. Содан соң Асық атаның мүрдесі қазып алынған. Оны Шора молда әуленің атындағы зиратқа арулап қайта көмген екен.

Қазақта әлімсақтан бері айтылып келе жатқан «Әулие» деген сөз бар. Оңтүстіктегі ел-жұрт Асық атаға да осы сөзді теліп айтады. Мұның себебіне тоқталмас бұрын алдымен «Әулие» деген сөздің мән-мағынасын, шығу тәркініне үніліп көрейік. Ғылымда «Әулие – уәли деген араб сөзінің көпше түрі, қазақша «қасиетті» деген мағынаны береді» деп түсіндірілсе, ал бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы деген мәнде кездеседі екен. Хадистерде «жақын болу» деген мағынада, яғни «Уәли Аллах» – «Аллаға жақын», «дос», «Алланың мейірі түскен» деген ұғымда ұшырасады. Қазақ тілінде кейде қосарланып «Әулие-әнбие» деп те айтылып жатады. Мұндағы «әнбие» сөзі – арабша нәби, яғни пайғамбар деген сөздің көпше түрі болып саналады. Алайда, ел арасында «Әулие-әнбие» деген тіркестен гөрі «Әулие» деген сөз жиі қолданысқа ие. Сондай-ақ, бұл ұғым әр елде, әр кезеңде әртүрлі мағынаға ие болып отырған. Мәселен, қазақ халқы әу бастан-ақ «Әулие» сөзін Құдайдың сүйікті құлдарына, Ислам дінін

ел-жұртқа уағыздап, соны халықтың санасына сіңіре білген діндар кісілерге теліп айтқан. Жоғарыда біз сөз еткен Асық ата да осындай кісілердің бірі болыпты. Ел аузында айтылып жүрген әңгімелерде бұл кісі Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбарымыздың Ислам дінін уағыздаушы, таратушы сенімді адамы ретінде сипатталған. Ол Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі өкілі ретінде осындағы ел-жұрттың діни сауатын арттырыпты. Сондай-ақ, оның бойында сырқаттанған адамды Құран аяттарымен айықтыратын қасиеті де болған. Ешкімді дінге мәжбүрлеп немесе түрлі айла-тәсілдермен кіргізбеген. Ислам дінінің таза һәм адам баласын адалдыққа баулитын Хақ жолы екендігін ең алдымен өзінің іс-әрекеттерімен көрсеткен. Жанын да, тәнін де таза ұстаған. Хал-қадірінше қасындағы адамдарға жақсылық жасауға бейіл болыпты. Осыдан кейін оны жергілікті халық та жанына жылы қабылдап, өз еріктерімен соңына ерген. Дін жолындағы көшбасшы ретінде қадір тұтқан. Осылайша еліміздің оңтүстік өңіріне алғашқыда дін таратушы ретінде келген Асық ата уақыт өте келе осы аймақта қалып қойған екен. Мырзашөл осы Әулиенің мәңгілік мекеніне айналған.

Сөздің орайы келіп тұрғанда «Асық ата» зиратында болған тағы бір оқиғаны оқырман назарына ұсына кетейік. Зират орналасқан жер жасанды айдынның бір бөлігіне айналатындықтан маңайдағы ел-жұрт өзінің етжақын туыстарының мүрдесін қазып алып жатқан кез екен. Мұнда ХХ партсъезд кеңшарының байырғы тұрғыны Әбдіраш деген кісінің Арыстан атты әкесі де жерленіпті. Ол көзі тірі кезінде темірден түйін түйген ұста болған. Ұжымшарлардағы техникаға қажетті қосалқы бөлшектерді, сондай-ақ ауыл адамдарының күнделікті тіршілігінде қолданатын саймандарын сапалы етіп жасап беріп отырған. Бұл кісі айналасын ұсталық қабілетпен қатар, анау-мынауға

ашулана қоймайтын ұстамдылық қасиетімен де баураған. Мына фәни дүниеде адамның алғысын алған ол бакилық болғаннан кейін Алланың разылығына бөленіпті. Сонда қалай дейсіздер ғой? Арада қаншама уақыт өтсе де қабірдегі оның мүрдесі еш бүлінбеген. О, дүниелік болғанда қалай көмілсе, сол қалпында қабірде жатқан екен. Тек денесі еш бүгілмейтіндей қатып қалған. Сырт көз бейне бір ағаштан ойып жасалған адамды көргендей болыпты. Міне, Құдайдың құдіреті. Сірә, бұл кісі де тегін адам болмай тұр ғой. Бүгінде біз сөз етіп отырған ауылда оның кезінде өзі тұрған қара шаңырағы бар. Үй тым ертеректе салынғанына қарамай оны ұлы Әбдіраш көздің қарашығындай қорғаштап отыр. Бұған себеп болған бірнеше жағдай да бар. Ел ішінде «ескі үй» деп аталып кеткен бұл шаңырақта ұстаның құрал-саймандары сақталып тұр. Күн қарайған шақта әлгі үйдің ішінен балғаның темірге ұрылған кездегі дауысы арагідік шығып тұрады екен. Мұндай дауысты өз құлағымен естігендер ел арасында жетерлік. Мұны бір деңіз. Екінші, «ескі үйге» бөтен адамның кіруіне болмайды. Не өзіне, не өміріне кері әсерін тигізуі бек мүмкін. Бұл жағдай былайғы жұртқа ертегі сияқты елестейтін де шығар. Ал, шын мәнінде аңыз болып айтылып жүрген ақиқат. Бірде ауылға жаңа түскен жас келіндердің бірі ел аузындағы «ескі үйдің» іргесіне келгенде ұшы аздап мұқалған қолындағы кетпенін таспен таптамақ болады. Үйдің бір бұрышында сол кетпенін қайта-қайта таспен ұрып тұрған ғой. Ал, діттеген ісі біткеннен кейін өз үйіне қарай бой түзеген. Енді мына бір қызықты қараңыз. Жас келін сол күні түнде түсінде қара түсті киім киген қарияны көреді. Ол оған «Сен мені неге мазалайсың?» деп қатулы қабағын көрсетіпті. Ертесіне бұл түсті келіннің енесі естіген. Тек естіп қана қоймай, жалпы болған жағдайларға жан-жақты қанығыпты. Содан кейін

келініне «Қарағым, екінші ол «ескі үйдің» жанынан өтпей-ақ қойшы. Онда ұста қайынағаның «дүкені» бар. Әруақты кісі еді жарықтық» деп айтады да сол күні жеті созба нан пісіріп, құран оқытып жібереді.

Жоғарыда сөз етілген оқиғалар шынайы өмірде болған жағдайлар. Бүгіндегі Қызылқұм ауылында жылдар бойы ел аузында айтылып келе жатқан ақиқатқа толы аңыздар ғой. Егер тағы да тарата кетсек, таңды таңға асырып жеткізетін әңгімелер жетіп артылады. Сондықтан осы жерден бұл бағыттағы әңгімемізді тоқтата тұрып, 1956 жылы жаңадан құрылған XX партсъезд кеңшарының тарихи кезеңдеріне қайта оралайық.

Алдымен, аталмыш кеңшардың орналасқан жеріне қатысты азды-көпті мәлімет берейік. Бұл елді мекен Мырзашөлдің батыс бөлігінде қоныс тепкен. Ғылымда «жартылай шөл, яғни шөлейтті аймақ» деп сипатталады. Мұндағы жерге аптап ыстыққа төзімді, тіпті осындай жылылықты қажет ететін дақылдарды еккен өте қолайлы. Өйткені, мұнда жаз айларында аспан көбіне ашық тұрады. Есесіне, күннің көзі жиі көрінгендіктен оның сәулесінен тараған ыстық леп шартарапқа жайылып, кейде қапырық қалыпқа енеді. Жауын-шашын да аз. Жаз мезгілінде ауарайының температурасы 40-42 градусқа дейін жетеді. Енді көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Мұндай аптап ыстыққа адамның адамы ғана төзсе керек. Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда мұндағы ауаның бір жыл ішіндегі орташа температурасы 12 градусты құрайды екен. Қыста құрғақ емес, ылғалды суық болады.

Жалпы, бұл кездерде XX партсъезд кеңшары батыс жағынан «Арнасай» су қоймасымен, шығыста «Киров», оңтүстікте «Мақталы», ал солтүстікте Шардара жасанды айдынымен шектесіп жатты. Оның жер көлемі 17839

гектар болса, егіс алқабы 16752 гектарды құраған. Кеңшар құрылған жылы 240 ірі қара, 18,3 мың қой, 641 шошқа және 638 жылқы болған екен. Ал, арада бір жыл өткен соң бұл шаруашылықтың иелігінде 42 ірі қара, 3,4 мың қой, 208 шошқа және 218 жылқы ғана қалған. Келтірілген дерекке көз жүгіртсеңіздер, айналдырған бір жылдың ішінде мал санының әлдеқайда кемігенін байқайсыз? Бұған не жұт, не ұрлық-қарлық себеп болмаған. Енді не себеп дейсіздер ғой? Кеңшардың тағы да бөліске салынуы осындай жағдайға әкеп тіреген. Дәлірек айтқанда, 1957 жылдың Наурыз айында каналдың аяқ жағындағы елсіз, сусыз жерге жаңадан «Мақталы» кеңшары ұйымдастырылған. Бұған дейін бұл аймақ тек жайылым ретінде пайдаланылып келген. Сонымен бірге Қызылқұм МТС-інің алғаш құрылған жерінде «Шардара» қаракөл қой кеңшары ұйымдасқан екен. Осы екі шаруашылыққа XX партсъезд кеңшарының біраз бөлігі мал-мүлкімен бірге беріліпті. Меншіктегі дүниенің кемуіне осы жағдайлар себеп болған.

Кеңшар алғаш құрылған жылдары өңірді суландыру мәселесі әлі де өзекті болып тұрды. Өйткені, ол уақытта су жолдарының біраз бөлігі атүсті салынған болатын. Бұл жағдай күрделі тегістеуден өте қоймаған егінді алқаптың ылғалды дұрыс сіңіруіне кедергі жасады. Сондай-ақ, жер бетінің сортаң әрі ылғал түссе тез лайланып, жерасты тұзының жоғары көтерілетіндігі де түйткілді мәселенің біріне айналған. Сондықтан осы бағыттағы жұмыстарға айрықша маңыз берілді. Жерді шайып, оның тұзды суларын арнайы қазылған орларға (сброс) құю мақсатында алдымен зерттеу жұмыстары, одан кейін оны жүзеге асыру шаралары қолға алынды. Ауыл шаруашылығындағы мұндай құрылыс жұмыстары сол кездегі биліктің және Коммунистік партияның жіті қадағалауымен қарқынды жүргізілген. Мырзашөл

өнірінде осы мақсатта құрылған «Казирголстепстрой» тресі өзіне жүктелген міндеттерді орындауға ә, дегеннен-ақ бел шеше кірісіп кеткен. Нәтижесінде өнірде жасанды су жолдары, күрделі су тоғандары, магистралді каналдар мен темірбетонды қалқандар пайда болған. Жерді шаю мақсатында жер-жерлерде тұзды суларды жасанды су арналарына шығарып, арнайы қазылған орларға құятын құрылғылар мен желі (дренаж) іске қосылды. Әрине, бұл жобалар адамның да, техниканың да күшін аса көп қажет еткен күрделі құрылыстар болатын. Сонымен бірге білікті мамандардың білгірлігін де қажет етті. Әйтсе де, жергілікті халықтың еңбекке деген ерекше құштарлығы мен іс атқарудағы табандылығы мұндай еңселі жобаларды да еңсере алатындығын көрсетті. Есесіне, елдің егінді алқаптардағы өнім көлемі жыл санап арта түсті. Мәселен, 1959 жылға дейін мақталы алқаптың әр гектарынан 20 центнерге дейін өнім жиналып келсе, жоғарыда аталған ауқымды жұмыстар атқарылғаннан кейін өнім көлемі 28 центнерге дейін жеткен. Мырзашөлдің тыңайған жерлеріне бұл кезеңде мақтаның «108-ф» сорты егіліпті. Жердің бірнеше рет суғарылуы және тиісті деңгейде тыңайтылуы өнімнің мол алынуына себеп болған. Ал, алғашқы уақытта егілетін мақта дәнінің арасы 90 см қашықтықты құраса, кейіннен 60x60 см тәсілімен егу жүзеге асқан. Бұл тәсіл өз-өзін ақтағаннан кейін осыған арналған арнайы техника құралдары да (сеялка) шыға бастапты. Не керек, мақта егу жұмыстарында өз-өзін ақтаған «Саратов әдісі», «Логинов әдісі» және «Ташкент әдісі» мырзашөлдіктердің де шаруашылығына дендеп енген. Аталған әдістерді жүйелі қолданып, мол өнімге қол жеткізгені үшін кезінде кеңшардың алғашқы директоры П.Лугин кеудесіне орден де тағыпты.

Сонымен, XX партсъезд кеңшарын П.Лугиннен кейін Әбубәкір Әбілаев басқарса, бұдан соң басшылыққа 1961

жылы Райымбек Биназаров келген. Ол арада үш жыл өткен соң сол кездегі «Славян» кеңшарына ауысады да, оның орнына Жолдасбай Ералиев деген кісі келеді.

1963 жыл Қазақстанның Мырзашөл өңірі үшін қарбаласқа толы кезең болды. Кеңес Одағы Коммунистік партиясының осы уақыттағы бірінші хатшысы Н.Хрущев пен Өзбекстан компартиясының бірінші хатшысы Ш.Рашидовтың өзара ымыраласуымен Шымкент облысының үш ауданы, яғни Мақтаарал, Жетісай және Киров аудандары Өзбекстанның құрамына өтіп кеткен. Бұл жағдайға Мырзашөлдегі жергілікті халық қарсылық білдіргенімен, 1963 жылдың 29-шы қаңтарында шыққан Қаулының күшін жоюға дәрменсіз болды. Өйткені, Қазақстанды бұл уақытта басқарған И.Юсупов та Хрущев пен Рашидовтың ығына жығылған болатын. Жалпы, қазақ қашаннан «өз-ағам» деп қадір тұтып жүретін түбі бір туысқан өзбек елі Кеңес Одағы құрылған кезден бергі кезеңдерде өз жерінің территориясын қазақтың жерінің есебінен ұлғайтуды мықтап қолға алғанға ұқсайды. Бұған мына бір тарихи деректер де дәлел болса керек.

1930 жылы Қазақстанның аумағында Шыршық су электр стансасы салына бастаған. Алайда, бұл ауқымды нысан өз құрылысын аяқтаған соң Өзбекстан Республикасының құзырына берілетін болыпты. Енді мына бір қызықты қараңыз. Алдымен су электр стансасын қазақ жерінде салуға рұқсат алған өзбек билігі бұл нысан біткеннен кейін оған иелік етумен ғана шектелмеген. Қазақстанның құрамындағы Бостандық ауданын тұтас өздеріне өткізуге әрекет жасаған. Олар бұл мақсатына 1956 жылы жетті де. Аталмыш аудан мен Киров ауданындағы «Тимирязев» кеңшары Өзбекстанның территориясын кеңейтті. 1931 жылға дейін Қазақстан Республикасының құрамында болып келген Қарақалпақ автономиялы кеңестік социалистік республикасы да

әртүрлі желеулермен көрші елдің басқаруына көшкен. Ал, Мырзашөлдегі үш ауданды өз құрамына қосып алған кезенді де өзбек ағайындар өз пайдасына қарай пайдалана білді. Бір кездері Қазақстанда болған бұл үш ауданнан олар жеті аудан шығарған. Сөйтіп, оның бір бөлігін жаңадан құрылған Сырдария облысына, ал екінші бөлігін Жызақ облысының иелігіне берген. Мәселен, Киров ауданына қарап келген «Шымқорған», «Арнасай», «Амангелді», «Ильич», «Қызылқұм» және “Известия” деп аталған кеңшарлар Фарыш ауданының құрамына кірген. Осылайша, бір кездегі үш ауданның аумағы аз уақыттың ішінде азайып шыға келген. Өзбек билігінің бұл пысықтығы Қазақстан 1970 жылдары өзінің үш ауданын қайтадан қайтару мәселесін қозғаған кезде өз жемісін берді. Яғни, Мақтаарал, Жетісай және Киров аудандарының көлемді бөлігі көрші елде қалып қойған.

Әйтсе де, аталған аудандар Өзбекстан құрамында болған кезде де ауыл шаруашылық жұмыстарын алға жылжыта білді. Әсіресе, жерді өңдеу, оны тұзды судан шаю және Киров су магистралінің бір тармағы саналатын К-30 каналының елді мекендерді сумен қамту аясын молайту істерінде өте көп жұмыс атқарылды. Мәселен, жерді күрделі тегістеу жұмыстары 1965 жылдан бастап қарқынды жүргізілген. Соның арқасында 1970 жылға қарай күрделі тегістеуден өткен жердің көлемі 1600 гектарға жеткен екен. Сондай-ақ, бір мың гектардан астам жаңа тың жер игерілген.

Жерасты суын төмен түсірудің және жерді шаюдың гидротехникалық шаралары қарастырылып, осы бағытта Кировтегі «ПМК-4», «Жетісай ПМК» және Киров құрылыс-монтаж басқармасы бірлесе жұмыс істеген. Бұлар жерді шаюға негізделген құрылғы мен желіні (дренаж) алдымен XX партсъезд кеңшарындағы №1,2 және №4 бөлімшелерде,

яғни «Мақталы» кеңшарымен шекаралас, Шардара су қоймасымен жапсарлас алқаптарда қоя бастаған. Олар мұндай желіні орта есеппен жылына 9 шақырым жерге жеткізіп отырған. Ал, айналдырған бес жылдың ішінде оның ауқымы 45 шақырымға жетіпті. Кеңшарды осы кезеңде басқарған Жолдасбай Ералиев бұл бағытта елеулі еңбек сіңірген. Ол өзі басқаратын шаруашылықтың өнім табысының есебінен қаржы бөлумен қатар Өзбекстанның ауыл, су шаруашылығын басқаратын мекемелеріне қайта-қайта хат жазып, қосымша қолдау көрсетуін сұраған. Осылайша діттеген мақсатына жеткен.

К-30 каналы арқылы елді мекендерді сумен қамту ісінде де бұл кезеңде ілгерілеушілік байқалған. Нақтырақ айтқанда, аталмыш каналдан бір мезгілде «Октябрьдің 30 жылдығы», «Прогресс», «Жүзім», «Арнасай» және «XX партсъезд» кеңшарларын сумен қамтамасыз ету мүмкіндігі туған. Канал секундына 10 текше метр су ағыза алатын деңгейге жеткен. Ал, бұл су арнасын күл-қоқыстан уақытылы тазалап тұру міндеті аудандық су шаруашылығы бөліміне жүктеліпті.

Әрине, жоғарыда біз сөз еткен қыруар жұмыстар білікті мамандарсыз жүзеге аспас еді. Сондықтан бойындағы білімі мен біліктілігін уақыт талабымен осындай шаруаға жұмылдыра білген Әтенбек Шынәлиев, Әлден Омаров, Көрмекбай Арзықұлов, Д.Биташов, Ш.Зейнадилов, Б.Жабаев, А.Өтенов, Омар Құрманалиев, Н.Бахратдинов, С.Қасымбеков және О.Байталиев секілді азаматтарды айрықша айта кеткен жөн.

Ал енді егінді алқаптың басым бөлігін алып жатқан мақта шаруашылығына тоқталайық. 1965 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының кезекті бес жылдық жоспары бекітілген болатын. Осыған сәйкес, біз сөз етіп отырған үш ауданда мақта алқабы анағұрлым көбейтілген. Бір ғана XX

партсъезд кеңшарының өзінде 1966 жылы 3756 гектар жерге мақта егіліпті. Мұнда 21 мақта бригадасы жұмыс істеген. Солардың ішінде Қ.Танабеков, Айтуған Егемов, Н.Мыңбаев және М.Мәуленов басқаратын бригадалар мақталы алқаптың әр гектарынан 28-32 центнерден өнім алып, көш басынан көрінген. Бұл кезде Еңбек Қызыл ту орденді А.Егемовтың ұжымында 200 гектар, ал «Құрмет белгісі» орденінің иегері Қ.Танабековтың бригадасында 225 гектар жер болған екен. Кеңшардағы мақтаның 900 тоннадан астамы комбайн техникасымен жиналған. Мұндай техникаларды жүргізген Т.Жұмабаев, Е.Шекербек, Б.Мекеров, Ә.Қалшораев және Ж.Шындалиевтер әрқайсысы 121-150 тоннадан мақта жинап, өздеріне міндеттелген жоспарды асыра орындаған. Бұдан кейінгі жылда да мақта өнімі көбеймесе, әсте азайған жоқ. Тіпті, өнім көрсеткіші бұрын-соңды болмаған рекордтық деңгейге жетіп, алқаптың әр гектарынан 30 центнерден астам өнім алынған. Мұндай мол олжаға А.Егемов пен Т.Мықтыбаевтың бригадасы кенелді. Біріншісінің көрсеткіші гектарына 30,3 центнерге дейін, ал екіншісінікі 31,7 центнерге дейін жеткен. Бір таңқаларлығы, бұл екеуі бастапқыда мақта дақылын екі түрлі әдіспен екен. Бірі 60х60, ал екіншісі 90х20 тәсілін қолданған. Нәтижесінде, екіншісінің тиімді тұстары дәлелденіпті. Бұл үшін қос бригаданың мақта өніміне қатысты кәсіби деңгейде сараптама жасалған. Яғни, әр гектардан алынған өнім (центнер өлшемімен), тоннаға шаққандағы жалпы өнім, машинамен жиналғаны, қолмен терілгені, әр жұмыс қолына шаққандағы өнім көлемі, әр центнер мақтаның өзіндік құны және әр айға шаққанда бригада бойынша алынған табыс дәлме-дәл таразыланған. Сарапшылар осы жағдайларды екшелей келе екінші әдісті қолайлы деп тауыпты. Осылайша, Мырзашөл өңірінде егілетін мақта дақылының арасына қатысты қашықтық екінші рет өзгеріске ұшыраған.

Екі жыл қатарынан мақта өнімін арттырып келген кеңшардағы бригадалардың үшінші жылдағы табысы көңілді көншіте қоймаған. Бұған Шардарадағы су деңгейінің көтерілуі салдарынан жер асты суының жоғарылауы себеп болыпты. Алайда, Әжіхан Есқараев басқаратын бригада мұндай қолайсыздыққа қарамай 124 гектар жерден 314 тонна мақта жинап, жоспарды 102 пайызға орындаған. Әрине, бұл орайда табиғаттың тосын мінезіне төтеп беріп, қажыр-қайратын еңбекке аямай жұмсаған Ә.Жамантаев, Қ.Әдебаев, Т.Жұмбаев, Қ.Әліпбаев және Б.Мекеров секілді механизаторлар мен Б.Алтынбекова, У.Айбеков, Б.Қалдарова және Б.Байташова сияқты озат терімшілердің табанды еңбегі ерек екенін айта кеткен жөн.

Мыршазөл өңіріндегі ел-жұрт үшін Есқараевтың орны бөлек. Өйткені, қарапайым еңбек адамынан КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаттығына дейін көтерілген бұл кісінің жүріп өткен жолдары өскелең ұрпаққа өнеге боларлықтай. Ауылдағы аға толқынның айтуына қарағанда Әжіханда әу, баста екі сыныптық қана білім болған екен. Бұған небәрі жеті жасында сұрапыл соғыста мерт болған асқар тауы – әкесі Нұрақтан айырылып жетім қалуы, балалық бал-шағының екінші дүниежүзілік соғыспен тұспа-тұс келуі негізгі себеп болса керек. Тағдырдың тауқыметін ес білгеннен тартқан Есқараев ерте есейіп, еңбекке де ерте араласқан. Аялап өсірген анасы Пәтима мен соңынан ерген екі бауыры Құсманхан мен Әжмаханға қамқор болу үшін күн сайын мақта алқабынан табылыпты. Мұндағы басты мақсаты әр адамға бекітілген жоспарды орындау, яғни 100 келіге дейін мақта теру болған. Өйткені, осы нәтижеге қол жеткізгендерге ғана 1,5 келі бидай беріледі екен. Бұл – оның отбасының бір күндік азығы. Егер, дйттелген меже орындалмаса, онда үйдегі қос бауыры аш қалмақ. Сондықтан Әжіхан Құдайдың құтты күні таң шапағы

көрінісімен мақта теруге аттанып, күннің қасқарайған шағына дейін тырбандап тірлік жасауға етін әбден үйретіпті. Сол табанды еңбегінің арқасында күн сайын 1,5 келі бидайды үйіне алып келіп отырған. Небәрі жеті-ақ жасында отбасының асыраушысы бола білген ол өз өмірінде кездескен кез



Әжіхан Есқараев

келген қиындыққа қасқайып тұрып қарсы тұра біліпті. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін бұл шаңырақтың меншігінде құлынды бие мен бұзаулы сиыр ғана болған. Ал, әкесі әскерге кеткенде құлынды өзі мініп кеткендіктен қалған түлік отбасы мүшелерінің аузын ағарғанға жарытыпты. Алайда, бұл ырзық ұзаққа созылмаған. Бұзаулы сиырды елдің ішінен шыққан ұрылар қолды етіпті. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кеткен бұл заманда әр шаңырақ өз жайын күйттеуден әрі аса алмаған ғой. Сондықтан оларға демеу болар ағайын да табыла қоймапты. Әжіқан анасы екеуі отбасына түскен бұл ауыртпалықты да көтере білген. Қолдарында қалған жалғыз биені сатып, одан түскен қаржыға сауынды сиыр алыпты. Осылайша, олардың қолы қайтадан ағарғанға жеткен. Қазақта «Құдай бір айналдырса, шыр айналдырады» деген сөз бар емес пе? Біз сөз етіп отырған шаңырақтың әлгі қуанышы да ұзаққа созылмапты. Көктем кезінде жабайы жоңышқаны мол қарпыған сиыры іші кеуіп арам өлген. «Жығылғанға жұдырық болған» бұл жағдайға осы жолы ауылдағы ағайын көз жұмып қарай алмаған. Хал-қадірінше қаржы жинап, екі ешкі әперіпті. Таршылық тауқыметіне шырмалған шаңыраққа бұл қамқорлық үлкен демеу болған.

1950 жылы Әжіқанның отбасы «Еңбекші» ұжымшарына қоныс аударыпты. Осында Әжіқан үш жыл бойы ат айдаған. Бұған дейін біраз уақыт Есенбек деген бригадир кісінің қолында мақталы алқаптың жүйектерін шабу, егістік жерді суғару секілді қара жұмыстарды табандылықпен атқарған өрімдей жас үшін ат тізгіндеу қызметі қиындық туғыза қоймапты. Ал, 1954 жылы ол тракторшы мамандарды даярлайтын үш айлық курсқа оқуға барады. Мұны тәмамдаған соң ол «СХСМ-48» мақта жинайтын машинасын тізгіндеген. Қандай іс атқарса да, діттеген межеге жетпей тынбайтын Әжіқан техникамен мақта жинау ісінде де ә, дегеннен-ақ ел назарына ілігіпті. 1956 жылдың өзінде машинамен маусымда 90 тонна мақта жинаса, бұл көрсеткен жыл санап арта түскен. 1961 жылы ауылға жаңадан келген «ХТ-1.2» машинасына отырған ол 1962 жылдағы терім кезінде 147 тонна, 1962 жылы 168 тонна, ал 1964 жылы 190 тонна мақта жинаған. Осы көрсеткіштердің өзі оның тек алға ғана ұмтылып, тек жемісті еңбекке қол жеткізетіндігін байқатса керек.

Біраз жылдар ауыл шаруашылық техникасының тілін тапқан Әжіқан кейін келе Киров ауданындағы ХХ партсъезд кеңшарында орналасқан «Асық ата» агрофирмасында бірталай уақыт мақта бригадирі болып қызмет атқарыпты. Ол еңбек жолындағы жарқын белестерді осы кезеңде бағындырған. Мақта өнімінің көлемін әр гектарға шаққанда кем дегенде 45 центнерге дейін жеткізіп, рекордтық көрсеткішке қол жеткізіпті. Оның бұл ерен еңбегі Коммунистік партия тарапынан еленіп, 1965 жылы «Социалистік Еңбек Ері» атаныпты. Екі рет Ленин орденін кеудесіне таққан. Бұдан басқа да үлкенді-кішілі марапаттарға ие болған. Енді өздеріңіз пайымдап көріңіздер. Он алты жасында трактордың рөлінде отырған бозбаланың қызметі

араға көп уақыт салмай өсіп отырған. Әрине, тек өзінің жанкешті еңбегінің арқасында. Ол тракторды тізгіндеген кездің өзінде осы саладағы мол табысы үшін Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған екен. Ал, агрофирмадағы мақта шаруашылығын өз қолына алған кезде де тек жетістік биігінен көрініп отырған. Мұның сыры неде дейсіздер ғой. Әжіқан Есқараевтың тектілігінде жатыр. Бастаған кез келген ісін тыңғылықты тындырмай, жаны жай таппайтын табандылығында жатыр. Жаңашылдыққа жанын құмартқан ізденімпаздылығында жатыр. Өздеріңіз ойлап қараңыздар. Агроөндіріс саласы бойынша арнайы білім алмаған адам ауылдағы мақта саласының майталманына айналды. Оған бұл мәртебе оңай келе қойған жоқ. Күн демей, түн демей мақталы алқаптың қыр-сырына терең үңілуінің, сол арқылы бұрын-сонды ешкімнің елегінен өтпеген әдіс-тәсілдерді өндіріске енгізуінің, сондай-ақ айналасындағы адамдарды іргелі істерге жұмылдыра білуінің нәтижесінде келген абырой бұл. Ия, осылайша Есқараев «еңбек» деген ұғымды өзінің екінші сыңарына айналдыра білді.

...Мырзашөл негізінен қазақтың Орта жүзіндегі Қоңырат руынан тараған ағайынның құтты мекені саналады. Мұндағы ел-жұрттың арасынан бүкіл қазаққа танымал батырлар да, ақындар да, сан-салалы ғылымның майын ішкен ғалымдар да, елдегі мәдениет пен спорттың қайраткерлері де шыққан. Егер тарихты әріден қозғайтын болсақ, сонау жаугершілік замандарда қоңырат елін Алпамыс бастаған, Жалаңтөс, Бұлтбай, Барақ, Байбақ, Сапақ, Жаманқара, Қайып, Құлжан, Нөсер, Елемес, Өтеш, Байтұяқ және Тәжен қостаған аттары Алты алашқа мәлім баһадүр батырлар қорғап келгенін байқаймыз. Ендеше, ел арасында өзінің арғы тегін осы аталған батырлармен байланыстыратын ұрпақтар да

кездеседі. Олардың әрқайсысы бір-бір хикаяға жүк боларлық дүниелер. Сондықтан ауыл тарихына арналған бұл жазбада олардың бәрін тізбектеп шығу тіпті мүмкін емес. Дегенмен, әңгімеміздің өзегі болғалы тұрған мына бір оқиға жоғарыдағы сөзімізге нәр беретініне сеніміміз кәміл.

Қазақтың соңғы ханы Кенесары ел-жұртты кезіп жүріп, бірде Шардара аймағына да келген екен. Мұнда ол кезінде қазақтың айбарлы батырларының бірі болған Жалантөстің ұрпағы Бұлтбай батырға жолығыпты. Мұндағы мақсаты патшалы Ресейге қарсы бағытталған әскерінің санын толықтыру болған. Оның бұл ұсынысын құп алған Бұлтбай Сырдария сағасындағы елді мекендерді аралап жүріп, Кенесары әскеріне қосылатын адамның санын мыңға дейін жеткізіпті. Алайда, хан Кененің «Мыңбасы болып менің соңыма ергін» деген ұсынысын құп көрмеген. Ол оған «Қазақтың «Жау жоқ деме, жар астында» деген сөзі бар ғой. Алда-жалда мұндағы халықты жау жағадан алатын болса, оған қорған болатын батыр керек. Сондықтан сенің соңыңа батылдығы менен бір мысқал да кем түспейтін Барақ бауырымды ертейін» деп нағыз ерге тән уәжін айтады. Бұлтбайдың бұл уәжіне келіскен Кенесары Барақ батырды өзіне «мыңбасы» етіп алған екен. Олар алдымен біраз уақыт Шымқорғанда жауынгерлік жаттығуларын өткізеді. Сонда соғыс қимылдарына әбден дағдыланғаннан кейін жорыққа аттаныпты. Барақ өзінің ағасы Бұлтбай айтқандай ұлт-азаттық көтеріліс кезінде ерекше батылдығымен көзге түскен. Қол астындағы жауынгерлері де намысын жауға таптатқызбапты.

Мырзашөл өңіріндегі үш аудан көрші Өзбекстанның құрамында болған тұстарда Мақтаарал ауданының тумасы, жоғарыда біз сөз еткен Барақ батырдың тікелей ұрпағы Бақыт Жаңбырбаев деген азамат бүкіл Кеңес Одағына

балуандығымен танылған. Әрине, мұндай биік белес адам баласына оңай келмесі анық. Сондықтан кейіпкеріміздің спорттық жолдағы кезеңдеріне кеңірек тоқталғанды жөн санадық. 1966 жылы XX партсъезд кеңшарындағы В.И. Ленин орта мектебін тәмамдаған ол осы жылы Ташкент қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институттың дене шынықтыру факультетіне оқуға түскен екен. Оның әке-шешесі сүйегі ірі кісілер болған. Алайда, орта мектепте оқып жүрген кезінде Бақыттың бойы булығып өскендіктен студенттік өмірдің алғашқы жылында дене бітімі жағынан ата-анасына аса ұқсай қоймапты. Салмағы 42 киллограмға жетер-жетпес болса, ал бойы қатарластарының басым бөлігінен қалып қойған. Оның бұл дене бітімі курстас жолдастарымен бірге алғаш рет бокс үйірмесіне барғанда кедергі келтіріпті. Бойының қысқалығын және салмағының аздығын алға тартқан жаттықтырушы оны аталмыш үйірмеге қабылдаудан бас тартқан. Бұл тосын жағдай Бақытқа жеңіл тимеген. Әйтсе де, оның құлазыған көңілін курстас жолдастары Әлімқұл мен Құдиярдың еркін күрес үйірмесіне үгіттеген ұсынысы жайландырыпты. Бұл ұсынысты қуана құп алған ол ертесінде-ақ еркін күреске барған. Жаттықтырушы Георгий деген кісі екен. Байсалды мінезді бапкер үйірмеде адам толып тұрса да Бақыттың бетінен қақпапты. «Әзірге жаттығуға сен де келе бергін, сынақ кітапшаңа «автомат» қойып беремін. Бірнеше күннен соң мақта теруге кетеміз. Содан келгеннен кейін арғы жағын көре жатармыз» деп оны күрес алаңына кіргізіп жіберген. Мұндай мүмкіндікке кім қуанбасын? Әсіресе, шымыр денесін одан сайын шынықтыруды көздеп жүрген Бақыттың қуанышында шек болмаған. Ол студенттер мақта теруге кеткенге дейін 4-5 рет күрес кілемінен көрініп үлгеріпті. Оның бойындағы спортқа деген айрықша құлшыныс пен ұтқыр қимылдары осы санаулы жаттығудың өзінде білікті

бапкердің зейінін өзіне аудара алған. Алайда, арадағы мақта теру науқаны студенттерді бұл үйірмеден біраз уақытқа қол үздіріпті. Қыркүйек айының бел ортасына қарай өзінің курстастарымен бірге Мырзашөлдегі мақта алқабына аттанған Бақыт мұнда қыс қырауы түскен уақытқа дейін «ак алтын» терген. Тек желтоқсан айының соңына таяған кезде ғана еркін күреске қайта оралыпты. Оны үш айдан астам уақыт көрмеген бапкері бойы біршама өсіп қалған Бақытқа қарап «Міне, тосынсый деп осыны айт. Үш айдың ішінде әжептәуір үлкейіп қалыпсың. Енді салмағыңды көрейік. Кел, таразыға тартылғын» деп таңырқаған кейіп танытады. Ал, дене салмағы 50 киллиограмды еңсергенін көргенде жаттықтырушы үйірме тізіміне Бақытты қосып жіберіпті.

Балуандыққа бет бұрған Бақыттың бағына қарай еркін күреспен шұғылданып жүрген жігіттер кілең «сен тұр, мен атайындар» болған. Оның үстіне, бапкердің қатаң талабы мен жоғары біліктілігі оның күн санап ширығуына, күрестің әдіс-тәсілдерін мейлінше жетік меңгеруіне түрткі болыпты. Үш айдай күрес тәсілдеріне қаныққан соң Жаңбырбаевты жаттықтырушысы жарыс додасына салып жіберген. Ол бастапқы кездерде 52, 57, 60 және 63, ал кейінірек 68 киллограм салмақта жарыстарға қатысып отырған. Еркін күреске деген ептілігіне дән риза болған бапкері оны екінші курсқа өткенде институттың құрамасына өткізіпті. Сол уақыттарда Ташкент қаласында спортқа арналған қоғамдық ұйымдардың көп болғандығы соншалық, тіпті апта сайын жарыстар өтіп тұрады екен. Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтының құрамасы бұл жарыстардан әсте қалыс қалмаған. Мұндай қарбалас Бақыттың қанатын қатайтып, еркін күресте елге кеңірек танылуына жол ашыпты. Өз салмағында бірнеше рет жеңімпаз атанған. Сондықтан болса керек, үшінші

курста, яғни ол он сегіз жасқа толған кезде Өзбекстан Республикасының жастар құрамасына қабылданыпты. Ол мұнда да биік тұғырдан көрініп, республика чемпионы атанған. Бақыттың бір басында «Өзбекстан Республикасының еркін күрестен 5 дүркін чемпионы», «Орта Азияның екі дүркін чемпионы» және «Өзбектің ұлттық күресі бойынша екі дүркін абсолютті чемпионы (түйе палуан)” деген атақтары бар. Басқа-басқа,



*Бақыттың әкесі
Жаңбырбай*

өзбектер өзге ұлт өкіліне жеңісті оңайлықпен бере қоятын халық емес. Ең болмағанда, айласын асырып, алдын орауға тырысып бағады. Әсіресе, біз дегенде «бір саусағы бүгулі тұратын» олардың Бақытқа да бір ойлағаны болған да шығар, бәлкім. Алайда, оның боз кілемдегі батыл қимылдары мен күрес тәсілдерін көз ілеспес жылдамдықта орындаған шеберлігі тек өзбектің ғана емес, көрші елдегі басқа ұлттардың да басын игізген. Аз уақыттың ішінде тек алға ұмтылып, осындай жетістікке жеткен қазақ балуаны Болгарияда өткен Әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінген соң Өзбекстан Республикасының ұлттық құрамасының сапында беткеустар балуанға айналған. Бұдан кейін ол осы құрамамен бірге Канада мемлекетінің Гамильтон қаласында өткен халықаралық жарыста да чемпион атанған. Сондай-ақ, Грекияда болған халықаралық бәсекеде КСРО құрамасының атынан қатысып, жүлделі орынды иеленіпті. Ал, 1970 жылы Ташкенттегі жоғарғы оқу орнын тәмамдаған соң Бақытты Өзбекстанның ұлттық құрамасы өзінде қалдырмақ болады. Алайда, оның әкесі «Балам онсыз да сыртта бес жылдай

жүріп қалдың. Отбасымдағы атұстар азаматым өзің ғана. Сондықтан елге келіп еңбек еткін» деп өз шешімін айтыпты. Әкесінің бұл тоқтамына ол еш қарсылық білдірмеген. Туған мекеніне оралып, Киров ауданына қарасты «ХХ партсъезд» кеңшарындағы бір кездері өзі орта білім алған В.И.Ленин мектебіне дене шынықтыру мұғалімі болып орналасыпты. Мұнда ол мұғалім бола жүріп спорт саласын басқарып отырған мемлекеттік мекеме басшыларының қолқа салуымен Сырдария облысының орталығы Гүлстан қаласында қосымша бапкерлік қызметті атқарған. Оқу-жаттығу кезеңдерінде осы жақтан бой көрсетеді екен. Ал, қалған уақытта мектепте мұғалімдік міндетіне кіріскен. Енді мына бір қызықты қараңыз. Жоғары оқу орнын бітірген кезде Өзбекстанның Ұлттық құрамасы Бақыттың Ташкентте қалуын қаласа, Гүлстандағы бапкерлік қызметіне көңілі толған басшылар ол әскерге аттанбақ болғанда Самарқанттағы әскери спорт ротасына түсіруге бейіл танытқан. Бірақ, бұл жолы Бақыттың өзі қарсылық білдіріп, Отан алдындағы міндетін Ресей жерінде өтеуді ұйғарыпты. Осылайша ол 1971 жылы 26-шы мамырда Гүлстаннан Ресейдің Свердловск облысына әскерге аттанған. Мұнда әскери спорт ротасына түсіп, алғашқыда еркін күреспен шұғылданып жүріпті. Алайда, арада біраз уақыт өткенде бұл әскери бөлімге самбо күресінен 82 салмақта белдесетін адам керек болады. Рота командирі бұған Бақытты лайық деп тапса керек, күрестің осы түріне ауысуын сұраған. Сонда ол «Мен әрине самбошы емеспін, бірақ күрестің бұл да бір түрі болғандықтан мұнымен де шұғылданып көруге болады» деп өз келісімін беріпті. Еркін күреске епті жігіт рота құрамасында жүрген екі айдың ішінде самбоның әдіс-тәсілдерін әжептәуір меңгеріп, жаттығу кезінде және ішінара сайыстарда

жақсы нәтиже көрсете бастаған. Сондықтан болса керек, бұдан кейінгі кезеңдерде ол Орталық Орал әскери округі құрамасының сапында жарыстарға қатысыпты. Алдымен Свердловскіде, одан кейін Верхоянскіде өткен сайыстарда чемпион атанған. Ал, Мәскеуде өткен бүкілодақтық додада үшінші тұғырдан көрініп, Кеңес Одағының спорт шебері атағын иеленіпті. Бұл уақытта мұндай мәртебеге одақтық жарыстарда алдыңғы алты орыннан көрінгендер ғана қол жеткізетін болған. Не керек, Бақыт әскерде жүргенде де біраз белестерді бағындырып үлгеріпті. Ал, армиядан кейін қайтадан ауылға келгенде ол Отан алдындағы борышын өтеуге аттанбас бұрын, дәлірек айтқанда 1971 жылдың 2-ші мамырында Шымкент облысының құрамына қайта қосылған Мырзашөлдегі үш ауданның тыныс-тіршілігі қазақстандық жүйеге бейімделіп қалған екен. Ол елге келген бойда орта мектептегі өз жұмысына қайтадан кіріседі. Сондай-ақ, Киров ауданындағы спорт саласын басқарып отырған Мейрамбек Қонысов пен Нематулла Сүлейменовтың қолқа салуымен ауданның аға бапкері қызметін де қатар алып жүріпті. Киров ауданында алғашқы спорт құрамасын жасақтаған ол ондағы спортшыларды аптасына екі-үш рет жаттықтырып отырған. Ал, арада біраз уақыт өткенде аудандық құраманы облыстық деңгейде өтетін жарыстарға қоса бастапты. Бапкердің жемісті жұмыстарының нәтижесі болса керек, жаңа әрі жас құрама ә, дегеннен-ақ спорт жанкүйерлерінің назарын өзіне аударған. Тіпті, облыстық додаларда оза шауып, командалық есепте ешкімге есе жібермейтін болыпты. Бақыттың бапкерлік қызметтегі бұл жетістігі Шымкент облысындағы спорт саласына жетекшілік етіп отырған азаматтар тарапынан оң бағаланып, 1973 жылы облыстық Жастар құрамасына аға бапкер болып орналасуына түрткі

болған. Бұл кезде де ол мектептегі мұғалімдік қызметін бапкерлік жұмыспен қатар атқара берген. Және де екеуінде де еңбегі ел тарапынан еленген. «Сонда қалай?» деп күмәндансаңыз, күдігіңізді мына бір екі жағдай сейілтеріне титтей де шүбәміз жоқ. Бақыт 1970 жылы білім ордасын бітіріп, өз ауылына орала салысымен №1 бөлімшедегі мәдениет үйінің ішінен ешкімнен бір тиын сұрамай-ақ қоғамдық Күрес үйірмесін ашқан. Мұнда қаншама қазақ баласы спортпен шұғылданыпты. Ал, армиядан кейінгі кезеңдерде білім беру саласын басқарып отырған кісілердің көзін жеткізе отырып, күресті мектеп бағдарламасына енгізген. Енді бапкерлік қызметіне келейік. Облыстық жастар құрамасында ол талай болашақ чемпиондарды тәрбиелеп шығарды. Мәселен, кезінде қазақтың түйе палуаны атанған, бүгінгі таңда бүкіл спортсүйер қауымға кеңінен танымал, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, аса жоғары дәрежелі төреші Серік Төкеев Жаңбырбаевтың қол астында тәрбиеленген азаматтардың бірі. Тек Серік ғана емес, оның бауырлары Еркін, Жақсыбек, Марат және Болат Төкеевтер де, сондай-ақ еркін күрестен Қазақстанның төрт дүркін чемпионы болған Ерубай Намазбаев, КСРО Қарулы күштерінің чемпионатында топ жарған Юрий Аккермани, Өзбекстанның 7 мәрте чемпионы болған Константин Мелтиди және ағайынды Бақытбек пен Бауыржан Махамбетовтер секілді спорт саңлақтары бапкердің бағына айналған шәкірттері. Міне, біз сөз еткен осы екі жағдайдың өзі ешкімнің көңілін күпті етпесі анық.

Жалпы, Жаңбырбаев жайында жазатын тағы да дүниелер жетерлік. Бұл тұрғыда тізгінді босатсақ, ұзаққа шабатын түріміз бар. Аты алты Алашқа мәлім азаматтың осы уақытқа дейін қол жеткізген атақ-даңқын тізбелесек,

тіпті бірнеше беттің толатыны да анық. Сондықтан мұны кітаптың «Тағылым» деп аталатын үшінші бөлімінің еншісіне қалдырайық.

Жан-дүниесі спортпен қатар жаралғандай көрінетін Бақыт ағамыз бүгінгі таңда да бұл саладан қол үзбеген. Қазір Жетісай қаласында спорт мектебін басқарады. Бұл кісінің бойында Барақ бабасынан берілген батылдық қасиетпен қатар, «қара қылды қақ жаратын» шешендік қасиет те бар. Біз бірінші қасиеттің қайдан дарығанын айттық, ал екінші қасиет қайдан келді дейсіз ғой? Оны да айтайық. Мұндай ұлықтық арғы бабасы Жалаңтөс батырдың бойында болған. Тарихи деректерде «Жалаңтөс батыр», «Жалаңтөс би» және «Жалаңтөс шешен» деген тіркестер жиі кездеседі. Ал, «Жалаңтөс әулие» деген төртінші тіркесті үш жүздің басын қосқан хан Абылайдың өзі қосып берген. Міне, қазақтың «текті» деген қасиетті сөзі осындайда айтылса керек. Сірә, Бақыт Жаңбырбаевтың тегі мықты болып тұр ғой.

Мырзашөл өңірінде кәсіби спорт түрлерімен қатар қазақтың қанына бағзы замандарда сіңген ұлттық ат ойындары да кең қанат жайды. Әсіресе, көпшіліктің делебесін қоздыратын «Көкпар» ойынының көрігін осы өңірдің азаматтары қыздырып жүрген. Мәселен, бір ғана XX партсъезд кеңшарының өзінен қаншама шабандоз, қаншама атбегілер шыққан. Таңқаларлығы сол, бұл ауылдағы ел-жұрт сонау қилы-қилы кезеңдерде де тұлпар баптаудан қол үзбепті. Тіпті, ат ойындарына үзілді-кесілді қарсы шығып, керек десеңіз аулада ат ұстаудың өзіне тыйым салынған Хрущев дәуірінде де жасырынып тұлпар баптаған. Өзбек жерінде амалдап ат ойындарын да өткізіп тұрыпты. Ал, Хрущевтен кейінгі кезеңде бұл бағытта еркіндіктің желі есіп, ат спорты ауыл-аймақтарда қайтадан жандана түскен. Соған сәйкес атбегілік өнер де өрісін кеңейтіпті. Ел арасында Әлібайдың



Атбегі Саттар Мірәлұлы

Қасқа аты, Саттардың торы аты, Бахарамның Көк аты, Бөлебайдың Көкшесі, Әнуардың Ақ жамбасы, Жазсақтың Мақашқарасы, Бижанның сары аты, «Еңбекшінің қызыл аты» және неміс жігіті Алиқтың Көк аты секілді бірінен бірі асқан хас тұлпарлар аңыз болып айтылып жүрген. Ал, бұл қазанаттарды қазақтың сол кезеңдердегі

мықты шабондоздары Алтын, Бахарам, Күнтуған, Сапар, Съезд, Төлеген, Әмбек, Әліхан, Көпжан және Жексенбай сияқты білекті де жүректі азаматтар дүбірлі додаларға қосып отырған. Аталған шабондоздар көкпар кезінде өз шеберліктерін әр қырынан танытып жүріпті. Мәселен, күллі қазаққа «Күнту» деген атпен танылған Егемнің баласы Күнтуған салымды еңкейіп алу мен оны тақымда мықтап ұстау жағынан ешкімге дес бермеген. Ал, Алтын салымды тартып алу жағына келгенде алдына жан салмапты. Бірде осы екі шабондоз салымға таласып қалған екен. Салым әдеттегідей Күнтудың тақымында болған. Оны алмақ болып ұмтылған Алтын діттеген олжасына қолы тиген бойда өзіне қарай тарта бастайды. Бірақ, қарсыласының тақымы мықты болғандықтан біраз уақыт тіресуіне тура келіпті. Тіпті, арадағы жан алысып, жан беріскен әрекеттен аттың ері (оңтүстік өңірде «егар» деп те атайды) ары-бері теңселіп те кеткен. Бірі салымды бермей, ал екіншісі қалай да алмақ ниетте ақ тер, көк тер болып жатқанда екі мықтының езгісінен аттың еріндегі томағасы мен алдыңғы қасы қарс айырылып, екіге бөлініп кетіпті.

Осы уақытта тұлпар үстіндегі Күнту теңселіп барып жерге қарай құлаған. Ал, салым Алтынның қолында қалыпты.

Ауылдағы шабандоздардың басым бөлігі негізінен атбегілер баптаған тұлпарлармен көкпарға қатысқан. Ал, олардың арасындағы Бахарам өзінің көк атымен додаға кіреді екен. Оның бұл тұлпарына қатысты хикаяға тоқталмас бұрын алдымен Бахарамның әкесі Әлімхан жайында аз-кем айта кетейік. Өйткені, ол Сыр сағасындағы елді мекендерге күйші ретінде етене танылған кісі болыпты. Өзінің шығармашылық қорындағы 42 күйді қолындағы домбырасымен құйқылжыта орындағанда еңбектеген баладан бастап еңкиген қарияға дейін оны тапжылмай тыңдайды екен. Әлімханның өнердегі мұндай шеберлігіне Асық ата тоғайында өткен күй жарысы кезінде қазылардың өзі таң қалған көрінеді. Бұл сайысқа қатысуға сонау Алматы жақтан арнайы білімі бар кәсіби күйші әйел де келіпті. Оның қорында 64 күй болған. Сондықтан сан жағынан басты қарсыласынан асып тұрған ол күйлердің орындалуы мен мазмұны тұрғысынан кем түсіпті. Осылайша қазылардың ұйғаруымен бас жүлде Әлімханның қанжығасына іліккен.

Сонымен Бахарамның әкесі күй өнерінің шебері болғанын айттық. Ал, өзі – шабандоз. Оған бұл қабілет қайдан келді дейсіз ғой? Туған нағашысы Тұрысбек ат құлағында ойнаған азамат болыпты. Оның көкпарда шауып жүретін көк аты болған. Тұлпардың тұлпары, жүйріктің жүйрігі болса керек, оған сырт көз қатты қызығады екен. Тіпті, қомақты қаражатпен сатып алуға ниет танытқандар да кездесіпті. Алайда, Тұрысбек мұндай ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартқан. Бірде оның үйіне жиені Бахарам келіпті. Әңгіме арасында Тұрысбек оған «Нағашының мал-мүлкінде жиеннің де хақы болады. Сондықтан қазақ қашаннан өз жиендеріне мал атап отырған. Мен де сол міндетімнен құтылайын. Меншігімдегі түліктен қалағаныңды таңда» деп қолқа

салыпты. Осы кезде басын төмен салып біраз ойланыңқырап қалған Бахарам сәлден соң нағашысына қарап өз таңдауының көк атқа түскенін айтса керек. Жиенінің көпарға әуестеніп жүргенін білетін нағашысы оның бұл таңдауына қарсылық білдірмей, өзінің рұқсатын берген. Тұрысбектің бұл тосын қылығына айналасындағы ағайындары тіпті таң қалыпты. «Әлемнің бар байлығына айырбастамаймын дейтін атыңды қалай ғана қидың» деп райынан қайтаруға тырысқандар да болған. Алайда, уәдеге берік ол сүйікті тұлпарын жиеніне мінгізіп жіберген.

Бахарам көк атымен Тәжікстанның таулы аймақтарының бірінде өткен үлкен көкпарда үздік өнер көрсетіп, қанжығасын майлап қайтыпты. Сонда «түйе палуан» атанған. Бұдан кейін де бірталай додаларға қатысып, көрерменнің көзайымына айналып жүрген.

Көкпарға қатысып жүрген алғашқы кездерде Күнтуғанда да өзінің жирен аты болыпты. Дүбірлі додаларға өзі баптап, өзі мінген. Бұл тұлпардың бір ерекшелігі, жүрген кезде аяқтарын саптағы сарбаздар сияқты басады екен. Бейне бір әскерде үйретілген ат секілді. Ал, көкпарда құйын секілді құтырынып шапқанда, анау-мынау ат артынан ілесе алмайтын болған. Сондай-ақ, қандай дода болса да тек алға ұмтылып, қарсы келген тұлпарларға бет қаратпаған. Осы жүйріктің арқасында талай рет тақымы майланған Күнту бір күні Ташкент іргесінде өткен көкпарға барады. Ат ойыны өтетін алаңның айналасында бірлі-екілі арық бар екен. Жирен ат үстіндегі иесімен бірге сол арықтың бірінен секіріп, алдыңғы қос аяғын жерге тигізген бойда кілт тоқтап қалыпты. Бұл жағдай ат тұяғының ақсаңдауына алып келген. Бір қызығы, былайғы уақытта оның жүрісінен ақсаған аяқты ешкім байқай қоймайды екен. Ал, оны көкпар додасына салғанда көзге ұрып тұрған. Әрине, тұлпарының мұндай халі Күнтудың

жанына қатты батыпты. Сондықтан ел-жерді аралап жүріп, өзінің сүйікті жүйрігін сынықшыларға да, емшілерге де көрсеткен. Бірақ, олардың ешқайсысы нақты себепті анықтай алмапты. Содан арада бірер жыл өткенде тұлпарын союына тура келген. Қасапшының қасында тұрған Күнту ол алдыңғы қос аяғын кескілеп жатқанда көнілін бірталай жыл күпті еткен жағдайды анықтамақ болып, сүйектеріне үніліп қарайды ғой. Алайда, ол да, қасапшы да еш кінәрат таба алмаған. Осылайша, жирен аттың беймәлім сырқаты сол күйі жұмбақ күйінше қалып қойыпты.



*Шабандоз Күнтуған
Егемұлы*

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Күнту көкпар кезінде жердегі салымды көз ілеспес жылдамдықпен алатын болған. Бұдан бөлек тақымы да тастай екен. Ал, кез келген атты өзіне икемдей алатын қасиеті әсіресе атбегілерді қайран қалдырған. Бұған тұла-бойындағы бұла күшті де қосыңыз. Бір адамның бойынан табылған мұндай құдірет оны кезінде Орталық Азиядағы көкпар ойынының «көк бөрісіне» айналдырыпты. Ал енді атақты шабандоздың көкпар додасына салған аттарына тоқтала кетейік. Бұл ретте алдымен ойға оралатыны – Саттардың торы аты. Кезінде Киров каналын қазып, Калининнің қолынан «Құрмет белгісі» орденін алған Мірәлінің ұлы Саттар ауыл-аймаққа атбегілік қасиетімен де қадірлі болған. Оның баптаған торы аты ел аузында аңыз болып айтылып жүрген тұлпарлардың бірі. Болмыс-бітімі бөлек жаратылған бұл жүйрікті Саттар құлын кезінде ұжымшарға тиесілі жылқылардың ішінен аттай қалап алған екен. Қызығы сол, бұл жылқыларға бас-көз болып жүрген

кісі өзінің нағашысы болған. Торы құлынды көптен бері көз қырына салып жүрген Саттар әлгі нағашысына бір жолыққанда «Жиеніңізге бір ат бермейсіз бе?» деп қолқа салыпты. Сол мезет нағашысы «Мына үйірдің ішінен тандағаныңды алғын» деп ағынан жарылады. Бұған балаша шаттанған жиені аттардың арасынан өзі қалап жүрген торы құлынды жетектеп шығады ғой. Бұған таң қалған жылқышы «Сен жаңылмаған екенсің. Бұл «Еңбекшінің қызыл аты» деген атпен елге танылған жүйрік тұлпардың құлыны, яғни қарабайыр торы биеден туған» деп Саттардың ат тандаудағы талғамына тәнті болған кейіп танытады. Шынында да бұл құлын жылқының жайын жақсы білетін атбегінің арқасында нағыз жүйрік болып өседі. Торы аттың ер-тоқым төселетін арқасы жалпақ біткендіктен көкпар тартуға өте ыңғайлы болған. Сырт көзге қарны сәл шығыңқы болып көрінгенімен, көкпар додасына кірген кездегі екпіні және шабысы өзге тұлпарларды шаң қаптыратындай қарқынды болыпты. Ал, бұл аттың үстіне атышулы Күнту жайғасқанда тұлпардың өзі оның ығына қарай жығылып, айтқанды бұлжытпай орындайтын адамдай бұл жүйрігің жүген тартыстан-ақ мән-жайды түсіне берген. Сондықтан болса керек, шабандоз көкпар алаңында алаңсыз өнер көрсетіп, әрдайым қанжығасын майлап қайтады екен. Әрине, Саттардың бұл тор атымен сол кездердегі Жексенбай, Әлібек және Төлеген секілді түйе палуан шабандоздар да шапқан. Алайда, Күнту мінген кездерде көп олжаға кенеліпті. Сол себепті ел арасында аталмыш ат туралы әңгіме қозғалса, Күнту палуан қоса айтылып жатады.

Кез келген атбегі өзі баптаған тұлпарының көкпар кезінде аса шарашамағанын және олжалы оралғанын қалайтындығы анық. Осы тұрғыдан алғанда Күнту палуан ауылдағы атбегілер үшін оңтайлы шабандоз болған. Мәселен, ол елдегі танымал тұлпарлардың барлығына мініп, бағын сынап көрген екен. Ал

енді екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагер, кезінде XX апртсъезд кеңшарының шаруашылық жұмыстарына етене араласа жүріп, атбегілік өнерімен де танымал болған Мамасеріптің баласы Әнуардың Ақ жамбасы туралы айта кетейік. Бұл тұлпарды да Күнту шабандоз көкпарға көп мініпті. Әдеттегідей бұл жүйрік те шабандоздың ығына онай жығылған. Оның өзге тұлпарлардан бір ерекшелігі, жүген тартылса, сол мезет кілт тоқтайтын әдеті бар екен. Мұны Күнту жерден салымды алып, тақымына қысқан кезде өте сәтті пайдаланған. Қалай дейсіздер ғой? Ол кездердегі көкпарларда ортадағы тұлпарлардан көз сүрінетін. Әсіресе, жердегі салымның айналасындағы ат тұяқтары ары-бері қозғалуға мұрша да бермейтін. Сондықтан Күнту салымға еге бола салысымен аттың жүгенін қаттырақ тартқан бойда оның мойынын оңға қарай бұрып, бір орында бірнеше рет шыр айналдырған. Ақ жамбастың бұл жағынан адуыны мықты болса керек, ол шыр айналғанда жан-жағындағы тұлпарлар біраз жерге дейін ығыса кетеді екен. Сонымен не керек, айналасын астындағы атымен аршып ашып алған Күнту жүгенді босатып, межеге қарай жүйткігенде соңындағылар сан соғып қалған. Мұндай сәт кез келген салымды шабандозға бұйыра бермейді. Күнтудың көкпарда көп шапқан тұлпарының тағы бірі – Елеместің ұлы Жазсақтың Мақашқарасы. Бұл жүйрік көкпар ойынына ептілігімен ерекшеленген. Мәселен, оның үстіндегі шабандоз жердегі салымды алмақ болып еңкейе бергенде арғымақ алдыңғы аяғын бүгетін болыпты. Бірде Күнту осы атпен Мыңбосын деген кісі берген үлкен көкпарға қатысады. Салымға тігілетін мал саны өте көп болғандықтан бұған қатысқан шабандоздардың саны да аз болмаған. Осы дүбірлі додада ойын алаңының арғы бетіне бес өгіз, бергі бетіне бес өгіз тігілгенде Мақашқарадай марқасқа тұлпармен Күнту қатарынан 10 салым салыпты. Көкпар

өткен орында ойдым-ойдым жерлер көп кездескен. Олардың бірқатары жауын суына да толып қалыпты. Сондықтан көкпардағы көп жүйріктер сол ойдым жерлерге келгенде үдере үркіп отырған. Ал, Мақашқара болса еш міз қақпаған. Қарсы алдынан қандай жер кездесе де, жүйткіген шабысын бәсеңдетпепті. Сөйтіп, ат иесі де, шабандоз да мол олжаға кенелген. Он өгіз екі трактордың жүк тіркемесіне тиеліпті. Алайда, оларды алып кетуге келгенде Күнту үшін күтпеген оқиға болған. Мал санының үшеуі кем болып шығыпты. Жан-жақтан сұрастыра келе тіркемедегі үш өгізді өзінің ағайындары сатып жібергенін білген. Сол кезде ақырын ғана жымың қаққан Күнту палуан «Қанжығамдағыны халыққа қалдырдым» деп даулы мәселенің тігісін жатқызған екен. Оның осындай кеңдігі де болған. Сондай-ақ, көкпардағы тайталас кезінде жанындағы атқа да, оның үстіндегі адамға да қиянат жасамаған. Кейде салымға таласқан адам жас болып, оның көзінен жалындаған от көрінсе, меселін жықпай тақымдағысын соған бере салатын кезі де болыпты.

Жалпы, көкпарда салымды ат үстіне өңгеріп салатын «жаппа» деген әдіс бар. Мұндай әдісті екінің бірі қолдана алмайды. Өйткені, белге салмақ қатты түседі екен. Ал, Күнту бұл «жаппа» әдісімен жалға ұруды шебер меңгерген. Тіпті, көкпар кезінде жиі қолданып та жүріпті. Ел болған соң өңірде неше түрлі көкпар өтеді ғой. Соның бірінде шабандоздар тартысатын салымға серке емес, кішкене өгіз қойылған. Сол дүбірлі додада Күнту жердегі өгізді өзіне қарай тартқан бойда әлгі «жаппа» әдісімен өңгеріп, тақымына мықтап қысып алыпты. Мұны көрген жанындағы шабандоздар оның бұл көзсіз ерлігіне сенер-сенбесін білмей дегбіріп қалған. Бәзбірі «Ай, мынау белден айырылды-ау» деп алаңдаған да екен. Алайда, салымды тақымға қыса салысымен межеге қарай жүйрігімен жүйткі жөнелген Күнту өзінің ширақ қимылымен жұрттың

қобалжуын жуып-шайған. Қайта, қос қанатын айқара ашып, еркін қалықтаған қырандай кең көсілген. Бұл оқиға бүгінгі уақытқа дейін ел арасында аңыз болып айтылып жүретін әңгімелердің бірі. Күнту өзінің замандасы әрі досы Съезд екеуі өмір бойы тұлпарды жанына серік еткен. Екеуі қос жүйріктің үстінде қасқая қарап тұрғанда оларды көрген жұрттың көз алдына баяғы сом денелі батыр бабаларымыздың бейнесі елестейтін еді. Бала кезімізде біз де бұл кісілерге сырттай сүйсініп қарап тұратынбыз. Шынында да, қайталанбас тұлғалар еді ғой бұлар.



*Шабандоз
Съезд Абдазимов*

Ия, Мырзашөл өңірі кезінде тек ауыл шаруашылық өнімдерімен ғана емес, жоғарыда біз сөз еткен білекті де, жүректі азаматтарымен де ел-жұртқа танылған. Сондай-ақ, бұл өңір сөз өнерін өзіне серік еткен суырыпсалма ақындарымен де, жыршы-термешілерімен де мақтана алады. Бұл ретте алдымен халық ақыны Қайыпназар Әйтпенев туралы айта кеткен жөн. Алғашқыда өңірлік айтыстарда сөз маржанын айшықтаған ол кейіннен ұрпаққа беретін ұлағаты мол термелерімен де елдің жүрегін елжіретіп жүріпті. Бұған мысал ретінде бүкіл Алты Алаштың аузында жиі айтылатын «Ал бір мақал айтайын...» деген сүбелі бір ғана термесін сөз етсек жетіп жатыр. Оның бұл шығармасында қаймана қазақтың болмысы, сан ғасырлар өтсе де сарқылмайтын ғибраты тұнып жатыр ғой. Ендеше, осы бір ой тұңғиығына жетелеп алып кететін жетелі жырды оқырман назарына ұсынайық.

*Ал бір мақал айтайын,
Тойсаң бір тоба қыл деген.*

Асылығың асқынса,
Кездесер аштық бір деген.
Ықпалың бір асса да,
Санасып көптен жүр деген.
Пайда бермес басыңа,
Көкірек кернеп сөйлеген.
Көптің бір тиер көмегі-ай,
Басыңа түссе іс деген.
Жалғыздық көріп жалызғар,
Қадірін көптің білмеген.
Абайлап сөйле аузыңа,
Душпанның бірі тіл деген.
Өзіңе жеңіл болғанмен,
Өзгеге ауыр зіл деген.
Сөзбенен ерді қаңғыртпа,
Адамның өмірі гүл деген.
Сым темір болсаң балға бар,
Қамырдай қылып илеген.
Жүрекке тұмар деген сөз,
Орыншақ найза түйреген.
Ескі сарай бұл дүние,
Кімдер бір келіп кетпеген.
Рахатқа малының,
Кімдер бір дәурен сүрмеген.
Тас сүлеймен пайғамбар,
Асты-үстін жердің билеген.
Үрістем дастан Әлішер,
Күрескен жауы күйреген.
Солардан кәне кім қалды?
Ажалдың оғы тимеген.

Қайыпназар шығыстың аңыздары мен қазақ ертегілеріндегі оқиға желісін жыр-дастан етіп жазуға да әуес болыпты. Өзіл-

сықақ өлеңдерден де кенде болмаған. Мырзашөлдің тың жерлері игеріліп жатқан тұста замандастарына арнап талай жырдың тиегін ағытқан. Өзі аудандағы тәртіп сақтау қызметіне жауапты адам болғандықтан елмен етене араласып жүріпті.

Халық арасында Қайыпназармен қатар Жұманазардың ұлы Мұса деген кісінің де аты ақындығымен танылған. Алайда, оның өлеңдері ел аузында арагідік айтылып жүргенімен кезінде бірде-бір жинаққа ене қоймапты. Тек бертін келе оның жырлары журналист-жазушы Мылтықбай Ерімбетов секілді жанашыр жандардың арқасында жеке жинақ болып шыққан. Мұсаның шырғалаңға толы тағдыры оны талай рет соқпақты жолдардан өткізіпті. 1937 жылғы қуғын-сүргіннің салқыны бұған да тиген. Ол амалдың жоқтығынан қырғыз жеріне ауып, сонда басын арашалап қалыпты. Қатал тағдыр бұдан кейінгі кезеңдерде де оған оң қабақ таныта қоймаған. Қай жерде жүрсе де әр ізі аңдулы болыпты. Сондықтан болса керек, жырдастандарын жазып бола салысымен жерлесі Қайыпназарға бір қаратып алады екен. Мұндағысы – ішінде саяси қате кетіп қалмасын дегені ғой. Қайыпназар оның өлеңдерін қараумен ғана шектелмей, оған қамқор да болып жүріпті. Мұсаның мына бір жыр жолдары бұл сөзімізге дәлел болса керек.

Қайыпназар, жағдайымды біліп жүрдің,

Жанашыр екеніңді білдірдің.

Қатардан әлдеқашан шыққан жан ем,

Себең боп қатарға әкең ілдірдің.

Ырза боп ертелі-кеш жатсам, тұрсам,

Алғыспен саған дұға қылып жүрдім.

Мұса Жұманазарұлының шығармашылық жолдағы көптеген мұрасын өзінің жеке мұрағатында талай жыл сақтап келген Қайыпназар оны бір топ зиялылармен бірге Мылтықбай Ерімбетов барған кезде ғана алдарына жайып салыпты. Мұнда олар Мұса ақынның «Мұңды Сейіл»,

«Әдіһам батыр» және «Пайғамбардың дүниеден өтуі» секілді дастандарымен танысқан.

Шынында да, ақын Мұсаның өмірі өкінішке толы болған. Тағдырдың жазуымен ол бірнеше рет отбасын құрыпты. Алайда, олардан өрбіген тоғыз перзенттің ғұмыры ерте қиылған. Бұл жағдай оның жанына әсіресе қартайған шағында қатты батса керек «Кұдайым берді өнер мен сананы да, Тоғыз перзент берсе де Алла-тағалам, Есебін өзі тапты аларында, – деп күніренген екен. Тағы бірде «Қартайып, жасым жетті жетпіс беске, Ержетіп, арман бар ма балаң өссе. Керуендей жүгін буған боп отырмын, Кетуге дайындалып ажал жетсе» деп ішкі күйзелісін жеткізіпті.

Ия, жер бетіндегі әр пенденің пешенесіне әркілы тағдыр жазылған. Ақын Мұсаның артында ұрпақ жалғастыратын перзенті қалмағанымен, ұрпақтан-ұрпаққа ұлағат болып жететін жалынды жырлары мұра болып қалды. Ендеше, хәкім Абай «Өлді деуге сия ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп айтқандай, Мұса Жұманазарұлының рухы туған халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

Мырзашөлде қазақтың жыршылық өнері бойына дарыған тағы бір дарынды буынның бірі – Мұхтар Құралов. Өзбекстанның Сырдария облысына Мырзашөлдің үш ауданы қараған тұста Мұхтар Гүлстан қаласындағы Сырдария мемлекеттік институттың филология факультетінде оқыған. Бұл жерде оған облыстық ауруханада хирург болып жұмыс істейтін білікті дәрігер Қадырбайұлы Толықбай қамқор болып жүріпті. Екеуінің өсіп-өнген жері – бір ауыл. Екеуі де ХХ партсъезд кеңшарындағы орта мектептің түлектері. Толықбай өнерлі бауырының жыршылық қабілетіне қатты қызығады екен. Бірде ол Мұхтарды өз үйіне шақырып алады да, оның қолына қонақ бөлменің төрінде ілініп тұрған домбыраны ұстатып «Ал, бауырым, қазақтың мына бір

қасиетті домбырасын әдейі сен үшін алғанмын. Халқымыздың термелерін айтып, жүректі бір тебіrentші», – деп қолқа салады. Мұндайда аянып қалатын Мұхтар емес. Ол сонау бала кездерінен бастап жаттап өскен термелерін бірінен кейін бірін көсілте айтқанда көкте қалықтап жүргендей күй кешеді. Ал, оны тыңдап отырған Толықбайдың да тебіренісі тіпті ерек болса керек, оны тыңдаудан әсте жалықпаған. Бірін бітірсе, екіншісін, әрі қарай үшіншісін, төртіншісін, не керек әнші бауырының жадында жатталған термелері таусылғанға дейін тыңдапты. Оның бұл ықыласына риза көңілді Мұхтар құдды бір көрермені көз сүріндірерліктей үлкен сахнада өнер көрсетіп отырғандай арқаланып отырған. Сірә, тыңдаушының зеректігі айтушының қабілетін аша түскендей. Әсіресе, хирург ағасының жақсы көретін термесі орындалғанда екеуінің де ес-түсі өн-бойынды елжіретер әуен мен жібектей өрілген өлең-өсиетке ауыпты. «Ал, тыңдаңыз, аға», – деп Мұхтар Майлықожаның термесін арқалана айтқанда Толықбайдың құлағы жыр жолдарына тұнған:



Ақын Мұхтар Құралов

*Өңкейде жақсы бас қосса,
Өткереді кеңесті.
Өңкейде жаман бас қосса,
Шығарады егесті.
Жақсының жолы жарық күн,
Жаманның жолы көмескі.
Мақтағанмен жарамас,
Пайымы аз кеместі.*

Не керек, тыңдаушы ықылас танытқан сайын Мұхтар термелерін із суытпай айта берген. Бір отырғанда отызға жуық термесін төкпелетіп тастапты. Жалығатын Толықбай, жабырқайтын ол жоқ. Ара-арасында ағасы алдына ас қойып, өзі шай құйып отырғанда оның өнерге деген шынайы құрметіне тіпті тәнті болыпты. Осылайша екеуі бас қоса қалса, қазақтың өсиетке толы термесінің бірталайы төгіледі екен.

Жалпы, Мұхтар Құраловтың бойында қос ішекті домбырамен құйқылжыпта жыр айтумен қатар, жүректен өлең шығарып, онысын ән ырғағымен әрлей кететін қасиеті де бар. Бұған суырыпсалмалық қабілетін де қосыңыз. Кезінде ақын Жүрсін Ерман жүргізген республикалық айтыстардың талайына қатысып, көпшіліктің көзайымына айналып та жүрді. Ол еліміз бойынша алғашқылардың бірі болып Арал тағдырын жалынды жырына қосқан азамат. Ел арасында «Арал толғауы» деген атпен таралып кеткен бұл шығарма өзі қатысқан айтыстардың бірінде табанасты дүниеге келген. Дәлірек айтсақ, облыс-облысқа бөлініп жыр сайысына түсетін кездің бірінде көрермен тарапынан Мұхтар Құраловқа Арал тағдырына қатысты сауал қойылған болатын. Сол мезет қолындағы домбырасын күңіреніп күмбірлете кеткен айтыскер ақын әні мен сөзін табанастынан шығарып, қалың қауымға Арал болып мұң шаққан. Мұхтар бұл толғауымен тыңдарманды тебірентумен қатар, ел басына төнген қасірет жайында тұщымды ақпарат та бере біліпті. Мәселен, ақын осы бір өлеңінде:

*Әмудария, Сыр сұлу,
Ойнақтаған қос бұрым.
Бойыма келіп құятын,
Бар халқымның достығын.
Орыс, қазақ, өзбекпен,
Қарақалтақ, тәжікпен,*

*Биіктеу еді шоқтығым,
Көп жыл болды мінеки,
Қасымда менің жоқ бүгін.
Толқыным кейін шегініп,
Жүрегімді басты құм.
Қай жаққа кетіп қалды екен,
Кешегі шалқар шаттығым, – деп бір тебіренсе, ет-
жүрегіңді елжіретер әуен шарықтай түскенде:
Жайынымды ет қылып,
Бекіремді кептіріп,
Мені неге қойдыңдар,
Дауыл мен желге тептіріп.
Осының бәрін жоқ әлде,
Жүрдіңдер ме, кеш біліп.
Айналайын, жақсылар,
Тез созыңдаршы қол ұшын.
Алдарыңда мінеки,
Толғанып тұрмын сол үшін.
Әмудария, Сырымды,
Өзіме қайтарып беріңдер.
Бақытты болсын десеңдер,
Бұл өмірде мені шын, – деп жаны алқымға келген Аралдың
ащы дауысын халыққа жеткізген.*

Бір бойына ақындық, сазгерлік және әншілік қасиеттерді тоғысытырған бұл кісі бүгінгі таңда зейнет жасында болса да, қолынан үкілі домбырасын тастамай, қазақ өнерінің өркендеуіне өз үлесін қосып келеді. Оның «Асық ата» деп аталатын мына бір өлеңі өскелең жастардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырары анық.

*Өзгергенмен бұл өмір,
Көз көргенмен жүре біл.*

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

*Мақтааралдай ауданда,
Асық ата бір өңір.*

*Әулие атам аты бұл,
Әуелеп көкте аты жүр.
Асық атама арналсын,
Ойымнан шыққан осы жыр.*

*Алақандай өңірім,
Көтеріліп көңілім.
Өзіңе деген өзектен,
Пайда болды кең ұғым.*

*Әруағың қолдап жүр еді,
Ұл-қызың еркін күледі.
Қарттарым – асыл қазынам,
Ел тыныштығын тіледі.*

*Еселей түсіп еңбекті,
Ерлерім төрге төрлетті.
Алтыннан тауды тұрғызып,
Жаңаша салды өрнекті.*

Қазақта «Елдің атын ер шығарады» деген даналық бар. Сірә, бұл сүбелі сөз жоғарыда біз арнайы тоқталған азаматтарға да телініп айтылса керек. Мырзашөл өңірінде бұқара халыққа табанды еңбектерімен, талантымен танымал болған басқа да азаматтар бар. Орайы келгенде олар жайында да ой қозғайтын боламыз. Ал қазір ХХ партсъезд кеңшарын Жолдасбай Ералиев басқарған кезеңге қайта оралайық.

Сонымен Мырзашөлдегі үш аудан 1971 жылдың мамыр айында қайтадан Қазақстанға қайтарылды. Бұл

кезде мұндағы ел-жұрт мақта шаруашылығына әбден төселіп қалған болатын. Төрт бөлімшеге бөлінген XX партсъезд кеңшарындағы тұрғындар да күнделікті күйбін тіршілігін егіншілікпен біте қайнастырып жатты. Ендеше, осы уақыттарда еңбек майданында жүрген азаматтар жайында айта кетейік.



*Жолдасбай Ералиев
(сол жақтан оңға қарай екінші)*

Кеңшардың №1 бөлімшесін бұл тұста Жақсылық Айбатыров деген азамат басқарған. Бөлімшенің агрономы Сапар Айтмұрзаев, ал аға инженері Дарқан Тілеуов болыпты. Осындағы алты бригаданы Қ.Танабеков, А.Егемов, Т.Ибатбеков, П.Темірханов, Ж.Әбдалимов және О.Байташов басқарған. Мақта шаруашылығының өндірістік жұмыстарында озат механизаторлар Е.Шекербеков, Л.Есенбеков, Ә.Жамалтаев, Ж.Төлемырзаев, А.Бастеров және басқа да азаматтар еңбек еткен. Л.Ағыманов, К.Тастанбеков, Е.Тембаев, Қ.Төлеев және А.Темірханов секілді азаматтар егінді алқаптарды суғару ісінде күш-жігерін аямаған. Бөлімше құрылған кезден бергі уақытта мұндағы отбасыларға 150-ден астам тұрғын үй салыныпты. Бұл баспаналардың салыну жұмыстарына темірден түйін түйген ұста Әлімханұлы Шәмбіл бастаған Айтбай Асабаев, И.Константиности, Аман Кәленов және Қарсан Серікбаев секілді азаматтар қостаған шебер құрылысшылар маңдай терін төккен екен. Сөздің реті келіп тұрғанда Шәмбіл деген кісіге қатысты мына бір деректі алға тарта кетейік. Бұл кісінің дүниеге келуі 1930 жылғы ашаршылық кезеңмен тұспа-тұс келген. Оның ата-анасы мен туған-туыстары осы нәубетті жылы елдегі 20 шақты отбасымен бірге аштықтан аман қалу

мақсатында Өзбекстанның Жызақ облысына қарайтын Зәмин ауданындағы Шәмбіл деп аталатын қыстаққа қоныс аударыпты. Осы жерде олардың жаны аман қалған. Сондай-ақ, тіршілігі оңалған тұста Әлімханның шаңырағында ұл дүниеге келіпті. Туған-туыс ойласа келе оған жан қысылғанда демеу болған қыстақтың атын қойған. Шәмбіл – жоғарыда біз сөз еткен шабандоз Бахарамның туған інісі. Астан деген тағы бір ағасы болған. Ол екінші дүниежүзілік соғысқа кетіп, елге қайтадан оралмапты. Ал, өзінен кейін өмірге келген Икрам деген інісі кеңшарда механизатор болып жұмыс істесе, одан кейінгі Өмірзақ деген бауыры өмірден ерте кеткен.

Бөлімшеде бұл кезеңде 1380 гектар жерге мақта егіліпті. 30 шақты мақта жинайтын машина, 70-ке жуық трактор және басқа да түрлі техникалар шаруашылықтың өндірісінде жұмыс істеген.

№2 бөлімшені бұл уақытта Тоқсанбай Ерiмбетов басқарған. Кеңшарға директор болып Жолдасбай Ералиев келген кезде ол осы бөлімшеде аға агроном болып қызмет жасаған екен. Аталмыш бөлімшеде сол кездің өзінде 50 шақты тұрғын үй салыныпты. Сондай-ақ, сүт фермасы мен бірнеше мәдени-ағарту орындарының іргетасы қаланған. Ауыл шаруашылығына келгенде белсенді азаматтардың көшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Әжіхан Есқараев бастаған. Көкбай, Ғани, Құттыбек, Әліпбай және Шәжiндә секiлдi озат механизаторлар да осы уақытта ерен еңбегiмен ел назарына iлiккен. Байнабай Бахритдинов, Ақбаралы Исмайылов, Әжмахан Нұрақов сияқты азаматтар мақталы алқаптарды суғару ісінде табандылық танытқан.

Бөлімшедегі №1 бригадаға Айтбай Қараев деген кісі жетекшілік етіпті. Онда Қазақбай Әдебаев, Жақып Шындалиев және Жолдасбек Сейтқұлов сынды механизаторлар, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері

Бибімай Қосмұратова, Бибі Көпесова, Әнафия Тұрлыбекова және Шырай Батаева секілді сушылар еңбек еткен. Ал, Ә.Иманбердиевтің басқаруындағы мақта бригадасында Тұрғынбек Жұмабаев, Құдайберген Бердиев, Кенже Өтенев, Қыдырбай Елібаев және Әліайдар Ділдабековтер өндірістік техника жұмысында, Ж.Өтенев, Ө.Блашев және Қ.Айтышев сияқты азаматтар жер суғару ісінде екпінді атанған. Әбілқайыр мен Е.Бекбаев басқаратын бригадаларда да механизаторлар мен сушылар қажыр-қайратын еңбекке жұмсаған. Олардың қатарында С.Аханов, Ә.Оспанов, С.Құлбаев, Б.Жұмаділдаев, Ә.Сүлейменов, Қ.Қоғабаев, С.Файзыллаев және Б.Дүйсенбаев секілді азаматтар бар.

Жалпы, №2 бөлімшеде ауылдағы алқаптың 920 гектарына мақта, 125 гектарына жүгері, 300 гектарына масақты дақыл және 150 гектарына жоңышқа егілген.

№3 бөлімшені 1968 жылдан бастап Құралбай Мырзамұратов басқарған. Ал, агрономдық қызметті К.Әбдірайымов атқарыпты. Мақта бригадаларына Н.Мыңбаев және Б.Исабеков сияқты азаматтар жетекшілік еткен. Олардың қарамағында С.Мырзақанов, Ж.Мыңбаев, С.Әміров, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Ұ.Зиманова және К.Әбішова секілді озат механизаторлар, сондай-ақ О.Мырзалиев, С.Жанбыров сияқты сушылар болған. Бұл бөлімше бекітілген жоспарды әрдайым асыра орындап жүрген.

№4 бөлімшені алғаш ашылғаннан бастап 1969 жылға дейін Датқа Төлбасиев басқарған. Бастапқыда №1 бөлімшедегі №5, 6 бригадалардың негізінде құрылған бұл бөлімше кейін келе төрт бригада болып ұйымдасыпты. 1970 жылдары мұндағы тұрғын үйлердің саны 155-ге дейін жеткен. Ұжымда Т.Исаев, Т.Жарылқапов, А.Асанов, Ш.Көрпебаев, М.Тәжімбаев, М.Тойшыбеков, Б.Аралбаев, Т.Қаңтарбаев, Қ.Ырзанов,

М.Исабеков, Ш.Есенбеков, Б.Тоқаяқов секілді еңбек белсенділері ауыл шаруашылық жұмыстарының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан.

Аталмыш бөлімше ондағы тұрғындардың ынтымақ-бірлігінің арқасында күн санап дами түскен. Соның нәтижесі болса керек, санаулы жылдың ішінде үлкен ұжымға айналыпты.

Бұдан кейінгі кезеңдерде де бұл ауылдың тұрғындары ауылшаруашылық жұмыстарын атқару ісінде тек ілгері жылжып, жемісті еңбек ете білген. Алайда, бұл орайда мына бір жағдайды ашып айтып кеткеніміз жөн. Жоғарыда біз сөз еткен төрт бөлімшені негізінен жергілікті ұлт, яғни қазақтар құраған. Ал, кеңшардың орталығын орыс, грек және кәріс секілді кезінде түрлі себептермен жер ауып келген келімсек ұлт өкілдері мекен еткен болатын. Мұны не үшін айтып отырмыз? Енді соған тоқталайық. Орталықтағы әлгіндей ұлт өкілдері бөлімшедегі қазақтар секілді таңның атысынан күннің батысына дейін мақта алқабынан табылған жоқ. Қытымыр қыс мезгілі мен жаздың аптап ыстықтарында қазақ шаруалары қолына кетпенін алып, егінді жерлерді суғарып жүргенде орталықтағы өзге ұлттар жылы әрі жайлы жерлердегі жеңіл-желпі жұмыстармен ғана шектелді. Қысқасы, кеңшардағы қара жұмыстың барлығы қаймана қазақтың қолымен атқарылды. Ауылдағы негізгі шаруашылық саналатын мақта өндірісінің өркендеуіне бірден-бір үлес қосқан да осы қазақтар. Кезінде ХХ партсъезд кеңшарында еңбек жолын қара жұмыспен бастап, одан кейінгі кезеңдерде бөлімше меңгерушісі қызметіне дейін көтерілген, бүгінде зейнет жасындағы Тайман Егембердиев деген кісінің мына бір әңгімесі әлгі сөзімізге дәйек болары хақ.

– Мен мектеп бітіретін жасқа келгенімде №1 бөлімшеде бригадир болып жұмыс істейтін Айтуған дейтін туыс

ағам ауылдағы Лесбай, Күнтуған және Лес секілді рулас ағайындармен бірге жер суғару жұмысына жеккен болатын. Бригадир ағамыздың өзіне тән бір ерекшелігі, ол еңбекке келгенде әсіресе өзіне етжақын туыстарына қара жұмысты көбірек жүктейтін еді. Мәселен, егінді алқап елді мекеннен бір шақырымнан астам жерде орналасқан. Біз ол жерге есекке мініп баратынбыз. Мақта егілген аумақ әлі де болса толық игеріліп болмағандықтан оны суғару кезінде тосын жағдайлар өте көп болатын. Сол себепті, суғаруға арналған уақытша арықтарды күндіз-түні бақылап тұруға тура келді. Егер оның бір жері сыр беретін болса, кейде су аққан жерін бітеуге топырақ та таба алмай қиналатын едік. Сол кезде амалдың жоқтығынан арықтың жырылған жеріне біріміз көлденең жатып алсақ, енді біріміз жан-жақтан сора жинайтынбыз. Кейде қазылған арық түбіндегі лайларды алақанмен тасып, не керек суға тосқауыл болғанша бір сәт тынбайтынбыз. Ауыл мен алқаптың арасы бір шақырымдай болғанымен, жер суғару науқаны кезінде айлап үйге бармайтын кезіміз де аз болған жоқ. Көбіне Лес екеуіміз мақталы алқапта түнеп тұрып тірлік ететінбіз.

Жалпы, ол кезеңдерде мақта шаруашылығының қай жұмысы болсын оңай болған жоқ. Әсіресе, терімшілер мен өнімді мақта пунктіне тасушылардың жұмысы өте қиын болатын. Қазіргі уақыттағыдай жүк тиейтін трактор тіркемесі ол кезде жоқ. Оның орнында биіктігі 1,5 метрден асатын үлкен қанар қап болатын. Терілген мақтаны соған нығыздап салушы еді. Содан кейін көбіне арбамен, арагідік қана мақта пунктінен бөлінетін машинамен қоймаға таситын. Бұдан соң мақта пунктіндегі машақат басталады. Мектеп бітірген жылдары мен кластасым әрі досым Толықбаймен бірге осында біраз уақыт жұмыс істегенбіз. Мақтаны белгіленген шеңбер аясында жинау алғашқыда аса қиындық туғызбағанымен,

ал дөңбешік биіктеген сайын мақтаға лық толған қанар қапты жоғары көтеру де, оны жоғарғы жақтан тартып алу да қияметтің қияметі болатын. Дегенмен, басқа түскен соң адам баласы мұндайға да төзеді екен ғой.

Жалпы, біз ер азаматпыз, сондықтан қандай іске болсын төзімді болуға тиістіміз. Бірақ, менің әлі күнге таң қалатыным, төзімділік жағынан ол кезеңдерде әйел адамдар бізден де асып түсіп жататын. Таң атқаннан күн батқанға дейін мақта алқабында жүретін олардың «Менің жұмысым ауыр» деген сөзін өз басым естіген емеспін. Алқапқа мақта дақылы егілгеннен бастап өнім терілген кезге дейін тек қара жұмысқа жегілетін қыз-келіншектердің көңілін қаяу шалмайтыны қалайша қайран қалдырмасын?! Терімші әйелдер мақта алқабынан көбіне күн қас-қарайған шақта жанұясына оралатын. Содан түннің бір жарымына дейін отбасының қамын күйттейді. Ертесіне таң шапағы көрінісімен қайтадан мақта теруге аттанады. Сондай-ақ, ауыл арасында ерлермен қатар жер суғару жұмыстарына араласқан абзал аналарымыз да болған. Кезінде ашылмай қалған мақта көсектерін аршитын арнайы техника да жоқтың қасы еді. Сол уақыттарда мұндай жұмыстарды елдегі әйелдер атқарған. Күндіз мақта терсе, ал кешкісін көсек аршитын. Олардың сол кездердегі бұл тірлігін мен «ерлік» деп бағалар едім.

Осылайша Тайман ағамыз бір кездері бөлімше тұрғындарына түскен ауыртпалықты аз-кем әңгімелеп берген болатын. Әрине, мұндай ауыртпалық тек сушылар мен терімшілердің ғана басында болған жоқ. Ауыл шаруашылығының басқа да салаларында еңбек еткен кісілер де көптеген қиындыққа тап келді. Алайда, бұған олар мойымады. Осы орайда, қазақ шаруаларының сол бір кезеңдердегі жанкешті еңбегін елеп-ескеріп, осыған сай оларға тиісті деңгейде жағдай жасаған Анарбай Күзенбаев деген кісіні айрықша атап

кеткеніміз жөн. 1985 жылы «ХХ партсъезд» кеңшарына директор болып қызметке келген бұл кісі ел-жұртқа ә, дегеннен-ақ іскер басшы ретінде танылған. Қызмет бабында өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетін ол алғашқы уақытта кеңшардың экономикалық ахуалын жақсартуға барынша күш салыпты. Ал, бұл мақсатына жеткеннен соң елдің әлеуметтік жағдайын көтеру мәселесіне мейлінше ден қойған. Қазақтың «Үй болмай, күй болмайды»



Анарбай Күзенбаев

деген ғибратты сөзін берік ұстанған білікті басшы кеңшарға жетекшілік еткен жылдары мұндағы халықтың 40 пайызын, дәлірек айтқанда 600 отбасыны баспанамен қамтамасыз еткен екен. Мұны бір деңіз. Екінші, жоғарыда біз күн сайынғы бейнетін суреттеген бөлімше тұрғындарына деген бұл кісінің ықыласы ерекше болған. Кеңшардың экономикалық ахуалы жақсара бастаған тұста «Ауылдың басты табысы мақта өнімі десек, сол өнімді өндіру жұмысында бөлімше тұрғындарының еңбегі ерен. Қысқасы, біз бөлімшенің, ондағы халықтың арқасында қазіргідей мол табысқа жетіп отырмыз» деп өзі меңзеген кеңшар бөлімшелерінің қуыс-қуысына дейін асфальтті жол салдырған. Сірә халқымыз, «Тарихта қалғың келсе, жол салғын немесе тал еккін» деп текке айтпаған ғой. Біздің оңтүстік өңірде бүгінгі таңға дейін айтылып келе жатқан «Күзенбаевтың жолы» деген әдемі тіркес бар. Әсіресе, Қызылқұм ауылындағы бөлімше тұрғындары бұл тіркесті санасына мықтап сіңдіріп алған. Арада қаншама жыл өтсе де бұл сөздің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып айтылып келе жатуының өзі көп жайды аңғартса

керек. Ия, Күзенбаев кеңшардың әлеуметтік-экономикалық ахуалының жақсаруына анағұрлым көп еңбек сіңірді. Әрине, бұл бағытта оның қасынан табылып, қойылған тапсырмаларды тап-тұйнақтай етіп орындаған орынбасарлары мен бөлімше басшыларының, жалпы ел-жұрттың да еткен еңбегі ерен. Мұндағы жұрт бағыты түзу басшы болса, кез келген белесті бағындыра алатынын дәлелдеп бергендей.


Сонымен, Анарбай ағамыз ел тізгінін ұстаған жылдарда ауылда төселген асфальтті жол 80 шақырымнан асқан. Мұның басым бөлігі бөлімшелердің еншісіне тиіпті. Бұдан бөлек, ауыл тұрғындарына арналған қоғамдық монша және басқа да әлеуметтік-мәдени ошақтар ел игілігіне берілген. Не керек, кеңшардың экономикалық жағдайы өскен сайын әлеуметтік ахуалы да жақсара түсіпті. Өткен тарихқа үнілер болсақ, Кеңес Одағы кезінде елдегі кеңшарлар арасында түрлі бәсекелік жарыстар өткізіліп тұрған. Соның бірі – экономикалық өсімді ұлғайту мен одан түскен табысты тиімді пайдалану жағынан болатын. Күзенбаевтың кезінде кеңшар осы тұрғыдан алғанда бүкіл Одақ бойынша екінші орынға жайғасқан. Енді ойлап қараңыздар. Бұл уақытта Кеңес Одағында 22 мың 700 кеңшар болған екен. Бүкілодақтық бәсекеде осылардың арасынан екінші орын алу сол кездегі Шымкент облысы бойынша тек Анарбай ағамыз басқаратын ауылдың ғана қолынан келген. Әрине, бұл – үлкен жеңіс. Мандайдан аққан адал тер мен табанды еңбектің жемісі бұл. Сондықтан бір кездері жасаған бейнетінің бүгінгі таңда зейнетін көріп жүрген Анарбай Саттарұлынан өскелең ұрпақ өнеге алуға тиісті. Ал, оның кезінде еткен еңбегі ел жадынан ешуақытта өшпек емес.

Жалпы, бүгінде ел билігіндегі кей азаматтарға қатысты «дағдарыс менеджері» деген заманауи тіркес айтылып жатады. Бұл сөз негізінен елді экономикалық,

әлеуметтік және саяси дағдарыстан алып шыға алатын білікті шенеуніктерге телініп жүр. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыда біз сөз еткен кейіпкеріміз де ХХ ғасырдың «дағдарыс менеджерлерінің» бірі болған. Бұған «Мақталы» кеңшарына басшылыққа барып, қарызға белшесінен батқан ауылды тығырықтан шығарған еңбегі бірден-бір мысал бола алады. Бұл кезеңде ірілендірілген Мақтаарал ауданының жылдық бюджеті 550 млн. теңгені құраған екен. Ал, әлгі кеңшардың жалпы қарызы бұл уақытта 668 млн. теңгеге жетіп жығылған. Тоқетерін айтқанда, Анарбай ағамыз жалыны жан-жақты шарпыған лаулаған оттың ортасына түскен ғой. Сол «оттан» өзін де, соңынан ерген елін де аман-есен алып шыға алған.

Ал енді ағамыздың бойындағы жеке қасиетіне аз-кем тоқтала кетейік. Бұл кісіде көпті көрген көрегенділікпен қатар, елді аузына қарата сөйлей алатын шешендік қасиет де бар екен. Сөйлеген сөздерінде қазақы философия тұнып тұр. Мәселен, бізбен тілдескенде «Қарағым, халыққа шынайы қызмет ете алсаң, бұл жақсылығың Хақ-тағаламыздан қайтады екен. Бұған өзімнің өмірімде көз жеткізіп келемін. Құдайға мың да бір тәубә деп тұрып айтайын, қазір ел үшін еткен бейнетімнің зейнетін көрудемін. Басым аман, бауырым бүтін. Бала-шағамның барлығы өмірден өз орындарын тапты. Олар да елге қызмет етіп жүр. Бастысы, кіндіктен өрбіген ұрпақтарым бір кездері өзім ұстанған «Шындықты жақтап тура жүру», «Адалдықтан алшақ кетпеу», «Ел алдында кішіпейіл болу» және «Жүктелген қызметті шын жүрекпен таза беріліп атқару» секілді қағидаларды қаперінен шығарған емес. Маңдайдан адал терін ағызып, жейтін нанын да адал жеп жүр. Адам баласы үшін бұдан артық қандай бақыт керек?» деп ағынан жарылды. Ия, бұл сөзге біздің де алып-қосарым жоқ. Тек тілеріміз, ел үшін туған осындай ерлеріміз көбейгей.

Ендігі әңгіме әу баста «Қосшы» шаруашылық одағынан бастау алып, ал бүгінде «Қызылқұм» ауылдық округі деп аталып жүрген елді мекеннен шыққан халық қалаулылары жайында болмақ. Очерктің «Тауқымет» деп аталатын бірінші бөлімінде атап өткеніміздей Кеңес Одағы кезінде ауылдық, аудандық, облыстық, тіпті республикалық кеңестерге дейін қарапайым шаруа адамдары депутат болып сайлана алған. Тарихи деректерге сүйенсек, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін «Ауылдық және селолық кеңес» пен «Болыстық және уездік атқару комитеттеріне» сайланған 60 мың депутаттың 70,9 пайызы кедейлер болған екен. Ал, соғыстан кейінгі жылдарда да мұндай үрдіс жалғасқан. Алайда, депутаттыққа үміткер азаматтардың еңбек көрсеткіштері және білімі мен біліктілігі мейлінше ескерілген. Мәселен, бұл тұрғыда мақта өнімін рекордтық деңгейге жеткізіп, осы еңбегінің арқасында Социалистік Еңбек Ері атаумен қатар КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған Әжіқан Есқараевты атап өтуге болады. Депутаттық мандатты білімділігі мен біліктілігі жағынан иеленген азаматтарға келгенде 1956 жылы сол кездегі В.И.Ленин атындағы орта мектепті үздік тәмамдап, Алматыдағы Қазақ ауылшаруашылық институтында жоғары білім алған Бегім Серіков пен аталған орта мектептің түлегі, 1971 жылы Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтын үздік тәмамдаған Мырзагелді Кемелді тілге тиек еткеніміз жөн. Бұл қос азаматтың алғашқысы 1978 жылдары көрші Өзбекстан Республикасына қарасты Жызак облысы кеңесінің, 1991 жылдары Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болса, ал екінші азамат 1995 жылға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, 1995-2004 жылдар аралығында бірінші және екінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің



Мырзагелді Кемел



Бегім Серіков

депутаты болған. Екеуі де бойындағы бар білімін туған елінің, жерінің өркендеуі жолында сарп етіп келе жатқан тұлғалар. Екеуі де алғашқы еңбек жолын өздері өсіп-өнген мекенде бастап, ауылшаруашылығын механикаландыру ісіне елеулі үлес қосты. Екеуі де Экономика ғылымдарының докторы, қаншама ғылыми мақалалардың авторы. Демек, білім мен біліктілік жағынан бұл екі кісіні бөліп жара алмайтындығымыз анық. Дегенмен, руханият жағына келгенде Мырзагелді ағамыздың бірталай еңбек сіңіргенін аңғаруға болады. Мәселен, осы сала бойынша 10-нан астам кітап шығарған екен. Бұл дүниелердің ішінде адам баласын ізгілікке, имандылыққа, білім мен ақыл-парасатқа үндейтін танымдық шығармалары да, қытай ақылмандары Лао Цзы мен Конфуцийдің, испан пәлсапашысы Бальтасар Грасианның, қазіргі ілімдерді насихаттаушы Луиза Хейдің, бүгінгі күннің ең атақты жазушыларының бірі Пауло Коэльолардың таңдаулы туындыларын және ежелгі үрім және грек ақылмандарының афоризмдерін қазақ тіліне тәржімалаған еңбектері де бар. «Абзалдық әліппесі», «Өзіме сабақ» сияқты кітаптары оқырман қауымнан жоғары бағасын алған. Бұл кісінің рухани әлеміне тәнті болса керек, кезінде қазақтың маңдайалды ақын-жазушылары Әбіш Кекілбаев,

Шерхан Мұртаза және жыр падишасы атанған Фариза Онғарсынова өздеріне жақын тартып, тіпті ажырмаз досына айналдырды. Бір кездері Парламент қабырғасында осы кісілермен бірге Мырзагелді ағамыз қатар жүргенде біздің бойымызды мақтаныш сезімі билейтін. Мұны даралыққа да, даналыққа да жатқызуға болатын шығар, сірә. Өйткені, бүкіл Алаштың ардақтысына айналған біртуар тұлғалардың рухани досы болу сол үдеден шыға алатын адамға ғана тән болса керек.

Жалпы, бүгінгі «Қызылқұм» ауылы кезінде кеңшар болып тұрған кездерінде бірінші М.Лугин, одан кейін А.Әлібаев, Р.Биназаров, Ж.Ералиев, М.Оралов, Ә.Жаппаров, А.Күзенбаев және А.Сүттібаев деген кісілер басқарған. Алғашқы уақыттарда қалыптасу кезеңдерінен өткен XX-партсъезд кеңшары бірте-бірте аудандағы, облыстағы, тіпті республикадағы озат шаруашылықтардың қатарынан табылған. Тек шаруашылық жағынан ғана емес, әлеуметтік-мәдени және оқу-ағарту саласы бойынша да аймақтың алдыңғы көшіне ілескен. Егер бұл жайында да кеңірек жазатын болсақ, ауылдағы әр саладан бір-бір томға жүк боларлық дүниелер табылатыны анық. Сол себепті, екі бөлімнен тұратын бұл очеркімізде ауылдың шаруашылық жұмыстарын мейлінше қамтуға тырыстық. Ал, қалған салаларға қатысты деректермен оқырман қауым кітаптың «Тағылым» деп аталатын арнайы бөлімінде танысатын болады. Жалпы, “Қызылқұм” ауылының арғы-бергі тарихын жазу барысында аңғарғанымыз, қазақ даласындағы егіншілік үрдіс сонау Ресей патшалығы кезінде шаруа қожалығын кұрудан басталған болса, Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, жекешелендіру науқанын жүргізгенде қайтадан сондай шаруа қожалықтарын кұра бастады. Бүгінде осы бағытта дамып келеді.

«Қызылқұм» деп айдар тағылған тарихи очеркті ауылдың еңбек ардагері Серікбай Шәмшиевтің өз аузынан жазылып алынған төмендегі әңгімелермен аяқтағанды жөн көрдік. Бұл орайда айта кетер жайт, Серікбай ағамыздың әкесі Шәмші елде кеңшарлар құрылғанға дейін ұжымдық шаруашылықтарда бригадир болса, ал анасы Алтыншаш үздік терімшілердің бірі болған екен.

Татуластыру

Ауылда аузы дуалы Қоңырбай деген абыз ақсақал болған. Ол ел арасындағы дауларды бір-ақ ауыз сөзімен тоқтата алатын қабілетке ие екен. Ол өз түйінін қара сөзбен де, кейде өлеңдетіп те жеткізіп жүріпті. Ел болған соң ағайындардың арасында, тіпті отбасының ішінде де әртүрлі дау-дамайлар болып жатады емес пе? Бірде тұрмыс құрғанына екі-үш жыл болған ауылдағы бір келіншек қасына баласын жетектеген бойда төркініне кетіп бара жатады. Оны жол бойында кездестіріп қалған бір қайнысы «Жеңгей қабағыңыз катулы ғой, шапқылап қайда барасыз?» деп сұраса керек. Сонда жеңгесі *«Үйдегі ағаңмен араздасып қалдық. Енді бала-шағамды алып төркініме кетіп барамын»* деп жауап берген екен. Сонда қайнысы *«Жеңгей бұл даудың шешімін Қоңырбай атамнан естіік та»* деп оны жетектеген бойда сол кісіге апарады. Отбасылық даудың жай-жапсарына қаныққан Қоңырбай әлгі келіншек тұратын елді мекеннің үлкен ақсақалына:

Қойдан қозы туады шөп жейтұғын,

Қасқырдан қасқыр туады қой жейтұғын.

Еліңде шатақ істер бола қалса,

Ауылда жоқ па ақсақал қой дейтұғын, – деп өлеңдетіп хат жазып жіберіпті. Мұны оқыған ондағы үлкендер отбасылық дауға араласып, жастарды қайтадан жарастырыпты.

Тапқырлық

Ауылда Қоңырбай, Мұстафа және Бижан деген құрдас кісілер болған. Бұлардың ішіндегі Қоңырбай ұжымшар басқарғандықтан бақуаттылау әрі соған сай толық кісі болса керек, ал Мұстафаның тұрмысы орта, оның үстіне өзі де, келіншегі де арықтау болыпты. Бір күні сол Мұстафа екі құрдасын үйіне қонаққа шақырмақ болады. Сөйтіп бұл ниетін білдірмек болып Қоңырбайдың үйіне баласын жібереді ғой. Сол кезде Қоңырбай әлгі балаға *«Үйде Мұстафаны сояйын деп жатыр ма, әлде Халитаны ма?»* деп қалжыңдапты. Сонда төрде еңгезердей болып көлденең жатқан Қоңырбайға Мұстафаның баласы *«Ата, еш ойланбай үйге келе берсеңізші, онда пышаққа ілігетін біреуіңізді сояды ғой»* деген екен.

III бөлім

ТАҒЫЛЫМ

Кітаптың “Тағылым” деп аталатын бұл бөлімі бұдан бұрынғы «Тауқымет» және «Табандылық» атты бөлімдердегі тарихи деректерді одан сайын толықтыра түсетін болады. Мұнда ауылдың әр бөлімшесі мен ондағы елді мекендердің шығу тарихы қысқаша баяндалған және сонда еңбек еткен бірқатар кісілердің өмірбаяндары да қамтылып отыр. Осы орайда жеке адамдарға қатысты айта кетер жайт, оларға тиесілі деректерді өздері немесе отбасы мүшелері берген. Бөлімге енгізілген деректердің барлығы «Қызылқұм» ауылдық округінің әкімшілігінде ақсақалдардың қатысуымен өткен жиында мақұлданған. Сондықтан біз бір жылға жуық уақыт ішінде әкімшілікке келіп түскен және сонда іріктелген деректерді оқырман назарына ұсынып отырмыз. Ескерте кетерлік тағы бір жағдай, мұндағы өмірбаяндар тізбегі кісілердің жас ерекшеліктеріне қарай орналастырылды. Яғни, үлкенді сыйлау үрдісін ұстандық.

ОРТАЛЫҚ

ҚЫЗЫЛҚҰМ

«Қызылқұм» ауылының кеңшар болып құрылғанға дейінгі тарихы кітаптың бірінші және екінші бөлімдерінде жан-жақты жазылғандықтан бұдан кейінгі кезеңіне аз-кем тоқталамыз. Бұл елді мекен 1956 жылы кеңшар болып қайта құрылғанда бірінші М.Лугин, одан кейін А.Әлібаев, Р.Биназаров, Ж.Ералиев, Ә.Жаппаров, М.Оралов, А.Күзенбаев және А.Сүттібаев деген кісілер басқарған. Ал, Төле Адисаев, Орал Егембердиев, Орынбасар Серікбаев, Әшірбек Бұрханов, Тайман Егембердиев және Тастемір Мырзамдамовтар ұзақ жылдар бойы бас маман қызметін атқарып, елге еңбек сіңірді.

Мал шаруашылығына көп жылдар басшылық жасаған Бабахан Бектаев деген кісі. Осы кезеңдерде жұмыс істеген мал дәрігерлері: Құралбек, Мамахан, ал ферма меңгерушісі Елеусіз, Ануар болса, шошқа фермасына Янцен Аврам Давидович жетекшілік еткен. Жақсылық, Артықбай, Ермек деген азаматтар құрылыс саласында еңбек еткендер. Ауылдық кеңеске көп жылдар бойы басшылық еткен Палжігіт Байбосынов, Аппақ Ерсейтова, Алдашбек Түкібаев, Мүбәрәк Серікбаев, Мырзақұлов Амангелділерді де атаған жөн.

Орталық жөндеу шеберханасын басқарып, техникаға үлкен қызмет көрсеткендер қатарында Әнен Шекербеков және Тағай Артықбаев бар. Автопарктің жүргізушілері Шүкірбай Бакиров, Айтбай Абдуайтов, Сраил Қойлыбеков, Айыпхан Іздібаев, И.Жунковский және Серікбай деген кісілер болған.

70-ші жылдары кеңшарда істеген басшылар мен мамандар:

Агробөлім:

Әшімбай Жаппаров – бас агроном

Жақсылық Атақұлов

Күнтуған Жасұзақов

Әмзе Молдаханов

Инженерлер:

Адисаев Төле – бас инженер
Тайман Егембердиев
Қасым Қозбағаров
Кенже Орынбасаров
Тастемір Мырзамдамов
Нұрхан Бижанов – аға инженер
Атықәев Т– ЦРМ меңгерушісі

Орынбасар Серікбаев – Бас инженер гидротехник

Бухгалтерия:

Ляшко Артем Ильич – бас есетші
Тәкіш Байташев – аға есетші
Мұқтар Мұратов
Баян Оразханов
Кенже Төлебаев
Ораз Байтенов
Бердібеков
Сәрсенкүл Құдашева

Жоспарлау бөлімі:

Әди Ахметов – бас экономист
Мамрасилов Сұрымбай – аға экономист
Амалбек Мамасерипов
Құрбан Қоянбаев – бас экономист

Мал шаруашылық бөлімі:

Бабахан Бектаев – бас зоотехник
Пердебай Арзықұлов
Бақтияр Сариев
Тілеу Қыстаубаев
Мекенбай Сәрсенов – бас мал дәрігері
Мамахан Мейрханов
Құралбек Бизараев
Ғани Ахметов

Құрылыс бөлімі:

Орал Егембердиев – прораб
Әшірбек Буханов
Артық Тастанов
Сайлау Құрманшев – аға құрылысшы
Ермек Төребеков

Директор орынбасарлары:

Дүйсеналы Мәмбеталиев
Орынбай Бердіқұлов
Қуандық Бурханов
Орал Егембердиев

Партия ұйымының хатшылары:

Асанбек Кемелов – партком
Жақсылық Атақұлов
Құдайберген Зиятов
Нақытбек Демеуов
Серік Бердіқұлов
Сапарай Әлжанов зав парт. кабинетом

Жұмысшылар комитеті:

- 1) Көбей Абдірайымов – профком*
- 2) Бақыт Жаңбырбаев*
- 3) Жақсылық Орынбеков*
- 4) Бабахан Бектаев*
- 5) Үсен Пылалов*
- 6) Құрбан Махатов бухгалтер*

Селолық совет басшылары:

- 1) Алдашбек Түкібаев – ауыл кеңесінің төрағасы*
- 2) Мұбарак Серікбаев*
- 3) Амангелді Мырзақұлов*
- 4) Ерхан Ахпанов – ауыл кеңесінің төрағасы*

Жапбархан ЕСАЛЫҰЛЫ
(1912ж.-1969ж.)

Жапбархан Есалыұлы қазіргі Шардара ауданына қарасты Шардара ауылында туған.

Жас кезінен зерек болған болашақ ұстаз алғашқыда ауыл молдасынан хат танып, кейін орталау мектепті бітіреді. Өзінің өткірлігінің арқасында елге танылып, комсомол қатарында белсенді қызмет атқарды. Өз кезеңіндегі сауаттылар қатарында 1930 жылдардан бастап ағартушылық қызметке кіріседі. 1941-1943 жылдары екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, елін қорғауда өзінің бар күш-жігерін салады. 1943 жылы ауыр жарақат алып, елге оралған. 1945 жылдан бастап өмірінің соңына дейін «Көксу», содан соң қазіргі Мақтаарал ауданына келіп, «1-май» (бүгінде Я.Есенбеков), В.И.Ленин атындағы (қазіргі Сарыарқа) мектептерінде директорлық қызмет атқарған.

Қазіргі Қызылқұм ауылдық округінің №1 бөлімшесінің Алғабас учаскесінде 1946-1990 жылдары оның отбасы тұрып келді. Парасатты да сабырлы, ақкөңіл, кішіпейіл, бауырмашыл, қамқоршыл, қонақжай азамат ретінде ел арасында абырой-беделге ие болған.

«Қызылқұм» ауылдық округінде 25 жыл адал қызмет жасап, мыңдаған шәкірттерге білім беріп, оқу-ағарту ісімен айналысты. Өнегелі отбасының басшысы болып, жұбайы Дохат Махамбетқызы екеуі үш ұл, бес қыз тәрбиелеп өсірді. Барлық ұл-қыздарын жоғарғы оқу орындарында оқытты.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Білім беру саласының үздік мұғалімі медалдарымен марапатталған.

Мұсалиев Орынбек Исалыұлы
(1919ж. – 1972ж.)

Мақтаарал ауданына қарасты Қарақыр ауылында ауыл имамының отбасында 1919 жылдың 15-ші маусымында дүниеге келген. Анасы Оразбаева Гүлхадиша Мұсабекқызы.

Әкесі Исалыдан бір жасында жетім қалады. Ол кісі Бұхара қаласында «Мір Араб» медресесін бітіріп, балалар оқытқан. Інісі Исалы болыс болып та сайланған. Орынбек Исалыұлы көбіне ағасы, ауыл мұғалімі Мұсалиев Қалкөз бен әпкесі Мұсалиева Күлшімнің тәрбиесінде болады.

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Халық арасында «Ақ мектеп» - «Ақ үшкіл» деп аталып кеткен мектепте атасының қолында оқыған. Кейінірек Ташкент қаласында жетім балалар мектеп-интернатында оқуды бітірген.

1938 жылы әскер қатарына алынады. 3 жыл әскерде болып, Кеңес-Фин соғысына қатысқан. Әскерде қызмет ету мерзімін аяқтағанда екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетіп, сол соғысқа алынады. Көбіне Солтүстік Кавказ майданында болған. «Қызыл Жұлдыз», «Кавказды қорғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін», «Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 25 жыл» т.б орден, медальдармен марапатталған. Соғыс біткеннен кейін тағы 1 жыл Ленинград жоғары артиллерия училищесінде оқыған және қаланы қалпына келтіру жұмыстарына қатысқан. Кеңес армиясында 3 жыл, Ұлы Отан соғысында 4 жыл, жеңістен кейін тағы 1 жыл барлығы 8 жыл әскерде жүріп, 1946 жыл елге оралған.



1946 жыл Есалиева Күміскүлге үйленіп, бейбіт жұмысқа араласады. Алғашқы жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданының Шардара, Шымқорған ауылдарында ферма меңгерушісі, бастауыш мектеп меңгерушісі қызметтерінде еңбек етеді. Кейінірек «XX партсъезд» кеңшарындағы К.Е.Ворошилов, «Мақталы» мектеперінде директор қызметінде болды. Одан кейін Қызылқұм ауданындағы (қазіргі Өзбекстан Республикасы Жызак облысы, Фариш ауданы) «Ұзын құдық» («Қызылқұм») кеңшарында А.И.Микоян атындағы мектепте директор болған. Бұл мектептің атын Абай атындағы мектеп етіп өзгерттірді.

1954 жыл Шымкенттегі мұғалімдер институтын тарих пәнінің мұғалімі, 1959 жыл Ташкенттегі «Низами» атындағы мемлекеттік педагогика институтын тарих-география пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 1960 жылы «XX партсъезд» кеңшарына оралып, осындағы В.И.Ленин атындағы мектепте қызмет жасады. 1965 жылы С.Ерубаев атындағы орталау мектепке директор болып ауысты. 1967 жылы бұл мектеп О.Мұсалиевтің күш салуымен орта мектепке айналды. С.Ерубаев атын бергізудің де бастамашысы болды. Осы мектепте оның үлкен ұлы Шымбай Орынбеков те мұғалім болып қызмет етті.

О. Мұсалиев «Еңбекші» ауылдық округінен 2 рет ауылдық, аудандық кеңестердің депутаты болып сайланды. Ауылдың, ауданның қоғамдық жұмыстарына белсене қатынасты. Ол 20 жылдай Қызылқұм (Киров) ауданының мектептерінде директор қызметін атқарып келді. Отбасында 2 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірді. Барлығы жоғарғы оқу орнын аяқтап, жұмыстарын абыройлы атқаруда және кейбірі зейнеткер.

Ол кеңпейілді, дарқан көңілді, адал, еңбекқор, отансүйгіш, орыс, қазақ тілдерінде сауатты әрі шешен сөйлейтін өз мамандығының білгірі болды. Өз әріптес жолдастарының арасында үлкен бедел, абыройға ие болған асыл азамат. 1972 жылдың 22 қыркүйегінде (53 жасында) дүниеден озды.

Сұрымбай МАМЫРАСИЛОВ

1921 жылы Шымкент облысы, Шардара кеңшарында туған.

Осы кеңшарда 1941 жылы 10 жылдық мектепті бітірген. 1942 жылы Қызыл армия қатарына шақырылып, Жамбыл қаласында жасақталып жатқан атты әскерге алынады. 1942 жылы күзге қарай Украина соғыс алаңына барған соң, атты әскерді таратып, артиллерия полкіне ауыстырады. 1943 жылы ауыр жарақат алуына байланысты елге оралады. Ауыл шаруашылық қызметке араласып кетеді. 1944 жылы Қызылқұм ауданында комсомол комитетінде істеді. 1950 жылы ауданда жаңадан ашылған МТС мекемесінде директор болды. 1958 жылы Қызылқұм ауданы тараған кезде, XX партсъезд кеңшарының кадр бөлімінің басшысы болып істеді. 1971 жылы осы аталған кеңшарда экономист болып қызмет атқарды. 1981 жылы зейнет демалысына шығады. Жанұялы, жұбайы Даржанова Разия 1930 жылы туған. Екеуі 7 ұл-қызды тәрбиелеп өсірген.



Бүгінде Қызылқұм ауылдық округінің орталығында Сұрымбай Мамырасилов атында үлкен көше бар. Ол I, II дәрежелі Ұлы Отан соғысының орденімен, «Еңбектегі ерен еңбегі үшін» медалімен, Жеңістің мерейтойлық медалдарымен, бірнеше мақтау грамоталары, алғыс хаттармен марапатталған.

Саттар АДИЛЬБЕКОВ



1922 жылы Шымкент облысы, Қызылқұм ауданы, Еңбекші ауылында дүниеге келген.

1938-1940 жылдары ФЗУ байланыс мектебінде білім алған. Қарағанды облысы, Кувинской ауданында байланыс бөлімінде телеграфист-морзе мамандығы бойынша жұмысқа қабылданған. 1941 жылы Қызылқұм аудандық байланыс бөліміне морзист болып қабылданды. 6.12.1941-20.11.1943 жылдары аралығында Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1945 жылы 22-ші қазанда Қызылқұм аудандық байланыс бөлімінің бастығы болып тағайындалады. 1956 жылы 16-шы мамырда Қызылқұм байланыс бөлімшесінің бастығы болып зейнеткірлікке шыққанша жұмыс істеді.

Марапаттары

- «*Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуковтың медалі*»;
- «*Ұлы Отан соғысының I дәрежелі*» ордені;
- «*Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 30, 40, 50, 60 жылдық*» мерейтойлық медалі;
- «*Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін*» медалі;
- «*Еңбек ардагері*» медалі
- *Бірнеше мақтау грамоталарымен, алғыс хаттар.*

Сазахан БИЖАНҰЛЫ



1923 жылдың 5-ші қаңтары күні Шымкент облысы, Қызылқұм ауданында қарапайым жылқышының жанұясында өмірге келген.

1941 жылы екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда өз еркімен комсомол мүшесі ретінде сұранып, сол жылдың қараша айында әскерге кеткен. Әуелі Псков облысындағы Великие Луки қаласын қорғауға артелерист болып ұрыста болып, одан кейін Ленинград қаласын қорғауға қатысыпты. 1944 жылы Ленинград блокадасын бұзуда ауыр жарақат алып, Челябинск қаласында

төрт ай әскери госпитальда емделіп, сол жылдың қазан айының аяғында елге жіберілген. Майданда КПСС мүшесі болып келген. 1951 жылға дейін ұжымшарда есеп саласында әртүрлі қызмет атқарып, кейін бұрынғы Киров ауданы, Қызылқұм ауылына келіп, сауда саласында жұмыс істеген. Онда жаңадан ұйымдасқан «ХХ партсъезд», «Мақталы» кеңшарларының сауда саласында басшы қызметтерін абыроймен атқарып, 1973 жылы зейнеткерлікке шықты. Соғыстың зардаптарынан 1983 жылы 2-ші қазан күні ауруханада дүниеден өтті. Жұбайы Сұлтанқызы Жұмаш екеуі 6 ұл мен 4 қыз тәрбиелеп өсірген. Олардан 52 немере, 130-дан астам шөбере тарап, еліміздің әр жерлерінде, әртүрлі салаларда еңбек етіп жүр.



Өмірәлі НАУРЫЗБАЕВ

1926 жылы дүниеге келген.

1960 жылдан ХХ партсъезд кеңшарында жүргізуші, механик, ұзақ жылдар бойы “завгар”, “снабженец” болып қызмет атқарған. 1988 жылы дүниеден өтті. Бірнеше мемлекеттік наградалары бар.

Алсейіт ҚАЛДАРБЕКОВ

1928 жылы қарапайым отбасында дүниеге келген.

1959 жылдан бастап ХХ партсъезд кеңшарында жүргізуші қызметін атқарды. Іскерлігімен көзге түсіп, партия қатарына алынған. 1972-1982 жылдары «Социалистік жарыстардың жеңімпазы» төсбелгісімен және де бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталған. 1986 жылы «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталып, 1993 жылы зейнеткерлікке шықты.



Ерхан АХПАНОВ

1930 жылы 25-ші маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында дүниеге келген.

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

1938-1948 жылдары Киров ауданындағы «Победа» мектеп-интернатында оқыған. Еңбек жолын 1949 жылы Қызылқұм ауылында «Ленин» атындағы орта мектепте «аға вожатый» қызметінен бастаған. 1950-1953 жылдары әскери борышын өтеген. 1954 жылы ВУС қызметін атқарған. 1956-1996 жылдар аралығында Қызылқұм ауылдық кеңестің хатшысы болған. Осы қызметіне қоса 1984-1986 жылдары «Ауылдық совет депутаты» болып сайланады. 40 жыл еңбегі үшін 1996 жылы «Еңбек ардагері» атағы берілген. 1996 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады. 2006 жылы 76 жасында дүниеден өтті.

Сарсенбаев Рахманқұл Спарханұлы
(06.01.1936ж - 08.05.2011ж)



06.01.1936 жылы Қызылқұм ауданында туған.

1953 жылы №28 В.И.Ленин атындағы орта мектепті үздік бітірді. 1953-1955 жылы мектеп-интернатта тәрбиеші болып жұмыс істеді. 1955 жылы Шымкент медициналық училищесіндегі фельдшер бөліміне түсіп, оқуды бітірген соң қазіргі Арай ауылдық округінде фельдшер қызметін атқарды. 1960 жылы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтына түсіп, оны 1966 жылы бітірді. 1966-1968 жылдары Отырар ауданы, Шәуілдір селосында «фтизиатр» болып жұмыс атқарған. 1968-1974 жылдары «Өзбекстанның 40 жылдығы» кеңшарында бас дәрігер болып қызмет атқарды. 1974-1998 жылы XX партъезд кеңшарында бас дәрігер болған.

Отбасында 5 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірген.

Наградалары: «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төс белгісі, «Еңбек ардагері» медалі. *Облыстық, аудандық денсаулық сақтау мекемесінен мақтау қағаздары.*

Лугин Петр Васильевич

Лугин Петр Васильевич өте қабілетті ұйымдастырушы болған. Сол кезде іскерлігінің арқасында ең жоғарғы награда «Ленин»

орденімен марапатталған. Бұған дейін бұл кісі облыстық және республикалық деңгейде қызмет атқарыпты. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы министрлігінде бөлім басшысы, кейін министр орынбасары, одан соң облысымыздың ауыл шаруашылық басқармасының басшысы және де облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған.

Мекенбай ОРАЛОВ

1939 жылы мамыр айының 10-шы жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратас ауданы (қазіргі Қазығұрт), Шарапхана елді мекенінде дүниеге келген.

1946-1953 жылдары «Сталин» атындағы 7 жылдық мектепте, 1953-1956 жылдары Шымкент қаласында Спатаев атындағы қазақ орта мектепте оқыған. 1956-1957 жылдары Карл Маркс ұжымшарының жылқышысы, 1957-1962 жылдары Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтында агрономия факультетінің студенті болған.



1962-1964 жж ОҚО, Киров ауданы, Победа кеңшары, аға агроном.

1964-1966 жж Кеңшар, бөлімше аға агрономы.

1966-1981 жж Победа кеңшарының бас агрономы.

1981-1986 жж ОҚО, Киров ауданы, XX партсъезд кеңшарының директоры.

1986-1989 жж Победа кеңшары, бөлімше меңгерушісі.

1989-1992 жж Кеңшар орталығы агрономы, бөлімше аға агрономы.

1991-1994 жж Кеңшар директорының коммерция саласы орынбасары.

1994-1997 жж Кеңшар бас маманы.

«Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Лениннің туғанына 100 жыл», «Тыңға 50 жыл», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы», «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медальдары, Мәскеу қаласы Бүкілодақтық Халықтар жетістігі көрмесінің алтын және күміс медалдарымен, мақтау грамоталарымен марапатталған.

Жұбайы Күләш Касабекова Киров аудандық кітапхана меңгерушісі, мектепте мұғалім, аудандық ЗАГС бөлімінің меңгерушісі, аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы болған. Зейнеткерлікке ұстаздық қызметпен шыққан. Отбасында 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, олардан 14 немере, 2 шөберем сүйіп отыр.

Жолдасбай ЕРАЛИЕВ



Әр өлкенің өз шежіресі, өз дәстүрі, өз атақтылары бар. Былайғы жұрт мақталы өңірдің әйгілі өкілдері Шаблан Ділдәбеков пен Жұмагүл Сәуірбаеваны жақсы таниды. Мырзашөл тарихына есімін алтын әріппен жазуға лайықты тағы бір атақты жерлесіміз - Жолдасбай Ералиев.

Ол кісі қасиетті Түркістан топырағының перзенті. Өмірбаянында жазылғандай, олардың әулеті қырқыншы жылдары тағдыр айдап Мырзашөлге ауысты, жаңадан ашылып жатқан ұжымшарға мүше болып, тың игеруге белсенді атсалысты. Жолдасбай Ералиев 1957 жылы Қазақ ауыл шаруашылық институтын бітірген соң еңбек жолын «Победа» кеңшарында аға инженер-механик болып бастады.

1960 жылдары ол ХХ партсъезд кеңшарына бас инженер болып тағайындалады, ал 1965 жылы осы кеңшардың директор қызметіне көтерілді. Ол осы қызметті 1976 жылы сол кездегі «Октябрьдің 30 жылдығы» кеңшарына директор болып ауысқанға дейін атқарды. Шебер ұйымдастыру қабілеті мен ерен еңбегінің арқасында ел алдында үлкен абыройға ие болды. Ол ауыл шаруашылығын реформалауда белсенді рөл атқарды. Мақта өсірудің үздік технологияларын ендірді. Бұл кісі өте еңбекқор, әрі жаңалыққа құмар болған. Ізденуден, білгенін басқаларға үйретуден жалықпаған. Жас, кәрі, алыс-жақын демей, ізгі ниетті азаматтарды құшағына тартып, жанына жақын санап жүрген. Еңбектегі елеулі табыстары үшін Ералиев “Ленин” және “Еңбек Қызыл Ту” ордендерімен марапатталды, 1989 жылы соңғы шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. 1996

жылы Пайғамбар жасына қараған шағында ұзаққа созылған науқастан дүние салды. Өзі кеткенмен көзі кеткен жоқ. Ісі кеткен жоқ. Ералиевтің өмір тәжірибесі жас ұрпаққа әрқашан да үлгі.

Әшімбай ЖАППАРОВ

1938 жылы мамыр айында Оңтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Ильич ауданы Молотов ұжымшарында (қазіргі Жетісай кеңшарының орталығы) дүниеге келген.



1946 жылы сол ұжымшардағы С.М.Киров атындағы мектептің бірінші сыныбына барып, оны 1956 жылы үздік бағамен бітіріп шықты. Сол жылы ұжымшарда жұмысшы болып істеп, 1957 жылы Алматы ауылшаруашылығы институтының «Агрономия» факультетіне оқуға түсіп, оны 1962 жылы бітіріп, ғалым-агроном мамандығын алды. Осы жылы Жетісай аймақтық ауылшаруашылық басқармаға И.К.Мороз басшы болып келгенде сонда аға агроном болып тағайындалды. Бас агроном Петр Лукич Пак болатын. Өндірісте көп істеген өте тәжірибелі маман еді. Жасы 24 жастағы маманды Мақталы кеңшарының директоры Жолдасбек Сүлейменовтың өтініші бойынша Киров аудандық партия комитетінің бюросы Мақталы кеңшарының үшінші бөлімшесіне басқарушы болып тағайындайды. Ол істеген үш жылда мақтаның гектар өнімділігі 19 центнерден 25 центнерге дейін көтерілді. Бөлімшенің экономикасы артып, табысты шаруашылыққа айналған. Жұмысшылар жыл соңында қосымша табысқа ие болып отырған

1965 жылдың соңғы желтоқсан айында Киров аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Көшербай Искаковтың нұсқауымен ХХ партсъезд кеңшарына бас агроном болған. Ал, 1975 жылдың соңғы айында осы кеңшардың директоры болып тағайындалған.

Директор, бас агроном болып істеген жылдарында (1966-1982 жылдары) ХХ партсъезд кеңшары өсіп-өркендеген. Осы кезеңдерде Ұ.Адилбеков, Каттабек Сырбек, Социалистік Еңбек Ерлері Динасылбек Бөрібеков, Әжіхан Есқараев, Үсен Асемов, Ерибай Сапаров, Төле Адисас, Ляшко Артем Ильич, Әди Ахметов, Дүйсеналы Мамбеталиев секілді азаматтар аянбай еңбек еткен.

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

20 жылын XX партсъезд кеңшарының ауылшаруашылығының өркендеп-өсуіне, ел тұрмысының жақсаруына аянбай еңбек етті. 20 жылдық еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Атқарған қызметтері үшін партия мен үкімет тарапынан көптеген марапаттау белгілерімен марапатталған:

- 8 сәуір 1971 жыл – «Еңбек Қызыл Ту» орденімен;

- Бүкілодақтық ауылшарушылық көрмесінің бір алтын, екі күміс, екі қола медальмен марапатталған.

- 1970 жылы «В.И.Лениннің 100 жылдық мерейтойының медалімен, «Тың игерудің 50 жылдығы» медалімен, «Еңбек ардагері», «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісін алды.

- 1970-1971 жылдары «Қазақстан Республикасының халық бақылау комитетінің» және «Бүкілодақтық комитетінің бақылау комитетінің» мақтау грамоталарымен марапатталған.

- 1969 жылы «Өзбек ССР-нің ауылшаруашылығы еңбек сіңірген агрономы» төсбелгісімен марапатталған.

- 2015 жылы іріленген Мақтарал ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Жұбайы Бану екеуі 3 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірді. Ұл-қыздарының барлығы жоғары білімді. Немере, шөберелернің қызығын көріп отыр.

Әшімбай ата бүгінде жасы сексенге келген қария, аузы дуалы, сөзі уәлі батагөй ақсақал. Сексеннің сенгіріне шықса да «Қартайдым, қайғы ойладым» деп қарап отырған жоқ. Күйлі қуатты «Ынтымақ» ауылдық округінің қоғамдық өміріне белсене араласып, елді бірлікке, тату тірлікке шақырып, еліміздің болашағы жас жеткіншектерді отансүйгіштікке рухта тәрбиелеуге өзінің үлесін қосып келеді.



Ляшко Артем Ильич

Еңбек жолын Қызылқұм МТС-да есепшіліктен бастаған.

МТС таралып, XX партсъезд кеңшары құрылғанда (1956 жж) бас есепші болып істеген. Содан өмірінің соңына дейін, яғни 1994 жылға дейін қызметте болды. Құдайдың берген талантының арқасында есепші оқуын оқымай-ақ, көп жылдар бойы өте білгір бас есепшілік

жұмысын атқарды. Бұл кісі бойындағы қабілеттілігінің арқасында бүкіл облыс көлемінде аты әйгілі болатын. 50 жылдан астам істеген қызметінде бір рет те еңбек демалысын пайдаланбапты.

Ол бос уақыты бола қалса, тарихи кітаптарды көп оқиды екен. Сондықтан болса керек, 22 томдық Кеңес энциклопедиясын жатқа білген.

Кузанбаев Анарбай Саттарұлы

9 мамыр 1948 жылы Сырдария облысы, Сырдария ауданы, Бахт кентінде дүниеге келген.

Он бір жылдық орта мектепті 1965 жылы, жоғарыда аталған елді мекенде үздіктер қатарында бітірген. Еңбек жолын 1965-1967 жылдары Сырдария ауданындағы райкинофикацияда слесарь-электрик болып жұмыс атқарған. 1967 жылы қараша айында Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, 1969 жылға дейін сонда болған.



1970-1975 жылдары қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» орденді ауылшаруашылық институтының агрономия факультетін бітіріп, ғалым-агроном атағын иеленген. 1975 жылдың 15-ші қазанында М.О. СССР №215 бұйрығына байланысты запастағы «лейтенант» шені берілген. 1975-1985 жылдары Жетісай, Өзбек ССР-нің 40-жылдық атындағы мақта кеңшарларында бөлімшенің аға агрономы, бөлімше басқарушысы, директордың орынбасары, Киров аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бас агрономы, ХХ-партсъезд атындағы мақта кеңшарының бас агрономы қызметтерін атқарған. 1985-2002 жылдары ХХ-партсъезд, Мақталы кеңшарларының директоры, Киров аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, Киров ауданы әкімінің бірінші орынбасары қызметтерінде істеген. Киров аудандық және Шымкент облыстық кеңестердің бірнеше дүркін депутаты, Киров ауданы және Шымкент облыстық партия коммитеттерінің мүшесі, бұрынғы Киров ауданы және іріленген Мақтаарал аудандарының құрметті азаматы, КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің, ауыл-шаруашылық өнімдерін өндіруде жоғары көрсеткішке жеткені үшін алтын және

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

күміс медальдарының иегері. Ұзақ жылдар бойы ел басқарған еңбектің арқасында аудан, облыс және Республика көлемінде жоғары жетістіктерге жетіп, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына, қоғамдағы достықты, ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бірнеше құрмет грамоталар мен алғыс хаттармен, көптеген медаль және төс белгілермен марапатталған. Қазақстан Республикасы «Ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер» атағының иегері, ауыл шаруашылығының саналы білгір де абыройлы азаматы.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2012 жылғы 29 қазандағы №1-267 өкімімен «Оңтүстік Қазақстан облысына сіңірген ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Жұбайы Қалимаш Кузанбаева екеуі төрт ұл, екі қыз өсіріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, жиырма бестен астам немере сүйіп отырған ұлағатты жанұя. Үлкен ұлы Абу-Али жоғары білімді заңгер, құқық қорғау саласының қызметкері - полковник, Айдар-Али жоғарғы білімді заңгер, құқық қорғау саласының қызметкері - майор, Аль-Фараби жоғарғы білімді экономист - кәсіпкер, Аль-Али жоғарғы білімді заңгер, құқық қорғау саласының қызметкері - майор. Бибисара қызы жоғарғы білімді үздік филолог, Гүлсара қызы жоғарғы білімді үздік тарихшы.

«Шындықты жақтап тура жүру», «Адалдықтан алшақ кетпеу», «Ел алдында кішіпейіл болу» және «Жүктелген қызметті шын жүрекпен таза беріліп атқару» секілді қағидаларды ол өзінің өмірлік ұстанымына айналдырған.

Пилалов Үсен Сүлейменұлы



1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданындағы XX партсъезд кеңшарында жұмысшы отбасында дүниеге келген.

1958 жылы В.И. Ленин атындағы орта мектепті бітірген. 1959 жылы тамыз айынан бастап XX партсъезд кеңшарына жұмысшы болып орналасты. Осы жылы Дзержинский атындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсіп, оны 1962 жылы техник-механик мамандығы бойынша тәмамдаған. 1962-1965 жылға дейін Киров ауданындағы Мақталы

ауыл шаруашылық училищесінде ұста және оқытушы болып жұмыс істеді. 1965-1966 жылдары А.П.Чехов атындағы орта мектепте денешынықтыру пәнінен мұғалім болып жұмыс атқарды. 1966-1970 жылдары Гафур Гулям атындағы Сырдария мемлекеттік педагогикалық институтын бітірді. 1970-1973 жылдары Киров ауданы А.П.Чехов атындағы орта мектепте оқытушы, директордың оқу-тәрбие жөніндегі жұмыстарын, 1973-1977 жылдары Киров ауданындағы СПТУ-92 кәсіптік техникалық училищесінде директордың оқу-тәрбие, шаруашылық жөніндегі орынбасары, 1977-1980 жылдары Киров ауданындағы А.П.Чехов атындағы орта мектебінде директор және 1980-1984 жылдары С.Ерубаев атындағы орта мектебінде директорлық қызметтерді атқарды.

1984 жылдан бастап Киров ауданындағы ХХ партсъезд кеңшарында кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет істеді. 1988 жылы Киров ауданының халық депутаттарының Бірінші май селолық кеңесінің депутаты болып сайланды.

Мақтаарал аудандық мәслихатының 2008 жылғы №12-93-IV шешімімен Оңтүстік Қазақстан облысы «Мақтаарал ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2012 жылғы 29 қазандағы №1-267 өкімімен «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен наградталды. Облыс әкімі А.Мырзахметов 2013 жылы 22 қазандағы №378 бұйрықпен «Дене шынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін берді. Мақтараалдан шыққан өнер мен спорт жұлдыздарына арналған аллеяға есімі енгізілді. 1964 жылы «Былғары доптың шебері» атағын алды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл мерекелік медалімен наградталды. Жұбайы Ожарбаева Турсун Абдықадырқызы екеуінен 6 ұл, 21 немере тараған. Қазіргі таңда Мақталы ауыл әкімшілігінде «Қоғамдық келісім кеңес төрағасы» міндетін атқарып жүр.

Баян ОРАЗХАНОВ

1942 жылы 15-ші маусымда дүниеге келген.

1965 жылдан зейнетке шыққанға дейін кеңшарда есепші болып істеген.



Дүйсенәлі МАМБЕТАЛИЕВ



1916 жылы Шымкент облысы, Қызылқұм ауданы, Шардара ауылында дүниеге келген.

1932 жылы Түркістан Педагогикалық колледжінде оқыған. 1934 жылы Шымкент ауылшаруашылық техникумына, ал 1938 жылы Н.К.Крупская атындағы Шымкент педагогикалық институтына оқуға түскен. 1939 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепте мұғалім болып жұмыс істеді. Кейін соғысқа аттанып, 189-шы жеке зенитті артиллериялық дивизия құрамында және Украина майданының 23-ші атқыштар корпусында шайқасты. Қару командирі, байланыс взводының штабтық батерея командирінің көмекшісі, 23-ші атқыштар корпусының байланыс парторгы болды. Ол Украинаны, Кавказды, Румынияны, Польшаны, Чехославакияны босату шайқастарына қатысты. Соғысты Чехославакияда аға сержант шенінде аяқтады. «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және “Будапештті қорғағаны үшін” медальдарымен марапатталған. Ал II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен Венгрия мен Румынияны босатуда 23-атқыштар корпусының әскери әрекеттері кезінде марапатталған. Бейбіт уақытта екі жоғары білім алып, көптеген құрметті марапаттар мен лауазымдарға ие болды. Он баланы тәрбиелеп өсірді. Қазіргі таңда олардың барлығы жоғары білім алып, қоғамда лайықты орындарын тапты. Қызылқұм ауылындағы бір көше осы кісінің атымен аталады.

Оралхан ЕГЕМБЕРДИЕВ



1935 жылы 2-ші шілдеде Мақтаарал ауданында дүниеге келген.

Ташкентте Ирригациялық институтта оқыған. Бұдан соң еңбек жолын бұрынғы Киров ауданы, «ХХ партсъезд» кеңшарында инженер-құрылысшы болып бастаған. 1965-1973 жылдары прораб қызметін атқарған. Еңбегі еленген ол 1973 жылы Славянка поселкесіне РСУ басшысы қызметіне көтеріледі. 1975-1979 жылдары Свердлов кеңшарында прораб, 1973-1998 жылдары «ХХ партсъезд» кеңшарында инженер-құрылысшы болады. 1993 жылы кеңшар директорының қызметіне тағайындалған. Ол үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірген асқар тау әке, сүйікті жар. Еңбек және тыл ардагері.

Аманкелді СҮТТІБАЕВ

1942 жылдың 20-шы мамырында Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданында туған.

1959 жылы 10 жылдық мектепті бітірген. Еңбек жолын 1959-1961 жылдары Киров ауданы, «ХХ партсъезд» кеңшарының механизаторы болып бастаған. 1961-1964 жылдары Қаптанбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында, ал 1964-1969 жылдары Мәскеуде К.И.Скрябин атындағы малдәрігерлік академияда оқыған. Мамандығы – зоотехник. 1969-1971 жылдары Киров аудандық



ауылшаруашылығы басқармасында аға зоотехник, 1971-1974 жылдары «ХХ партсъезд» кеңшарының бас зоотехнигі, 1974-1984 жылдары Киров аудандық ауылшаруашылығы басқармасында бас зоотехник, 1984-1986 жылдары Шардара аудандық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1986-1991 жылдары Киров аудандық агроөнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары, 1991-1994 жылдары Мақталы кеңшарының директоры, 1994-1996 жылдары «ХХ партсъезд» атындағы агрофирманың директоры қызметін атқарды. Қазіргі таңда «Ақ-Алтын» акционерлік қоғамының жанынан ұйымдастырылған «АҚ-Алтын Береке» ЖШС-нің директоры.

Орынбасар СЕРІКБАЕВ

1944 жылы Мақтарал ауданында дүниеге келген.

1962 жылы алғашқы еңбек жолын Мақталы кеңшарындағы №4 бөлімшеде қатардағы жұмысшы болып бастаған. 1964-1969 жылдары Жамбылда Инженер-гидротехник мамандығы бойынша оқыған. 1969-1973 жылдары Шардара өңіріндегі тың игеруге қатысқан. 1971-1973 жылдары «Өзбек ССР 40 жылдығы» кеңшарында гидротехник, ал 1973 жылдың наурыз айынан бастап «ХХ партсъезд» кеңшарында бас гидротехник болып істеген. Осы қызметті 1996 жылға дейін атқарды. Бірнеше рет облыстық, республикалық деңгейдегі грамоталармен және ВДНХ-ның күміс және алтын медальдарымен марапатталған. Құрмет тақтасына екі рет суреті ілінген. 1968 жылы жұбайы Серікбаева Шырынмен үйленіп, 5 ұл мен 2 қызды тәрбиелеп өсірді. Олардан қазіргі таңда 31 немере, 1 шөбере көріп отырған ардақты ата, аяулы әке.



Жанұзақов Күнтуған Үсенұлы



1941 жылы «Алғабас» ұжымшарында дүниеге келген.

Орта мектепті Киров ауданында бітірген ол Ташкент қаласындағы ауылшаруашылық институтын 1967 жылы ғалым-агроном мамандығы бойынша тәмамдайды. Еңбек жолын Киров ауданындағы «Прогресс» кеңшарында бас агрономдықтан бастап, әрі қарай «Арнасай», «Мақталы» кеңшарларында өз мамандығы бойынша жалғастырады. 1978-1982 жылдары Киров аудандық ауыл шаруашылық басқармасында, 1982-1983 жылдары «ХХ партсъезд» кеңшарында бас агроном, 1984-1985 жылдары аудандық «сельхозхимия» мекемесінде басшы, 1985-1991 жылдары Киров ауданындағы Қуйбышев атындағы ауылдық кеңесінің төрағасы, одан кейінгі жылдары 1996 жылға дейін «ХХ партсъезд» кеңшарында бөлімші басқарушы қызметтерін абыроймен атқарды. Қызмет істеген кездерінде ол өзінің білімді маман, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы екендігін танытты. Мінез-құлқы жайдары, әділдігі бар азамат. Жұбайы Үміт екеуі II ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Қазір құрметті демалыста, ұл-қыздары мен немерелерінің қызығын көріп, ағайын-туыстарына бас болып отырған, сөз ұстайтын ауыл ақсақалдарының бірі.

Жадыра ОРАЗХАНОВА



1944 жылы туған. ХХ партсъезд кеңшарында жұмысшы болып еңбек жолын бастаған.

№319-бұйрығымен бөлімшеге механик жүргізушісі болып ауысты. 1969 жылдан 1972 жылға дейін балабақшада істеген. 1978 жылы «Материнская слава» орденімен марапатталды. 1978-1989 жылдары кеңшарда жұмыс істеді. 1989 жылдан бастап бас аспаз қызметін атқарған. 2006 жылы ҚР Президенті бұйрығымен «Күміс алқа», 2011 жылы «Алтын алқамен» марапатталды. 4 ұл 5 қыз тәрбиелеп отырған ана.

МЫҚТЫЛЫҚ
немесе Оңласбек Амантұрдиев туралы үзік сыр

Жалпы «мықтылық» деген сөз көбінесе күші мығым, бойында қайсарлық пен өршілдік қасиет тұнған азаматтарға телініп айтылады. Сірә, бұл сөз білімді, білікті, өз ісін жетік білетін мамандардың да бейнесін ашса керек.

Мәселен, мұғалімнің. Өз басым, ұстазым Оңласбек Амантұрдиевке «Мықты мұғалім» деген тіркесті жиі пайдаланамын. Неге дейсіздер ғой? Себебі, бұл кісі бүкіл саналы ғұмырында өз саласының мықты маманы бола



білді. Тіпті, басқарушылық істе те өзіндік өзгеше із қалдырды. Сонау Кеңес Одағы кезінде орталықта білім алған аға-әпкелеріміз бұл кісіні жыр қылып айтатын. Әсіресе, катал мінезіне қатысты әңгімелер сол кездегі балауыз біздің де құлағымызға сіңіп қалды. Несін жасырайын, «Ол өте катал» деген сөзді өз басым алғаш естігенде көз алдыма жұдырықпен тәртіп орнататын мұғалім елестеген.

Бөлімшедегі сегіз жылдық мектепті тәмамдаған соң біздің толқын да орталықтағы он жылдық мектепке ауысты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сол Оңласбек ағай бізге сабақ берді. Сыныпқа ол кісі кірмей тұрып кезекшілерден басқа ешкім бас сұқпайтын. Қоңырау соғылуға екі-үш минут қалғанда бойын тік ұстаған қалыппен ұстазымыз ішке кіреді. Ізін ала оның көшіне сырттағы оқушылар ілеседі. Абыр-сабыр, тарс-тұрс жоқ. Әр оқушы өз партасына барады да, сөмкесін жанына немесе орындығының арт жағына қойып, ал өзі тік тұрып мұғалімге құрмет көрсетеді. Сәлден соң ағай «Отырыңдар» деп оқушыларды жайғастырып алған соң, «Енді кітап, дәптерді алды-ы-ы-ық», «Қолды партаның үстіне қойды-ы-ы-ық» деп көтеріңкі дауыспен созыңқырап сөйлей кетеді. Сыныптағы тәртіп осы екі-ақ сөзбен орнайды. Оңласбек ағайдың басқа мұғалімдерден бір ерекшелігі, өзі отыратын орынның тұғырын бір метрге жуық биіктікке көтеріп алған. Жоғарыдан төменге үңілгенде барлық оқушы және олардың әр іс-қимылы айнадай көрініп тұрады. Қырағы көзі

бірде-бір артық қимылды қалт жібермейді. Сабақтың тақырыбын тәптіштеп тұрып түсіндіріп жатқан кезінде де сынып ішінде тіпті «шыбынның дауысы естілмейтіндей» тыныштық орнайды. Егер алда-жалда оқушылардың бірі тыныштықты бұзуға әрекеттенсе, «Е-е-е-ей пәленше» деген сөзінің өзі жетіп жатыр. Мұғалім әр сөзін әрқалай дауыс ырғағында өрістетеді. Құлаққа жеткен дауыстың өзі нені меңзеп тұрғанын аңғартады. Қысқасы, айтар сөзін жүрекке жеткізіп айтады.

Осылайша орталық мектепте Оңласбек ағай оқушының алдындағы абыройын әсте жоғалтқан жоқ. Сондай-ақ, мектептегі мұғалімдердің арасында да зор абырой-беделге ие болды. Біз білім алған мектепте бұл кісіге ұқсас ұстаздардың саны саусақпен санарлықтай ғана еді. Олардың жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, дәріс беру үрдістері, тіпті болмыс-бітіміне дейін өз алдына бір төбе. Сондықтан болса керек, бұл ұстаздарды былайғы жұрт та жақсы танитын.

Мінекей, бір кездері көз алдыма «жұдырықты мұғалім» болып елестеген ағайым шын мәнінде мүлде басқа адам болып шықты.

Ал, енді кейіпкерімнің ұйымдастырушылық қабілетіне тоқталып кетейін. Ауылдағы ағайын Кеңес Одағы кезінде орталық мектепте құрылған «Гүлдәурен» атты жастар ұйымын жақсы біледі. Әсіресе, сол ұйымның мүшесі болған кісілердің жадында бұл ұйым өшпестей жаңғырып қалған. Негізінен аталмыш ұйымға жоғарғы сынып оқушылары тартылыпты. Ондағы жастар мектептегі мәдени шараларға да, шаруашылық жұмыстарына да белсене араласқан. Өнерлі оқушылардан құралған «Гүлдәурен» деп аталатын эстрадалық ансамбль тек мектептің ғана емес, бүкіл ауданның мақтанышына айналған. Ал, мақта теру науқаны кезінде «Гүлдәурен» ұйымындағы жастар межеленген жоспарды әрдайым асыра орындап, үздіктер қатарынан табылыпты. Сол кездерде ұйым құрамында болған ауылдағы кісілер бүгінде «Гүлдәуренді» жыр қылып айтады. Сағына еске алады. Міне, осындай жастар ұйымын құрған және оны жүйелі жүргізе білген – Оңласбек ағай.

Әрине, ол кездерде мен бөлімшедегі 8 жылдық мектепте бастауыш сыныпта оқушы едім. Сондықтан «Гүлдәурен» жастар ұйымы туралы ел-жұрттан естігенімді ғана жазып отырмын. Ал, ұстазымның шебер ұйымдастырушылық қабілетіне ол кісі мектеп директоры болып тұрған кезінде өзім де куә болдым. Әр күнгі атқарылатын

жұмыстарды бір күн бұрын қағазға түсіру қалыптасқан дағдысы екен. Оның ішінде мұғалімдерге берілетін тапсырмалар да бар. Ал, жұмыс уақыты бітуге таяғанда жүзеге асырылған жұмыстарды белгілеп қояды. Байқағаным, егер тізімдегі жұмыстардың біреуі сол күні орындалмай қалса, жаны жай таппаушы еді. Ертеңгі күнгі жұмыс жоспарына енгізіп, оны түске дейін жүзеге асыратын. Бірде мұғалімдер бөлмесіне бас сұққанымда директордың орнынан оның ашулы тұрған папкасын байқап қалдым. Бетіндегі қағазға көзім түсті. Онда басшымыздың сол күнгі жоспары жазылыпты. Қарап, қайран қалдым. Не деген ұқыптылық?! Қағаздың жоғарғы жағына күн, ай, жыл, тіпті аптаның қай күні екені жазылған. Одан төмен қарай осы күні өзі атқаратын жұмыстар мен мұғалімдер орындайтын тапсырмалардың тізімі рет-ретімен көрсетіліпті. Әр жұмыстың жанына орындалатын уақытына дейін белгіленген. Мұны бір деңіз. Менің сұғанақ көзім екінші қағазға да түсті. Ол – бір күн бұрынғы жоспар. Онда әр тізімнің соңына «орындалды» деп уақыты да көрсетіліп жазылған.

Директордың бұл папкасын мен хатшы қызға апарып бердім. Оған Оңласбек ағайдың папкадағы бір-екі қағазын оқып, қайран қалғандығымды да айттым. Сол-ақ екен, хатшы қыз «Директордың сейфінде мұндай папканың жаңыламасам алтауы тұр. Оларды көзінің қарашығындай сақтауда» деп айтып қалды. Сол мезет көз алдыма жылдар бойы атқарылған жұмыстардың легі елестеді. Өлгі мен көрген қағазда күн сайын атқарылуға тиісті кем дегенде 7-8 жұмыстың тізімі тұрды. Енді ойлап қараңыз, бір айда сенбі, жексенбі күндерді есептемегенде шамамен 23 жұмыс күні бар екен. Оны 12 айға көбейтсек, 276 күн шығады. Мұны орташа есеппен 7-ге көбейткенде 1932 жұмыс бір жылда атқарылған болып тұр ғой. Ал, енді жұмыс істеп жүрген азаматтар өздеріңіз есептеп көріңіздер. Бұл аз ба, әлде көп пе?

Менің негізгі айтпағым, адам бойындағы өз ісіне деген жауапкершілік. Бұл тұрғыдан алғанда әңгіме өзегіне айналған марқұм ұстазым Оңласбек ағайдың шоқтығы биік болды. Оның орталық мектепке сіңірген еңбегі де ерен. Мәселен, ол мектеп директоры болып тұрған кездерде білім ошағы аудандағы 130-дай мектептің арасында тәртіп пен сән-салтанаты жағынан бірінші орынды иеленіп жүрді. Бұдан басқа да жетістіктері жетерлік еді.

Шәкірті Ерлібай Өзбекбайұлы

Омарәлі ТЕҢГЕБАЕВ



1946 жылы туған. 1968-1972 жылдарда Чехов орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болған.

1972-1985 жылдары В.И.Ленин мектебінің мұғалімі. 1985-1991 жылдары С.Ерубаев мектебінің директоры. 1991-1993 жылдары В.И.Ленин мектебінің директоры. 1993-2009 жылдары В.И.Ленин мектебінің мұғалімі. 1985 жылы ҚССР мұғалім әдіскер. 1996 жылы ҚР білім беру ісінің үздігі. 1997 жылы Мақтарал ауданының «Құрметті азаматы».

1988-1993 жылдары – Киров ауданы партия комитетінің мүшесі.

Сауле ОҢАЛБАЕВА

1947 жылы туған. 1966 жылы Шымкент медициналық училищесінде «Фелдшер» мамандығы бойынша бітірген.

1966 жылдан бастап ХХ партсезд атындағы кеңшардың ауруханасына қарасты №-1 бөлімшедегі фельдшер-акушерлік пункт меңгерушісі қызметін зейнеткерлікке шыққанша атқарған.

1981 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері атанса, 3 рет аудандық кеңестің, 4 рет ауылдық Кеңестің депутаты болған.



Аманкелді МЫРЗАҚҰЛОВ

29 сәуір 1947 жылы қазіргі Ш.Ділдәбеков ауылдық округінде туған.

1963 жылы бұрынғы Киров ауданында «Победа» орта мектебін бітіргеннен кейін сол шаруашылықта (Большевик с/зы) еңбек жолын жұмысшы болып бастаған.

1965 жылы тамыз айынан 1966 жылдың қараша айына дейін (Киров ауданы) «Октябрь» және «Прогресс» мектептерінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет істеген.

1966 жылы қараша айынан 1969 жылдың маусым айы аралығында Армия қатарында қызмет еткен. 1969-1973 жылдар аралығында Сырдария Пединститутында оқып, қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша «Үздік» дипломмен бітірген. 1973-



1976 жылдарда (Киров ауданы) Комсомол жұмысында, аудандық Комсомол Комитетінің II хатшысы болып қызмет атқарған. 1976-979 жылдары аудандық Партия комитетінде қызметте болған. 1979-1994 жылдары Бірінші май сельсоветінде (қазіргі Қызылқұм ауылдық округі) қызметінде, ал 1994 жылдан 1998 жылға дейін «Еңбекші», 1998-2005 жылға дейін қазіргі «Қызылқұм» ауылдық округінде әкім қызметінде болды. Ал 2005- 2010 жылдар аралығында «Сарыарқа» орта мектебінің директоры болып істеді. 2010 жылы мамыр айынан бері қарай зейнеткер.

3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген. Жұбайы Байсапарова Шакизада 1952 жылы туған. Ол кісі де зейнеткер. Жоғары білімді ұстаз. Сол «Сарыарқа» мектебінде жұмыс істеп еңбек демалысына шыққан.

Мадақтамалары:

1. *Оңтүстік Қазақстан облысының Құрмет грамотасы.*
2. *Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы медалі.*
3. *Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы.*

Ендібай АРТЫҚБАЕВ



1953 жылы 15-ші шілде күні бұрынғы Шымкент облысы, Ильич ауданында туған.

1968 жылы «XX партсъезд» атындағы кеңшардың №3 бөлімшесіндегі А.С.Пушкин мектебін бітірген. 1968 жылы Мақтаарал совхоз-техникумының ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне түсіп, оны 1971 жылы сәуір айында тәмамдап шыққан.

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Еңбек жолын «ХХ партсъезд» атындағы кеңшардың орталық шеберханасында жөндеуші слесарь болып бастаған. 1972 жылдың мамыр айынан 1974 жылдың маусым айы аралығында Кеңес армиясының қатарында қызмет етті. 1974-1975 жылдары аталмыш кеңшарда механизатор болса, 1975-1977 жылдары техника қауіпсіздігі жөнінен инженер болған. 1987 жылдың қаңтар айына дейін кеңшардың №2 бөлімшесінде аға инженер механик болып қызмет атқарған. 1987-1996 жылдың сәуір айына дейін №2 бөлімшесінің басқарушысы болып қызмет істеген. 1999 жылдың қаңтар айына дейін «Ағман ата» өндірістік кооперативін басқарды. 2016 жылы маусым айында зейнеткерлікке шыққанға дейін «Нимэкс» корпорациясында агроном, «Ақалтын» акционерлік қоғамында бас агроном, «Азия-мақта» ЖШС-де агроном, «Минлегпром» ЖШС-де агроном болып істеген. Жұбайы Артықбаева Ханшайым екеуі 3 ұл мен 4 қызды тәрбиелеп өсірген.

Кешегі сурет – бүгінгі тарих (1)



Ляшко Артем Ильич, Жолдасбай Ералиев.

№1 БӨЛІМШЕ

АҚТӨБЕ

1926 жылы Сыр бойына алғаш рет кедейлердің «Қосшы» одағы ұйымдасқан. Ал, 1928 жылы сол «Қосшы» одағынан «Ақтөбе» артелі бөлінген болатын. Сол кезде оның құрамында 47 түгін болған екен. Оны Тембаев Байәділ басқарған. Алғаш ұжым іргетасын қалағандар – Кемел Қыстаубаев, Жиренбай Тастанбеков, Избай Тоқтыбаев, Әріш Өтембаев, Рзуан Оспанов, Жаншабек Тұрсынбаев, Сарыбай Әлдениев, Жантей Әлімбаев, Избай Байтұрсынов, Жанбай Ыбыраимов, Қошалы Бөрібеков, Жұман Керімбаев, Барат Дәулетов, Елмырза, Төлемырза Көрпебаевтар, Бердеш Үсенов, Тойлыбай Асанов және басқа да азаматтар. 1931 жылы Ақтөбе серіктестігі болып қайта құрылып, 1934 жылы Ақтөбе ұжымшары (колхоз) болған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (1941-1945) Ақтөбеден жүздеген азамат майданға аттаныпты. Олардың қатарында ағайындылар Кемел, Шекербек, Пердебек Қыстаубаевтар, Шымбай, Оңалбай, Озғанбай, Марданбай, Ағман, Бекман Байдәулетовтер, Сарыбай, Дәрібай, Төкеш Әлдениевтер, Мамырбек, Әмірбек, Әлімбек Өтембаевтар және Сыбанов Сүттібай, Сейітов Мырзамдам, Көрпебаев Көбекбай, Раев Кененбай бар. Сонымен қатар соғыс жылдары көптеген әйелдер майданға аттанған ерлерін жоқтатпай еңбек етті. Олар – Зияда Шынтаева, Мінай Сыбанова, Хадиша Қыстаубаева, Қыздаркүл Дәулетова, Айнаш Үсенова, Тойлан Раева т.б. аналар болды.

1948 жылдан бастап бұл ұжымшарда 250 га жерге мақта егіле бастаған (бригадир Танабеков Қарахан). Дәл осы жылы бұл ауылда бақсадан 35 үй соғылған. 1947 жылдан бастап шаруалардың қолымен қазылған Киров каналының К-30 деп аталатын тармағына Зархия Момбеков, Кеттебек Тастанбеков, Төлемырза Көрпебаев, Қызтаңсық Рүстемова және Мінай Сыбанова секілді еңбек адамдары белсене қатысқан. Ақтөбе ұжымшарын Тембаев Байәділ деген

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

кісі құрылғаннан кеңшар болғанға дейін (1934-1956 ж.ж) басқарған және осы жылдарда Бүкілодақтық жетістіктер көрмесінің 2 рет қола, 2 рет күміс, 4 рет алтын медальдарын жеңіп алған. 1956 жылы алтын медальмен бірге «Победа» жеңіл көлігін жүлдеге алған, ол кезде аудан көлемінде ондай көлік жоқ болатын.

Алғашында бастауыш, кейінірек жеті жылдық, одан соң орта білім беру мектебіне айналған білім ошағында (қазіргі Сарыарқа ЖОМ) Сбанов Сүттібай, Рыскелдиев Шейіл, Кенжебаев Оразалы сияқты ұстаздар қаншама адамдардың сауатын ашқан.

Ақтөбе ауылының негізгі күнкөрісі – мақта шаруашылығы. Бригадирлер Танабеков Қарахан, Әбілдаев Ізбасар әрбір гектар жерден 25-30 центнерге дейін «ак алтын» өндірген. Жұмысшылар Әметов Сапархан, Тембаев Ералы, Тастанбеков Кеттебек, Тәжібаев Жұман еңбек озаттары болып, үкімет наградаларымен марапатталған. Озат терімшілер – Балғын Алтынбекова, Салтанат Рүстемова, Ұ.Бердиярова, Қызтаңсық Рүстемовалар жылына 6-7 тоннаға дейін мақта терген.

Ақтөбе ауылының көркеюіне Бахарам, Шәмбіл, Икрам Әлімхановтар, Жиренбай, Кеттебек Тастанбековтер, Мырзамдам, Мырзахмет Сейтовтар, Ендібай Жантеев, Нөкер Нұржауов, Қошаев Ахет, Қараев Бейсенбай, Мырзадилов Кәрім, Оңалбаев Ақберді, Әмірбеков Ағабай үлес қосты. 1956 жылы наурыз айында Үкімет шешімімен Ақтөбе ұжымшары ХХ Партсъезд мақта кеңшарының № 1 бөлімшесі болды. Досыбаев Сырғабай, Оңалбаев Қозыбағар, Дәулетов Барат – механизатор, Әмірбеков Ағабай, Қошаев Ахет, Қалмырзаев Сабырхан – басқарушы (управляющий), Қыстаубаев Кемел – полевод, Момбеков Зархия – парторг және Төлбасиев Датқа секілді кісілер айтарлықтай еңбек еткен. Сапаров Мекенбай мен Бекшиев Қалжігіт қой баққан азаматтар. Ал сол қойларды сауып, одан түрлі тағамдарды дайындап, ұжымшар мүшелерін

ас-ауқатпен қамтамасыз етіп отырған азаматша Өтенбаева Түймен болатын. Осыларға басшылық жасаған ферма меңгерушісі Сейітова Қызтумас еді. Танабеков Қарахан 1953-1961 жылдары бригадир, Әбілдаев Избасар, Бегімбетов Сапаралы басқарушы, Рысмағамбетов агроном болған.



Механизаторлар – Төлемырзаев Жүршыман, Қараев Бейсенбай, Тастанбеков Кеттебек. Мақта терімшілерден ерекше көзге түскен Құдиярова Сарсен Бүкілодақтық көрмеге қатысып, оның алтын медалімен марапатталған. 1932 жылдан бастап 1982 жылға дейін ауылдағы барлық есеп-қисап жұмысын Мырзамдам басқарған. 1952 жылы салынған мәдениет үйіне Тойлыбаев Тәңірберген жетекшілік еткен. Механизаторлар: Рустемов Жиенбек, Жаншабеков Кабылбек, Сейтов Мырзахмет, Сейтова Қаныш, Әметов Сапархан, Расилов Тұрмахан. Кейінгі жылдары бөлімше басқарған Рысмаханбетов, Боранбаев Әден, Жұмахан Рзаханов, Сапаров Ерубай, Бөрібеков Дінәсілбек, Егемов Тайман, Төлепов Қонысбай, Уалиханов Тасқұлдар бригадир болып істеді.

Ақтөбе ауылының перзенті Нұрбаев Мырзақадыр Қазақстан Жоғарғы Соты және Әділет министрі болып

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

істеген. Мырзакелді Кемел Қазақстан Парламентінің үш рет депутаты, Шаншар Өтебаев көп жылдар Өзбекстанның Бұхара облысының қаржы бөлімін басқарған, Б.Үсенов облыстық әскери комиссары, Қамбаров Басымбек көптеген ауданда оқу бөлімін басқарған. Қамбаров Дуланбек Қарағанды облыстық кен барлау экспедициясына және Алжир мемлекетіне жасалған кен барлау экспедициясына жетекшілік еткен. Ақыншаев Серікбай Сарыағаш ауданы халық сотының төрағасы, Балтабаев Қасым көп жылдар Өзбекстанның Бұхара облысының прокуроры, Бақыт Жаңбырбаев еркін күрестен Өзбекстанның бірнеше дүркін жеңімпазы. Ақтөбе ұжымшары тұрғындарының арасында құқық қорғау саласында қызмет еткен азаматтардың бар екенін көпшілік біледі. Олар Байбосынов Палжігіт учаскелік инспектор болып халыққа қызмет еткен болса, Бердешов Беқуақ қатардағы инспектордан Шымкент облысының Ішкі істер бас басқармасында бөлім бастығына дейін көтерілген. Бір кездері мықты автокөлік саналған «полутурканы» Асқар Қыстаубаев пен Сабыр Мәуленов жүргізсе, ал Срайыл Қойлыбеков еңбек жолын қатардағы механизатор болып бастап, кейін автокөлікпен елге қызмет еткен. Көп жылдар ел басшыларының сенімді серігіне айналып, қызметтік көліктерді жүргізген.



Срайыл Қойлыбеков, Үсен Пилалов, Амангелді Байдәулетов

Зият ТӨЛБАСИЕВ

1900 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм (қазіргі Мақтаарал) ауданында туған.

Ел-жұрттың аузында бұл кісінің шешендігі, өскелең жастарға өнеге боларлық өсиеттері жиі айтылады екен. Оның небәрі екі сыныптық қана білімі болған. Алайда, өмірден алған ілім-білімі ұшан-теңіз болыпты. Ол өзінің ұрпақтарына абыз қариялардан қалған өсиет сөздерді, аңыздар мен шежірелі әңгімелерді әрдайым айтып отырыпты. Бабалар дәстүрін берік ұстанған Зият Төлбасиев егде тартқан шағында өзі де елге би болып, халқымыздың әдет-ғұрпын насихаттаумен қатар, үлкенді-кішілі жиындарда ақыл-кеңесін берген. Өзі темірден түйін түйген ұста да болыпты. Темірден және ағаштан елдің күнделікті тіршілігіне қажетті құрал-саймандарды жасаған. Әсіресе, ат әбзелдерін аса шеберлікпен жасайды екен.



Зияттың жұбайы Пісте Жорабекова 1915 жылы дүниеге келген. Екеуі 3 ұл, 2 қыз баланы тәрбиелеп өсірген. Бүгінде олардан 27 немере, 74 шөбере және 2 шөпшек тарап отыр.

Датқа ТӨЛБАСИЕВ

1913 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм (қазіргі Мақтаарал) ауданында туған.

Еңбек жолын 1928 жылы 15 жасында қарапайым еңбек адамы болып бастап, ұжымшар басқармасының төрағалығына дейін көтерілген.

1955 жылы мақта егістігімен айналысатын «XX партсъезд» кеңшарының 4-ші бөлімшесін ұйымдастырып, оны 1973 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін үзіліссіз басқарған.

Төлбасиев Датқа кішіпейіл, адал, әділетті, бауырмашыл басшы, үлкен-кішіні құрметтейтін, жастарды тәрбиелей білетін азамат болған. Ол басқарған уақытта ұжымшар, бөлімше экономикалық өсім жағынан жоғары көрсеткішке жеткен. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, облыстық, аудандық,



МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

ауылдық кеңестердің депутаты және аудандық партия комитетінің мүшесі болған.

«Еңбек Қызыл Ту» орденімен, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын, күміс медальдарымен, «Еңбек ардагері» белгісімен және басқа да көптеген құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталған. Датқа Төлбасиевтен өрбіген 9 ұлқызы, олардан тараған 38 немере, 79 шөбере, 9 шөпшегі бүгінде ел игілігі жолында еңбек етуде. Кезінде бұл кісі талай жыл басқарған «9 Май» ауылы қазір «Датқа ауылы» деп аталады.



Барат НҰРЫМБЕТОВ

(1904-1974 ж.ж.)

Ауылдың еңбек ардагері. Ақтөбе ұжымшарын құруға белсене атсалысқан алғашқы механизаторлардың бірі.

Мырзақадыр НҰРБАЕВ



1909 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданындағы Елтай ауылында туған.

Әкесі Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де өзінің азын-аулақ шаруашылығымен айналысқан адам. Елдегі ұжымдасу кезінде ұжымшарға (колхозға) кіреді. Ол 1934 жылы дүниеден қайтады. Ал, шешесі үйдің күйбін тірлігінен әрі ұзап шықпаған кісі. Отағасының қазасынан кейін көп ұзамай 1936 жылы өмірден өткен. Мырзақадыр бес ағайынды: бір ағасы, екі інісі және қарындасы болды. Үлкен ағасы Мырзабай – Ұлы Отан соғысынан 1944 жылы мүгедек болып оралады. Екі інісі соғыс алдында әскер қатарына шақырылады да содан хабарсыз кетеді. Қарындасы ұжымшарда жұмыс істеді. Ол 1930 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысында Қызылқұм аудандық тұтынушылар одағының есепшісі, аудандық бақылау комиссиясының, аудандық жұмысшы-шаруа инспекциясының

хатшысы болып істеді. Мырзақадыр 1937 жылы Алматы қаласына Қазақ КСР Заң Халық Комиссариатының үш айлық заң курсына, одан соң Мәскеудегі Заң академиясында оқыды. Содан кейін екі жылдай Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) органдарында басшылық қызметтерде болды. Нұрбаев 1941 жылдың маусым айында Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы болып бекітіледі. Ол 1943 жылдың қаңтарында Юстиция халық комиссарлығына тағайындалады. Сөйтіп, ол екі жыл Жоғарғы сот төрағасы, тоғыз жыл Әділет министрі болды. “Еңбек Қызыл Ту”, «Құрмет белгісі» орденімен және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен наградталған.

Жаңбырбай ҚЫСТАУБАЕВ

1909 жылы Сыр бойында дүниеге келген.

Алғашқыда ата қонысында жертөледе орналасқан бастауыш мектепте білім алған. Бірінші сыныпта елімізден шыққан бірінші министр Мырзақадыр Нұрбаев, ұжымдастыру кезінде бірнеше лауазымдық қызметте болған Құрбанов Шырмалбаймен бірге оқыпты. Үшеуі де мектепті бітірген соң Ташкент қаласындағы Рабфакқа оқуға түскен. Өзінің еңбек жолында Жаңбырбай Қарақалпақстанның «Мойнақ» деген жерінде МТС-ке басшы болған. Сонда қызмет етіп жүрген кезінде бала үстінде әйелі қайтыс болып, ол жақтан ауылға келеді. Бұл кезде оның ауылы Шыназ ауданының «Ракасовский» ұжымшарына көшіп кеткен екен. Мұнда келген соң ол көп ұзамай ағайындары шоғырланған ұжымшар бастығының орынбасары болады да, кейін ауыл советінің төрағасы болып жүргенде Ұлы Отан соғысына кетеді.



Соғыстан келген соң Оңтүстік Қазақстан өлкесінің Қызылқұм ауданының «Ленин жолы» ұжымшары бастығының орынбасары болып қызмет атқарады. Ұжымшар бастығы Зархия Момбеков болған. 1956 жылы «XX партсъезд» кеңшары құрылғанда жүгері бригадасының бригадирі болып қызмет істеген. Кейінірек жылқы шаруашылығында жұмыс істеп, зейнетке шыққан.

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Елге келіп, халықпен араласып, туған жері Жетісай ауданындағы Ақтөбе ұжымшарында 1948 жылға дейін сиыр ферманың малын баққан әрі оны қарауылдаған. 1956 жылы Ақтөбе ұжымшары ХХ партсъезд кеңшары болып қайта құрылғанда тракторды тізгіндеп, жер жыртқан. Бертін келе комбайнмен егін жинаған.

Жұбайы екеуі 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеген.

Ыдырыс ИБРАГИМОВ

1915 жылы Мырзашөл ауданы, Шымқорған ұжымшарында шаруа отбасында дүниеге келген.

Самарқандта педагогикалық училищені бітірген. 1941-1945 жылдары екінші дүниежүзілік соғыста болып, 1946 жылы Ақтөбе ұжымшарына көшіп келген. Мектепте ұстаз болып қызмет атқарған. Қоржын тамда тұрғанда оның жартысы мектеп болған. Сол кездегі білім берген шәкірттері қазірде ел басқарған азаматтар. Атап айтсақ: Аманкелді Сүттібаев, Ағман Сабырханов, Жұман Нұртазаев, Кеңесбай Шопанбаев, Оқап Оралов, Базаркүл Шербекова, Қалдыкүл Төлепова, Сайлау Пердехановтар т.б. 1958 жылы Мақталы кеңшарының №4 бөлімшесіне қоныс аударған. Өмірінің соңына дейін ұстаз болып, жүздеген шәкірттер тәрбиелеген ұлағатты ұстаз.



Ахем ҚОШАЕВ

1920 жылдың 10-шы шілдесінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданында дүниеге келген.

4 сыныптық білім алған. Тыл жұмысында аянбай еткен. 1947 жылдан бастап 1953 жылға дейін механизатор болып жұмыс істеген. Ал, 1979 жылдың 9-шы наурызына дейін, яғни өз өмірінің соңына дейін механик болып қызмет атқарған.



Құрымбай БЕРКІНБАЕВ
(12.06.1914 – 25.07.2002 ж.ж.)

Ол Отан қорғауға 1942 жылдың ақпан айында аттанған. Онда Кавказ жаяу әскерлер отрядында болыпты. 1943 жылдың күз мезгілінде сол қолына оқ тиіп, Тбилисидегі госпитальге түскен. Содан 1944 жылдың көктемінде II топ мүгедегі болып елге оралған.

Палжігіт БАЙБОСЫНОВ

1914 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында шаруа отбасында дүниеге келген.

1934 жылы он жылдық мектепті, 1938 жылы Ташкентте мұғалімдік мамандықты бітіреді. 1941 жылы соғыстың басталуына байланысты майданға аттанады. 1945 жылы елге аман-есен оралады. 1946 жылы ауылдағы мектепке мұғалім болып жұмысқа орналасады. Көп ұзамай біліктілігіне байланысты аудандық учаскелік полиция қызметіне ауысады. Арада Көксу кеңшарында жұмыс бабымен ауысып, 5 жыл көлемінде жұмыс істеп келеді. Қайтадан «ХХ партсъезд» кеңшарына селолық кеңес төрағасы болып орналасады. Осында 6 жыл жұмыс істеп, қайтадан Көксу кеңшарында селолық кеңестің төрағасы болып тағайындалады. 1960 жылы 1-ші қаңтар күні дүниеден өтті. Жұбайы Күлбике екеуі 2 ұл мен 2 қызды тәрбиелеп өсірген. Олардан бүгінде 19 немере мен 31 шөбере тараған.



Мырзамдем СЕЙІТОВ



1916 жылы туған. 1937 жылы Түркістанда арнайы ұжымшардың бухгалтерін дайындайтын курсы бітірген.

1937-1956 жылдары қазіргі Шардара ауданы, Қос Сейіт ауылында құрылған Ақтөбе ұжымшарында бас есепші (бухгалтер) болып жұмыс істеген. Арада екінші дүниежүзілік соғысына қатысқан. «Қызыл жұлдыз», «Отечественная война» ордендерімен және де бірнеше медальдармен марапатталған, үшінші дәрежелі соғыс мүгедегі болған. 1956-

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

1982 жылдары XX партсъезд кеңшарының 1-ші бөлімшесінде аға есепші, есеп айырысу маманы болып жұмыс істеген. 1984 жылы дүниеден өткен. Мырзамдем Сейітов – Қызылқұм ауылдық округінің негізін қалаушылардың бірі.



Әмет ТАНАБЕКОВ

1919 жылы дүниеге келген. Жастайынан еңбекке белсене араласты.

1936-1940 жылдар аралығында ауылдық кеңестің хатшысы болып қызмет істеді. Екінші дүниежүзілік соғысқа 21 жасында аттанды. Артында жұбайы Анар, жасқа толмаған ұлы Сапархан қалды. Соғысқа кеткеннен қайта оралмады. Жұбайы Анар ұлын өзі тәрбиелеп өсірді. Ұлы Сапархан 1941 жылы 15-шы маусымда дүниеге келді. Әкесі соғыстан оралмағандықтан буыны қатпай ұжымшардың ауыр жұмыстарына араласты. 13 жастан күннің ыстық-суығына карамастан егістік алқаптарды суғарды, 1993 жылға дейін механизатор болып жұмыс жасады. Жұбайы Батпа екеуі 4 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсірді.

Қарахан ТАНАБЕКОВ



1921 жылы туған. Еңбек жолын 15 жасынан бастап «Ақтөбе» ұжымшарында қарапайым жұмысшыдан бастаған.

1941-1947 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысында қатысты. Соғыстан оралған бойда «Ақтөбе» ұжымшарында бригадир болып қызмет атқарды. Ол бірнеше медальдар мен ордендердің иегері. Атап айтар болсақ, 18.05.1946 жылы «Жапонияны жеңгені үшін», 21.12.1957 жылы «Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі», 27.08.1981 жылы «Еңбек ардагері», 27.01.1986 жылы «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Жеңіске 40 жыл» медальдарымен, «КСРО кеңестік комитетінің халықтық шаруашылық көрмесіндегі жетістігі үшін» алтын медалімен, 13.04.1970 жылы «За доблестный труд в ознаменовании 100 летия со дня рождения В.И.Ленина», «КСРО Қарулы Күштеріне 60 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл» медальдарымен және «Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Көп жылдық қажырлы еңбегінің арқасында және жоспарды артығымен орындағаны үшін 3 рет аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. Жұбайы Қалдыкүл екеуі 4 ұл мен 1 қызды тәрбиелеп өсірген. 1990 жылы дүниеден өтті.

Жиенбек РҮСТЕМОВ

1920 жылы дүниеге келген.

Елде болған ашаршылық пен сұрапыл соғыстың салдарынан еңбекке жастайынан араласып кеткен. Денсаулығына байланысты соғыстан шеттетіліп, Жамбыл облысындағы соғыс аттарын дайындайтын зауытта жұмыс істеп, ұжымшардың, кейіннен кеңшардың мал шаруашылығының дамуына өз үлесін қосты. Күннің ыстық-суығына қарамай еңбек етіп ақыр соңында денсаулығынан айрылды. 1993 жылы ақпан айының 28-шы жұлдызында дүниеден өтті. Бүгінгі таңда артында қалған ұрпақтары түрлі салада еңбек етуде.



Назан ЖОЛДАСОВ

1923 жылы Шымкент облысына қарасты Сырдария өзенінің бойында дүниеге келген.

13 жасында Ленин атындағы орта мектепте 7 сыныптық білім алған. 1942 жылы 19 жасында армия қатарына алыныпты. Әскери горнизонда бір ай жаттығып, одан соң Сталинград, Пенза майданындағы ұрысқа аттанған. Жолда әуе шабуылының астында қалады. Содан Батуми госпиталінде үш ай емделіп, қайтадан Моздок



МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

майданына аттанады. Сол 1943 жылдың маусым айында екінші рет жараланып, Кисловодск госпиталіне түсіп, әскерге жарамсыздығынан елге оралған. II дәрежелі Ұлы Отан орденімен, “Жуков” және сегіз жауынгерлік медальдерімен марапатталған.

Соғыстан кейінгі жылдарда ұжымшардың және XX партсъезд кеңшарының ауыл шаруашылығында және аудандық тұтынушылар одағында қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан. Ол жұбайымен бірге 2 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсірген. 2010 жылы дүниеден озды.

Мырзахмет СЕЙТОВ

1922 жылы туған.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1948 жылы Ақтөбе ұжымшары, қазіргі Мақтаарал ауданы, Қызылқұм ауылдық округіне көшірілгенде бірге көшіп келіп, қарапайым жұмысшы, бригадир көмекшісі болып жұмыс істеген. 1976 жылы дүниеден өткен. Қызылқұм ауылдық округінің негізін қалаушылардың бірі болған.

Ендібай ЖҰМАБЕКҰЛЫ (Жантейұлы)



1924 жылы дүниеге келген. Анасынан жастай айырылған ол балалар үйінде тәрбиеленген.

Мырзашөл өңірін игеруге алғашқылар қатарында атсалысқан азаматтардың бірі. Аулымызға келген ең бірінші «ХТЗ», «Универсал» тракторларын да осы кісі игерген. 1948 жылы «Ақтөбе» ұжымшары құрылғанда осы ауылдың қазығын алғаш қаққан кісі. Өйткені, ол кездерде бұл жерлер әлі игерілмеген тың жерлер болатын. Сондай-ақ, «ХТЗ» тракторымен бірінші болып жер жыртқан.

Ғұмырының соңына дейін еңбектен қол үзбей Бексұлудай жарымен 8 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірді. Барлығы да жоғары білімді. 2000 жылдың 10-шы желтоқсанында дүниеден өтті.

Қызтаңсық РҮСТЕМОВА

1928 жылы дүниеге келген. Еңбекке буыны қатпай жатып белсене араласқан.

13 жасында қазіргі «1 мамыр» ауылындағы егістік жерлерді өгізбен жыртып, күн-түн демей аянбай еңбек еткен кісілердің бірі. Ақтөбе ұжымшарындағы шаруашылыққа үлесін қосқан. Бертін келе озат мақта терімшісі медалімен марапатталған. Киров каналын қазған кісілердің қатарында болған. Жұбайы Жиенбек Рүстемов екеуі 2 ұл тәрбиелеп, олардан 6 немере, 8 шөбере тараған. Ол 2006 жылы қазан айының 7-ші жұлдызында дүниеден озды.



Қонысбай ТӨЛЕПОВ

1936 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында жұмысшы отбасында дүниеге келген.

1956 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепті бітірген. Еңбек жолын 1957 жылы “XX партсъезд” кеңшарында жұмысшы болып бастаған. 1959 жылы Мақтаарал ауылшаруашылық техникумына оқуға түседі. Сөйтіп, оны 1963 жылы бітіріп, сол жылдан бастап “XX партсъезд” кеңшарында жөндеуші-механик болып жұмыс істеген. 1963-1964 жылдары аға инженер-механик болып, 1964-1965 жылдары бақылаушы аға-механик болған. 1965 жылы Ташкент қаласында Низами атындағы педагогика институтының физика және математика факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны 1970 жылы бітіріп шығады. 1966 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепке физика-математика пәнінен оқытушы болып жұмысқа орналасады. Ал, 1977-1979 жылдары кеңшарда мақта бригадирі болып жұмыс атқарған. 1979 жылдан бастап өмірінің соңына дейін “XX партсъезд” кеңшарындағы орта мектепте физика-математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарды. 1994 жылдың 2-ші тамызында дүниеден өткен. Жұбайы Қалдыкүл екеуі дүниеге 4 ұл, 3 қыз әкеліп, тәрбиелеп өсірді.



Құдайберген ЗИЯТОВ



1937 жылы 6-шы қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысының Киров ауданында туған.

Білімі жоғары, қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінің мұғалімі. 1962 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік университетін, 1970 жылы Ташкент жоғары партия мектебін бітірген.

Өзінің еңбек жолында 1962-1964 жылдары Бұхара облысы Газли қаласы №17 орта мектебі оқу ісінің меңгерушісі, 1964-1965 жылдары Сырдария облысы, Киров ауданында Ленин атындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі, 1965-1970 жылдары Өзбекстан Компартиясы Киров аудандық комитетінің нұсқаушысы, 1970-1972 жылдары Өзбекстан компартиясы Варашилов аудандық комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 1972-1973 жылдары Киров ауданы «Прогресс» кеңшары жұмысшылар комитетінің төрағасы, 1973-1974 жылдары Өзбекстан компартиясы Киров аудандық комитетінің нұсқаушысы, 1974-1976 жылдары Өзбекстан Компартиясы Киров аудандық комитеті саяси ағарту комитетінің меңгерушісі, 1976-1983 жылдары XX партсъезд атындағы кеңшарда партия комитетінің хатшысы, 1983-1997 жылдары «Қоғалы» кеңшары партия комитетінің хатшысы және кеңшар директорының орынбасары қызметтерін атқарған. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, Киров аудандық, Октябрь ауылдық кеңестерінің депутаты, Газли қалалық комсомол комитетінің және Варашилов аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болған.

Елге сіңірген еңбектері еленіп, «Еңбек ардагері», «Тын жерлерді игергені үшін» медалдарымен, Оңтүстік Қазақстан облысының мақтау қағаздарымен марапатталған.

Отбасында 4 ұл 1 қыз, 16 немере, 2 шөбересі бар.

Жұршыман ТӨЛЕМЫРЗАЕВ

1938 жылдың 18-ші сәуірінде бұрынғы Қызылқұм ауданының Ақтөбе ұжымшарында дүниеге келген.

1946-1950 жылдар аралығында В.И. Ленин атындағы орта мектептен 4-сыныптық білім алған. 1952 жылдан бастап Ақтөбе ұжымшарының шаруашылық жұмысына араласып, кейін ХХ партсъезд кеңшарында ұзақ жылдар механизатор болып еңбек еткен.

1956-1958 жылдарда Мәскеу қаласында әскери борышын өтеген. 1963 жылы «За успехи в народном хозяйстве СССР» атты бронза медалімен марапатталған. 1970 жылы «За доблестный труд в ознаменовании 100 летия со дня рождения В.И. Ленина» атты мерейтойлық медальмен Жоғарғы Кеңес президиумы тарапынан марапатталған. 1974 жылы «За достигнутые успехи развития народного хозяйства СССР» атты бронза медалімен ВДНХ бас комитеті тарапынан марапатталған. 1980 жылы «За самоотверженный труд и выполнение пятилетнего задания к 110-й годовщине со дня рождения В.И. Ленина» құрмет грамотасымен, ал 1982 жылы «Красное знамя» орденімен марапатталған. Жұбайы Төлемырзаева Күміс КСРО Жоғарғы Кеңесінің үкімімен «Материнская слава» ІІІ-дәрежелі орденімен марапатталған. Екеуі 7 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірген. Олардан 29 немере тараған.



Құлзина АМАНКУЛОВА
(06.07.1925 – 07.02.2007 ж.ж.)

1950 жылдан бастап 1985 жылға дейін «Ақтөбе» ұжымшарында еңбек етіп, шаруашылықтың барлық жұмыстарына қатысқан. Лениннің 100 жылдық медалімен және бірнеше алғыс хаттармен марапатталған. 1985 жылы еңбек демалысына шыққан. 2007 жылдың 7-ші ақпанында 82 жасында дүниеден озған.



Тастемір МЫРЗАМДАМОВ



1948 жылы 16-шы қарашада қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Қызылқұм ауылдық округі, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. 1954 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепке барып, 1965 жылы 11 сыныптық біліммен бітірді.

1965–1970 жылдары Ташкент қаласындағы политехникалық институттың механика факультетінде дәріс алды. 1970-1976 жылдары Киров ауданындағы кәсіптік–техникалық училищенің оқытушысы, училище директорының орынбасары қызметтерін атқарды.

1976-1980 жылдары Киров аудандық «Сельхозтехника» кәсіпорнында инженер технолог, төрағаның орынбасары қызметтерінде болды.

1980-1983 жылдары Киров ауданының «ХХ партсъезд» кеңшарында автогараж меңгерушісі, 1983-1996 жылдар аралығында аталған кеңшарда бас инженер лауазымында жұмыс атқарды.

1994 жылы өткен бірінші шақырылымдағы мәслихаттарға депутат сайлауында халық тарапынан қолдауға ие болып, №26 «Мақталы» сайлау округінен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды.

1996-2000 жылдар аралығында «Ақтөбе» өндірістік кооперативінің төрағасы.

2000-2004 жылдары «Ақ алтын» ашық акционерлік қоғамы МТС-інің директоры қызметтерінде жұмыс істеді.

14 сәуір 1998 жылғы №16/196 облыстық мәслихат шешімімен «Көп жылғы жемісті жұмысы, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқаны үшін Оңтүстік Қазақстан облыстық Грамотасымен» марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында 2001 жылы Мақтаарал аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Президент сайлауы кезінде қоғамдық штабта атқарған қызметі үшін Н.Назарбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталған.

2004 жылдан бері бүгінгі таңға дейін «Жұман-ата» өндірістік кооперативінің төрағасы, «Мырза-Темір» шаруа қожалығының іс-басқарушы директоры жұмыстарын атқарған. 2010 жылы ауыл шаруашылық саласында мақта дақылынан гектарынан 43 центнер жоғары өнім алып, Мақтаарал ауданы әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 10-шы қарашасындағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2012 жылғы 29-шы қазандағы №1-2670 Өкімімен «Обылысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен наградталды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 06.11.2014ж. №11-1/575 Өкімімен «Еңбек ардагері» медалімен наградталды.

2014 жылы желтоқсанда кәсіпкерлер құқығын қорғауда атқарып отырған мінсіз жұмысы және мақта шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасы алғыс хатпен марапаттады.

31 наурыз 2015 жылы “Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы” атағы берілді.

2011 жылдың желтоқсан айынан бері зейнеткерлік демалыста. 2012 жылдан Қызылқұм ауыл әкімшілігінде Қоғамдық кеңестің төрағасы. 2016 жылдан Ардагерлер кеңесінің төрағасы міндеттерін атқарған.

Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы «Qirmet-AB» Қоғамдық бірлестігінің 8-қыркүйек 2016 жылғы № 01-0010 шешімімен «Тәуелсіздікке 25 жыл» медалімен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 29-шы қарашадағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен наградталған.

Үлгілі жанұя басшысы, өмірлік жолдасы жоғары білімді педагог Тилемисова Қаншайыммен бірге білімді, тәрбиелі бес бала, екі қыз өсіріп, қазіргі кезде жиырма төрт немеренің және бір шөберенің атасы. Ұл-қыздарының барлығы жоғары білімді, үйлі-жайлы. Немерелерінің алды жоғарғы оқу орындарында оқуда.

Мырзагелді КЕМЕЛ



1949 жылы 15-ші қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында туған.

1971 жылы Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтының ауыл шаруашылығын электрлендіру мамандығын, 2000 жылы М.Х.Дулати атындағы Жамбыл университетінің құқықтану факультетінің заңгер мамандығын тамамдаған.

Еңбек жолын 1971 жылы Мақтаарал ауданындағы «Октябрьдің 30 жылдығы» кеңшарында аға инженер болып бастаған. 1975-1992 жж. Мақтаарал ауданында партия, кеңес қызметінде болды. 1992–1994 жж. кеңшар директоры, 1994-1995 жж. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1995 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы шетел инвестициясы жөніндегі комитетінің сектор меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1995–2004 жж. бірінші, екінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты.

Руханият саласында 10 кітап шығарған, олардың ішінде өзі жазған ізгілікке, имандылыққа, білім-білікке, ақыл-парасатқа үндейтін танымдық-көсемсөздік еңбектерге қоса, қытай ақылмандары Лао Цзы мен Конфуцийді, испан пәлсапашысы Бальтасар Грасиан, ежелгі үрім және грек ақылмандарының афоризмдерін, қазіргі ілімдерді насихаттаушы Луиза Хей, бүгінгі күннің ең атақты жазушыларының бірі Пауло Коэльолардың таңдаулы еңбектерін қазақ тіліне тәржімалаған. «Дүние» және «Экология и устойчивое развитие» журналдарын шығаруда. «Абзалдық әліппесі», «Өзіме сабақ» сияқты кітаптары оқырман қауымнан жоғары бағасын алған.

2004 жылы экономика ғылымдарының докторы ғылыми атағын алған. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, 14 монографияның, 100-ге жуық ғылыми мақалалардың авторы.

Махмут-Бақыт ЖАҢБЫРБАЕВ

1950 жылдың 28-ші сәуірінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында дүниеге келген.

1966 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепті бітірген. Сол жылы Ташкент қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институттың дене шынықтыру факультетіне оқуға түскен. Күреспен 1966 жылдан бастап айналысқан. 1968 жылы Ташкент қаласының, кейін Республика құрама командасында күрескен. 1969 жылдан КСРО жастар құрамасында өнер көрсеткен.



1969 жылы КСРО құрамасының сапында Канада мемлекетінің Гамильтон қаласында сынға түсіп, чемпион атанған. 1970 жылы құрама құрамында Грецияның Афина қаласында да халықаралық жарысқа қатысқан. 1970-1976 жылдары ұстаз әрі жаттықтырушы болып қызмет атқарған.

1976-1995 жылдар аралығында комсомол-партия және шаруашылық жұмыстарында басшылық қызметті атқарған. 1995-2001 жылдары жаттықтырушы, кейін 2001 жылдың тамыз айынан бастап Мақтаарал аудандық «Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік мекемесінің директоры болып қызмет етуде.

Осы уақытқа дейін жеткен жетістіктеріне орай иеленген марапаттары:

«Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы, аса жоғары Халықаралық дәрежедегі төреші, күрестің үш түрінен спорт шебері, «Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері, Халықаралық «Алтын қыран» орденінің иегері және «Мақтаарал ауданының құрметті азаматы».

Сондай-ақ, еліміздің спорт саласына жауапты министрліктер мен комитеттер тарапынан әр жылдарда еңбегі еленіп отырған. Мәселен, 1997 жылы самбодан «ҚР спорт жөніндегі ұлттық төреші» мәртебесі берілсе, 1998 жылдары дзюдодан «ҚР спорт жөніндегі ұлттық төреші», қазақ күресінен «ҚР спорт жөніндегі ұлттық төреші» және «ҚР спорт шебері», еркін күрестен «ҚР спорт шебері», 2000 жылы «ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы»,

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

2002 жылы «Дене шынықтыру мен спорттың дамуына қосқан еңбегі үшін» және «ҚР дене тәрбиесі мен спортына сіңірген еңбегі үшін» құрмет белгілерімен, 2004 жылы қазақша күрестен «ҚР жоғары дәрежедегі ұлттық төреші» және «ҚР құрметті спорт қайраткері», “Қазақ күресі” дүниежүзілік федерациясы тарапынан 2007 жылы «Халықаралық дәрежедегі төреші», 2009 жылы «Аса жоғары халықаралық дәрежедегі төреші», 2010 жылы «Моңғолия Республикасының «Спорт айбыны» атағымен құрметтелді. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен “ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы”, “Астанаға 10 жыл” және “ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы” мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Бұдан бөлек, мемлекет тәрпынан берілген басқа да көптеген медальдар мен ордендер де бар.

Аңсарбай ТӨЛБАСИЕВ



1955 жылдың 12-ші тамызында Оңтүстік Қазақстан облысының Киров (қазіргі Мақтаарал) ауданында туған.

1973 жылы Киров ауданында Ленин атындағы орта мектепті бітіріп, 1974-1976 жылдары Кеңес әскерінің қатарында қызмет еткен.

Білімі жоғары, 1980 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтының зоотехникалық факультетіне оқуға түсіп, оны 1985 жылы «Мал дәрігері» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1982 жылы ХХ партсъезд атындағы кеңшардың сиыр фермасында басқарушы болып бастаған. 1994-2002 жылдары ХХ партсъезд атындағы кеңшарда мақта, жоңышқа бригадаларының басшысы, 2002-2006 жылдары «Ақтөбе» өндірістік кооперативінің төрағасы қызметтерін мінсіз атқарған.

1982 жылы КПСС мүшесі, аудандық, ауылдық кеңестердің депутаты болған.

Жеткен жетістіктері үшін көптеген Құрмет Грамоталарымен, алғыс хаттармен, сыйлықтармен марапатталған.

Өмірлік жары Тәттігүлмен бірге 2 ұл, 2 қызды дүниеге әкеліп, бүгінгі таңда 12 немере сүйіп отыр.

Орынбасар ІКІМҰЛЫ

1958 жылы Мақтаарал ауданында дүниеге келген.

Қазіргі «Қызылқұм» ауылдық округіне қарасты бұрынғы «Ленин» атындағы орта мектепті бітірген соң, Қазақ Мемлекеттік Университетінің «Заң» факультетін үздік тәмамдаған. Маңғыстау облыстық прокуратурасында, Алматы облысының Іле ауданында прокурор қызметін атқарды. 1994-1997 жылдар арасында еліміздің Жоғарғы Соты төрағасының көмекшісі қызметін атқарған. 1997 жылдың 27-ші наурызынан бастап Елбасы Жарлығымен Алматы қаласындағы Түрксіб аудандық сотының судьясы қызметіне тағайындалды. Сот жүйесі саласының басшылығында 11 жыл бойы жұмыс істеді. 2008 жылдан бастап Алматы қаласы бойынша адвокаттар коллегиясының мүшесі болды. Жаны жайсаң, қолы ашық, жомарт жүректі азамат ҚР Президентінің «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша Алматы қаласы мен облыстарда өз қаражаты есебінен балабақша және Абылайхан атындағы мектеп-гимназияның ғимаратын салдырды. Ол өзінің іскерлігі мен терең білімін елдегі заңдардың қолданысқа енуіне жұмсап, бұл салада қажырлы еңбек етті. Бірнеше мемлекеттік наградалар иесі.



Кешегі сурет – бүгінгі тарих (2)



АЛҒАБАС

1929 жылы Сырдың жағасында бұрынғы «Восход» кеңшарының тұсында (қазіргі «Қоссейіт» а/э) «Көпшіл» артельі құрылған. Ал, 1931 жылы артель Алғабас серіктестігі (ТОЗ) болып қайта құрылған болатын. 1934 жылы Алғабас серіктестігі ұжымшарға (колхоз) айналған. «Алғабас» ұжымшарының алғашқы басқарма басшысы Шолықбай Байсейітов болған. Одан кейін басшылық тізгінді Құрманбай Нұрымбетов, Майрық Жоланов және Үрпек Сүлейменовтер алған. Серіктестік пен ұжымшарға алғаш мүше болғандар: Ақпан Асабаев, Спархан Сәрсенбаев, Әбілда Мәмбетов, Ділбархан, Мінбархан Шымыровтар, Смайыл Құдабаев. Шыныбаев Қамбар алғашқы «полевод» (агроном) болған. Ұжымшардың мал фермасында жұмыс істегендер: Темір (лақап аты «Көженің сарысы») жылқышы, Өмірәлі Өскенбаев, інісі Әбер және Құрмаш қара малдарға қараған, Ағайжан және Дуайт деген кісілер қой баққан.

1939-1940 жылдары Сыр бойындағы ұжымшардың адамдарын Мырзашөл өңіріндегі Киров каналын қазуға әкелген. Соғыстан алдыңғы жылдары Саттар Мірәлиев Киров каналын қазуға келген адамдарға басшылық жасаған. Ол осы еңбегі үшін Мәскеуге шақырылып, Калининнің қолынан марапат алған. Сонымен қатар қол күшімен канал қазуға Салқын Құдабаева, Қарағыз Тағаева, Гүлмира және Ажаркүл Әбішова аналарымыз аянбай еңбек еткен.

1948 жылы Қызылқұм ауданына қарайтын 10 ұжымшар (колхоз) қазіргі отырған жерлеріне көшіп келе бастайды. Алғабас ауылының орны көрсетіліп, көшелердің түсетін орны белгіленіп, 20 сотоктан үй салатын учаскілер бөлініп, қазықтар қағылады. Адамдар өз күштерімен жер қазып, Сырдың қамысымен, тораңғыл шыбығынан жертөле тұрғыза бастайды. Екі бөлмелі қоржын тамдар салған. Үкімет те жәрдем беріп үйлер сала бастайды. Алғашқы кезде ұжымшар бидай егумен айналысқан. Алғабас ұжымшарының жалпы пайдалы жері 550 гектар болған. Соғыстан кейін игеріліп, пайдалуға берілген жерлерге тек бидай еккен, оның алғашқы бригадирі болып Саттар Мірәлиев, ал інісі Манақ Мірәлиев көмекшісі болған. Кейін игерілген

жерлер молайып, ұжымшар екі бригадаға бөлінген. Алғашқы бригадирлер болып Сапархан Көбеев, Аппоз Оспанов деген кісілер болған. Сол жылдары мал фермасын Жиенбай Мүсілов басқарған. Ал Арыстан Өтпенев ұжымшардың темір ұстасы болған. Ұжымшарға алғаш келген темір доңғалақты тракторды Қабылан Мылтықбаев, А.Әлімбаев, Қаныбек Әлімов, С.Шымыров, Ағайдар Қаһармановтар айдаған. Ұжымшардың әртүрлі жұмыстарында Мұса Шәутіков, Сейдан Шәутіков, Үсен Жанұзақов, Жанұзақова Айсара, Сахов Нағантай, Айнабек, Жамәділ Бегалиев, Әбілдаев Адамбек, Өте Жұманов, Кемал және Сман деген кісілер аянбай еңбек еткен. Сламбек Тағаев 5 ұжымшардың қоғамдық шайхана-асханасында қызмет еткен.

1956 жылы Қызылқұм ауданына қарайтын 10 ұжымшар біріктіріліп, «XX партсъезд» кеңшары құрылғанда «Алғабас» №1 бөлімшенің бір бригадасына айналды. Аталмыш кеңшарда әртүрлі жұмыстар істеген Тұрсынбек Ибатбеков пен Айтуған Егемов бертін келе бөлек-бөлек бригадир болып үлкен жетістікке жеткен. Мәселен, Айтуған Егемов Кеңес үкіметінің 2-дәрежелі ордені болып есептелетін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Ұжымдарда, кейін кеңшарда мына кісілер механизатор болып жұмыс істеген: Дархан Тілеуов, Бәкір Смайылов, Еркінбек Шекербеков, Ағайдар Қаһарманов, Әбдраман Ахметов, Құлпидін Тұрысов, Өзбекбай Қадырбаев, Серікбай Қадырбаев, Әбдіманап Бегімбетов, Нышан Төребаев, Кеңесалы Есенбеков, Жұматай Садиев, Бұйра Қамбаров, Пердебай Қарсақов және Лес Есенбеков. Осылардың ішінен Пердебай Қарсақов мен Лес Есенбеков өздерінің іскерлігімен көзге түсіп, кейіннен мақта бригадирі болған. Ал, Ағайдар Қаһарманов механик болып еңбек етті. Ауылдың 2-ші атуатында көп жылдар бригадир болып Әбдіғани Әбілдаев жұмыс жасаған. Алғабас ауылынан Шәмші Оспанов, Төлеген Мелденов, Байшығар Егемов, Сапар Сманов, Тоқтар Құралов және Тайман Егембердиевтер автокөлік (шофер) жүргізушісі болған. Осы кісілердің ішінен Тайман Егембердиев кеңшардың бас инженеріне дейін көтеріліп, кейін №1 бөлімшенің менгерушісі (управляющий) болып көп жылдар еңбек еткен.

Ұжымшарда, кейін кеңшарда мына кісілер әртүрлі салада жұмыс атқарған: Ағабек Өтепбергенов, Біллә Бейсенов, Әбдраш

Арыстанов - есепші, Рысмағанбетов - агроном, Манақ Мірәлиев, Әнуар Мамасерипов – көп жылдар қойма меңгерушісі болған. Нұрлыбай Сүлейменов, Жаппархан Есалыұлы, Асан Әубәкіров және Дүйсен Қаныбеков ұстаз болса, Салқын Бейсенова мен Ділде Бекмырзаевалар сауда саласында жұмыс істеген. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларында Ералы Тембаев, Жамәділ Бегалиев, Тұрмахан Расилов, Лесбай Ағманов, Бәкір Рзаев, Әшім Болысбеков, Дихан Тілеуов және Күнтуған Егемов еңбек еткен. Күнтуған Егемов – Алланың берген дарынының арқасында атақты шабандоз болып, ауылдың атын осы атырапқа танытқан. Лақап аты – Күнту.

Сапаркүл Айтекова, Мәрзия Мырзахметова, Ажаркүл Әбішова, Айнақыз Мылтықбаева, Айша Әлімова, Әсем Бакирова, Батпа Қаһарманова, Шолпан Болысбекова, Дәрмешай Қарынтаева, Сапаркүл Оспанова, Ұмытшақ Мірәлиева, Қалбибі Егемова, Сәрсенкүл Арыстанова, Әден Қадырбаева, Тоқтыгүл Қадырбаева, Зейдін Өтпенова, Әсият Жүнісова, Баян Ақпанова, Сара Жамәділова секілді аналарымыз да мақта алқабында еңселі еңбек еткен.

Мәдениет саласы бойынша Мұхтар Құралов ауылдан шыққан Республикаға танымал ақын, сазгер болса, медицинаның хирургия саласы бойынша Толықбай Қадырбаев бірден-бір маманға айналған. Екеуі де бүкіл саналы ғұмырын өздері таңдаған жолға арнап келеді.

Шолықбай БАЙСЕЙІТОВ



1905 жылы 17-ші шілдеде бұрынғы Қызылқұм ауданы, Шардара өңірінде дүниеге келген.

1939 жылдан бастап Қызылқұм ауданындағы Алғабас ұжымшарын басқарған. 1947 жылдан бастап Киров каналы егін егуге толық дайын болғаннан соң, осы каналдың екі жағына келіп 10 ұжымшарды орналастыруға атсалысқан. Өмірінің соңына дейін ұжымшар бастығы болып қызмет етіп, 1958 жылы дүниеден өткен.

Анноз ОСПАНОВ

«Алғабас» ұжымшары алғаш құрылған кезінде әртүрлі жұмыстар істеп, біраз жылдар бригадир болған.



Мәрзия МЫРЗАХМЕТОВА



1906 жылы 6-шы қыркүйекте Қазығұрт ауданында тау етегінде туған.

Әкесінің аты – Омар, шешесінің аты – Әнипа. Байларды жаппай тәркілеп жатқанда Мәрзияның әкесін, ағаларын тұтқындап, арбаға жегіп айдауға алып кетеді. Содан ол Сырдың бойына қоныс аударып, осында тұрмыс құрып, Алғабас ұжымшарына көшіп келеді. Бастапқыда ұжымшардың, кейіннен кеңшардың барлық мезгіліндегі әртүрлі жұмыстарында аянбай еңбек еткен. Бірнеше мақтау грамоталары мен алғыс хаттары бар. Бұл кісі Алғабас ауылының кіндік шешесі болды және жас балаларды түрлі аурулардан емдейтін ерекше қасиеттері де болған. 2004 жылы 9-шы мамырда дүниеден өтті.

Алтынбек АКИМБАЕВ

15.09.1912 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Қызылқұм ауданының Алғабас ұжымшарында кедей отбасында туған.

1925 жылы Қызылқұм ауданындағы бастауыш мектепте оқып, 4 сыныптық білім алған. 1930-1942 жылдар аралығында Алғабас ұжымшарында еңбек жолын жұмысшыдан бастап, кейіннен Қызылқұм МТС трактор бригадасының механигі болып жұмыс істеген.



МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

1942 жылдың маусым айында екінші дүниежүзілік соғысқа шақырылып, Сталинград майданындағы 1049 атқыштар полкінің минометшісі болған. Қатардағы жауынгер ол кіші сержантқа дейін көтеріліп, Ұлы Отан соғысының Калинин фронтындағы майданға қатысып, фашисттік-неміс басқыншыларынан Бельград қаласын босатуға, Харьков қаласын, Польшаның Слонима, Брест қалаларын, Вислаға басып кіріп Сахачев, Скерневищ, Лович, Быдгощ қалаларын, Варшава қаласын, Альдама және Берлин қаласын азат етуге қатысып, Ұлы Отан соғысының жеңісін 9 мамыр 1945 жылы Берлин қаласында қарсы алған. 09.06.1945 жылғы Жоғарғы Советтік Президиумының Жарлығымен «Варшаваны азат ету» және «Берлинді азат ету» туралы медальдарымен марапатталған. 25 қазан 1945 жылы ол аман-есен елге оралып, 1946-1960 жылға дейін өзінің туып өскен Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Алғабас ұжымшарында МТС аға механигі, МТС меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1960 жылы кеңшардағы 4-бөлімшенің механигі қызметін 1970 жылға дейін істеп, осы жылы зейнеткерлікке шыққан. 16.03.1975 жылы дүниеден өткен. Жұбайы Усенова Зауремен 4 ұл, 3 қыз өсірген. Құдай қосқан қосағы 30.11.1999 жылы қайтыс болған.

Самтар МІРӘЛИЕВ



1918 жылы дүниеге келген.

Балалық шағында ашаршылық жылдарын, қуғын-сүргін кезеңдерін көріп өсті. 1940 жылы Киров каналын қазуға қатысып, онда озаттығы үшін Мәскеуде Калининнің қолынан «Еңбек Қызыл Ту» орденін алып қайтқан. 1942 жылы Түркістан әскери округінен екінші дүниежүзілік соғысқа аттанған. Соғыстан 1946 жылы аман-есен елге оралды. 1948 жылы «Алғабас» ұжымшарын құруға атсалысты. 1949 жылы егін алқабына бидай бригадирі болып тағайындалды. Соғыстан кейінгі қиыншылық жылдарында әкесі соғыстан оралмаған 9 балаға, яғни осындай отбасыға қол ұшын берген. Зейнеткерлікке шыққан соң кеңшар жылқышысы болып қызмет атқарды.

Отбасында 10 қыз, 1 ұл тәрбиелеп, немере, шөбере сүйді. 2005 жылы қазан айында 87 жасында дүниеден өтті.

Әнуарбек МАМАСЕРИПОВ

1920 жылы 20-шы мамырда Ащыкөл ауылында дүниеге келген.

1939 жылы Кеңес әскеріне шақыртырылған. Ал, 1941 жылы соғысқа аттанған. Онда артилерия полкінде зенитщик болған. Соғысты Мәскеу түбінде бастап, Берлинге дейін барған. Ұрыс жылдарында III-ші дәрежелі Даңқ, «Қызыл жұлдыз» және басқа да ордендермен марапатталған.



1947 жылы Жазық Төлтеқызына үйленіп, одан 6 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген. Соғыстан кейін “Шардара”, “Еңбекші”, “Мақталы”, “1 Май” ұжымшарларында басшылық қызмет атқарған. Ауыл шаруашылығы жұмыстарымен қатар атбегі ретінде де елге кеңінен танылған.

Шардара мал дайындау пунктінің басшысы, 1968 жылы Еңбекші ауылындағы мал фермасының басшысы, 1975-80 жылдары ХХ-Партсъезд кеңшарының Жанар-жағар май бекетінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1980 жылы 60 жасында зейнеткерлікке шықты. 1981 жылдың қазан айында қайтыс болды.

Айтуған ЕГЕМОВ



1922 жылы Өзбекстан Республикасы, Сырдария облысы «Сайхунабад» ауданында дүниеге келген.

Сол өңірде 7 жылдық білім алған. 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, «Алғабас» ұжымшарына қоныс аударған. Онда ауылдың әртүрлі жұмыстарын адал атқарып, 1956 жылы №1 бөлімшеге бригадир көмекшісі болып тағайындалған.

Содан кейін 1957 жылы мақта шаруашылығында бригадир болып жұмыс істеген. Еткен еңбегі үшін Кеңес үкіметінің «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. КСРО Жоғарғы Кеңесінің мақтау грамотасымен және медалдармен марапатталған. 1972 жылы

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

денсаулығына байланысты XX партсъезд кеңшарының сауда саласына ауысып, 1982 жылға дейін сол қызметте еңбек еткен. 1982 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққан. 2014 жылдың 21-ші ақпанында дүниеден өтті.

Тұрсынбек ИБАТБЕКОВ



1923 жылы дүниеге келген.

Жастайынан жетім қалып, бала кезінен жұмысқа араласып көп қиыншылықтарды басынан өткерді. Кеңшар құрылғалы бері мақта бригадирі болып еңбек етті. Зейнетке шыққанға дейін кеңшарда жоңышқа, жүгері, мақта бригадирі болып жұмыс атқарды. Жұбайы Қалжан Оразгелдіқызы екеуі 6 ұл мен 1 қызды тәрбиелеп өсірді. Қалжан апа да осы кеңшарда жұмысшы болып еңбек еткен. Бұл кісілер 2001 жылы дүние салды.

Әбдіхани ӘБІЛДАЕВ



1924 жылы 15-ші шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Алғабас ұжымшарында дүниеге келген.

Әкесі Әбілда Бұхарада оқып, діни білім алған. 1937 жылы ол «халық жауы» деген жаламен атылыпты. Анасы Жаңыл 1930 жылы қайтыс болған. Ағасы Әбдіуайыт, қарындасы Шахан үшеуі екінші анасы Зерікүлдің тәрбиесінде өседі. 1941 жылы Әбдіуайыт соғысқа аттанып, хабарсыз кетті.

Соғыс кезеңінде ауылдағы жас балалар мен әйелдерге көмектескен. 1949 жылы үйленіп, зайыбы Ақшагүл Дүйсенбіқызы екеуі де ұжымшарда еңбек еткен. Ұжымшарда, кейіннен кеңшардың №1 бөлімшесінде көп жылдар бойы мақта бригадирі болып жұмыс істейді. Төрт ұл, төрт қызды тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олардан 31 немере, 23 шөбере өсіп-өніп жатыр.

Ағабек ӨТЕПБЕРГЕНОВ



1925 жылы қазіргі Шардара ауданы, Көксу кеңшарында дүниеге келген.

Жетінші сыныптық мектепті аяқтаған соң Ташкент қаласындағы бухгалтерлік курста оқиды. 1948 жылы Мырзашөл өңіріндегі қазіргі «Алғабас» ауылына көшіп келеді. Алғашқы еңбек жолын №1 бөлімшеде жұмысшы болып бастайды. 1954 жылы бухгалтер көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Араға бір-екі жыл тастап, ұжымшардың кеңшар болып қайта құрылуына байланысты №1 бөлімшенің есепшісі болып қызметін жалғастырады. Осы қызметін 1985 жылға дейін, яғни зейнет демалысына шыққанға дейін абыроймен атқарды. 1983 жылы «Ветеран труда» медалімен марапатталды. Ширек ғасырдан астам уақыт елеулі еңбек еткен Ағабек Өтепбергенов 1986 жылы 60 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Аяулы жары екеуі 8 перзент тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ұл-қыздары осы өңірдің дамуына үлес қосып жүрген абыройлы жандар.

Ажаркүл ӘБШЕВА

1926 жылы 15-ші наурызда Шардара ауданында дүниеге келген.

3 сыныптық білімі бар. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Мырзашөл өңіріндегі Жетісай ұжымшарына көшіп келеді. 1941-1945 жылы қазіргі Киров каналын қазуға қатысқан. Осында 3-4 куб метр жердің топырағын қолмен тасып шығарғаны үшін марапатталған. 1947 жылы Өтепбергенов Ағабекпен шаңырақ көтеріп, 1951 жылы қазіргі «Алғабас» ауылына көшіп келеді. Сол кезден бастап осы ұжымшардағы егістікте әртүрлі жұмыстар істеген. Ұлы Жеңістің 50, 60 жылдығына арналған медальдармен марапатталған. 8 ұл-қызды дүниеге әкелген. 2008 жылы 82 жасқа қараған шағында дүниеден озды.





Нұрлыбай СҮЛЕЙМЕНОВ


1925 жылы 15-ші маусымда Қызылқұм ауданы, Алғабас ауылында дүниеге келген.

1942 жылы сол ауылдың мектебін аяқтаған. 1943 жылы 1-ші наурыз күні әскер қатарына шақырылып, Брянск, Вязьма, Белоруссия майданында кескіленген ұрыстарға қатысып, ерлік көрсеткен. 1946 жылы соғыстан елге аман-есен оралған. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысының I дәрежелі» орденімен және де бірнеше медальдармен марапатталған. 1946 жылы Ташкент қаласындағы Низами атындағы педагогикалық институтқа түсіп, 1949 жылдан «1 мамыр» орта мектебінде мұғалім жұмыс істеген. 1986 жылы зейнеткерлікке шықты. 5 ұл мен 4 қызды тәрбиелеп өсірген.

Манақ МІРӘЛИЕВ

1925 жылы туған.

1941 жылы армия қатарына алынып, содан ары қарай екінші дүниежүзілік соғысқа қатысады. 1942 жылы жараланып елге оралған. Содан кейін 1948 жылы бидай бригадасының счетчигі болып істеген. Мақталы ұжымшарында 2 жыл бухгалтер болып қызмет атқарып жүргенде сырқаттанып, жұмыстан босап қалады. Кейіннен сырқатынан айығып, 5 ұжымшардың (Ақтөбе, Алғабас, Қуйбышев, Сталин, 1 май) завхозы болып 32 жыл қызмет атқарады. 1992 жылы 25-ші қыркүйекте дүниеден озды.



Ұмытшақ ЖАУЫНБАЕВА

1929 жылы туған.

Алғабас ұжымшарында жұмыс істеген. 1948 жылы 28-ші наурызда Манақ Мірәлиевке тұрмысқа шығып, 5 қыз, 4 ұлды тәрбиелеп өсірді. Киров каналын қазуға атсалысқан. Мақта теріп, шабық шауып, ұжымшардың, кеңшардың барлық жұмыстарында болған.



Ағайдар ҚАҒАРМАНОВ

1926 жылы 15-ші шілдеде қазіргі Шардара ауданы, Көксу кеңшарында дүниеге келген.

7 сыныптық білім алған соң еңбекке ерте араласқан. 14 жасында тылда канал қазуға қатысып, 16 жасында темір донғалақты тракторды айдауды меңгерген. Соғыс жылдары «Алғабас» ұжымшарында егін егу, оны жинау жұмыстарына белсенді қатысқан. 1945 жылдан бастап зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін кеңшардың белді механизаторы, механик көмекшісі, механик қызметтерінде істеді. «Ерен еңбегі үшін», «Ұлы Жеңіске 60 жыл», «Халық шаруашылығындағы жетістігі үшін», «Ауыл шаруашылығының үздігі» медальдарымен марапатталды. Жұбайы Батпа Қахарманова екеуі 11 ұл-қызды тәрбиелеп өсірді. 2005 жылы дүниеден өтті.



Батпа ҚАҒАРМАНОВА

1928 жылы Жетісай ауданы, бұрынғы «Ленин» ұжымшарында дүниеге келген.

1936 жылы алғаш мектепке барып, 7 сыныптық білім алған. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен. 1945 жылы «Ленин» кеңшарынан ата-анасы қазіргі «Абай» ауылдық округіне қоныс аударады. 1952 жылдан бастап «Алғабас» ауылында тұрып, 11 ұл-қызды дүниеге алып келген алтын құрсақты ана. 1974 жылы Кеңес Одағының «Батыр ана» орденімен, тәуелсіздік алған соң «Алтын алқа» орденімен марапатталды. «Ерен еңбегі үшін», «Ұлы Жеңіске 60, 65, 70 жыл» медальдарының, «Ана даңқы» орденінің 1,2,3 дәрежелерінің иегері. 2018 жылы дүниеден өтті.

Құлдінін РЫСАЛЫҰЛЫ

1926 жылы Шардара ауылында «Алғабас» ұжымшарында туған. Жастайынан жұмысқа араласып, кейіннен механизаторлық курсты оқып, зейнетке шыққанша аянбай еңбек етті. 1989 жылы дүниеден озды. 2 ұл, 7 қызды тәрбиелеп өсіріп, олардан 30 немере мен 12 шөбере тараған.





Кунтуган ЕГЕМОВ
(1932-1999 ж.ж.)

Алғабас ұжымшарында, кейін кеңшарда қарапайым жұмысшы болған.

Қазақтың ұлттық өнері көкпарды дамытуға көп үлес қосқан. Ең алғаш көкпарда өзінің әкесі Егем ақсақалдың «жирен» атымен көкпар шабуды бастаған, одан кейін өзі баптаған «боз» атымен, содан кейін атбегі Дуайттың «Қара атымен», Әнуардың «Ақ жамбасымен», Саттардың «Торы атымен», Махаштың «Махашқарасымен», Бөлебайдың «көк» атыменен де көкпар додасына қатысып, атағы осы атырапқа жайылған.

Тембаев Ералы Байәділұлы

1932 жылы дүниеге келген.

Ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларында еңбек еткен. 1999 жылдың 30-шы қыркүйегінде дүние салды. Жұбайы Разия Шайхиева 1932 жылы 22-ші қаңтарда туған. Ауылдың құрылыс жұмыстарында істеген. Бұл кісілерден 1 ұл, 4 қыз дүниеге келіп, олардан 26 немере тарап отыр.



Абдраш АРЫСТАНОВ



1937 жылы 15-ші ақпанда бұрынғы Қызылқұм ауданы, Алғабас ұжымшарында дүниеге келген.

1954 жылы Ленин атындағы орта мектепті тәмамдаған. 1955-1956 жылдары Алғабас ұжымшарының хатшылық қызметін атқарған. Ал, 1958-1960 жылдары армия қатарында болған. 1960 жылдың қараша айынан бастап ХХ партсъезд кеңшарында жұмыс істеген. Бағара автобазасында 1961-1966 жылдар аралығында жүргізуші болса, 1967-1970 жылдары І бөлімшеде мақта бригадирі, 1970-1993 жылдары осында есепші болған. 1993-1997 жылдары «Ерназар Ата» ұжымшарының басқарушысы болған. «Еңбек ардагері» орденімен марапатталған. 1997 жылдан қазіргі уақытқа дейін зейнеткерлікте.

Өзбекбай ҚАДЫРБАЙҰЛЫ

1933 жылы Өзбекстанның Сырдария облысына қарасты Шыбынтай ауылында дүниеге келген.

Алғашқы еңбек жолын бұрынғы Қызылқұм ауданындағы мал шаруашылығында бастаған. Сол кездегі 10 ұжымшардың малына баскөз болған. Кейін «Восход» машина трактор стансасында механизатор болып жұмыс істеген. 1963-1973 жылдар аралығында алдымен ДТ-75 тракторын, одан соң ауданға тұңғыш рет келген К-700 (Касемсот) тракторын жүргізген.



1973 жылы бұрынғы ХХ партсъезд кеңшарына келгеннен кейін де осындағы Касемсот тракторының рөліне отырған. Мұнда өзінен бір мүшел жас кіші Нұрлан Артықбайұлы деген азаматпен бірге шалғайдағы шопандарға біраз жыл жем-жөп тасыған екен. Сондай-ақ, ауылдағы егінге арналған жерлерді жыртып, ондағы техниканың күшімен атқарылатын жұмыстарды жүзеге асырып отырған. Өзбекбай Қадырбайұлы Мырзашөл өңіріне алғаш келген Касемсот тракторын тұңғыш айдаған адам ретінде тарихта қалып отыр. Өкініштісі сол, өмірі келте болып, 1977 жылы, яғни 44 жасында дүниеден өтті.

Өзбекбайдың Құдай қосқан қосағы Өден Махамбетқызы 1939 жылы бұрынғы Киров ауданына қарасты Жаңадала елді мекенінде дүниеге келген. Небәрі 38 жасында өрімдей 10 перзентімен жесір қалған батыр ана зейнет жасына шыққанға дейін ХХ партсъезд кеңшарының мақта шаруашылығына белсене араласып келді. Онда үздік терімшілердің бірі болған. Бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, олардан немере, шөбере сүйіп отырған аяулы әже.



Серікбай ҚАДЫРБАЙҰЛЫ



1939 жылы Өзбекстанның Сырдария облысына қарасты Шыбынтай ауылында туған.

Бала кезінде «Ворошилов» ұжымшарының малын бақса, 1956 жылдары шопан болып жұмыс істеген. Ал, 1960 жылы үш жыл бойы Кеңес әскерінде болған. Өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін, яғни 1963 жылы Шардара кеңшарында ДТ-75 тракторын жүргізіп, ауылшаруашылығы жұмыстарына араласқан. Ал, 1970 жылдары XX партсъезд кеңшарында ДТ-54 тракторымен ауылдың техникамен атқарылатын жұмыстарын атқарыпты. 1980 жылы Шардара ауданында жаңадан ашылған «Ақалтын» кеңшарының тың жерлерін игеру мақсатында сонда отбасымен көшіп барып, зейнеткерлік жасқа шыққанға дейін ДТ-75 тракторын жүргізген. Бұл кісіге былайғы жұрт «Екінші Қажымұқан» деп ат қойған. Өйткені, ол бойындағы бұла күшімен халықты таң қалдырып жүріпті. Мәселен, егер егінді алқапта оның тракторы бұзылып қалса, салмағы тым ауыр болса да ақауы бар бөлшекті жалғыз өзі жерге түсіріп, жөндеп болған соң қайтадан орнынан қоятын болған. Әсіресе, өз тракторының «каропкасын» талай рет жалғыз өзі жөндеп шыққан екен.

Өмірлік жары Тоқтыгүл Қантайқызы 1946 жылы дүниеге келген. Еңбекке 1956 жылдан, яғни 10 жастан бастап араласқан. Ауылдың арық қазу және шөп тазалау жұмыстарын атқарған екен. Ал, 1962 жылдан бастап XX партсъезд кеңшарындағы мақта шаруашылығында жұмыс істеген. Бұл кісі де қара күштің иесі болған. Егінді алқапта жүргенде 70-80 келі тартатын мақта толы қапты иығына оп-оңай көтеріп кете баратынын замандастары әлі күнге жыр қылып айтып келеді. 12 құрсақ көтерген батыр ана. Бүгінде жолдасымен бірге солардан өрбіген немере, шөберелердің қызығын көріп келеді.



Дархан ТЛЕУОВ



1939 жылы туған.

1964 жылдан бастап КОКП-тің мүшесі, білімі орта, 1969 жылы Джержинский атындағы ауылшаруашылық институтын бітірген, 1956 жылдан 1969 жылға дейін кеңшарда механизатор болып жұмыс істеген. Әр жыл сайын жұмыстың барлық түрінен үлкен жетістіктерге жетіп, еңбегі еленіп 1969 жылдан 1978 жылға дейін №1 бөлімшенің аға механизаторы болды. Ал, 1978 жылдың қыркүйек айынан бастап өмірінің соңына дейін техника қауіпсіздігі бойынша инженер болып жұмыс атқарды. Ол жауапкершілігі мол және де жұмысына өте адал жан еді. Кеңшардың қоғамдық өміріне белсене араласты. Халық бақылаушысының мүшесі болды. Көп жылдар тынымсыз жасаған еңбегінің арқасында «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері атанды. Бірнеше құрмет грамотасымен, мақтау қағаздарымен марапатталды. Ұжымдастарының арасында өте беделді, сыйлы болған. 1990 жылы дүниеден озды.

Тайман ЕГЕМБЕРДИЕВ

1942 жылы қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген.

Еңбекке ерте араласқан ол 1959 жылдан бастап бұрынғы XX партсъезд кеңшарындағы егінді жерлерді суғару секілді қара жұмыстарды атқарған. Кейін жүргізушілік мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны тәмамдаған соң, яғни 1963 жылдың қыркүйек айында жүргізуші болып жұмысқа қабылданған. Ал, 1964 жылы Кеңес әскеріне шақырылғандықтан Отан қорғау қызметіне аттанған. Армиядан ауылға қайта оралған соң 1968-1970 жылдар аралығында өз мамандығы бойынша жұмысын қайтадан жалғастырған. 1970-1978 жылдарда автомеханик болып қызмет істеген. Бұдан соң өзі жұмыс істеп



МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

келген көлік тұрағының (гараж) меңгерушісі қызметіне ауысқан. 1980 жылдан бастап XX партсъезд кеңшарының бас инженері болып тағайындалса, 1983-1996 жылдар аралығында №1 бөлімшенің басқарушысы қызметін зор абыроймен атқарған.

Бұл кісі зейнеткерлік жасқа келгенге дейін ауыл шаруашылық жұмыстарының қақ ортасында жүрген. Осы саланың кәнігі маманы десек, артық айтқандық емес. Бүгінде жұбайы Азиза екеуі перзенттерінен өрбіген немерелерінің қызығын көріп келеді. Ауылдың абыз ақсақалдарының бірі Тайман Егембердиевтің кезінде еткен еңбегі мен жүріп өткен өнегелі жолы өскелең ұрпаққа қашанда ұлағат болып қала бермек.

Асан АБУБАКИРОВ



1943 жылдың 20-шы маусым күні Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында дүниеге келген.

Әкесі Әбубәкір ерте дүниеден өтіп, анасы Палжанның тәрбиесінде өскен. Ленин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Ташкент педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетіне түсіп, оны үздік бітіріп шығады. Ауылға келіп бұрынғы «1 май» қазіргі «Я.Есенбеков» атындағы орта мектепте құрметті демалысқа шыққанша 40 жылдам астам уақыт жұмыс істеді. 5 ұл, 3 қыз баланы тәрбиелеп өсірген.

Лес ЕСЕНБЕКОВ

1944 жылы 14-ші наурызда дүниеге келген.

1963-1966 жылдар аралығында әскери борышын өтеді. 1966 жылдан бастап механизатор болып еңбек етті. 1973 жылы аудандық комитеттің шешімі бойынша автокөлік сыйға алды. 1977 жылы механик қызметін атқарды. 1978 жылдан бастап XX-



партсъезд кеңшарының №1 бөлімшесінде бригадир болып еңбек етті. 1997 жылдан бастап “Медет” ұжымының басқарушысы болып қызмет атқарды. Осы қызмет еткен жылдар барысында адал қызмет атқарғаны үшін басшылықтан бірнеше марапаттаулармен және “Еңбек озаты” медалімен марапатталды.

2011 жылы 5-ші қаңтар күні 67 жасында дүниеден озды.

Құдайберген ӨТЕПБЕРГЕНОВ

1945 жылы 9-шы мамыр күні Киров ауданында дүниеге келген.

1953 жылы «Ленин» атындағы орта мектептің бірінші сыныбына оқуға барып, 1963 жылы Шардара ауданының №8 мектеп-интернатында 10 жылдықты бітірген. 1963-1964 жылдары «XX партсъезд» кеңшарында ауыл шаруашылығында жұмысшы болып істеген. 1964 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсіп, 1970 жылы аталған институтты бітіреді. Жолдамамен Оңтүстік Қазақстан облысына келіп, облыс орталығында №2 медицина бірлестігінде 1 жыл интернатурада оқып, дәрігер терапевт мамандығын алады. 1971 жылы тамызды Шардара аудандық ауруханасына дәрігер терапевт қызметіне жұмысқа орналасады. 1973 жылы тамызда «50 жылдық» кеңшарындағы жаңадан ашылған 50 төсектік ауруханаға бас дәрігер әрі терапевт болып қызмет ауыстырады. Содан 2010 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін сол жерде қызмет атқарады. 2010 жылдан 2015 жылға дейін Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының басшысы қызметін атқарады. Бірнеше рет ауылдық кеңестің депутаттығына, екінші шақырылған аудандық мәслихаты депутаттығына №9 Көксу ауылдық округінен депутат болып сайланған. ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдық мерекелік медалімен, 2002 жылы ҚР ДСМ-нің құрмет грамотасымен, 2003 жылы аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың алғыс хаттарымен, 2004 жылы Республикалық «Отан» саяси партиясының Шардара аудандық өкілеттігінің алғыс хатымен, 2014 жылы ОҚО мәслихатының грамотасымен, 2014 жылы медицина қызметкерлері күніне орай аудандық ардагерлер кеңесінің алғыс хатымен, 2014 жылы



МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

ҚР мәслихаттарының 20 жылдық мерекесіне орай аудан әкімі мен мәслихат хатшысының құттықтау хатымен, 2014 жылы Қазақстан Республикасы мәслихаттары қауымдастығы қоғамдық бірлестігінің «ҚР мәслихатына 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. 2017 жылы «Шардара ауданының Құрметті азаматы» атағын алды. Жұбайы Света екеуі 2 ұл мен 2 қызды тәрбилеп өсірген. Бүгінде олардан 11 немере көріп отырған ардақты ата.

Батихан ТИЛЕГЕНОВ

1946 жылы 13-ші сәуір күні Мақтаарал ауданы, Ленин ұжымшары, Қызылабад ауылында дүниеге келген.

1962 жылы «ХХ парсъезд» кеңшарының I бөлімшесінің «Алғабас» ауылына көшіп келеді. 1963 жылы 8 сыныптық білім алып, «Мақталы» кеңшарындағы кәсіптік-техникалық училищеге түсіп, 1964 жылы тракторист-машинист мамандығын алып шығады. Содан кеңшарға тракторист болып жұмысқа қабылданады. 1966 жылы Совет армиясына шақырылып, 1969 жылы әскери борышын өтеп ауылға оралады. Ауылға келіп бірден кеңшардың жұмысына араласып кетеді. Содан зейнеткерлікке шыққанға дейін егінді жерлерді айдап, мақта егу, өсіру, мақта теру жұмыстарында болды. Қазіргі уақытта зейнетте.



Мұхтар ҚҰРАЛОВ

1947 жылы 5-ші қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында дүниеге келген.

1969-1973 жылдары Өзбекстан Республикасы Сырдария облысындағы педагогика институтының филология факультетінің “Қазақ тілі және әдебиеті” бөлімін бітірді. 1973-1980 жылдары мектепте өз мамандығы бойынша мұғалім болды. 1980 жылдан бүгінгі күнге дейін Мәдениет саласында



аға инспектор, мәдениет үйінің директоры қызметтерін атқаруда. “Айтамын десен, өзің біл” ән жинағы мен 2003 жылғы “Айдай әсем Мақтаралым”, “Ақ алтынды ауылым”, “Алпысқа келді бір ақын” атты жыр жинақтарының авторы. 1978-1994 жылдар аралығында аудандық, облыстық, Республикалық ақындар айтысына қатысып, бірнеше рет жүлдегер, лауреат атанды.

1990 жылы Ақтөбеде өткен Республикалық ақындар айтысында бас бәйгені иеленді. “Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы”. Халыққа көп тараған Т.Молдағалиевтің сөзіне жазылған “Бойжеткен”, М.Шахановтың сөзіне жазылған “Мені неге Мұхтар қойған”, “Жароқов көшесіндегі кездесу”, М.Мақтаевтың сөзіне жазылған “Бесік жыры”, И.Сапарбаевтың сөзіне жазылған “Лала гүл” әндерімен қатар, сөзін де әнін де өзі жазған “Бұлқынды жүрек”, “Ақ тілек”, “Шырайлым”, “Арал толғауы”, “Алтынай”, “Туған жер”, “Желтоқсан құрбаны”, “Айдай әсем Мақтааралым”, “Қалқам-ай”, “Балапаным ең”, “Балапаным балғыным”, “Аңсағаным” әндері көпшілікке танымал.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл, 25 жыл мерекелік медальдарымен, “Ерен еңбегі үшін” төсбелгісімен марапатталған. 2017 жылы облыстың “Үздік композиторы” номинациясының иегері атанған.

Пердебай ҚАРСАҚОВ

Кеңшардың үздік механизаторы болған.

Өзінің адал еңбегімен халықтың ықыласына бөленіп, Алғабас ауылының 1-ші атуатына 1972-1978 жылдары аралығында бригадир болып қызмет еткен. Бірнеше мақтау қағаздары мен медальдармен марапатталған.



Құралай ҚАБЫЛБЕКОВА

1961 жылы желтоқсан айының 3-ші жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Келес ауданы, Абай селосында дүниеге келген.

1968 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1978 жылы оны үздік бітірген. Осы жылы Шымкент қаласындағы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, оны 1982 жылы аяқтаған.



Осы жылдан бастап педагогикалық қызметін Мақтаарал ауданы, Қызықұм ауыл әкімшілігі, «1-Май» ауылы, Ябек Есенбеков атындағы жалпы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып үздіксіз қызмет етуде. Сонымен қатар, 1998 жылдан бастап мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін де қатар атқарып келеді. Ұзақ жылғы еңбегінің арқасында облыс, аудан көлеміндегі бірнеше марапаттауларға, 2007 жылы Мақтаарал ауданының «Қазақтілі пәнінің ең үздік мұғалімі» номинаниясына ие болды. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі жетістіктері мен озық шығармашылық еңбектері бағаланып, 1990

жылы Киров ауданының білім бөлімінің «Құрмет грамотасымен», 1997 жылы облыстық білім департаментінің Алғыс хаттарымен, 2000, 2002, 2003, 2004, 2005 жылдарында Мақтаарал аудандық білім бөлімінің «Құрмет грамотасымен» және «Алғыс хаттарымен» марапатталған. Көп жылғы еңбегі және білім беру жүйесін дамыту мен өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін 2013 жылдың 14-ші тамызында Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» және «Білім беру үздігі» төс белгісімен марапатталған.

Ел өмірі мен қоғамдағы болып жатқан келелі істер мен бастамалардың көшбасшысы болып жүретін ол «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының 10 жылдығына орай елдің қоғамдық-саяси өміріне және Қазақстан Республикасының Президенті, Партия төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық бағытын жүзеге асыру ісіне атсалысканы үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Шәкірт тәрбиелеуде ұйымдастырушылық қабілетінің шеберлігін танытудағы атқарған істері бағаланып, 2008 жылғы 5 қарашадағы 12-93-IV шешімімен «Мақтаарал ауданының Құрметті Азаматы» атағына ие болды. Жанұясында Айтуғанов Амантай жолдасы екеуі 2 ұл бала, 1 қыз бала тәрбиелеген. Барлығы да жоғары білімді. Ұзақ жылдар бойғы ерінбей еңбектену, үнемі ізденуі нәтижесіз қалған жоқ, жүздеген шәкірттері ана тілінің қыры мен сырын ұға отырып, сауатты да саналы азамат болып қалыптасты.

№2 БӨЛІМШЕ

АҚЖАЙЛАУ

1961 жылы «Гагарин» ауылы болып құрылды.

Мақта шаруашылығында бригадир болған кісілер: Нами Жиенбаев, Тағайқанов Көпжан, Қалтаев Құмархан, Жаңқараев Озғанбай, Жаңқараев Шымбай, Ташимбаев Сапарбек, Сазов Суннатулла.

Жұмысшылар: Байғабылов Атақай, Сейдалиев Әмреш, Алиханов Рахмет, Ерімбетов Масахбай, Есімов Әділ, Сейдуалиев Қалдыбай Қалмырзайұлы, Таңатаров Әзберген, Динасилов Тасыбек, Сазов Мыңжасар, Нұржанова Бибі, Айтуреев Шынжігіт, Байтошов Ағабай, Тоғабаев Темірбек, Аханов Нұрмахамбет, Есимов Нышанбай, Есимов Нәлібай, Тәшімбаев Абай.

Мұғалім: Спатаев Парман, Бектаев Өмірхан, Абдирова Ұлданай, Ташимбаев Арынбек. Тракторшылар: Аханов Сапарбай Шораұлы, Шылмырзаев Шәмшәдин, Елібаев Қыдырбай, Кеттебеков Құттыбек, Сазов Пердебай, Әліханов Пердебай, Таңатаров Әзберген, Тоғабаев Орынбек. 1985-1986 жылдар аралығында Баитбаева Қызылгүл облыс депутаты, Нұржанова Сарсенкул 1985-1986 аудан депутаты, Динасилов Марат, Бахридинов Манах, Елібаев Тұңғышбай, Байташов Елтай, Елібаев Көркембай, Тоғабаев Қалдыбай да халық қалаулылары болған.

Сапарбек ТАШИМБАЕВ

1923 жылы Қызылқұм ауданы, Шардара өңірінде туған.

Мектепте 7 сыныптық білім алып, елдегі іске белсене араласып кетеді. Алғашқы кезде қарапайым жұмысшыдан бастап, «Гагарин» ауылының өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосып, ауыл бригадирі қызметін атқарады. Ақжайлау ауылының негізін қалаған кісілердің бірі.





Сапарбай АХАНОВ

03.05.1939 жылы Мақтаарал ауданы, III Интернационал ұжымшарында дүниеге келген.

1963 жылдан бастап «XX партсъезд» кеңшарының №2 бөлімшесінде механизатор болып жұмыс істеген. Бірнеше рет еңбектегі жоғарғы көрсеткіштері үшін мақтау қағаздарымен марапатталған. Қызылқұм ауылының өркендеуіне үлкен үлес қоса білді. Ұзақ жылдардағы қажырлы еңбегі үшін 1972 жылы 13-ші желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің үкімімен «Ленин» орденімен марапатталған.



Мыңжасар САЗОВ

1955 жылы туған.
Мамандығы – тракторист.

*Шамшидин
ШЫЛМЫРЗАЕВ*

1963 жылдан
1996 жылға дейін
тракторист,
бригадир механигі,
бөлімше механигі,
мақта бригадирі
болып қызмет
атқарды. Елге еткен

еңбегі еленіп, бірнеше мақтау қағазы мен алғыс хаттармен марапатталған.



Қызылқұл БАЙТБАЕВА



1959 жылы орта шаруа отбасында дүниеге келген. 1966 жылы А.С.Пушкин мектебіне қабылданып, оны 1976 жылы бітіріп шығады. Жастайынан әкеден жетім қалып, аурушаң ана мен бауырын бағу міндеті жүктелген. Мектеп бітірген жылдан бастап ауылдағы еңбекке араласып, тракторлық курсты оқып, 1977 жылдан бастап осы мамандық бойынша жұмыс істеген. Еңбегі еленіп, ауылдық кеңестің депутаты болған.

ҚОСҚҰДЫҚ

«Қосқұдық» ауылының іргетасы 1931 жылы Сыр бойындағы Шардара өңірінде қаланған. Алғашқыда К.Ворошилов атындағы серіктестік болып құрылып, оны Сейітбек Сарымолдаев басқарған. 1934 жылы бұл серіктестік ұжымшар болып қайта құрылды. Кейінгі жылдарда ұжымшарға Пайзілда Мәженов және Украм Әбуов жетекшілік еткен. Ауылдың өркендеуіне Биғара Жұмабаев, Махым Қалдарбеков, Ердехан Қосаев, Әділбек Бөрібеков, Апсалиев Атабек, Спанов Қырғызбай, Сәмен Доспанов, Шірінбек Сариев, Махан Жұмабеков, Жұмаділла Баймұрзаевтар өз үлестерін қосты. Ауыл тұрғындары Мәдін, Әубәкір, Омар Сариевтер, Әбуов, Жасұзақ Медетов, Барысбек Қалымбетовтер майданға аттанып елге қайтып оралмады.

Әйелдерден шыққан механизаторлар: Ұ.Қосаева, К.Жорабекова. Сушылар: Тайдын Байташева, Бибі Абуова. Аға шопан Ілес Мырзалиев «Ленин» орденімен, қой ферма меңгерушісі Шолпан Нұржанова «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

Соғыстан кейін, яғни 1948 жылы «Ворошилов» ұжымшары жаңа жерге қоныс аударып, оны 1956 жылға дейін Ағман Қалдарбеков басқарды. Алғашқы жылдарда қол күшімен кетпен, күрек және зембілмен су жүйелерді қазуға П.Мәменов, Ш.Барбеков, И.Биназаров және К.Жорабекова атсалысқан.

1956 жылы бұл ұжымшар «XX партсъезд» кеңшарындағы №2 бөлімшенің құрамына енгізілді. Сол кездерде ондағы бригадаға басшылық еткен азаматтар: Көпжасар Жиенбеков, Ешенбай Дандибаев, Ергеш Бекбаев, Адине Болатов, Дәуренбек Құлтаев, Сапарбай Ердеханов. Бригада көмекшісі Абдеш Тілеубаев, Сарсеналы Бекбауов және Нұржау Танабаев..

Механизаторлар арасында Тұйғынбек Құлтаев, Әлмұрат Шуленов, Ешенбай Дәндібаев, Әндешбай Дәндібаев,

Шадыман Нұртаев, Өлайдар Ділдәбеков, Избархан Көбекбаев, Жақсылық Жорабеков, Пердебай Сазов, Мұхтар Ауелбеков, Қараман Ауелбеков, Дәуренбек Құлтаев, Сәрсеналы Бекбауов, Әбілда Спанов, Анафия Спанов, Тұралы Жұмабеков, Нұралы, Асан Спановтар жақсы жұмыс істеді. Ал механизатор Бейсенбай Жұмадиллаев көрсеткен еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Сондай-ақ, бригадада еңселі еңбек еткен жұмысшылар Байдәулет Дүйсенбиев, Жаппар Серікбаев, Әбдіхадыр Сүлейменов, Құралбай Қоғабаяев, Серікбай Сапақбаев, Ермекбай Қанжігітов, Тұрдықұл Тайғараев, Көпжасар Құлмырзаев, Әбдіәшім Пахирдинов, Қыздарбек Аметов, Д.Бекмырзаева, Шоманова, Жанат Қоғабаяева, Т.Носорова, атшылар Молдалы Бекмурзаев, Азамат Кубиев, Бексейіт Өтешовтер, сонымен қатар Жұбат Елубаев, Әбілхан Әуелбеков, Темір Әкімбеков, Бекмырза Бекбауов, Молдалы Бекбауов, Ердехан Қосаев, Ергеш Қосаев, Дүрия Қанжігітова, Махмуда Сапарова, Данияр Биташов, Бибі Боқашева, Бибі Бекбаева және Өлмес Бекбаевалар болды. Алдымен бригадада жұмысшы, кейін механизатор болған Ұлман Молдалиева қажырлы еңбегінің арқасында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. 1996 жылы бөлімше таратылғанда «Ағман-ата» атындағы кооператив құрылып, оған 1999 жылға дейін Ендібай Артықбаев, кейін Құралбек Биғараев басшылық етті. Қосқұдық ауылынан шыққан бір топ ұстаздар: Қызданай Бекжанова, Сатыбалды Махимов, Нәзгүл Мыңбаева, Кулшара Абилдаева, Сәндігүл Спатаева және Майра Алтуреева.

Ширинбек САРЫҰЛЫ
(1925ж.-2002 ж.)



1923 жылы 3-ші наурыз күні қазіргі Шардара ауданына қарасты Шардара ауылында туған.

1941-1943 жылдары екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, елін қорғауда өзінің бар күш-жігерін салады. 1943 жылы қараша айында ауыр жарақат алып, елге оралған. 1944-1955 жылдары ұжымшарда есепші болған. 1956 жылдың 26-шы наурызынан бастап ХХ партсъезд кеңшарының №2 бөлімшесінде аға есепші болып жұмыс істеді. Сонымен қатар

1956-1979 жылдары бөлімшенің парторг қызметін атқарды. 1986 жылдың 3-ші қазанында зейнетке шықты. Қазіргі Қызылқұм ауылдық округінде Қосқұдық ауылында 45 жыл аға есепші болып қызмет атқарған. Ұлы Отан соғысының ардагері, бірнеше медалдардың иегері, бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталған.

Сүдетіллә ӨСТЕНОВ

1947 жылы 18-ші тамызда Қызылқұм ауданында шаруа отбасында дүниеге келген.

А.С.Пушкин орта мектебінде 10 сыныптық білім алып, 1963 жылы Ильич қалашығындағы агромеханикалық техникумында «Техник-механик» мамандығын 1968 жылы бітірген. Содан соң ХХ парсъезд кеңшарындағы №3 бөлімшенің, кейіннен №2 бөлімшенің механигі қызметін абыроймен атқарды. 1996 жылы кеңшар тарағаннан кейін «Қызылту» кооперативінде



«жөндеу механигі» қызметін 1999 жылға дейін атқарды. Еңселі еңбегі ескеріліп, бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталған. Жұбайы Баян Өстенова екеуі 7 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан бүгінде 20 немере, 3 шөбере өсіп жатыр. Сүдетіллә Өстенов 2007 жылы 9-шы тамыз күні дүниеден озды.

ЕҢБЕККЕ ЕРТЕ АРАЛАСТЫҚ



1948 жылы біздің ауыл ескі Қызылқұмнан көшіп келіп, Киров каналы бойында «Ворошилов» атындағы колхозға орналасты. Бастауыш мектепті осы елді мекенде бітірген соң, каналдың қарсы бетінде Еңбекші ауылындағы А.С.Пушкин атындағы орталау мектептің 7 класын тамамдап, ауылдан 6 шақырымдай қашықтықта орналасқан В.И.Ленин орта мектебінде білім алуды жалғастырдық. Ауылдан мектепке бару қиын болды: автожолға асфальт түгілі тас төселмеген, мектепке жету канал іргесайымен екеуара, туған ағам Шадман екеуміз ескі велосипедке мінгесіп баратынбыз.

Сол кездегі Ленин орта мектебінде тамаша ұстаздардан: мектеп директоры М.Х.Асылбеков (болашақ ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі), оқу ісінің меңгерушісі Е.А.Ағманов (кейін Шымкент пединститутының профессоры, проректор, декан, кафедра меңгерушісі), О.В.Шваршевская, математик О.Әшірбаев, тіл пәндерінен Ү.Б.Баязитова, М.С.Асылбекова, химик И.А.Солодухина, т.с.с, тәлім-тәрбие алдық. Соның арқасында 1958 жылы терең тиянақты орта білім иесі атандық.

Әкеміз Нұртай Нөсеров қойшы болған. 1942 жылы менің дүниеге келгеніме 3 айлық кезде екінші дүниежүзілік соғысқа әскерге шақырылып, 1944жылдың күзінде жауынгерлік ерлікпен майданда қаза болыпты. Әкеміздің майдандағы жолын іздеп, 2015 жылы КСРО Қорғаныс Министрлігінің Орталық архивінен (ЦАМО, Подольск қаласы) тауып, Шымкент қаласында орналасқан Мемориалдық тақтаға атын ойдырып жаздырдық. Отбасымыздың тірегі әкеміз болмағандықтан 6 жастан анамызға көмектесіп, қара жұмыстарға ерте араласуға тура келді. Басқа ешқандай мүмкіндік болған жоқ: колхоздың жалғыз шешеме еңбеккүнге беретін азығы отбасындағы 4 жанға (әже, анам, ағам, мен) зорға күнкөріске жетер-жетпес болатын. Есік алдында жануарлар: сауын сиыры, есек, ит ғана болды ғой.

Осылай соғыстан кейінгі ел өмірін біздің жанұя да кешіп жаттық. Тек әжем ғана баласының (Нұртайдың) өлгеніне сенген жоқ: «Ол өлуі мүмкін емес, ешкімге жамандық жасаған жоқ, қойдың соңында жүргені болмаса?!» - Сен ағаң екеуің әкелеріңнің екі көзіңдер, ешкімнің ала жібін аттамаңдар» - деп ұдайы ескертіп отыратын. Ия, біз әжем мен анамызды тындадық, бар күшімізді, уақытымызды білім алуға, үй шаруасына болысуға жұмсадық. Шәкен 1956 жылы, ал мен 1958 жылы орта мектепті үздік бітіріп шықтық. Қалаға жоғарғы оқуға барып түсуге жол қаражатымыз болмай, елде қалдық. Одан жаман болғанымыз жоқ. Шәкен – Қазақстанда мақта теретін тұңғыш комбайыншы, үлкен абыройлы мақта шаруашылығы өндірісінің



даму тарихында қалса, мен буыны бекіген жұмысшы-механизатор болып қалыптастым ғой.

1960 жылы анам мен ағам маған Алматыға барып, жоғары білім алу қажеттігін айтты. Қаржы жолға тапшы, автобус Ташкенттен жүреді, поездбен жүру жайлы хабарсызбын. Ескі чемоданға негізгі оқулықтарды, киім-кешегімді салып алып жолға шықтық, қасымда кластасым Әжіхан Бакиров бар. Сонымен, қинала 2 күн ішінде аңсаған Алматыға да жеттік-ау. Бірінші күні вокзалда қонып, екінші күні Қазақ ауылшаруашылық институтына оқуға құжат тапсырған соң, Коперник көшесі 90-үйде орналасқан студенттердің жатақханасының темір торлы төсегіне жатып шықтық.

Институтта математика (жазбаша, ауызша), физика (ауызша), орыс тілі (диктант) емтихандарын тапсырдым. Осы орайда, орта мектепте

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

оқытқан ұстаздарыма мың алғыс айтамын, солардың арқасында білім сынынан сүрінбедік. Жастарға айтарым: «Естерінде болсын, тиянақты білім мектеп қабырғасында қалыптасады!».

Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтының механика факультетінде орысша оқу оңай болған жоқ. 1965 жылдың желтоқсан айында оны да үздік дипломмен бітірген соң, Мемлекеттік комиссия шешімімен 176 түлектің ішінен мені ғана институтта ғылыми-педагогикалық қызмет атқаруға шешім шықты. Сонымен, алғаш рет Оңтүстіктің мақталы 5 ауданынан Алматыда Еңбек Қызылту орденді ауылшаруашылық институтында жас оқытушы болып қызметті бастадым. Ол кезде, яғни 70 жылдары көптеген ел ағалары: Асан Піләлов, Саттар Мұратов, облысполкомның 1-ші орынбасары Шарамко, Жетісай ауданының 1-ші хатшысы Котенко, т.с.с, мен дәріс берген ағалар біздің институтта сырттай оқып білім алды, кейіннен де жас маман-басшылар дайындауға үлес қосқаныма ризамын.

Осы ойларды егжей-тегжейлі жазып отырғаным - Алматыда алған білімім Ленинградта ғылым жолында өсуіме негіз болғаны рас. Міне бүгінгі таңда 30-ға жуық ғылым кандидаттарын, оның 7-уі ғылым докторы болуы осы айтылғандардың дәлелі емес пе? Менің Халықаралық, республикалық басылымдарда 530-дан астам ғылыми-тәжірибелік еңбектерім, оның ішінде 42 өнертапқыштық патенттер мен авторлық куәліктері, ТМД және Қазақстан ЖОО-ы магистранттары, докторанттары үшін 23 оқулық мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді.

Туған елдің топырағы мен Сырдың суының құдіреті күшті ғой, бір адамға тиесілі сый-құрметке иемін: менде мемлекеттік марапаттың бәрі бар, 5 ұл-қыздың әкесі, 10 немеренің атасымын. Осының бәріне С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры, жұбайым Құрманкүл Сәлиқызы Нұртаеваның қатысуымен жетіп, туған елге қызмет етудемін.

Шаншар НҰРТАЕВ,

*ҚазҰАУ-і «Аграрлық техника және технологиялар»
кафедрасының профессоры, «ҚР Білім беру ісінің үздігі»,
«ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы -2010» грантының иегері,
Халықаралық педагогикалық білім беру
Ғылым академиясының академигі*

ҚЫЗЫЛТУ

1928 жылдың аяғында «Қосшы» шаруашылық одағынан «Көпшілік» және «Қызылту» артелдері бөлініп шыққан. Ал, 1934 жылы «Қызылту» артелі ұжымшар болып қайта құрылады да, оның алғашқы басқарма бастығы болып Қындыбай Ақжігітов сайланған. Бұдан кейінгі басшылары Әбдікерім Айдарбеков, Сәкен Омаров және Датқа Байзақов болды.

1948 жылы Шардара өңірінен «Бағараға», яғни жаңа жерді игеруге көшірілген 10 ұжымшардың ішінде «Қызылту» да әзіргі қоныстанған жерге көшіп келді. Аталмыш ұжымшарды бұл жақта Құлбек Қосмұратов басқарды, ал Бибі Мұратханқызы Темирова ауылдық кеңестің төрайымы болған. «Қызылту» ауылының азаматы Әжіхан Есқараев жастайынан еңбекке араласып, механизатор, мақта бригадирі болып, еткен еңбегінің арқасында «Социалистік Еңбек Ері» атағын алды. ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты және де КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ленин орденінің иегері атанды.

1956 жылы 10 ұжымшар бірігіп, XX парьсезд кеңшары құрылғанда №2 бөлімшеге біріккен 3 ұжымшардың бірі «Қызылту» ауылы бір бригадаға айналады. Сол кездерде бригадаға басшылық еткен азаматтар: Мамыр Тастанбеков, Өмірбек Әдебаев, Байноғай Пахриддинов, Айтбай Қараев, Ермек Басымбеков, Келдібек Әліпбаев, Өлмесбек Әдебаев, Бақытжан Басымбеков және Мейрамбек Тұрлыбеков. Бригада көмекшісі болғандар: Қосмұратов, Н.Қонтаев.

Ауыл экономикасының көтерілуіне айрықша үлес қосқан еңбек ардагерлері: Сейітқұл Әбдіқадыров, Бөрікұл Самуратов, Өмір Жиенбаев, Салиха Жиенбаева, Орал Ерімбетов, Таласбек Омаршаев, Қалмахан, Ақарбек Ахарбеков, Сапарбек Қосмұратов, Анарбек, Бибішай Қосмұратова, Бибі Көпесова, Әнафия Тұрлыбекова, Шырай Батаева, механизаторлар Қазақбай Әдебаев, Шымыр Сериков, Жақып Шындалиев, Нақып Шындалиев, Жолдасбек Сейтқұлов, Батан Әдебаев, Бақтыбек Шындалиев, Еңбек Садібеков, Жұмахан Сериков,

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Сүлеймен Қараев, Есенғали Әдебаев, Қажымұхан Ахарбеков, Нұрмахан Сериков, Нұрмахан Сейткулов, сушы, жұмысшылар Шахан Әліпбаева, Ү.Жұмашева, Ұлдықыз Серікова, Айсұлу Сүгірбаева.

«Қызылту» ауылынан шыққан бір топ ұстаздар қауымы: А.С.Пушкин орта мектебінің директоры Әкімбек Өскенов, ұстаздар Топбасы Әліпбаев, Ермек Басымбеков, Молдасейіт Бөріқұлов, Ұлболсын, Аманқұл Ешмұрзаев, Айсұлу Сахаева.

Қазақша күрестен, самбодан, дзюдодан спорт шебері, Алматыдағы Әскери академияда жекпе-жек өнерінен сабақ беретін полковник шеніндегі Нұрғалым Темиров пен Ауыл шаруашылығы саласы бойынша ғылым докторын қорғаған Қарлыға Қараева Оспанқызы ауылымыздың мақтаныштары. Сондай-ақ, Сарыағаш ауданы МРЭО-ның бастығы, полиция майоры Нұркен Сериков солардың қатарында.

1996 жылы біз сөз еткен бөлімше таратылып, әр отбасына жерден, мүліктен үлес пайлары бөлініп беріліп кооперативтер құрылды, сол кезде кооперативтерге басшылық еткен Есенхан Батаев және Мейрамбек Тұрлыбеков деген азаматтар болды.

Бибі ТЕМИРОВА



1912 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Ащыкөл ауылында дүниеге келген.

Әкесі Мұрат өте бай адам болған екен. Жеті жасында молдадан арабша сабақ алып, сауатын ашқан. 19 жасында Теміров Байназарға тұрмысқа шығады. Соғыс басталысымен Байназар Отан қорғау үшін соғысқа 1939 жылы сұранып кетеді. Тұрмыстың ауыртпашылығын арқалап қана қоймай, соғыс жылдары сол кездегі Қызылқұм ауданының кеңесін басқарады. Тылдағы жұмыстарды ұйымдастырады. Ол

кезде ер-азаматтардың бәрі дерлік соғысқа аттанып кеткен. Сол себепті, жұмысты тек қариялар, әйелдер мен балалар атқарған екен. Егін егіп, мал өсіріп, содан алынған өнімді тек соғысқа аттандырып отырған. Тылдағы ерен еңбегі үшін КСРО Орталық Комитетінің бірнеше медальдарымен және мақтау қағаздарымен (И.В.Сталиннің қолы қойылған) марапатталған. Соғыс біткеннен кейін жерді мелиорациялау жұмыстары қолға алынады. 1942 жылдан бастап Киров каналы қазылып, 1948 жылы бірінші рет су жүреді. Сол жылдары Бибі Темірова, Қалпыш Әбдірашева, Зия Ақжігітова, Сұлхан Тансықбаева және Хадиша Жолымбетова деген азаматшалар бірігіп, канал қазу жұмыстарын белсене атқарады. Бұларды халық арасында “Бес нар” деп атап кеткен. Ол кезде арнайы қазу техникалары жоқ болған, каналды қолдағы бар құралдармен (күрек, кеппен, қайла, т.б.) қазған. Қазылған топырақты зембілге, қанарға, қапқа салып жоғарыға арқалап шығарған. Аға толқынның айтуына қарағанда Ұлы Отан соғысы жылдары Қызылқұмға даңқты балуан ағамыз Қажымұқан Мұңайтпасов келіпті. Сөйтіп цирк өнерін көрсетіп, майданға аттандыратын ұшаққа қаржы жинап жүрген екен. Лом темірді мойнына бұрап майыстырып галстук етіп, қайтадан кері қарай майыстырып шешіпті. Арқасына жатып, үстінен ХТЗ тракторын өткізген, т.б. өнерімен халықты тәнті еткен.

Бибі Темірова көп жылдар елімізге адал қызмет етіп, еңбек демалысына шыққан. 1993 жылы 27 сәуірде 81 жасында дүниеден өтті.

Қалпыш ӘБДІРАШОВА

1912 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданында дүниеге келген.


Он жеті жасында, яғни 1929 жылы Мыңбай деген азаматпен отау құрады. Соғыс басталысымен Мыңбай әскерге аттанып кетіп, содан оралмаған. Тұрмыстың ауыртпашылығы Қалпыш анамыздың мойнына түскен. Ол кісі бұған мұқалған жоқ, керісінше қайрағтанып, қуаттанып таңнан кешке дейін еңбек етеді. Соғыс жылдары тылдағы жұмыстарды белсене атқарады. Сол кезде жұмыс істейтін он шақты

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

ғана адам болған екен, қалғандары шал-кемпірлер мен бала-шаға. Тылдағы ерен еңбегі үшін КСРО Орталық Комитетінің бірнеше медальдарымен және мақтау қағаздарымен (И.В.Сталиннің қолы қойылған) марапатталған. Канал қазу жұмыстарына қатысқан ауылдағы бес әйелдің, яғни «Бес нардың» бірі осы кісі.

Қалпыш Әбдірашова да көп жылдар елімізге адал еңбек еткен. 1997 жылы 11-ші ақпанда 85 жасында дүниеден өтті.

Құдайберген НАРБЕКОВ



1921 жылы 10-шы қаңтарда Мақтаарал ауданында шаруа отбасында дүниеге келген.

Әкесі Нарбек өте мықты, атағы осы атырапқа жайылған үлкен молда болған екен. 1940 жылы әскер қатарына шақырылып, елдің шекара күзетінде әскери борышын өтеу кезінде фашистік Германияға қарсы соғыс басталып кетеді. Содан Жапонияға қарсы соғыста 2-ші Қиыр Шығыс майданында, Қызыл тулы атқыштар дивизиясының 75-ші бөлек танкке қарсы дивизионында артиллерист жауынгер болған. Сунгари өзені жағалауында Харбин бағытында және Жапон соғысында манчжурияны азат етуге қатысқан. Хайлархе, Мугдин, порт Артур қалаларын азат етуге де қатысып, «Жапонияны жеңгені үшін» және басқа да медальдармен марапатталған.

1946 жылы елге оралып, сол уақыттан бастап ұжымшардың түрлі салаларында тракторшы, комбайнер, ұста, ара бағушы (пчеловод) болып үлгілі еңбек етті.

Жеке өзінің ұстаханалық шеберханасы болып, темірден түйін түйген ұста адам болған. Аудан Жызақ облысы, Фарыш ауданына қараған уақытта ара бағушылардың меңгерушісі болып қызмет істеп, 1981 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Зейнетке шыққан кезде ел игілігін көрсін деген мақсатта өзі құрастырып дайындаған дәнекерлейтін қондырғысы бар тракторын кеңшар бөлімшесіне тегін өткізген жаны жайсаң, жомарт жан болатын. Отбасында 5 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірген. 1983 жылы 15-ші маусымда дүниеден озды.

Топбасы ӘЛПБАЕВ

1924 жылы наурызда ОҚО, бұрынғы Қызылқұм ауданындағы (қазіргі Шардара ауданы) «Қазақстан 50 жылдығы» кеңшарының «Қауыншы тоғай» деген жерінде шаруа отбасында дүниеге келген.

1931 жылы наурызда оның отбасы Қызылқұм ауданының орталығы Шардара ауылындағы «Қызылту» ұжымшарына көшіп келіп, мұндағы шаруашылыққа мүше болады. Онда ұжымшардың қойын баққан. Небәрі 7 жастағы Топбасы әкесіне жәрдемдесіп, мектепте оқи алмайды. Дегенмен, жастайынан зерек, сезімтал, ақынжанды болған. 1938-1939 жылдары сол зеректігінің арқасында бірден 3 сыныпқа қабылданып, жарты жылдан кейін 4 сыныпқа көшірілді. 1939-1940 оқу жылында мектеп бағдарламасын жақсы меңгергендіктен 5 сыныпқа көшірілді. 1941-1942 оқу жылында 6-7 сыныпты 1 жылда бітірген.

1941 жылы маусымда екінші дүниежүзілік соғысқа баруға өзі сұранған. Жасы жетпегендіктен 1943 жылы ақпан айында майданға аттанды. Ашхабатағы танкистер дайындайтын училищеде оқып, әскери жүргізуші қызметін Польша, Венгрия және Австрия жерлерінде қару-жарақ, дәрі-дәрмек және тұтқындарды тасымалдау жұмысын атқарды. 1944 жылы КСРО шекарасын азат ету жорығына қатысты. 1945 жылы Германияның шығыс, оңтүстік аймақтарындағы «айрықша тапсырмаларды» орындау жұмыстарымен айналысты. Соғыс біткеннен кейін де Германияның совет зонасында тәртіп сақтау және бақылау жұмыстарымен айналысқан. 1947 жылы Тәжікстанның Ходжент Конибадам таулы аудандарындағы мақтаны зауытқа тасу жұмыстарына араласқан. 1948 жылы Ташкенттегі машина жөндеу зауытында жұмыс жасап, ал жаз айында елге оралды. Сол жылы Шымкенттегі білім жетілдіру институтының жанынан ашылған дене тәрбиесін ұйымдастыру курсына түсіп, 1949 жылдың ақпан айынан бастап А.С.Пушкин мектебіне орналасты. 1949 жылы тамыз айында отбасын құрып, 1950 жылы Түркістан педагогикалық училищесіне оқуға түсті. 1952 жылы оны қызыл дипломмен аяқтап ұстаздық жолды бастауыш сынып мұғалімі болып жалғастырды. 1956 жылы Шардара орталау мектебінің директоры болып ауысты. Елдің қоныс аударуына баланысты Киров ауданының Энгельс мектебіне неміс тілінің маманы болып жұмыс істеді. 1963 жылы А.С.Пушкин



мектебінде неміс тілі пәнінің және бастауыш сынып мұғалімі ретінде қабылданып, 1985 жылы құрметті демалысқа шыққанша қызмет атқарды. Осы жылдар арасында облыстық білім жетілдіру институтының штаттан тыс лекторы ретінде бастауыш сыныпты оқыту әдістемесін облыс мұғалімдеріне оқытумен де айналысты, мектепте өлкетану мұражайын ұйымдастырды, өлкетану жастар тобын құрып, елдегі белгілі мұражайлармен қасиетті жерлерге туристік саяхаттар ұйымдастырып, этнографиялық мәліметтер жинаумен де шұғылданды. 1980 жылы ҚР білім үздігі төс белгісімен марапатталды. Ұлы отан соғысының екінші дәрежелі «1941-1945 жылы Германияны жеңгендігі үшін», «Украинаны азат еткендігі», «Совет армиясының 70 жылдығы», «Совет армиясының 80 жылдығы», «Жуковтың 100 жылдығы», «Соғыс ардагері», «Жеңістің 50 жылдық» және «Жеңістің 60 жылдық» медалдерімен марапатталған.



Шахан ӘБІЛДАЕВА

1931 жылы Шардара ауданы, Арбақалды жерінде аққан суды теріс ағызатын, дұғасы теріс кетпейтін, аузы дуалы Әбілда молданың шаңыраңағында дүниеге келді.

3-4 айлық кезінде анасы дүние салғандықтан әкесі Әбілда молданың ағайын-туысы Нұртазаның жұбайы Мейрамкүл бауырына басып, емізіп өсірген. Әбілда молда араға 3-4 жыл салып Зерекүл деген кісіге үйленген соң, туған ағасы Әбдіғанидан ажыратпаймын деп Шаханды қайта қолына алады. Ағайынды екеуі еңбекке ерте араласып, соғыс жылдарында бидай терген, арық қыршыған және Мірәліқызы Әфиза екеуі құдық қазған. Қазіргі Шардара өңіріндегі бұл құдық «Қызқазған» деген атпен белгілі. 1949 жылы Әліпбаев Топбасыға тұрмысқа шығып, қазіргі «Қызылту» ауылында зейнеткерлікке шыққанша аянбай еңбек етті. Ауылдың барлық жұмысына, яғни арық қыршу, мақта егу, сым тарту, шабық шабу, жегенелеу, мақта шырпу және терім жұмыстарына жыл бойы араласып келді. Кеңшарда ұйымдастырылатын социалистік терімшілер жарысында 300 кг дейін мақта теріп, жүлделі орындарға жетіп, ауылдың атын шығарды. Осындай ауыр еңбек денсаулығына әсер етті. Құдай қосқан қосағы екеуі дүниеге 6 перзентті әкеліп, оларды елден кем қылмай тәрбиелеп өсірді. Бүгінде барлық перзенттері әкешешенің берген өнегелі тәлімімен елге қызмет етіп келеді.

Әкімбек ӨСКЕНОВ

1923 жылы бұрынғы Қызылқұм ауданы «Қазақстанның 50 жылдығы» кеңшарының “Қауыншы тоғай” деген жерінде дүниеге келген.



Ауыл мектебін бітірген соң 1940 жылы Ташкенттегі бір жылдық мұғалімдер даярлайтын курсты тәмамдап, осы жылдың аяғында Қызылқұм ауданындағы “Ленин жолы” орталау мектебіне оқытушы болып орналасқан. Ал, 1942 жылы Қызылқұмдағы орталау мектепке директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне жіберілген. 1942 жылдан бастап “Еңбекші” ұжымшарындағы А.С.Пушкин атындағы орталау мектептің директоры болып тағайындалған. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда майданға аттанған. 1947 жылы ауылға оралып, Пушкин атындағы орта мектепке директор болып қайта тағайындалады. Отыз алты жыл бойы сол мектепті басқарып, жүздеген шәкірттерді тәрбиеледі. Зейнеткерлікке шыққан соң да еңбектен қол үзбей, 1990 жылға дейін сол мектепте тәлімгерлік қызметте болды. Саналы ғұмырының 50 жылдай уақытын ұстаздық жолға арнаған ол Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі атанды. ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен, бірнеше орден және медальдармен марапатталған, екі рет социалистік жарыстың озаты атанған. Жұбайы Ләтипа екеуі сегіз перзент өсіріп, олардан 24 немере, 43 шөбере, 12 шөпшек көрді. Мақтаарал ауданының “Құрметті азаматы” болған абыз қария 90 жастан асқанда, яғни 2011 жылы 23-ші қарашада дүниеден өтті.

Ешназар ДҮЙСЕБАЕВ



1927 жылы Шардара ауданы «Қызылту» ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.

1941 жылы соғыс басталып, елдегі ержеткен азаматтар жаппай соғысқа аттанып, елдегі қалған әйелдер мен бұғанасы қатпаған жеткіншектер ерте еңбекке араласты. Сондай қайнаған өмірдің ішінде әкесінің сол жылдарда өмірден өтуіне байланысты әрі үйдің үлкені

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

болғандықтан бар тауқымет Ешназардың мойнына түсті. Елдегі малды жем-шөппен қамтамасыз ету, одан алынған өнімді халыққа және соғысқа тасымалдау жұмыстарымен бірге Сырдың бергі бетіне алғаш көшіп қоныстанғанда алғашқы механизатор болып жұмыс істеді. 1949 жылы Әбдібекқызы Арзыкүлге үйленіп, дүниеге 7 ұл, 3 қыз әкелді. Елге түскен жас келін Қалбике, Қалпыш, Шахан, Бибішай секілді абысындарымен бірге егістік даласындағы барлық жұмысқа араласты. Ешназар 1953 жылдан 1967 жылға дейін ауыл бригадирі, 1967 жылдан 1987 жылға дейін зейнеткерлік демалысқа шыққанша пошташы қызметін атқарды. 2004 жылы дүниеден озды.

Айтбай ҚАРАЕВ



1929 жылы 12-ші маусымда Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген.

Еңбек жолын Ұлы Отан соғысы жылдарында 11-12 жасында қарапайым жұмысшы болып бастаған. 1948-1957 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданы, Сардан ауылында мәдениет үйінің басшысы болып істеген. 1957-1964 жылдар аралығында Киров ауданы, Мақталы кеңшарында мақта бригадирі болған. 1964-1967 жылдары Киров ауданы, «XX Партсъезд» кеңшарында қарапайым жұмысшы, 1967-1977 жылдар аралығында мақта бригадирі, 1977-1992 жылдары ақ егіс бригадирі болып қызмет атқарған. Жұмыс істеген жылдары Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен және “Еңбек ардагері” медалімен марапатталған. 1992 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққан.

Әжіхан ЕСҚАРАЕВ

Әжіхан Нұрақұлы 1937 жылы бұрынғы Қызылқұм ауданы Куйбышев атындағы ұжымшарда, кейінгі Киров ауданы, «Асықата» агрофирмасында шаруа отбасында дүниеге келді.

Әкесінен жеті жасында жетім қалған Әжіханның балалық шағы Ұлы



Отан соғысының жылдарына тұспа-тұс келіп, өзгелерден бұрын ерте есейіп, еңбек жолын 16 жасынан бастады. 1965-68 жылдары XX партсъезд атындағы кеңшарда еңбек етіп, білікті механизатор, еңбеккер азамат, білгір мақташы, шебер ұйымдастырушы ретінде өзін көрсете білді. 1968 жылдан бастап өмірінің соңғы күніне дейін қазіргі «Асықата» агрофирмасында мақта бригадирі болып еңбек етті. Бұл жылдар Ә.Н.Есқараевтың өмір жолындағы аса жемісті жылдар болды. Ол оңтүстіктің ақ мақтасының даңқын асқақтата көтерді. Оның бригадасының ұжымы осы жылдары ең жоғары көрсеткішке жетіп, гектар байлығын 45 центнерге дейін жеткізді.

Әжіхан Нұрақұлы Есқараев ұзақ жылдар адал еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол 1965 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алған болса, екі рет Ленин ордені, көптеген медальдармен марапатталды. Ол 1978 жылы сегізінші шақырылған бұрынғы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды да, кейінгі жылдары облыстың, ауданның, Кеңестердің бірнеше дүркін депутаты болып сайланды. Республика Компартияның 11,15 съездерінде делегат болып қатысты. Ол еңбектен қол үзбей жүріп жоғары білім алды, Әжіхан Нұрақұлы Есқараев акпейіл, ақкөңіл, бауырмал, ізетті қамқор азамат еді. Адал жар, қамқор әке, қимас бауыр, еңбек сүйгіш те, қарапайым Ә.Н.Есқараевтың бейнесі біздің және оны білетіндер ішінде ұзақ сақталатын болады. Социалистік Еңбек Ері Әжіхан Нұрақұлы Есқараев 53 жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды.

Социалистік Еңбек Ері Әжіхан Есқараевтың қызметіне байланысты қысқаша мәлімет.

1. *Тракторист-машинист болып алдымен МТС-те, кейін кеңшарда істей жүріп, еңбекте жоғары табыстарға жеткені үшін Қазақ ССР Жоғары Советінің 1962 жылғы 5-ақпандағы Жарлық бойынша Республиканың Құрмет грамотасымен марапатталған.*

2. *Кеңшарда тракторист-машинист болып істей жүріп 1960-64 жылдар арасында еңбекте ірі табыстарға жеткені үшін, машинамен мақта теруге маусымдық нормаларды төрт еседен де асыра орындағаны үшін КСРО Жоғары Советінің 1-3-195-65 жылғы жарлығы бойынша оған Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, 8934 нөмірлі Алтын медалімен наградталған. №343150 нөмірлі Ленин Ордені қоса тапсырылған.*

3. *Осы 1965 жыллы ол мақта бригадасының бригадирі болып тағайындалды. Оған 124 гектар мақталық жер бекітілді. Осында*

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

істей жүріп, ол аса ірі өндірістік табыстарға қол жеткізді. Өнім гектарына 53 центнерге дейін жетіп, тіпті ауа-райының қолайсыз жылдарының өзінде әр гектардан 45-46 центнерден мақта жиналды. Осы жағдайда ол 1970 жылы Гүлстан сайлау округі бойынша КСРО Жоғары Советінің Ұлттар кеңесіне депутат болып сайланды.

4. Азаматты 1970 жылы 12 мамырда ВЛКСМ Орталық Комитеті 1974 жылы 29 қарашада Қазақстан Комсомолы өздерінің Құрмет грамоталарымен марапаттады.

5. Қаз ССР Жоғары Советінің 1971 жылы 8 шілдедегі Жарлығы бойынша ол Республиканың Құрмет грамотасымен екінші рет марапатталған.

6. КСРО Жоғары Советі Президенттің 1973 жылы 10 желтоқсандағы Жарлығы бойынша ол тағы да Ленин Орденімен марапатталды.

7. 1973ж 28 желтоқсанда ВЦСПС-нің Құрмет грамотасымен марапатталған.

8. Ол 1963 жылы Сырдария, 1972 жылы Шымкент облыстарының Құрмет грамотасымен марапатталған.

9. Азаматтық есімі 1981 жылы 26 мамырда Қазақстанның Алтын кітабына жазылыпты.

10. Ол кезде бірнеше рет Одақтық көрмеге қатысып, оның дипломдарын, Алтын, Күміс медальдарымен, басқа да сый-сияпаттарын алған.

11. Кезінде ол бірнеше рет бұрынғы Киров аудандық Партия комитетінің құрамына, аудандық советтің депутаттығына сайланған.

Қанипа АФМАНОВА

1938 жылы 9-шы ақпанда Шардара ауданының МТС-інде дүниеге келген.

1956 жылы желтоқсан айында Байбақ Ағмановқа тұрмысқа шығып, 1957 жылдан кеңшардың жұмысына араласып, еңбек ардагері атанды. Дүниеге 13 ұрпақ әкелді, 7 ұл мен 6 қыз. Бүгінде олардан 45 немере, 10 шөбере, 2 шөпшек өсіп-өніп жатыр. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қарап отырмай ол ұлттық бұйымдарды, киіз басу, кілем, алаша тоқу жұмыстарын тоқтатпай ұлттық өнерімізді жастарға насихаттап, өз үлесін қосып келеді.

Нұрғалым ТЕМІРОВ

1965 жылы 18-ші тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында дүниеге келген.

1972-1982 жылдары №29 А.С.Пушкин атындағы орта мектепті үздік бітірген. 1982-1987 жылдары Қазақтың ауылшаруашылық институтын «Инженер-механик» мамандығы бойынша, 1992-1997 жылдары Қазақтың дене тәрбиелеу мәдениеті институтын «Дене тәрбиесінен оқытушы, спорттан жаттықтырушы» мамандығы бойынша үздік бітірген. 1998-2000 жылдары Қазақтың спорт және туризм академиясының аспирантурасын аяқтаған.



Еңбек жолын 1987 жылы Алматы облысында Іле ауданаралық жөндеу-қызмет көрсету мекемесінде инженер-дефектовщик болып бастаған. 1988-1992 жылдары Шымкент облысы, Киров ауданы, ХХ партсъезд кеңшарында бригадирдің көмекшісі, бригадир, аға инженер-механик қызметтерін атқарған. 1992 жылы Алматы қаласындағы Республикалық студенттер Қорында коммерциялық директор лауазымында қызмет істеген.

1993 жылдан бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы Академиясының Әскери және арнайы дайындық кафедрасында оқытушы, Жауынгерлік және дене шынықтыру дайындығы кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, кафедра бастығының орынбасары лауазымдарында қызмет атқарған. Шені - полиция полковнигі. Ғылыми жұмыстармен де айналысады. Алты оқу құралдарын, жиырмадан астам ғылыми мақалаларын шығарған. 2013 жылы «Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алған. Қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін «ПМ үздік қызметі үшін» кеудеге тағатын белгімен «Қазақстан полициясына 20 жыл!» медалімен және Дүниежүзілік қазақ күресі Федерациясының алтын медалімен марапатталған.

2000-2008 жылдары самбодан Алматы қаласы құрама командасының бас жаттықтырушысы болған, алты халықаралық

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

дәрежедегі спорт шеберлерін, жиырма алты спорт шеберін дайындаған. 2002 жылдан бері Алматы қаласы САМБО Федерациясының Вице-Президенті, Президенті қызметтерін атқарады.

Спорттық жетістіктері: *Қазақ күресінен Қ.Мұңайтпасов атындағы Республикалық турнирдің қола жүлдегері* (1986 ж. Жезқазған обл.), *М.Тәжімбетов атындағы Республикалық турнирдің екі дүркін күміс жүлдегері* (1988, 1990 ж. Кентау қ.), *Қазақ ССР-інің Чемпионы* (1988 ж. Павлодар обл.). *Самбо күресінен Бүкілодақтық турнирдің күміс жүлдегері* (1985 ж. Алматы қ.), *Қазақстан Республикасының қола жүлдегері* (1996 ж. Орал қ.), *спорт шеберлері арасында Қазақстан Республикасының алты дүркін чемпионы* (2000 ж. Орал қ., 2001 ж. Орал қ., 2004 ж. Семей қ., 2008 ж. Алматы қ., 2016 ж. Түркістан қ., 2017 ж. Түркістан қ.). *Әлем Чемпионатының үш дүркін жүлдегері* (қола медаль 2004 ж. Тәжікстан, Тұрсынзаде қ., қола медаль 2012 ж. Марокко, Касабланка қ., күміс медал 2017 ж. Греция, Халкидики қ.). *Дзюдо күресінен Дүниежүзілік полиция ойындарының қола жүлдегері* (1998 ж. Иран, Тегеран қ.).

Қазір Алматы қаласында тұрады.

Кешегі сурет – бүгінгі тарих (3)



МОЛШЫЛЫҚ

«Молшылық» ауылының тарихы Сыр бойындағы Шардара өңірінде 1930 жылы құрылған «Ленин жолы» серіктестігінен бастау алады. Алғашқы төрағасы Нұрбек (тегі есте қалмаған) деген кісі болған. Серіктестікке алғашқы мүше болғандар: Сары Бекназаров, Әпсалы Әлушиев, Жәнібек Бөрібеков, Нақымбудан Сапаров, Данияр Биташев т.б. Ұжымшар болып құрылған жылы оны 1945-1951 жылдары З.Момбеков басқарған. Сонымен бірге онда ферма меңгерушісі С.Қойбағаров, бригадирлер Әбілхайыр Иманбердиев, С.Қойбағаров, жұмысшылар З.Байташев, ағайынды Жиренбай, Кеттебек Тастанбековтер, С.Құдайбергеновтер еңбек еткен. 1948 жылы «Бағараға» қоныс аударған ұжымшарлардың арасында келіп қазіргі «Молшылық» ауылына қоныстанған. 1956 жылы ХХ партсъезд кеңшарындағы №2 бөлімшенің құрамына кіріп, бір бригадасына айналады. Сол кездерде бригадаға басшылық еткен азаматтар Әбілхайыр Иманбердиев, Тұрғанбек Жұмабаев, Оңласын, Блашев Тастемір, Ұлбала Сатынбековалар болды. Бригада көмекшісі Әмзбек Мұстафаев болған. Бригаданың мақта, жүгері, жоңышқа т.б егістіктерінде аянбай еңбек еткен кісілер Тәліп Бабақов, Ноғайбай Айтишев, Пайзхан Артықов бөлімшеде аға механик болды. Тұрғанбек Жұмабаев, Құдайберген Бердиев, Кенже Өтенова, Өстемір Блашев, Пердебай Айтишев, Мүталі Битемиров, Орынбек Молдабеков, Ниятулла Белходжаев, Нәсім Мұстафаев, Қуаныш Айтишев, Қуаныш Бердив, Көпжасар Сазов, Елібай Жұмабаев, Құдайберген Талипов, Шынай Блашев, Сүйіндік Әшірбеков, Құдайберген Айтишев. 1959 жылы құрылған Ю.Гагарин атындағы, кейін «Ақжайлау» ауылы болып өзгертілген ауыл өз алдына бөлімшенің бір бригадасы болған. Ол бригадаға Сапарбек Тәшімбаев басшылық етті. Бригада көмекшісі Қыдырбай Елібаев. Сол жылдары механизатор Сапарбай Аханов еткен еңбегінің арқасында ВДНХ-ның алтын медалін және «Москвич»

автокөлігін алған, Ленин орденімен марапатталған жан. Сондай-ақ, Әділ Есімов, Тасыбек Динасилов, Омар Байташов, Арымбек Ташімбаев өз еңбектерімен көпке үлгі болған. Механизаторлар Орынбек Тоғабаев, Пердебай Алиханов, Қызылқұл Байтбаева, Бибі Нұржанова, Т.Елібаев, Елтай Байташев, Әзберген Есқараев, Көмекбай Елібаев аянбай еңбек етті. Жұмысшылар: Мыңжасар Сазов, Дәулет Динасилов, Шынжігіт Нұрбаев. Кейін бригадаға Сүндет Сазов басшылық етті. Ұстаз Парман Спатаев. Жаңадан игерілген 120 гектар мақталық жерге Шәмші Шылмырзаев басшылық етті.

«Қызылту», «Ворашилов», «Ленин жолы» ұжымшарынан кеңшардың екінші бөлімшесі құрылғанда оны алғашқы болып Жолдықараев деген кісі басқарып, шаруашылықтың қалыптасуына көп еңбек сіңірген. Одан кейін бөлімшені басқарған азаматтар Мамбеталиев Дүйсенәлі, Ерімбетов Токсанбай, Мырзамұратов Құралбай, Жұмашев Бертай, Серікбаев Орынбасар, Қосмұратов Сапарбек, Артықбаев Ендібайлар болды. Бөлімшені кеңшар тарағанша 1987 жылдан 1996 жылға дейін Ендібай Артықбаев басқарды. Бөлімшенің аға агрономдары: Ешметов Амантай, Жұмашев Бертай, Наржанов Орынбек, Батаев Есенхан, Құлтаев Құттыбек. Аға есепшілер: Сариев Шырынбек, Данияров Тұрдыбай, Исабеков Базаралы. Есепшілер: Тайғараев Әбді, Смайлов Кәдірқұл, Смайлов Әліпбай, Қамбарова Қалдықыз, Сариев Тасмахамбет. Аға механиктер: Шералы, Артықов Пайызхан, Артықбаев Ендібай, Шылмұрзаев Шәмші, Устенов Сүндетұлла, Сериков Жұмахан. Жөндеу механиктері: Ділдәбеков Алейдар, Белхожаев Ниятулла, Бекбауов Сәрсенәлі, Устенов Сүндетулла. Жоңышқа бригадирлері: Темиров Нұрғалым, Қанжігітов Паттай жұмыс істеді. Шаруашылық меңгерушісі Мақмұратов Мырза пен Исабеков Қалмахан болды. Құрылыс бригадирлері болып Битеміров Мүтәлі, Сметов Базарбай, Бабаев Досхан, Тұрлыбаев Мейрамбек, Мыңбаев Түймехандар жұмыс істеді.

№3 БӨЛІМШЕ

ЕҢБЕКШІ

Кімге болса да, балалық шағы мен жігіттік дәурені өткен ауылға жер жетпесе керек. Ол шөл дала, орман-тоғай, тау-тасты немесе өзен сулы жер болсын, бәрі өзіне аса қымбат.

Туған жердің ауасы мен суы, топырағы, желі, жалпы табиғаты, аунап-қунап ойнаған, тайға мініп жарысқан, суына шомылған, топырағына аунаған жері сондай ыстық көрінеді. Сондықтан, бізге «Еңбекші» ауылындай жер жоқ сияқты. Қазір осында туылып, ержеткен соң қаншама азаматтар еліміздің сан-салалы мамандықтарында істеп, халқына қызмет етіп жүр десензші!..

Енді сөз орайына қарай, бұрынғы Қызылқұм ауданы, соның ішінде «Еңбекші» ұжымшарының құрылуы жайлы айта кетпекшіміз. 1933 жылы Қызылқұм ауданы шаңырақ көтеріп, аудандық партия комитетін басқарған Қадыр Жайлауов деген кісі болған. «Қызылқұм» ауданы бас зоотехнигі Әбдісаттар Әбдіраймов. Шардара өңіріндегі Ұзыната әулие төңірегінде «Еңбекші» серіктестігі құрылған екен. Ал, 1934 жылы ұжымшар болып ұйымдастырылды. Соны Ысабек Маликов басқарған деген дерек бар. Ол серіктестікті басқарған жылдары үлкен жетістіктерге жетіпті, сол үшін екі бұрышына Ленин мен Сталиннің суреттері салынған жоғары марапат-грамотамен құрметтеліпті. (Бұл құжат әліге дейін сақтаулы тұр)

Ысабек Маликов 1935-1939 жылдар аралығында бұрынғы Қызылқұм ауданының соты болып қызмет атқарған. Ал 1940-1947 жылдар арлығында басқа жұмысқа ауысыпты. Кейіннен «Еңбекші» ұжымшарын басқару тізгінін Қоңырбай Әбілдаев және М.Кеттебеков қолына алған.

1948 жылы «Еңбекші» ұжымшары Киров ауданына қоныс аударған. Ол кезде оны Ысабек Маликов басқарса, Қоңырбай Әбілдаев орынбасары болып тағайындалған. Мал шаруашылығын Сейдәзім Молдабеков деген кісі жүргізіпті.

(Полевод) агроном Дархан Сұманов, ауылдық кеңесті Сұлухас Сыдықова, жұмысшылардың кадр бөлімін Әбді Махулбеков басқарған. Есеп-қисап қызметтерін Мухталхан Атамбеков, Абдірахман Мелдешов, Тұрдыбай Данияров, Сұлтанбек Атамбеков, Ақылтай Абдіханов және қойма меңгерушілігін Саттар Ағманов тізгіндеген. 1948-1958 жылдар аралығында бригадир болған кісілер: Шегебай Күздеуов, Шәмші Садықов, Ілияс Қалдарбеков, Тәліпбай Мықтыбеков, Диханбай Нұрсейітов. Трактор айдағандар: Асан Шойбеков, Махамбет Байқоңыров, Жасұзақ Нұржанов, Сейфулла Қожамұратов, Тайыр Медеушеев... Жанаржағармай құюшы Тасқұл Көшекеев және арба айдаушылар Мұт Әбдімүтәлиев, Нұртай Бигелов, Нұрлыбай Данияров, Жарылқап Наханов және май тасушы Ақберді Әбдімүтәлиев, тағы басқалары әртүрлі жұмыстармен айналысқан. Сушылар: Сабыр Молдабеков, Кеттебек Мұстафаев, Алдан Ақылбеков, Қожахмет Жиренбаев, Орынбасар Жанкөбеков.

Жыл соңына қарай өсірілген мақта дақылының өнімін төкпей-шашпай жинап алу үшін мықты әрі стахановшы-терімшілер аса қажет болды. Сонда өзара социалистік жарысқа түсіп, ерен еңбектерімен көрінгендер: Анаркүл Омарова, Қыздығой Сүлейменова, Сапыш Әбишева, Алтыншаш Садықова, Гүлжәмила Даржанова, Тұрсынтай Өмірзақова, Гүлжәмила Әбдіханова, Қалжан Әділова, Әсем Бакирова, Күләнда Сманова, Жезай Тұрысбекова, Сара Мелдешова, Зылиха Шойбекова, Шорақұл Атамбекова. Осылардың арасында Қазақ ССР-нің Жоғары Кеңесіне депутат болған Кулия Момынова да бар екенін ауылдастары әліге дейін мақтан тұтады. Жиын-терім маусымында уақытша құрылған балалар бақшасында Ырыскүл Әбдірахманова және Әдепше Молдабекова тыңдырымды жұмыстарымен танылды. Ұлы Отан соғысынан кейінгі ауыр жылдарда ерен еңбектің үлесін көрсеткен бұрынғы майдангерлер Жолдас Тасов, Бексалық Әбдіраманов, осы ардагерлерден үлгі алған жұмысшы Икрам Момынов, кейінгі толқын аптал азаматтар

Серікбай Әбдиев, Сағынтай Смадияров, Сейіткәрім Сейдәзимов, Сағындық Смадияров...

Бұл орайда, көзі ашық, көкірегі ояу, сауаты бар азаматтардың біразы шет жақтарда қызмет еткенін айта кетейік. Ауылдасымыз Сарсен Мелдешов Арыс жақтағы «Дермене» кеңшарында бас дәрігер болған. Осында бас зоотехник болған Бабахан Бектаев, бөлімшені басқарған Көбей Абдраймов, есепші-кассир Мырзатай Бигелов, Шымкент теміржол ауруханасында 30 жылдай қызмет атқарған «Арыс ауданының Құрметті азаматы» атанған Абдулла Мелдешов жайында қалай айтсақ та жарасады.

«Еңбекші» ұжымшарын ұйымдастырып, оның өркендеуіне үлес қосқан азаматтар: Тілеубекұлы Садық, Шәкір, Жыбыр, Алтынбек, Көлден Мамыт, Нәлше, Мұхай ата, Пернебай, Тәшімхан, Байбосын, Оңалбай, Қаппар, Шохан Анарбек, Бекбаш, Таш, Дауылбай, Ақмұрат Нұрсейіт, Шах Нұрсейіт, Шонан, Смадияр, Сейдазым, Қошан, Бейжан, Ысабек, Мұстафа, Уалихан, Мамыт, Байгебаев Анарбек, Даулет, Иса Башар, Абілхайыр, Көрпеш, Ештай, Өмірзақ Есенбек, Абдіханов Арызхал, Мұсабеков Есімқұл, Байбаш, Жамал, Қалшора, Ошан және тағы басқалары.

Сол уақыттағы алтын құрсақты әжелерімізді де ерекше атап өткім келеді: Жұпар, Жанар, Гүлсін, Мақпал, Зейнеш, Нұркүл, Шәжда, Дүрдәш, Жауек, Кенже, Айдын, Шорова Тазакүл, Мейізкүл, Төлеш, Талша, Әдепкүл, Мекен әже, Ділдақыз, Үкілім, Шырынкүл, Хатша Күзеуова, тағы басқалары. Осы аталған ата-әжелеріміздің көпшілігінің ұлдары соғыста оралмай қамкөңіл болып жүрсе де мойымай «Еңбекші» ауылының өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ардақты жандар. Осы ауылда аталарымыздың кейбірі мынадай әңгіме айтып отыратын. 1870-1875 жылдар шамасында біздің елден бір атамыз Күлмән қажы атанады. Ол кісі сол уақыттарда Мекке-Мәдинеге қажылыққа барады. Бай болған кісі екен. Сонда Семей өңірінен руы тобықты, Өскенбайұлы Құнанбаймен бірге болғаны жөніндегі дерек

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

бізге дейін жеткен. 1890-1900 жылдар шамасында Шымқала оязының тілмашы болған Ағман атамыз қазақтардың арыз-шағымдарын орысшаға аударып отырған екен.

Ата-бабаларымыздың салған сара жолымен жүріп, еңбек пен білімді ұштастырған, «Еңбекші» ауылының бұрынғы түлектері жөнінде айтуды жөн көрдік. Солардың бірі – Шымкентте тұрған математика ғылымдарының кандидаты, кейіннен доктор атағын алған, бүгінде өмірде жоқ Манат Кадиров. Бұл кісінің құрдасы Шымкент цемент зауытының директоры, кейін Түркменстан Республикасында Құрылыс министрі болған Сәтбек Қожамұратов және Алматы сыра зауытында және техникумдағы директор, кейін Америка «Филипп-Морис» темекі комбинатының президенті болған Тайыр Медеушеев Қадырұлы, Сарыағаш қалалық Құрылыс бөлімін басқарған Ділбархан Танабаев деген кісілер.

Дулат Сәкенұлы



Солдан оңға қарай жоғарыда: Әділхан Әбдиев, Сансызбай Исаев, Қалдарбек Айтөреев, Түзел Нұрсейітов. Төменгі қатарда: Сүлеймен Мекеров, Тұрсыналы Әкбаров, Сабыр Молдабеков.

**«Қызылқұм» жалпы орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің тарихы**

Бұл мектеп алғашқыда 1930 жылдың қыркүйек айында орыс-қазақ мектебі болып ашылған. 1936 жылдың қыркүйегінде қазақ және орыс бастауыш мектебі болып екіге бөлініп, орталау мектепке айналады да, А.С.Пушкин атындағы жеті жылдық орталау мектебі болып қайта құрылады. Оның бірінші директоры Хамзе Жумагелдиев болды. 1937 жылы Шардара кеңшары таратылып, оның орнына Қызылқұм МТС-і құрылған болатын. Сол кезде бұрынғы Краснодар, Ставрополь өлкелерінен келген келімсек ұлт өкілдерінің көпшілігі өз елдеріне қайтып көшіп кеткен. Бір бөлігі МТС-те жұмысын жалғастырып қалып қойған. Осыған байланысты Орыс орталау мектебі жабылып, қазақ мектебінде «Алғабас», «Аққұм» ұжымшарларындағы балалар оқи бастаған. 1939 жылдың күзінде «Аққұм» ұжымшары Жетісайдың 1-тоғай тармағынан таралып, «Молтов» ұжымшары болып аталды. Осылайша Аққұм ұжымшарының орнына Арбақалды учаскесі көшіп келіп, Ақтөбе ұжымшарын құраған.

1940 жылдан бастап Дінәсіл Жақсылықов директор болып, ол 1946 жылға дейін осы қызметті атқарған. 1947 жылдың сәуірінен бастап Әкімбек Өскенов 1960 жылдың сәуіріне дейін директор болған. 1960 жылдың сәуірінен бастап Еген Асылбеков 1961 жылдың 20-шы маусымына дейін, 1961 жылдың 20-шы маусымынан бастап Меңдікүл Батырханов 1963 жылдың 16-шы шілдесіне дейін директор болып қызмет істеген. Ал, 1963 жылдан бастап А.С.Пушкин атындағы орталау мектебі болды. 1963 жылдың 16-шы шілдесінен бастап Серікбай Байжанов 1966 жылдың 30-шы тамызына дейін, 1966 жылдың 31-ші тамызынан бастап Әкімбек Өскенов 1983 жылдың 1-ші желтоқсанына дейін директорылық қызметті абыройлы атқарды. 1983 жылдың 3-ші желтоқсанынан бастап Сырлыбай Данияров директор болып, ол 1994 жылдың 10-шы қарашасына дейін осы қызметте болған.

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы мамыр айындағы №27 актілер жинағының

№297 қаулысына сәйкес, А.С.Пушкин атындағы орта №29 Қызылқұм орта мектебі болып өзгертілді. 1994 жылдың 8-ші желтоқсанынан бастап Есенбек Өскенов 1999 жылдың 26-шы мамырына дейін директорлық қызмет атқарды. 1999 жылдың 1-ші маусымынан бастап Бердікүл Момынов 2011 жылдың 3-ші ақпанына дейін, ал 2011 жылдың 1-ші наурыз айынан бастап Жамилә Кекилова «Қызылқұм» ЖОМ мемлекеттік коммуналдық мекемесі мектебінің директорлық қызметін абыроймен атқарып келе жатыр. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» демекші мектебімізде 40 жыл талмай қажырлы еңбек атқарған Әкімбек Өскенов, Праман Спатаев, Қадір Құрымбаев, Топбасы Әліпбаев, Қазыбек Тажібаев, Әбдеш Анарбеков, Аманкул Бектаева, Бейсенбек Шойбеков, Төрегелді Битемиров, Керімбек Ожарбаев, Берікбай Абдиев секілді ұлағатты ұстаздарымыздың еңбегі ел жадынан ешуақытта өшпек емес.

Бектай ТҰРЫСБЕКОВ



1907 жылы Қызылқұм ауданы, «Еңбекші» ауылында туған.

Тағдыр оның маңдайына елді қынадай қырған ең ауыр күндердің куәсі болуды жазыпты. Халықты тапқа бөлген, төңкеріспен еркін жұртты күштеп ұжымдастыру ойранын да, 1932 жылдың ашаршылық нәубетін де, 1937 жылдың қуғын-сүргін зобалаңын да, 1941 жылдың соғыс зұлматын да көзбен көріп, көңілі шерге толған Бектайдың өмірі ұлы күрес жолымен тең болды. Осы ауыр сынақтың бәріне шыңдалып, ширап өскен өжет жас еңбекте ысталып, епті болып өсті. Жастайынан еңбекпен есейген жігітке ми қайнаған ыстық та, аязы бет қарыған қыстың суығы да тосқауыл бола алмады. Шаруашылықтағы қат-қабат науқандық жұмыстарға қатысып, көктемде тұқым себу, жазда шөп тасу, күзде егін жинау, қыста отын, су тасу сияқты жұмыстардан бір тыныстамай көлік

айдап, өз кәсібінің нағыз майталман маманына айналды. 1941 жылы қараша айында жер жырту жұмыстарының басында жүрген жерінен шабармандар келіп, соғысқа кеттік деп ала жөнелмекші болғанда (ол кезде үйімен қоштастырмай, қуып алып кетеді екен) Бектай ата атқа міне салып, үйіне қарай шауып, үйіне келіп, аттың үстінде тұрып анасына «Апа, бесіктегі баланы әкел деп, бір иіскеп, сүйіп, мұны жақсылап қарап, өсіріңдер» - деп аттан түспей қайта шауып, шабармандардың алдына түсіп, қол бұлғап кете барған. Осы көріністі анасынан есіткеннен кейін баласы Бабахан осыған арнап өлең жазды. Әкесінің соғысқа кетердегі сол заманның «шаш ал десе, бас алатын» саясаты, жанұясымен қоштастырмай жұмыстың басынан қуып алып кететінін өлең жолдарында былай келтірді:

Содан бері салт атты адам көрінеді әкемдей,

Әкем мінген сол арғымақ кетті әкемді әкелмей.

Болмасын соғыс, ашылмасын біткен аузы жараның,

Сен әкеңнің қасыңдасың, қасымда бол қарағым! – деп әнге қосып айтып жүрді. Бектай ақсақал соғыстан қайтып оралмады. Бүгінде оның артында қалған ұрпақтары үлкен әулетке айналған.

Асабай МАМЫТОВ

1912 жылы 15-ші қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданында дүниеге келген.

5 жасынан ата-анасынан айырылып, бауырларының қолында тәрбиеленген. 1930 жылы мектепті бітіргеннен соң Ташкент медресесінде араб тілі мен жазуды үйреніп, кейін Шымкент қаласындағы есепші курсың тәмамдайды. 1931-1934 жылдары өзінің туған ауылы Шардарада есепші, кейін аудандық тұтыну одағы базасының меңгерушісі болған.

1934 жылы ол ҚазОАК жанындағы Кеңес құрылысы институтының Заң факультетіне түседі. 1937 жылы А.Мамытов Ванновка селосына жіберіліп, төрт ай хатшылық қызмет атқарғаннан кейін Забайкальеге әскери қызметке шақырылады. 1939 жылдан 1943 жылға дейін облыстық сотта, кейін Алматы облыстық сотының төрағасы және Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып қызмет атқарады.



МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Бай тәжірибесі бола және ұлттық кадрлар даярлаудың қажеттілігін біле отыра ол жауапты қызметте жүріп, 1950 жылы заң мектептеріне арналған «Кеңес қылмыстық құқығы» оқулығын қазақ тіліне аударып, жарыққа шығарды. Сол жылы Мәскеуде КСРО Әділет министрлігі Бүкілодақтық заң ғылымдары институтының Ғылыми кеңесінде «Ұлттық және діни қастандықты қоздырғаны үшін қылмыстық жауаптылық» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ол Мәскеуде, Ленинградта, Киевте, Ташкентте өткен басты тақырыптары одақтық Республикалардың қылмыстық кодекстерінің жобалары болған ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады. 1956 жылдан Асабай Мамытұлының өмірі С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың Заң факультетінде аға оқытушы, доцент, кейін қылмыстық процесс кафедрасының меңгерушісі болып қызмет етті. 1965 жылы М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың Ғылыми Кеңесінде докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Заң ғылымдарының докторы, профессор А.М.Мамытов 1965-1993 жылдары қос тілде ҚазКСР Қылмыстық Кодексін дайындау және шығару терминологиялық комиссиясының жұмысына белсене қатысты. Осы жұмыс үшін ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталып, Республиканың Жоғарғы Соты пленумдарының жобаларын, қаулыларын дайындауға атсалысқан.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетіндегі Ғылыми Кеңес залына мемлекет қайраткері, әділет генерал-лейтенанты, профессор А.Мамытовтың есімі берілген. Оның есімімен Алматы қаласында, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданында көшелер аталған.

Жезай ТҰРЫСБЕКОВА



Қызылқұм ауданында 1912 жылы туған.

Өмір өзі ерте есейтіп, етене еңбекке араласып, соғысқа кеткен жолдасын күтумен бар өмірін бір ұлыменен еңбекке сарп еткен соғыс ардагерінің жары, аяулы ана, құрметті тыл ардагері. Тұрысбек келіні Жезай ері соғысқа кеткен соң мақталық жерге звено жетекшісі болған. Түнімен мақта суғарған, ауыр жұмыстар істеген. Оны озат звено болған соң комсомолға өткізген екен. Ауыл адамдары атын

атамай «комсомол келін» деген. Ол кезде қызықтыру үшін әр озат звеноға қызыл жалау береді екен. Күн ара қызыл жалауға ие болып, үйге келерде жалауын мал қораға тығып қоятын көрінеді. Үйдегі абысыны: «Жалаудан не пайда, оданда бір уыс бидай әкелмедің бе!» - деп ұрысса керек. Кейін жалғыз баланы үйлендіріп, қуанышы қойнына сыймай, 2 немересін көрген. Жас кездегі қиыншылықтардың, ауыр жұмыстардың зардабынан ол қатты сырқаттанып, 1965 жылы ақпан айында дүниеден өткен. Аллаға шүкір, қазірде артында қалған немере-шөберелері өсіп жатыр.

Мамахан ҚАЛШОРАЕВ

1920 жылы Қызылқұм ауданының «Еңбекші» ауылында дүниеге келген.

Жастайынан әкесінен айрылып, анасы екеуі қалады. Өмір өзі ерте есейтіп, еңбекке ерте араласады. Мамахан аудандық білім бөлімінің басшысы қызметіне дейін көтеріліп, комсомол комитетінің хатшысы болып жұмыс істеген. 1941 жылы әлі отбасылы болмай тұрғанда екінші дүниежүзілік соғыс басталып, оған өз өтініші бойынша кеткен. Отан үшін жанын аямай, ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Соғыстан елге оралмаған. Артында қалған анасы Зейнеш Тұрысбекова жалғыз ұлынан айрылып, абысынды-келінді Жезай Тұрысбекова екеуі бір отан болып, соғысқа кетіп оралмаған Бектай ағамыздан қалған 1 жасар Бабахан Бектаевты аялап өсіріп, оқытып жеткізген. Зейнеш Тұрысбекова 1975 жылы 83 жасында өмірден озды. Бабаханнан тараған 4 ұл мен 2 қызды тәрбиелеп өсірді.



Асан ШОЙБЕКОВ



1920 жылдың 15-ші маусымында Шымкент облысы, Киров ауданында шаруа отбасында дүниеге келген.

Киров ауданы XX партсъезд кеңшарының №3 бөлімшесінде механизатор, бригадирдің көмекшісі болып жұмыс жасап зейнеткерлікке шыққан.

Кәдір ҚҰРЫМБАЕВ



1921 жылы 15-ші ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Қызылқұм ауылында туған.

1938 жылы ОҚО, Шардара ауданындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Шымкент қаласының оқытушылар училищесіне түсіп, оны 1941 жылы тәмамдаған. Қазақстан азаматтары сұрапыл соғысқа аттанып жатқанда 1942 жылы екінші дүниежүзілік соғысқа кетіп, 1944 жылы ауыр жараланып, кейін ауылға қайтып келеді. 1944 жылдан бастап ауыл мұғалімі болып жұмыс атқарады. 1948 жылдан бастап 1958 жылға дейін “РАЙОНО” инспекторы болып жұмыс істеген. Осы жылдары мақта кеңшарының құрылуына үлкен үлес қосқан. 1950 жылы Н.Крупская атындағы Шымкент мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны 1954 жылы бітіріп шығады. 1958 жылы «XX партсъезд» кеңшарында А.С.Пушкин атындағы мектеп ашылғанда сол білім ошағы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады. 1961 жылы Шымкент педагогика институтына түсіп, 1964 жылы қазақ тілі мен әдебиет факультетін бітірген. Мемлекетіміздің әртүрлі орден-медальдарымен марапатталған және «Озат Халық ағартушы» атағы берілген. Жұбайы Жақсыгүл Әліпбаева екеуі 10 бала өсіріп жеткізген.

Ұлбек АДІЛЬБЕКОВ



26 ақпан 1926 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Еңбекші ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.

Ауылдық мектепте білім алған. 1947 жылдан Қызылқұм аудандық комсомол комитетінің инспекторы, Аудандық партия комитетінің оқу ісі жөніндегі инспекторы қызметін атқарған. 1956 жылы 10-шы наурызда Қызылқұм ауданы мен Киров ауданы қосылған жылы XX Парсъезд кеңшары директорының кадр бөлімінің бастығы болып тағайындалады. 1958 жылы кеңшар директорының

шаруашылық ісі бойынша орынбасары болып қызмет атқарады. 1960 жылы Қаз ССР ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаптанбек 300-вет техникумы жанындағы кеңшар директорлары мен бөлім меңгерушілерін дайындайтын 2 жылдық ауыл шаруашылық мектебіне кіріп, 1962 жылы Кіші агроном мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1963 жылы XX партсъезд кеңшарының №3 бөлімшесінің меңгерушісі болып тағайындалады. Ұлбек бөлімше меңгерушісі болған жылдары мақтаның өнімділігі 30-40 центнерге дейін көтерілді. Бөлімше халқының тұрмыс дәрежесі өсті. Облыстық аудандық ауыспалы “Еңбек Қызыл Ту” жалауын бірнеше рет жеңіп алған. Мәскеудегі ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып, бөлімше мүшелері Алғыс хаттар, медальдармен марапатталды. Кеңес Одағының кәсіподақ ұйымының ауыспалы “Қызыл Туын” үш рет жеңіп алып, бөлімшеде мәңгі қалдырылды.

Тұрдыбай ДАНИЯРОВ

1924 жылы 15-ші қыркүйекте Қызылқұм ауданы, «Еңбекші» ұжымшарында дүниеге келген.

1943 жылы 18 жасында майданға отан қорғауға аттанып, Ростов, Донеск, Калининград қалаларын азат етуге қатысып, Кеңес Одағы маршалы Жуков медалімен марапатталған. Елге 1946 жылы оралған. 1947 жылдан қарапайым жұмысшы бола жүріп, арасында Бируни атындағы мектепке сырттай қатынап оқу орта мектебін жақсы бітіріп шығады. 1948 жылдан звеновой бухгалтер көмекшісі болып жұмыс жасаған. Қабілетіне байланысты 1950 жылы кәсіподақ ұйымына қабылданып, сонда жұмыс атқарған. 1952 жылы кадр тапшылығынан оқуға түсіп, 1953 жылы «бухгалтер колхозов» куәлігін алып шығады. Содан ұжымшарда, кейіннен кеңшарда есепші қызметін атқарады. «XX партсъезд» кеңшарының №1, №2, №5, №3 бөлімшелерінде қызмет атқарады. 1975 жылы «Социалистік жарыстардың жеңімпазы» медалімен, 1984 жылы «Еңбек Ері» медалімен, 1994 жылы «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған. 1987 жылы құрметті демалысқа шығады. 1998 жылы 74 жасында дүниеден озған.



Зылиха ШОЙБЕКОВА

1928 жылы туған.

Еңбек және тыл ардагері. Білімі 4 сыныптық. Киров ауданының XX партсъезд кеңшарының №3 бөлімшесіндегі Еңбекші елді мекенінің тұрғыны. Осы ауылда мақта баптау жұмыстарының жұмысшысы болған. Бұл күндері 90 жастағы кейуана.



Күлия МОМИНОВА

1930 жылы 30-шы маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, «Задария» кеңшарында дүниеге келген.



1942 жылы отбасымен Киров ауданы, «Болшевик» кеңшарына көшіп келіп, шаруашылықта мақташы, сушы, терімші жұмыстарына белсене қатысады. Сол еткен еңбектерінің жемісі ретінде 1955 жылы 4-ші шақырылған Қазақ ССР-нің жоғарғы советіне депутат болып сайланды. Алтын алқа иегері, тыл ардагері, бірнеше орден, медальдармен марапатталған. 1965 - 1969 жылдары «Материнская слава» III-II-I дәрежелі ордендерімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60, 65, 70, 75 жылдық медальдарымен құрметтелген. 1980 жылдан бастап зейнеткерлікке шықты.

Базаралы ИСАБЕКОВ

1937 жылы 10 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы қазіргі «Қызылқұм» ауылдық округінде дүниеге келген.

4 жасқа толған кезде екінші дүниежүзілік соғыс басталады. Әкесі сол соғысқа аттанып, содан оралмады. Анасы Ырыскүлдің қолында тәрбиеленді. 1945 жылы бірінші сыныпқа оқуға барады. 1956 жылы Ленин орта мектебін



бітіреді. 1962 жылы қазақтың мемлекеттік С.М.Киров атындағы университетінің «Экономика» факультетін, 1967 жылы Алматы халық шаруашылық институтында «Есеп-экономика» факультетінің «Ауыл шаруашылығында бухгалтерлік есеп» мамандығын бітіреді. Үлкенге де, кішіге де қамқор бола білді. Ол ауыл шаруашылығында белсенді жұмыс атқарды. 1972 жылы еңбекте көрсеткен ерліктері мен социалистік құрылыста атқарған істері үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады. 1972-1974 жылдары халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі комитетінің қаулысы бойынша «Халық шаруашылығы дамытудағы жетістіктері үшін» деген қола медальмен 2 рет марапатталады. Шымкент облыстық атқару комитетінің қаулысы бойынша 1974 жылы «Социалистік еңбектің жеңімпазы» атағы беріледі. Өмірінің соңғы жылдарында ауыл шаруашылығы бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты. Отбасында ардақты ана Тәжікүл екеуі 5 қыз, 4 ұл тәрбиеледі. Ұл- қыздарының барлығы да жоғары білімді. Базаралы Исабеков 2002 жылы 5-ші қазанда жүрек талмасынан өмірден өтті.

Бабахан БЕКТАЙҰЛЫ

*Ағасың Алатаудай асқардай-ақ,
Төбесің сан биіктің басқандай-ақ.
Көзіме сонадайдан шалынасың,
Бір үйір жылқы ішінде тұлпардай-ақ!*

Серікбай Шәмишев

1940 жылы 10-шы наурызда Мақтаарал ауданының «XX партсъезд» кеңшарының Еңбекші ауылында дүниеге келді.

1958 жылы Ленин орта мектебін, 1961 жылы Шымкент медициналық училищесінің тіс дәрігері факультетін бітіріп, 1961-1965 жылдарда сол мамандықта жұмыс істеді. 1965-1970 жылы АЗВИ-дің зоотехник мамандығын аяқтап, өмірінің соңына дейін кеңшарда бас зоотехник, Кәсіподақ комитетінің төрағасы, ферма меңгерушісі, қойма меңгерушісі болып қызмет істеді. Сонымен қатар, тойларда асабалық



МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

жасайтын өнері бар болатын. Бакеннің асыл қасиеттері адамгершілігі, бауырмалдығы, кішіпейіл, ақкөңіл, досты сыйлай білетін, ағайын-туыстарынан көмегін аямайтын, үлкенмен үлкен, кішімен кіші болып араласып кететін, эзіл-оспақ айтқанда алдына жан салмайтын, езуінді жиғызбайтын қасиеттері көп болушы еді. Кез келген жағдайларға 2-3 шумақ эзіл өлеңі дайын болушы еді. Адам баласы бұл жарық дүниедегі тағдыр өлшеп берген ғұмырын бірқалыпты өткізе жүріп, артына айтарлықтай із қалдырар тіршілік кешеді. Сондай сыпайы да сырбаз, адалдығына адамдығы сай, өзіне дәмдес-тұздас, қызметтес, сыйластарының жадында сақталып, кісілік келбет-қасиеттері, жақсы қырлары жаңғырып естен кетпес ағалардың бірі – Бабахан Бектаев 2000 жылы маусымның 7-ші жұлдызында 60 жасында дүниеден өтті.

Әкесі 1 жасында 1941 жылы соғысқа аттанған соң екі ананың ортасында тәрбиеленді. Әкесі қайтпады. Аяулы жары Аманкүл Бектаева скеуі 2 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсірді. Қазірде олардан 21 немере, 15 шөбере өсіп-өніп жатыр.

Аманкүл БЕКТАЕВА



1942 жылы 1-ші қыркүйек күні Шымкент облысы, Сайрам ауданы, Құрманбек Жандарбеков атындағы ауылда дүниеге келген.

1959 жылы Шымкент қаласындағы Қ.Спатаев атындағы мектепті бітіріп, Шымкенттегі Н.Крупская атындағы педагогикалық институттың физика-математика-черчения факультетіне оқуға түсіп, оны 1964 жылы бітіріп шығады. Алғашқы еңбек жолын Мақтарал ауданына қарасты Қызылқұма ауылдық округіндегі А.С.Пушкин орта мектебінде бастады. Ол кезде оқыған әйел-мұғалімдер жоқ еді. Аманкүл математика-физика пәнінен 2 ауысымда сабақ берген. Қос ененің тәрбиесінде болып, еңбекпенен білімді ұштастыра жүріп, «Сарыарқа» орта мектебінің беделді мұғалімі бола білді. Зейнетке шыққан соң 2006 жылы Алла нәсіп етіп қасиетті Мекке-Мәдинеде болып, «Әкбар қажы» атағымен елге оралды. Қажы апамыз 2013 жылдан бері Қызылқұм ауылдық әкімшілігінде әжелер алқасының төрайымы болып жұмыс атқарып келеді. Ауданның саяси қоғамдық өміріне белсене араласып, ел

ішінде ырысты-ынтымақты, берекелі бірлікті, жарасымды татулықты нығайтуға бар күш-жігерімен атсалысып, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, ұмыт болып қалған дәстүрлерді жаңғыртуға, Елбасымыздың «Болашаққа бағдар, рухани жаңғырудың» жарқын жетістігін ел ішіне жеткізе білді. Аудан әкімінің, «Нұр Отан» партиясының, аудандық ардагерлер төрағасының, ауыл әкімінің, аудандық мәслихат хатшысы тарапынан алғыс хаттар иегері және де «Білім жолы» медалі, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды. Жары Бабахан Бектаевпен екеуі 2 қыз, 4 ұл тәрбиелеп, олардан 21 немере, 15 шөбере сүйіп, олардың қызығын көріп отырған қадірлі әже.

Сағындық СМАДИЯРОВ

1940 жылы ақпан айының 28-ші жұлдызында Қызылқұм ауданында дүниеге келген.

1951 жылы А.С.Пушкин мектебінің 1-ші сыныбына қабылданып, 1958 жылы ХХ партсъезд кеңшарының №3 бөлімшесіне тракторист болып жұмысқа орналасады. I кластағы трактор жүргізушісі куәлігі болғандықтан, жыл мезгілдеріне қарай трактордың түрлі маркаларын айдап, осы кеңшардың гүлденіп, өркендеуіне күндіз-түні еңбек етіп, өз үлесін қосады.

1966 жылы Телтайқызы Жұмакүлге үйленіп, отбасын құрады. Екеуі 2 ұл, 3 қызды тәрбиелеп өсірді. Қазіргі уақытта еңбек демалысында немере-шөберелерінің қызығын көріп, ақыл-кеңесін айтып отырған ақылгөй қария.



Кеңесбай ШОПАНБАЕВ

1940 жылы туған.

1958 жылдан 2000 жылға дейін ХХ партсъезд кеңшарында 42 жыл жүргізуші болып жұмыс істеген. Бір орында, бір шаруашылықта 42 жыл еңбек еткен. Жұбайы Мейрамкүлмен 1961 жылы отау құрып, дүниеге 6 ұл, 2 қыз перзент әкелген. Олардың барлығы өсе келе өмірден өз орындарын тапты. Өсірген ұл-қыздарынан бүгінде 24 немере,



3 шөбере тәрбиелеп отырған жайы бар.

Серікбай ШӘМШИЕВ



1946 жылы 26-шы маусымда туған.

Зейнеткер, еңбек ардагері, Қызылқұм ауылдық округінде көпшіліктің сайлауымен - Қоғамдық келісім төрағасы, Ардагерлер кеңесінің ақсақалы, Еңбекші ауылының ауыл биі қызметін жоғары дәрежеде атқарып келеді. «Ел ардақтысы» медалімен, «Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі Армия генералы, Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов» атындағы, «Қазыбек бидің туғанына 350 жыл»

және «Мақтаарал ауданының құрылғанына 85 жыл» медальдарымен марапатталған. Бүгінде ел болашағы үшін аянбай еңбек етіп жүрген от ауызды, орақ тілді ел ақсақалы.

Сыртыбай ДАНИЯРОВ



1949 жылы 5-ші қараша күні Киров ауданының «Еңбекші» елді мекенінде дүниеге келген.

1955 жылы А.С.Пушкин атындағы 8 жылдық мектептің 1 сыныбына қабылданып, 1963 жылы оны бітіріп, Ленин атындағы орта мектепке қабылданады. 1964 жылдан комсомол мүшесі болып, 1965 жылы 10-шы сыныпты үздік бітіріп, кең көлемдегі тракторшы куәлігін қосып алды. 1966 жылы кәсіподақ мүшесі болып қабылданған.

1967 жылы Шымкенттегі Педагогикалық институттың «Физика-математика» факультетіне түсіп, оны 1972 жылы бітіріп шығады. Осы аралықта 1969 жылдың 20-шы тамызынан бастап А.С.Пушкин атындағы мектепке математика пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 1969-1977 жылдары аралығында мұғалім қызметін, 1977-1983 жылдары аралығында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін, 1983 жылдан бастап мектептің директоры қызметін атқарды. 1984 жылы партия қатарына қабылданды. 1987 жылы «1 май» пионер лагерінде директор болса, 1989 жылы «1 май» селолық округінен халық депутаттарының селолық советі болып

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

сайланды. 1991 жылы Киров аудандық ұйымдастыру комитетінің төсбелгісімен, 1993 жылы «ҚР білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. 1994 жылға дейін мектеп директоры қызметін атқарып, сол жылы 20 қараша күні дүниеден өтті.



Мүтәлхан Атамбеков, Тұрдыбай Данияров, Өтеген Кекилов.



*«Батыр аналар». Алтыншаш Садыкова,
Зейбіш Саттарқызы. 1970 жыл.*



Солдан оңға қарай: Кеттебек Мұстапаев, Жұмабай Сейітханов, Шәмші Садықов, Икрам Момынов.

ҚАРАСАҚАЛ

Қарасақал елді мекені 1955 жылы әр жерден келген тұрғындармен құралған. Алғашқы кезде ауыл кепеде отырған, сондықтан ауылдың аты бастапқыда «Қырық кепе» аталған. Кейінірек көбейе келе «Қарасақал» ауылы атанды. Осы ауылдың бас қосып, бір жерге жиналуына Тас Нәлібаев және Бимырза Сабденов секілді кісілер себепкер болған. Ел-жұрт бұл ауылға басшы әрі бригадир етіп Нәліхан Мыңбаевты бекіткен. Ол бұған дейін де жас кезінде мақта бригадирі болып істеген екен. Оның еңбегі жоғары бағаланып, КСРО жоғарғы кеңесінің шешімімен 1971 жылы «Ленин» орденімен марапатталған. 1974 жылы КазССР ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер атағы берілген. Сол жылы ВДНХ күміс медалінің иегері болды. КазССР жоғарғы кеңесінің грамоталарымен бірнеше рет марапатталған. Аудандық, облыстық партия конференцияларының делегаты болған. Мақта шаруашылығында еңбек еткен жылдары жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген. Қарасақал ауылының өсіп-өркендеуіне, тұрмыс жағдайының жақсаруына көп еңбегі сіңіп, елге сыйлы болған бұл кісі 2006 жылы дүниеден өткен. Кезінде оның қасында көмекші болып, абыройлы еңбек еткен азаматтар Басымбек Молдаханов пен Зиябек Молдаханов техниканы меңгерген болса, Тағайхан Избаев сушы болған. Оналхан Мырзалиев түрлі жұмыстарды атқарған. Сондай-ақ, Қайым Нысанбеков, Сапар Өміров, Сұлтан Мырзалиев секілді азаматтар трактор тізгіндесе, Әсман Кенжеханов жер көлемі көбеюіне байланысты бригада ашып, еселі еңбегімен көзге түскен. Ал бұлардан кейін Төлеш Шірінбеков, Ақберді Жәбиев және Қойшыбек Тәңірбергенов сияқты азаматтар аға толқынның еңбегін жалғастырып, Қарасақал ауылының өркендеуіне үлес қосты.

Жарылқап АТЫХАЕВ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданының Қызылқұм өңірінде 1942 жылдың 5-ші мамырында туған.

1957 жылы 7 сыныпты бітірген. 1958-1966 жылдар аралығында «ХХ парсъезд» кеңшарындағы №3 бөлімшеде қатардағы жұмысшы болып істеген.

1966-1975 жылдары Арнасай кеңшарында пошта бөлімінің бастығы болған. 1977-1979 жылдары осы кеңшарда құрылыс бригадирі болса, 1979-1985 жылдары сауда орнында жұмыс істеген. 1986-1987 жылдары №4 бөлімшеде касса бухгалтері, 1988-1995 жылдары үй шаруашылығында, 1996-1999 жылдары «Қарасақал» ұжымында бухгалтер болып істеген. Ал, 2001-2004 жылдары мақта қабылдау бөлімінде бухгалтер болып жұмыс атқарған. 2005 жылдан зейнеткерлікке шыққан.



Жарылқап зейнетке шыққан соң да қарап отырмапты. Көпшілік қоғамдық жұмыстармен, ағайын-туғандар ішіндегі іс-шаралар мен той-жиындарда кейбір түсінікпеушіліктер мен кикілжіңдерге араағайын болып, көпшілік құрметіне бөленіп жүрген жайы бар. Сол ауылдан 250 кісі сиятын «Тас ата» мешітінің салынуына да ықпал етіп, жәрдем жасағандардың бірі. Қай жерде, қай жұмыста болса да өзінің жұмысына өте таза, әділ болып жұмыс істеген. Ауылда ас берілгенде немесе той-жиындарда ұйымшылдық көрсетіп, ақкөңіл, аңқылдаған мінезімен ортада жүреді. Аз сөйлеп, көп іс тындыратын еңбекқор, сергек те елгезек жан. Осы қасиетінің арқасында ел ішінде абырой-беделі бар ауыл ақсақалдарының бірінен саналады. 5 ұл мен 1 қыз өсіріп, ұлды-ұяға, қызды – қияға қондырған, 25 немере көрген өнегелі отбасының жетекшісі.

Зейнеткерлікке шықса да 2011 жылы мамыр айында Мақтаарал ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Жолдыбаевтың қатысуымен Қызылқұм ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланды. Әкімшілікте қоғамдық ұйымдарға араласып, өзінің ұқыптылығымен көзге түсіп жүрді.

2013 жылы 5-ші шілде күні 18 ардагерді әкімшілік арқылы Арыстан баб пен Түркістанға апарып қайтты. 2013 жылы мамыр

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

айында ауыл әкімінің орынбасары Н.Қойлыбеков ауылға келіп, ауылды жинап ортаға салып «Ауыл биі» етіп сайлап кетті. 2014 жылы 14-ші желтоқсанда ауданымыздың 85 жылдығына арналған «Ауданның дамуына қосқан үлесі үшін» төс белгімен марапатталды. 2017 жылы 14-ші наурыз айында ауыл шаруашылығы саласында көп жыл еселі еңбек етіп, үздік нәтижелерге қол жеткізгеніне себепті «Елеулі еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталды. Одан бөлек аудан әкімінен, ауыл әкімінен бірнеше рет алғыс хатпен марапатталды. 2016 жылы наурыз айында өз еркімен ардагерлер кеңесінің төрағалығы жұмысын тапсырды.

Нәліхан МЫҢБАЕВ



1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында шаруа отбасында дүниеге келген.

Әкесі - Мыңбай Сыр өңірінің белгілі шабандозы болған. 1936 жылы әкесі қайтыс болған соң еңбекке ерте араласып, өзінен кейінгі іні-қарындастарына қамқор болған. Бастауыш мектепте оқып білім алған. 1943

жылы соғыс жылдары теміржолда істеген. 1956 жылы Қызылқұм ауданына қарасты «XX Партсъезд» ағындағы кеңшар құрылып, мақта бригадирі болып, 1986 жылға дейін еңбек еткен. Еңбегі жоғары бағаланып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің шешімімен 1971 жылы «Ленин» орденімен наградталған. 1974 жылы «КазССР ауыршаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер» атағы берілген. Сол жылы ВДНХ күміс медалінің иегері болды. «Еңбек даңқы» медалімен және бірнеше медалдармен наградталған. КазССР Жоғарғы Кеңесінің бірнеше рет грамоталарымен марапатталған. Аудандық, облыстық партия конференцияларының делегаты болған. Мақта шаруашылығында еңбек еткен жылдары жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген. Өмірлік жары Тәттігүл екеуі 55 жыл отасты. 8 ұл-қыз өсіріп тәрбиелеп бірнеше немере шөбере көрді. Елге сыйлы азамат еді. 2006 жылы дүниеден өтті.

Оңалхан МИРЗАЛИЕВ

1926 жылы Мақтаарал ауданында дүниеге келген.

1943 жылдан бастап ұжымшарда, кейін кеңшарда сушы болып жұмыс істеген. 17 жасынан бастап туған жеріне қызмет жасап, ауылшаруашылықтың дамуына үлес қосқан ауылдың белді азаматтарының бірі. 1975 жылы ҚазССР Президиумның Жоғарғы Советінің шешімімен «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген азаматы» медалімен марапатталған.

Жұбайы Тұрғанкүл Мирзалиева да осы ауылда жұмысшы болып, ауылымыздың жаңаруына үлес қосқан. Ол «Алтын алқа» иегері, отбасында 12 ұл-қыз өсіріп, барлық балаларын білім нәрімен сусындатып, әр саланың мамандық иегері атандырған.

Ұябай МЫРЗАЛИЕВ

1951 жылы мамырдың 20-шы жұлдызы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мырзашөл өңірі, Қарасақал ауылында Мырзахметұлы Оңалхан мен Тұрғанкүлдің шаңырағында дүниеге келген.



Ардақты әке Ұябай Оңалханұлы Оңтүстік Қазақстан облысына белгілі білікті дәрігер. 30 жылдан

астам халқына қызмет еткен азамат. Өзінен кейін 2 іні, 7 қарындас тәрбиелеген мейірімді аға. Ол «Пушкин» атындағы қазақ мектебін «Алтын» медальмен бітіріп, Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медициналық институтқа оқуға түседі де, дәрігер мамандығын меңгереді. Студенттік жылдарында Рабиға анамызбен танысып, 1975 жылы 23-ші сәуірде отбасын құрады. Ал, 1976 жылы дүниеге ұлдары Бахыт келеді. Ал, дәрігерлік жолын 1976 жылы Шардара қаласындағы орталық ауруханасында бастайды. Екі жылдан соң Сүткент кеңшарындағы аурухананың бас дәрігері болып тағайындалады. Кейін өзінің кіндік қаны тамған жерінде, яғни 1991 жылы Асықатадағы орталық ауруханада жедел жәрдем бөлімшесінің меңгерушісі болып қызмет атқарады. 2007 жылы 17-ші ақпанда өкінішке орай 56 жасында мезгілсіз өмірден озады.



Асман КЕНЖЕХАНОВ

«Қарасақал» ауылының тумасы. Жастайынан еңбекке етене араласып, көп жылдар мақта бригадирі болып істеген.

Төлеш ШІРІНБЕКОВ

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында дүниеге келген.

7 сыныптық білім алған. Еңбек жолын 1956-1957 жылдары бөлімше бастығы Мырзамұратов Құралбайдың қолында тракторист болып бастаған.

1964-1967 жылдары спорт нұсқаушысы болып жұмыс істеді.

1967-1978 жылдары ГСН меңгерушісі. 1978 жылдан кеңшар тарқағанша бөлімше бригадирі болған. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін ат баптап, ат шаптырып «Ай қасқа», «Қара тұйғын» аттарымен осы атырапқа атағы жайылған кісі.



Кешегі сурет – бүгінгі тарих (4)



МАҚТАЛЫ

1932 жылы «Сейіт» төбеде «Күншығар» ұжымшары ұйымдасты. Оның алғашқы іргетасын қалағандар – Шәріпбек, Дербісбек, Мәтбек Мамасалиевтер, Зейнеділов, Рүстемов, Жамбол, Байғара Елшиев, Ешемай, Батырымбек, Есеналы Қожамқұловтар, Жанбай, Жәнәбіл, Айдар, Жайнар Смайловтар, Оспан, Қожал, Омар Үсіповтар, Барбол, Жандарбек, Кекіл Ердешовтер, Шайхан Алданазаров, Өмірбек Жүсіпов, Жәдігер Лепесов, ағайынды Әлімжан, Ақмырза Бабажановтар, Уалихан, Мелдехан Төлеевтер, Айтөре Бекмырзаев, Жанабай, Жанәбіл болды.

«Күншығар» ұжымшары 1934 жылы «Мақталы» ұжымшары болып қайта құрылды. Оны Шәмші Әбдраймов, Сырбек Момбеков, Сейдалы Омаров, Нақай Есмұратова, Қоңырбай Әбілдаев, Кемел Қыстаубаев, М.Момышев, Әріпжан Назаров, Асан Ақболатов және Көбей Әбдраймовтар басқарды. Сонымен қатар, мал шаруашылығының өркендеуіне лайықты үлес қосқан төмендегі кісілерді атап өтуге болады: ферма меңгерушісі Шайхиддин Зейнеділов, Төлембек Бектібаев, Жанбол Елшиев, Жандарбек Ердешов, Қожал Үсіповтер, құдықшы Ә.Айыпов. «Мақталы» ұжымшарында алғаш механизатор болып жұмыс істеген кісілер: Ж.Досмұратов, Ж.Мінәпова, Е.Әлиева, Слам Нұрбеков, Баратбай Жәдігеровтер. Ауыл белсенділері: А.Ысмаилов, Ш.Алданиязов, Ш.Зейнеділов, бригадир Ү.Қасымбекова және Т.Жаулауова.

1930 жылдан ауыл кеңес төрағасы болған қадірлі ана Тоқтыгүл Бекниязова көп жыл басқарма орынбасары, ферма меңгерушісі болып жемісті еңбек етті.

Соғыс жылдарында «Мақталы» ұжымшарынан Биғара Елшиев, Е.Момбеков, ағайынды Ыдырыс, Ә.Өтеловтер, Айтөре Бекмырзаев, М.Мысалиев, Ө.Жүсіпов, Тобағабыл Дәуренбеков, Мырзайып Барболұлы, ағайынды Шайхиддин, Жалал Зейнеділовтар майданға аттанды. Мақталы

ауылының бригадирі Қ.Мырзамұратов, механизаторлар Б.Мекеров, Н.Артықбаев, К.Айтөреев аянбай еңбек етті. 1956 жылдың наурыз айынан бастап бұрынғы «Мақталы» ұжымшары «XX Парсъезд» кеңшарының №3 бөлімшесіне қарасты «Мақталы» ауылы болып аталды. Бұл ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан бригадирлер: Құралбай Мырзамұратов, Данияр Баянов, Тұрсын Төлегенов, Тұрлыбек Әлімбеков, Саттар Зейнедилов, Жеңіс Барболов, Еген Ақмурзаев, Нұрлан Артықбаев, Көбжан Айдаровтар. Осында еңбек еткен механизаторлар: Ислам Нұрбеков, Қалдарбек Айтөреев, Ибатбек Мамыраймов, Жаманбай Балтаханов, Қабылбек Тобағабылов, Байрам Мекеров, Махамбет Мекеров, Күләш Сыдықова, Тәттіқыз Мөлдірова, Аху Хасанов, Бибол Оспанов, Сансызбай Исаев, Бейсен Сметов, Ақылбек Дәуренбеков, Айтбай Артықбаев, Тәліпбек Әлімбеков, Тілеу Әлімбеков, Бақыт Дәуренбеков. Ауылдың сушылары: Тобақабыл Дәуренбеков, Данияр Баянов, Әбілдә Нысанбеков, Салжан Мөлдіров, Тағабай Мамыраймов, Нұрлан Айдаров. Мақта терімде ерекше көзге түскен терімшілер: Пия Бекмырзаева, Ұлболсын Қарабекова, Бораш Қожамұратова, Ақсұлу Омарова, Байдмат Мекерова, Әсем Кекилова, Айсұлу Мырзамұратова, Т.Андасбекова, Мираш Тобағабылова, Қалдықыз Сметов.

XX партсъезд кеңшарының № 3 бөлімшесі «Еңбекші», «Мақталы», «Қарасақал» ауылдарынан құралды. №3 бөлімшенің менгерушісі болып қызмет атқарғандар: Қосмұратов Құлбек, Ешназаров Мұса, Мәмбетәлиев Дүйсенәлі, Әділбекова Ұлбек, Мырзамұратов Құралбай, Ерімбетов Тоқсанбай, Исабеков Базаралы, Айтмұрзаев Сапар, Орынбеков Жақсылық, Сүлейменов Алтыбай. Аға агроном болып істегендер: Рысмұхамбетов Сәлкен, Тұрсынов Ғабит, Серқожаев Қалила, Әбуов Жәнібек, Оразбаев Қалдыбек, Әбдраимов Көбей, Қайықбаев Жүмәділ және Малыбаев Оңласын.

Тобақабыл ДӘУРЕНБЕКОВ

1912 жылы бұрынғы Қызылқұм ауданы, Шардара ауылы аумағында туған.

Жас кезінде аздап арабша, соңынан латын ғарпінде оқып сауат ашқан. 1939 жылы үйленіп, әскер қатарына алынып, содан 1946 жылы ауылға аман-есен оралған. Армия қатарында болған 7 жыл ішінде көптеген соғыс қимылдарына белсене қатысқаны үшін 4 орден, ондаған медальдармен наградталған. И.В.Сталиннің «Алғыс хатын» алған.



1947 жылы ауылға келіп, Қызылқұм аудандық қаржы және қамсыздандыру бөлімдерінде бірнеше жыл жұмыс істеп, кейіннен ұжымшар жұмыстарына да белсене араласқан. Соғыс және еңбек ардагері.

Тобақабыл ақсақал 40 жасынан бастап ауыл имамы болып шарият жолында сауапты жұмыстарды атқарды. Бұл кісінің ең жақсы қасиетінің бірі - кем сөзділігі, біреудің сыртынан сөз қылмайтындығы, әңгіменің тек турасын айтатындығы еді.

Тобақабыл атамыз 4 ұл, 4 қыз өсіріп, олардан 47 немере, 77 шөбере сүйіп, жұбайы Ұлболсын әже екеуі 50 жыл отандасты. Ол 2005 жылы наурыз айында 94 жасқа қараған шағында дүние салды.

Сүлеймен МЕКЕРОВ



1930 жылы Кавказ елінде туған.

Кейін жер аударуға байланысты Қызылқұм ауданы, Мақталы ұжымшарына көшіп келген. Осы жерде жанұясымен аян бай еңбек етіп, Мақталы ұжымшарының өркендеуіне үлес қосқан. Мұнда тракторист, кейін кеңшар болған соң №3 бөлімшенің өмірінің соңына дейін бас механигі болған. Еңбектері елене келе бірнеше мемлекеттік медальдармен марапатталған. 1995 жылы дүниеден өткен.

Өтеген КЕКЛОВ



1936 жылы 5-ші мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Қызылқұм ауданы, Шардара ауылы, Мақталы ұжымшарында дүниеге келген.

Әкеден бір жасында, шешеден бес жасында жетім қалған. Әкесі төрт ағайынды кісі болған. Соның бірі Жандарбек деген әкесінің інісінің қолында өскен. Балалық шағы соғыстың салдарынан жоқшылықта, таршылықта өтті. 8-9 жасынап бастап атқа мініп ұжымшардың малын бағуға көмектескен. Мектепке тек 1946 жылы

10 жасында барып, 1956 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепті бітіріп шықты.

Еңбек жолын 1956 жылы шілде айында Киров ауданы, XX партсъезд кеңшарының №3 бөлімшесінде ақпар қорытушы «Статист» болып істеуден бастады. Бұл жұмысты 1957 жылдың сәуір айына дейін істеп, мамыр айынан 1970 жылдың маусым айына дейін 14 жыл бойы осы бөлімшенің есепші-кассир жұмысын атқара жүріп, 1963-1968 жылдары Алматы Халық шаруашылық институтын «Бухгалтер экономист» мамандығы бойынша сырттай оқып бітіріп шыққан. 1970 жылдың шілде айынан бастап қызмет ауыстыру тәртібімен бөлімшенің аға есепшісі қызметіне тағайындалды. Осы жұмысты 1996 жылдың наурыз айына дейін яғни кеңшар тарағанша 26 жыл бойы атқарды. 1996 жылдың наурыз айынан зейнеткерлікке шықты.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ауылда ұйымдастырылған өндіріс кооперативінде 2000 жылға дейін аға есепші болып қызмет атқарды. Жалпы алғанда еңбек өтілі 44 жыл болса, соның 40 жылын бір кеңшарда, бір бөлімшеде, есеп бөлімінде абыройлы түрде қызмет атқарды. Осы жылдар ішінде қаншама кеңшар басшыларымен қызметтес болды. Атап айтсақ, кеңшар директорлары: Лугин Петр Васильевич, Әлібаев Абдуохап, Биназаров Райымбек, Ералиев Жолдасбай, Жаппаров Әшімбай, Оралов Мекенбай, Күзенбаев Анарбай, Сүтібасев Амангелді. Қызметтес болған бөлімше басшылары: Қосмұратов Құлбек, Ешназаров Мұса, Мәмбетәлиев Дүйсеналы, Әділбеков Ұлыбек, Мырзамұратов Құралбай, Еримбетов

Тоқсанбай, Исабеков Базаралы, Айтмұрзаев Сапар, Орынбеков Жаксылық, Сүлейменов Алтыбай.

Ұзақ жылдардағы абыройлы еткен еңбегі үшін 1984 жылы «Еңбек ардагері» және «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен, 2010 жылы «Тыл ардагері» есебінде Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуына 65 жыл және 2015 жылы 70 жылдығына арналып шыққан мерекелік медальдармен марапатталған. 2014 жылы аудан әкімінің алғыс хатының иесі атанды.

Өтеген ата бүгінде жұбайы ардақты ана Нүрсейітқызы Әсем екеуі 3 ұл, 4 қыз тәрбиелеп, оқытып, үйлі-жайлы етіп отырған бақытты әке. 7 перзентінен 25 немере 26 шөбере сүйіп отыр. Бұл кісі қазіргі кезде ауыл арасында, көпшілік ортасында өзінен кейінгі жастарға ақыл кеңесін айтып, егеменді еліміздің тыныштығы мен халқымыздың амандығын тілеп отырған қадірменді ауыл ақсақалдарының бірі.

Үсен ҚАНЫБЕКОВ

1944 жылы 15-ші сәуірде Өзбекстан Республикасында туған.

1949 жылы Қазақстанға көшіп келіп, 1962 жылы Ленин атындағы орта мектепті бітірді. 1963 жылы Семейдің малдәрігерлік институтына түсіп, 2-ші курсына Баку қаласының шекарасында 3 жыл әскери борышын өтеп келеді. 1969 жылы малдәрігерлік институтын бітіріп, ауылға қайтадан келіп, ХХ партсъезд кеңшарында малдәрігері болып істеген. Кейіннен ұжымда бас есепші болып қызмет атқарды. 1969 жылы үйленіп 3 ұл, 1 қызды тәрбиелеп өсіріп, олардан 17 немере сүйіп отыр. Қазіргі таңда бейнеттің зейнетін көріп отырған ардақты ата.



Ақылбек ДӘУРЕНБЕКОВ

1949 жылы 27-ші ақпанда Шардара ауданында туған.

Кейіннен Мақталы ұжымшарына көшіп келген. 1956 жылы Пушкин атындағы орта мектептің 1 сыныбына барып, 1967 жылы 10

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

сыныпты бітірген. Содан екі жыл оқуға түсе алмай қалып, 1969 жылдан 1971 жылға дейін армия қатарында болды. 1971 жылы алты ай шоферлық курсты оқып, еңбек жолын 1972 жылдан бастап ХХ партсъезд кеңшарында жүргізуші болып бастады. Одан кейін мақта теретін машинаны меңгеріп, соны айдайды. 1976 жылдан бастап 2000 жылға дейін кеңшарда, кейін «Байбақ-Ата» өндірістік кооперативінде трактор айдаған. Содан кооператив тарқаған соң өзінің жеке шаруа қожалығында жұмыс атқарды. Қазір зейнетте.



Махамбет МЕКЕРОВ

Сүлеймен Мекеровтың туған інісі.

Бұл кісі де Мақталы ұжымшарының өркендеуіне үлкен үлес қосқан. Мұнда тракторист, кейін бөлімше болған соң, өмірінің соңына дейін бөлімшенің шоферы болған. 2002 жылы дүниеден өткен.

Кешегі сурет – бүгінгі тарих (5)



№4 БӨЛІМШЕ

ДАТҚА

Тарихты білмеу - тамырсыздық. Өз елінің өткенін, тарихын білген, дәріптеген ел ғана нық қадаммен алға басады. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тарихи мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, тарихымыз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс!» деп көрегенділікпен атап көрсеткен болатын. Ұлттық рухымыздың қайнар көзі - тарихымызда. Елдің тарихы, жердің тарихы, елдің елдігін сақтаушы әр әулет, әр отбасы тарихы қашан да ұрпақ сабақтастығымен астасып жатса нұр үстіне нұр.

Осы орайда «Қызылқұм» ауылдық округіне қарасты Датқа ата елді мекенінің (бұрынғы №4 бөлімше) тарихы да адал еңбегімен аты шыққан алдыңғы буын ағаларымыздың жарқын еңбек жолымен байланысты.

Датқа ауыл тарихын айтқанда, ерен еңбектің иесі Датқа Төлбасиевтың атын ерекше айту керек. Бүкіл Мақтаарал ауданына нәр беріп, суландырып тұрған «Достық» каналының етегіне келіп қоныстана бастаған елді ұйымдастырып, бөлімшенің қазығын 1956 жылғы қаққан Датқа мырза 1970 жылға дейін, табаны күректей 14 жыл бойы ел тізгінін ұстап, бөлімше шаруашылығының дамуына, су жүйелерінің қалыптасуына, халықтың әлеуметтік жағдайының өсуіне өлшеусіз үлес қосты. Осы орайда бүгінде Датқа ауылдың қазыналы қариясы, тоқсанның үшеуіне келіп, ғасыр тойын тойлап отырған Сабыр Исабеков ақсақалдың еңбек жолы да бір кітапқа арқау болар еді.

Датқа Төлбасиевпен тізе қосып, осы елді мекеннің дамуына, мақта шаруашылығының қалыптасуына үлкен еңбек сіңірген Сабыр ақсақал, елдің, жердің тарихын дастан етіп айтады. Көненің көзі болған, 70 жылдық тарихты жатқа айтатын Сабыр ақсақалды осы өңірдің абызы дерсің. Датқа Төлбасиевтен кейін ел тізгінін ұстаған Ұлы Отан соғысының ардагері Асемов Үсен, Бұрқанов Қуандық, Айтмырзаев Сапар бүгінде елдің сөзін

сөйлеп, ауылдағы игі іс-шаралардың басы- қасында жүрген Асемов Қамшыбек ағаларымыз бөлімшенің экономикалық тұрғыдан кемелденуіне, өсуіне ерекше үлестерін қосты. Осы жылдар ішінде ерен еңбегі еленіп, мемлекеттік марапат алып, ел құрметіне бөленген еңбек ерлерінің еңбегі ерекше. Атап айтар болсақ, мақта бригадирі Тәшімбаев Темірхан өзінің еңбек жолында талай белестен асып, мемлекеттік марапаттарға да ие болды. 1974 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, сол жылы еңбегі еленіп автокөлікпен марапатталған. Өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен және мақта шаруашылығын дамытуға қосқан еңбегі еленіп мақта бригадирі Сапаешев Оңғар жеңіл автокөлік иесі атанған. Көбек ауыл елді мекенінен Досов Құдайберген 1975 жылы «Құрмет белгісі» орденін алып, сол жылы жеңіл автокөлік берілген. Көбек ауылдың қазыналы қариясы, алқалы жиындарда ауыл-елдің мұнын мұндап жүрген ауыл биі Төлегенов Махаш ағамыз кезінде мақта бригадирі болып, мақтадан мол өнім алып мемлекеттік наградалар және жеңіл көлікпен марапатталған. Кеңестік кезеңде мұндай марапаттар екінің біріне берілмейтіні белгілі. Қажырлы қайрат пен ерен еңбектің, №4 бөлімшенің сортаң жерінен өнімділікті еселеп, мақтаның түсімділігін 30 центнерден асырған еңбеккерлерге ғана берілген. Бұл сол кездегі өлшеусіз еңбектің жемісі болса керек.

Бөлімше тарихында әртүрлі саладағы, еңбек даласындағы қолындағы кетпенінің, еткен еңбегінің адал нанын жеген дала диқандарының еңбегі ерекше. Жарылқапов Қостай, Сапашов Құтекеш, Жиенбаев Серік, Асилханов Егем, Жақсылықов Түзел, Қондыбаев Әтеш, Сағындықов Күндеш, Сәдібеков Тәңірберген, Сейдуллаев Өзбекбай, Тойшыбеков Мамыт, Ерімбетов Байтыш мақта баптаудың нағыз мамандары бола білген, адал еңбектері аңызға айналған жандар... Сондай-ақ, мақта бригадирлері Мауленов Мамыр, Басуов Әбді, Айтмұрзаев Анарбек, Алтынбеков Керішбай, Жарылқапов Тұрсынқұл, Қамбаров Уәлхан ауыл шаруашылығы жұмыстарын үйлестіруде, ұйымдастыруда іскерлік танытып, бөлімше тарихында ізі қалған еңбеккерлер. Датқа ауылының ғана емес, еліміздің тарихында орны бар Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бейбіт өмірдегі еңбектері ерекше. Серікбаев Мұбарак, Жиенбаев Серік, Намиалиев Шалғынбай,

Әсемов Үсен секілді ағаларымыздың қан майдандағы ерліктері мен бөлімше тарихындағы еңбектері алтын әріппен жазылары хақ. Аяққа енді тұра бастаған бөлімше жұмысының материалдық, техникалық базасының нығаюына автомеханик болып жұмыс атқарған Тоқанов Жұмабай, Исаев Тұрғараның, темірші Мергенов Інкәрдің, Құлжанов Ергешбайдың еңбегін ерекше атап өту керек. Бұл кісілердің артында «Темірдің тілін білген, темірден түйін түйген» деген аңыз қалған. Ауыл тарихында өздерінің ізгі істерімен, адами тұлғаларымен ауыл тұрғындарының жадында қалған есепші Асанов Аман, Әшірбеков Байтемір, Тойшыбеков Пайызханның адал еңбектері бүгінгі ұрпаққа үлгі. Кезінде алдыңғы буын ағаларымызбен қоян-қолтық араласып еңбек етіп, бүгінде ауылдың ұйтқысы болып отырған ел ағалары: Тоқанов Зұлыпхар, Боржымбетов Әбубәкір, Пайызханов Жүсіпхан, Бекмұрзаев Омар, Досыбаев Тазабек, Асылханов Байбек, Сағындықов Алейдар, Назарқұлов Құрбан, Назарқұлов Төретай, Момынов Оңалбай, Есімханов Сатыбалды, Балқыбеков Шахараддин, Мауленов Төрехан, Асанов Асқар, Сапашов Абсадықтың ел ішіндегі еңбектерін айтып өткен артық болмас.

Жетісай-Шардара бағытындағы күре жолдың бойында, оң жағында орналасқан шағын ауыл бар. Ел ішінде бұл ауылды «Қырдағы ауыл», «Қалың тал» кейде «Сарқырама» ауылы деп те атап кеткен. Бүгінде тіршілігі жарасқан, ауыз біршілігі елден-елге асқан осы бір елді мекенде бір қауым ел түтінін түзу түтетіп отырған жайы бар. Бұл ауылдың да тарихы тереңде, «ХХ партсъезд» кеңшарының №4 бөлімшесінің тарихымен, сонау өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастау алады. Тарих көшіне көз жүгіртсек, алғашқы 1954-1955 жылдары «Достық» каналының су жүйесіне байланысты салынған үйге еңбеккерлер қоныстанған. Кейіннен мақта егісінің қолға алынуына байланысты 1958-1959 жылдарда он шақты отбасы көшіп келе бастаған. Алғашқы қоныстанушылардың қатарында Есенғара Аралбаев, Байғара Аралбаев, Тұрлыбеков Арыстан, Тоқаяқов Битан, Есенбеков Шекер, Қозыбеков Жұман сынды еңбек ардагерлері болды. Міне, шежірелі жарты ғасырдан астам уақыттан бері ардагер ағаларымыздың қажырлы еңбек

жолы ұрпақтарына жалғасып келеді. Бұл ауылда бар ғұмырын коза өсіру, баптауға арнаған Тоқаяқов Битан, Есенбеков Шекер, Тұрлыбеков Арыстан аталарымыздың ерен еңбегін атап өткен абзал. Әсіресе, саналы ғұмырының 50 жылын механизаторлыққа арнаған Тұрлыбеков Арыстанның еңбегін ерекше атап өткен жөн. Ол кісінің еңбекқорлығы туралы ел ішінде бүгінге дейін «Істің көзін, темірдің тілін білген» еді деп аңыз қып айтушылар көп. Сондай-ақ, №4 бөлімшенің мандайалды механизаторлары Тоқаяқов Раман, Иманқұлов Әлім, Сапарбаев Тәжімахан, бүгінде еткен еңбегінің зейнетін көріп, ауылымыздың қазыналы қариясы атанып отырған Сабырханов Будан, Сағындықов Қарсыбай, Қозыбеков Абсалының осы өңірді суландыруға ерен еңбек еткен Нәлібаев Ибаш, Ермекбаев Әбілдә секілді ардагерлеріміздің ұрпаққа үлгі болар ісі, қажырлы еңбекке толы іздері ауыл тарихында сайрап жатыр. Ауыл тарихын айтқанда 1963 жылы ауылдағы қырдың баурайынан ашылған бастауыш мектеп туралы айта кеткен жөн. Мектептің алғашқы ұлағатты ұстазы, елқұрметіне бөленіп, ел ішінде «Біздің ағай» атанып кеткен Дінәсілов Басыбек болды. Бүгінде ұрпақ тәрбиесіндегі ұзақ еңбегінің жемісін көріп, елдің анасы атанып отырған, ауданымыздың әжелер кеңесінің белсенді мүшесі, ұлағатты ұстаз Ергешова Мизамкүл апай осы мектептегі алғашқы еңбек жолын мақтанышпен айтады. Кейіннен мектеп жабылып, №4 бөлімшедегі С.Ерубаев мектебіне қосылып кетті.

Халқымыз тарихында ерлерімізбен тізе қосып, ердің тірлігін істеген, елдігіміздің еңсесін көтеруге бел шеше кіріскен ақ жаулықты аналарымыз аз болмаған. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді». Бөлімше тарихында бір қолымен бесікті тербетіп, екінші қолымен түздің жұмысын қоса атқарған батыр аналарымыздың орны ерекше. Асанова Мария, Назарқұлова Тілла, Тәшімбаева Үмітай, Айтмұрзаева Құрбанкүл, Басуова Айсұлу, Нәлібаева Жәмила, Тұрлыбекова Алуаш, Мергенбаева Апахай, Жақсылықова Ұлбала, Жандарова Анар, Тойшыбекова Арзан, Нышанова Тамара, Асанова Жібек секілді аналарымыз ұрпақ тәрбиелеумен бірге еңбек даласының да көрігін қыздыра білді. Бөлімше тарихында ерлермен бірге техниканы тізгіндеген

әпкелеріміздің еңбек жолы бір белес. Сонау 70-ші жылдардың орта шенінде «Төртіншінің төрт қызы» деген атпенен төрт әпкеміздің дала төсінде көгілдір кемені меңгергенін біреу білер, біреу білмес. Мәуленова Күләнда, Мәуленова Анар, Дербесова Кермехас, Есімханова Шырынкүл есімді әпкелеріміздің ерлікке пара-пар еңбектегі іздері кезінде аудандық «Коммунистік еңбек» газетіне мақала болып жарияланды. Еңбегі еленіп, Шырынкүл әпкеміз 1978 жылы автокөлік иеленген.

Халық даналығында «Мектеп-кеме, білім-теңіз» деген ұлағатты ұғым бар. Ұрпақ тәрбиесіндегі тәрбие мен білім мекені саналатын білім ордаларына бұдан артық берілер баға болмаса керек-ті. Датқа ауылда орналасқан жалғыз мәдениет ордасы, өскелең ұрпақ бойына білім нәрін сеуіп келе жатқан білім мекемесі - Саттар Ерубаев атындағы жалпы орта мектебі. Мақтаарал ауданы, Қызылқұм ауылдық округі, Датқа елді мекенінде орналасқан бұл білім ошағы – ел қастерлеген қасиетті мешіті де, мекені де болып саналады. Ауыл тұрғындарына қасиетті мекен болып саналатын бұл шаңырақ туралы сөз бастамас бұрын, тарих қойнауына, сонау өткен ғасырдың 50-60 жылдарына шегініс жасайық.

1955-1956 жылдары осы ауылдың қазығын ел тізгінін ұстаған Датқа Төлбасиев қаққан болатын. Мектеп 1957 жылы бастауыш мектеп болып ашылды. Сол жылдары мектеп үш елді мекенде, Көбек ауыл, Қырдағы ауылда және №4 бөлімшеде бастауыш мектеп ретінде жұмысын бастаған болатын. Мектептің алғашқы директоры болып Мақтаарал ауданының құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз Лесбаев Әбдіжаппар тағайындалған. 1964 жылы мектепке Саттар Ерубаев аты беріліп, 8 жылдық болып қайта құрылды. Сол жылдардан бастап С.Ерубаев атындағы білім ордасының ұрпақ тәрбиесіндегі тарихи жолы жалғасып келеді. Осы жолда талай ұрпақтың асқақ арманына қанат бітірген ұлағатты ұстаздарымыздың мектеп тарихында ізі жатыр. Айнамқұлов Сатан, Мыржыбаев Асан, Боханов Шәріпхан, Бопинаев Әбдіхалық, Көшербаев Оразымбет, Дінәсілов Басыбек, Шойбеков Смайыл, Сағатов Мелдеш, Байжанов Ахмет, Шалданбаев Тұрсынбек, Таласов Аман ардагер ұстаздарымыздың, Омар Бекмұрзаев, Роза Төлемісова,

Шойбекова Сара, Ергешова Мизамкүл апайларымыздың атқарған істері, ғибратты сөздері ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Мектептің жарты ғасырдан астам тарихында оқу-тәрбие процесін жүйелі ұйымдастырып, мектептің игі дәстүрлерін жалғастырып, материалдық базасын дамытуда еңбек еткен мектеп басшылары: *Лесбаев Әбдіжаппар (1959-1963 ж.ж), Мұсашиев Орынбек (1963-1969 ж.ж), Серікбаев Мұбарак (1970-1973 ж.ж), Жүнісбеков Бейсенбай (1973-1974 ж.ж), Әлібеков Ерназар (1974-1977 ж.ж), Сапарбаев Тәжібек (1977-1982 ж.ж), Пілалов Үсен (1982-1984 ж.ж), Әтемов Сапархан (1984-1986 ж.ж), Теңгебаев Омар (1987-1992 ж.ж), Шаменов Құрал (1992-1998 ж.ж), Амантұрдиев Оңласбек (1998-1999 ж.ж)* және *Мәуленов Шалқар (1999-2016 ж.ж)*. Бұл азаматтардың білім саласындағы еңбектері, игі істері «Қызылқұм» ауылының 70 жылдық мерейтойының тарихына да алтын әріптермен жазылуы керек деп ойлаймыз.

Кез келген білім ордасы өзінің түлектерімен, олардың шыққан биігімен мақтанады. Ауданымыздың құрметті азаматтары Абдазимов Жаппар, айтыскер ақын Мұхтар Құралов мектептің алғашқы шәкірттері. Оңтүстік өңіріне танымал тұлға, кәсіпкер, еліміздің медицина саласындағы іргелі ұйым «ЭКОФАРМ» президенті Таласов Мүсілім, аудандағы іргелі «Әли» өндірістік кооперативі ұжымы төрағасы Исабеков Әли, ауыл шаруашылығы ғылымы докторы Рыскелдиев Бердікүл ағаларымызды «мектебіміздің түлегі» деп әрдайым мақтан тұтамыз. Қазақ спорт журналистикасын дамытушы, қазақ футболын қазақша сөйлеткен, иісі қазақта «Біздің Қынабай» атанып кеткен журналист, спорт шолушысы Қынабай Аралбаев, Сарыарқа жалпы орта мектебінің директоры қызметін, кейіннен Қызылқұм ауылдық округі әкімінің басшылығында болған арда азамат Алмасхан Тәшімбаевтың бергенінен берері көп еді. Қазақстан телеарнасының дикторы Ұлбосын Есенбековалар мектеп мақтанышы. Бүгінде ауданымыздың білім саласындағы еңбек етіп жүрген мектеп басшылары Асқар Асанов, Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің директоры, Лесхан Пайызханов, Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебінің директоры,

Амангелді Момынов А.Чехов атындағы жалпы орта мектебінің директоры, Бектұрсын Шойбеков А.Асанов атындағы жалпы орта мектебінің директоры лауазымында жемісті еңбек етіп жүр.

Бүгінгі таңда білікті басшы Бердіқұл Моминовтың басшылығында мектеп ұжымы ұрпақ тәрбиесіндегі ұлағатты жұмыстарын жалғастыруда. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демей ме халқымыз. Бүгінде ел жаңарып заман, тұрмыс түзелді. Тыңнан түрен салып, білектің күшімен өңделіп, маңдай терімен суландырылған сол қасиетті жер бүгінде сол ардагерлеріміздің ұрпағына қызмет етуде.

Аллаға шүкір, алдыңғы буын еңбегін жалғастырушы, туған жердің туын тік ұстап, ізгілік жолын жалғастырушы ұрпақ жетіліп келеді. Олар бүгінде ел мерейін еселеп, ел экономикасына өзіндік үлестерін қосуда. Ендеше, Датқа ата ауыл тарихындағы алдыңғы буын ағаларымыздың тарихи еңбек жолы жалғасуда, ұрпақтар сабақтастығына ұласуда. Бұл – рухани жаңғыруымыздың бір көрінісі.

1970-1991 жылдары аралығында «ХХ партсъезд» кеңшарының №4 бөлімшесінде қызмет істеген кісілер:

1) №4 бөлімшені басқарған кісілер:

*Төлбасиев Датқа
Әсемов Үсен
Сапаров Ерубай
Наржанов Орынбек
Айтмұрзаев Сапар
Бурханов Қуандық
Әсемов Қамшыбек
Айтмұрзаев Жақсыбай*

2) Агрономдар:

*Әсемов Үсен
Молдаханов Әмзе
Бурханов Қуандық
Наржанов Орынбек*

*Усипов Әбдікерім
Қайықбаев Жұмаділла
Төлеманов Оразбай
Сабденов Орынтай
Исабеков Әли*

3) Механиктер:

*Әзімханов Әмір
Исаев Тұрғара
Сүлейменов Алтыбай
Әсемов Қамшыбек
Сапашев Әбсадық*

4) Бухгалтерлер:

*Асанов Аман
Ендібаев Сыдық
Қайыпов Рысмахан*

Базаралы НӘЛІБАЕВ



1906 жылы Қызылқұм ауданында дүниеге келген.

Еңбекке ерте араласып, «Бірлік» ұжымшарында дүкен сатушысы, кейіннен сельпо бастығы болды. Көп ұзамай Ұзынқұдық жақта «живсырье» дайындау бөлімінде басшы болып тағайындалды. Бұл 1936 жылдар шамасы. Кейінгі жылдары Қызылқұм аудандық НКВД-да жұмыс істеді. Сонымен бірге сот орындаушысы қызметін атқарып, басшылық орындарда болды.

Артында өнегелі ісі мен ізін қалдырып, тоқсанға қараған жасында өмірден озды.

Айтқұлов Тұрлыбек Айтқұлұлы

1906 жылы Сыр өңірінде орта шаруа иесі Айтқұл деген кісінің жанұясында туған.

Әкесі Бердияр үлкен ғұлама молда кісі болған. Арабша сауат ашып, қара суды кері ағызатындай және керемет қасиеті мен қара санды қайтаратын, ем-дом Құран аяттарымен дұға жасап елді емтейтін қасиетке ие екен. Жұбайы Дариха Кәлменқызымен 1934 жылы әкемізбен отандасып, олардан Арыстан деген ұлы 1935 жылы дүниеге келген.



Тұрлыбек 1941 жылы армия қатарына алынып, жұмысшылар батальонының қатарында Уральск қаласының аумағында шахтада жұмыс істеген. Сол жерде денсаулығының бұзылуына байланысты 1943 жылдың жазында еліне қайтарылады. Оның отбасы бұрынғы «XX партсъезд» кеңшарына 1950 жылдың көктемінде көшіп келген. Алғашқыда ұжымшар қатарында болып, кейін 1958 жылы «XX партсъезд» кеңшарында еңбек етіп, осы жерде №4 бөлімшесінен 1966 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Серік ЖИЕНБАЕВ

1914 жылы Сырдария облысы, Пахтаарал ауданында «1 май» ұжымшарында дүниеге келген.

Жастайынан еңбекке араласқан. Өртүрлі салада жұмыс атқарды. Атап айтсақ: темір жолда, су шаруашылығында, егін шаруашылығында т.б. Соғысқа 1942 –1943 жылдары аттанған. Сталинград майданында соғысқан. Майданда он иығынан ауыр жарақат алып, көзіне зақым келген. Госпитальдан шыққан соң ауылға қайтарылған. Елге келген соң ұжымшар жұмысына араласып кеткен.



1960 жылдары «Датқа» ауылына көшіп келген. Ол кезде егінге пестицидтерді ұшақ арқылы сепкен. Бұл кісі сол тұрақтағы ұшақтарға қарауыл боп жұмыс істеген. II-топтағы мүгедектігі бойынша жәрдемақы алып отырған. 1945 жылы үйленген. Екі рет некелі болған. Екеуінен 5 қыз, 3 ұл көрген. Жұбайы Сірнемен 1957 жылдары отасқан. Екеуі де өте қарапайым шаруа кісілері болған. 1987 жылы 73 жасында дүние салған. Көзі тірі кезінде соғысқа қатысқаны үшін әкімшілік тарапынан жыл сайын «9 мамырда» марапаттап отырған.

Аралбаев Байғара Мүтәліұлы



1921 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданына қарасты Киров ұжымшарында шаруа отбасында дүниеге келген.

Сондағы мектепті бітіре сала еңбекке араласты. 1945-1957 жылдар аралығында еселі еңбегінің арқасында қатардағы жұмысшыдан бригада жетекшілігіне көтеріліп, өлкеміздің ауылшаруашылығының дамуына салмақты үлес қосты. 1957-1960 жылдары Славянский мақта кеңшарында да бригадир болып еңбек етті. Ал, 1964 жылдан 1985 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін XX партсъезд мақта кеңшарында бригада басқарды. 1965 жылы №4 бөлімшеде (қазіргі

Сарқырама елді мекені) тың жерді игеруге жаңа бригада жасақтап, соған басшылық жасады. Бригадаға мақта шаруашылығын жақсы меңгерген тәжірибелі жұмысшыларды тартып, оларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге атсалысты. Ол басқарған бригада диқандары мақтадан мол өнім алып, сол өңірдегі белгілі мақташы «Социалистік Еңбек Ері» Әжіхан Есқараевтың бригадасымен жарысқа түсті. Байғара Аралбаевтың еселі еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол бірнеше рет аудан, кеңшар әкімшілігінің алғыс хаттары мен бағалы сыйлықтарына ие болды. Сонымен қатар, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып, бірнеше дүркін «социалистік жарыстың» жеңімпазы атанды. Мақта саласының майталманы. Оның ерен еңбегі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болуға әбден лайық.

Асанов Аман Қоңыратбайұлы



1923 жылы 6-шы маусымда Оңтүстік Қазақстан Облысы, қазіргі Мақтарал ауданы Абай кеңшарында туған.

Сол кеңшардағы қазіргі Жамбыл мектебінде 8 жылдық білім алған. Жаппай ауылшаруашылығын көтеру мақсатында ерте еңбекке араласқан. 1940 жылдардың басынан бастап ұжымшар басқармасында кіші есепші және Жамбыл кеңшарындағы ауылдық кеңесте түрлі қызметтерде жұмыстар атқарған. Ұлы

Отан Соғысы жылдарында тылдағы жұмыстарға белсене араласты. Соғыстан кейін Ташкент қаласындағы Халық шаруашылығы техникумының бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша оқып бітірген. 1947-1957 жылдар аралығында Ташкент Облысы, Шыназ ауданында есепші болып жұмыс атқарған. Содан 1957-1983 жылдар аралығында, яғни зейнеткерлікке шыққанша Киров ауданы ХХ партсъезд кеңшарының №4 бөлімшесінде аға есепші қызметін атқарған. Ауыл экономикасының дамуына қосқан үлестері үшін В.И. Лениннің 100 жылдығы медалімен, Ерен еңбегі үшін медалімен, Еңбек Қызыл ту орденімен және тылдағы атқарған қызметтері үшін түрлі алғыс хаттармен марапатталған. Қай салада қызмет атқарса да өзінің еңбекқорлығымен, адалдығымен өз әріптестерінің ортасында үлкен беделге ие азамат ретінде өзін көрсете білген. Жұбайы

Асанова Мәрия Үмбетқызы екеуі 10 (он) ұл-қыз тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы ретінде көпшілікке мәлім. Ұл-қыздарының барлығы жоғары білімді, түрлі салаларда қызметтер атқарып келеді. Аман Қоңыратбайұлы 2009 жылдың 14-ші тамыз күні 86 жаста дүние салған.

Мубарак СЕРІКБАЕВ

1923 жылы 15-ші қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданына қарасты Сакко-Ванцетти ауылында дүниеге келген.

Жұбайы Орашбаева Жәмилә екеуі алты қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірген.

Еңбек жолын 1942 жылы Пахтаарал ауданындағы Еркін-Абад мектебінде мұғалім болып бастаған. 1942 жылы 27-ші маусымда әскерге шақырылып, соғысқа аттанған. Ұлы отан соғысында бөлім командирі болып жеңісті Германияда қарсы алған. “Заосвобождение Праги”, “За взятие берлина” т.б. орден және медальдармен марапатталған. Соғыстан 1947 жылы 4-ші мамырда аман-есен елге оралып, Сакко-Ванцетти мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. 1953 жылы 19-шы тамызда Маленкова (бұрынғы Сакко-Ванцетти) мектебіне директор болып тағайындалып, 1969 жылдың тамыз айында Сырдария облысы Киров ауданына қарасты XX партсъезд кеңшарына көшуіне байланысты жұмыстан босатылған. Сол жылы аталмыш кеңшардың №4 бөлімшесіндегі Сагтар Ерубасев атындағы мектепке директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жұмысқа қабылданды, ал 1970 жылы сол мектепке директор болып тағайындалды.



1973 жылы маусымның 22-і XX партсъезд кеңшарына ауыл кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. Осы лауазымда 1979 жылға дейін жемісті қызмет атқарды. 1979 жылдан 1981 жылға дейін кеңшарда гидротехник болып жұмыс істеген. 1981 жылы ауыл орталығында Ленин атындағы мектепке директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. 1983 жылы өзінің өтініші бойынша С.Ерубасев мектебіне география пәнінің мұғалімі болып ауыстырылды. Осы мектептен зейнеткерлікке шықты.

1990 жылы дүниеден өтті.

Үсен ӘСЕМОВ



1923 жылы дүниеге келген.

1943 жылы Ұлы Отан соғысына аттанады. Сталинград қаласын, Польша, Чехословакия жерлерін неміс фашистерінен азат еткен. 1945 жылы ауыр жарақат алуына байланысты елге қайтарылған. Денсаулығы түзелгеннен кейін Мақтаарал ауданы, Славян кеңшарында түрлі жұмыстармен айналысқан. 1957 жылы жаңадан құрылған «XX партсъезд» кеңшарының №5 бөлімшесіне қоныс аударады. Сол жерде мақта бригадирі, агроном болып жұмыс істеген. Төлбасиев Датқадан кейін бөлімше басқарушысы болып зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс істеген. Жұбайы Әсемова Тәштай екеуі 5 ұл мен 4 қызды тәрбиелеп өсірген. 2001 жылы 78 жасында дүниеден өтті. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін және бейбіт өмірде атқарған еңбектері үшін бірнеше орден, медальдармен марапатталған.



Сабыр ИСАБЕКОВ

1924 жылы Алтуант деген жерде дүниеге келген.

Соғыс кезінде Өзбекстан аумағында түйекеш болып жұмыс істеген. 1946 жылы «Асықатаға», 1948 жылы бұрынғы XX партсъезд кеңшарының Ақтөбе ұжымшарын құрушылардың бірі болған. Кейінгі жылдарда қазіргі «Датқа» бөлімшесінде мақта және жоңышқа бригадирі болып зейнетке шыққанша жұмыс істеген. Бүгінде Датқа ауылынада тұрып жатыр.

Досов ҚҰДАЙБЕРГЕН

1924 жылы Өзбекстан Республикасында дүниеге келген.

1957 жылы XX партсъезд кеңшарының №5 бөлімшенің «Көбек» ауылына көшіп келеді. Сол жылдан бастап қарапайым жұмысшы болып еңбек етті. Кейіннен мақта бригадирі болып зейнеткерлікке



шыққанға дейін жұмыс атқарды. 1974 жылы мақтадан 40 центнер өнім алып, жеңіл автокөлікпен қатар бірнеше орден, медальдармен марапатталған. Жұбайы екеуі 4 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірді. 2000 жылы 86 жасында дүниеден өтті.

Мамыр МАУЛЕНОВ
(01.01.1928-19.05.2007 ж.ж.)

1928 жылы Шардара ауданы, Қалғансыр ауылында туған.

Жастық шағы соғыс жылдарына тура келді. Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданындағы Майтөбе ауылында 7 жылдық мектеп бітірген. 1942-1944 жылдары Ленгер қаласында ФЗО мектебінде оқиды. 1944-1956 жылдары Қызылқұм ауданының Ақтөбе ұжымшарында мал шаруашылығын дамыту жолында қызу еңбекке араласады. 1956 жылы Киров ауданының XX партсъезд кеңшары құрылып, сардаланы игеруге атсалысып, мақта өсірумен айналысқан. 1991 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысшы, бригада жетекшісінің көмекшісі, кейіннен көп жылдар бойы мақта бригадасына жетекшілік етті. Мырзашөлді игеріп, шитті мақтадан көп өнім жинаудың қыр-сырын жете меңгеріп, Социалистік Еңбек Ері Әжіхан Есқараевпен бірге бір сапта тұрып, ерен еңбек үлгісін көрсете білді. Еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Халық аузында “мақтаның академигі” атанды.



КАЗССР орталық комитетінің пленум мүшесі. Бұрынғы “Киров” ауданының құрметті азаматы. Үкімет тарапынан “Ерен еңбегі үшін”, Лениннің 100 жылдық медалімен, “Құрмет белгісі” орденімен, “Еңбек Қызыл Ту” орденімен, Ұлы Жеңістің 60 жылдық, «Тылдағы ерен еңбегі үшін» медалімен және республика, облыс, ауданның құрметті грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталды. Зайыбы Күлзада екеуі бес ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірген.

Оңғар САПАШЕВ

1936 жылы Өзбекстан Республикасында дүниеге келген.

1956 жылы Ақтөбе ұжымшарына көшіп келеді. XX партсъезд кеңшары құрылғанда №5 бөлімшеге



қоныс аударып, еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастайды. 1960 жылдан бастап мақта бригадирі болып істеген. Мақтаның әр гектарынан өте жоғары өнім алғаны үшін үкіметтен орден-медальдармен қатар жеңіл автокөлікпен де марапатталған. 2001 жылы дүниеден өтті.

Бегім СЕРІКОВ



Экономика ғылымдарының докторы, “Сырдария” университетінің профессоры Серіков Бегім 1939 жылы 10-шы маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында шаруа отбасында дүниеге келген.

1946 жылы А.С.Пушкин атындағы жеті жылдық мектептің “1 Май” ұжымшарындағы бастуыш сыныбында оқыған, 1956 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепті үздік бітірген. Сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ ауылшаруашылығы институтының “Ауылшаруашылық өндірісін механикаландыру” факультетіне оқуға түсіп, оны 1961 жылы аяқтаған.

Еңбек жолын 1961 жылдың тамызында Киров ауданындағы «Мақталы» ауылшаруашылығын механикаландыру училищесінде шебер-оқытушы болып бастаған, онда бастауыш комсомол ұйымының жетекшісі болып сайланған.

1963 жылдың мамырында Киров аудандық комсомол комитетінің хатшысы, 1964-1965 жылдары “Прогресс” кеңшарының, Киров ауданының ауылшаруашылық басқармасының бас инженері қызметтерінде жұмыс атқарды.

1966 жылдың тамызында “Октябрьдың 30 жылдығы” кеңшарында партком хатшысы, ал 1967 жылдың басында Мырзашөл аудпарткомының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі лауазымында болды. 1970-1973 жылдары Мырзашөлде жаңа құрылған С.Сегізбаев атындағы кеңшардың директоры болып тағайындалған. 1974-1978 жылдары Өзбекстан Республикасы, Жызақ облысы атқару комитетінің төрағасының орынбасары, 1978-1986 жылдары Мырзашөл аудпартком бірінші хатшысы болып сайланған. 1987-1991 жылдары С.Сегізбаев атындағы кеңшардың директоры, 1991-1994 жылдары қайтадан Мырзашөл аудпартком бірінші хатшысы, аудан әкімі болып қызмет істеген. 1994-1999 жылдары С.Сегізбаев кооператив бірлестігінің төрағасы және басқа да шаруашылық қызметтерде болды.

1981-1985 жылдары Өзбекстан Компартиясының тексеру комиссиясының мүшесі, 1991-1994 жылдары Өзбекстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің депутаты, 1978-2002 жылдары Жызак облысы кеңесінің депутаты болып сайланған. Б.Серіков өндірісті басқарумен қатар ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданып, 1978 жылы “Мырзашөлдің жаңа суландырылған өңірінде ауылшаруашылық өндірісінің экономикалық тиімділігін арттыру жолдары” тақырыбына диссертация қорғап, осыған орай оған экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесі берілген.

2003 жылдан бастап “Сырдария” университетінің проректоры және “Экономика” кафедрасының меңгерушісі қызметінде жұмыс атқарады. Отандық ғылымға өзінің елеулі үлесін қосып келеді, әсіресе Мырзашөл тарихымен, мақта саласының тиімділігімен ұдайы шұғылдануы - соның айғағы.

2010 жылы “Мақта кешенінің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру проблемалары” тақырыбына докторлық диссертация қорғап, экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. Университетте мақта кешенінің экономикасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасайды. 5 монографияның, 3 оқулық, 4 электронды оқулық, 7 әдістемелік құралдардың және 127 ғылыми еңбектердің авторы. “Өзбекстан Республикасына еңбек сіңірген экономист” және “Мақтаарал ауданының құрметті азаматы” атақтары берілген.

2004-2012 жылдан Мақтаарал ауданы мәслихатының депутаты болып сайланған, жергілікті басқару қызметіне белсенді қатысып келеді.

Өзінің еңбек жолында бірнеше жоғарғы Үкімет марапаттарын алған: Ленин ордені, “Еңбек Қызыл Ту”, “Халықтар достығы”, “Құрмет белгісі” ордендерімен, «Астанаға - 10 жыл», «Тәуелсіздікке-20 жыл», «Ассамбляның 20 жылдығы», «Конституцияның 20 жылдығы», “Тың игеруге 50 жыл”, Мырзашөлдің қуаң даласын игергені үшін, ХШЖК (ВДНХ) алтын, күміс және қола медальдарымен және Білім және ғылым министрлігінің Б.Алтынсарин атындағы “Құрметті қызметкер” төс белгілермен марапатталған.

Б.Серіков жұбайы Ұлберсінмен бірге 6 ұл-қыз тәрбиелеген. Ұл-қыздарынан 19 немере, үш шебере өсіп жетіліп келеді, төртеуі жоғарғы оқу орындарын бітірген. Облыс, аудан саяси-қоғам жұмыстарына белсенді қатынасады. «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Мақтарал ауданы «Қоғамдық кеңесі» және «Ардагерлер ұйымының» төралқа мүшесі.

Темірхан ТӘШІМБАЕВ



1941 жылы 15 мамырда «Қызылқұм» ауданы, Ақтөбе колхозында жұмысшы отбасында дүниеге келген.

1948-1949 жылдары «1-май» мектебінде бастауыш сыныпта оқып, кейін «Ленин» атындағы мектептің түлегі болады. 1956-1957 жылдары «XX партсъезд» совхозының №5 кейін №4 бөлімшесінде жұмысшы болған. 1959 жылы қысқа мерзімді механизатор курсы бітіріп, алғаш механизаторлық жұмысын №4 бөлімшеде «Универсал» тракторының тізгінін ұстаумен бастаған. 1967 жылдан №4 бөлімшеде мақта бригадирі болып істейді. Ел байлығы «Ақ алтынды» өсіруде жоғары көрсеткіштер көрсетіп Лениннің 100 жылдық медалімен, ал 1974 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және де сол жылы автокөлікпен марапатталған. 2012 жылдың қорытындысы бойынша елге сіңірген ерең еңбегі үшін облыстың 80 жылдық медалімен наградталған.

Айтмурзаев Сапар Бухарұлы

1941 жылы Өзбекстан Республикасында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1956 жылы «Ленин жолы» ұжымшарында механизатор болып бастаған. 1960 жылдан бастап XX партсъезд кеңшарында қызмет істеген. Осы кеңшардың №1 бөлімшесінде агроном болған. №3 бөлімшесінде бөлімше басқарушысы, кейіннен №4 бөлімшеде бөлім басқарушысы болып қызмет атқарған. Кейінгі жылдары кеңшар тарағанға дейін әртүрлі жоғары қызметтер атқарған. Қазіргі уақытта еңбек демалысында, «Датқа» ауылында тұрады.



Ергешбай ҚҰЛЖАНОВ

1943 жылы Өзбекстан Республикасында дүниеге келген.

1950 жылдары «Асықата» өңіріне көшіп келген. Арнасай кеңшарында еңбек жолын бастаған. 1960 жылы ХХ партсъезд кеңшарының №5 бөлімшесіне қоныс ауыстырып, механизатор болып жұмыс істеген. Техниканың тілін өте жақсы меңгерген маман иесі зейнеткерлікке шыққанша сол салада жұмыс атқарған. Жұбайы Құлжанова Сусар екеуі 5 ұл мен 4 қызды тәрбиелеп өсірді. 1996 жылы дүниеден өтті.



Ергешова Мейзамкүл Бесбайқызы



1951 жылы ақпан айының 10-шы жұлдызында дүниеге келген.

Өзбекстан Республикасындағы (Сырдария ауданындағы) М.Әуезов атындағы қазақ орта мектебінде оқып, он жылдық білім алған. Жастайынан өлеңге құштар, ақынжанды болып өскен оның сабақты жақсы оқып, үздік болуына білікті ұстазы Жамал Бейіспаевамен қатар белгілі ақын-жазушы Ілияс Айыновтың еткен еңбегінің әсері мол болды. Ұстаздарының мақалалары мен өлеңдерін оқып жүріп, әдебиетке деген қызығушылығы арта түседі. 1968 жылы Сырдария педагогикалық оқу орнына сырттай оқуға түсіп, 1969 жылы С.Ерубаев атындағы орта мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 1972 жылы оқу орнын тәмамдаған соң, жоғарғы сынып оқушыларына қазақ тілі және әдебиеті пәнінен сабақ бере бастайды. 1990 жылы С.Ерубаев атындағы орта мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Елеулі еңбектері ескеріліп, бірнеше облыстық, аудандық оқу бөлімдерінен мақтау қағаздарымен марапатталған. Сонымен қатар, «Методист – мұғалім» медалімен, аудан көлемінде көптеген еңбектері жарияланып, «Әлемнің асылы» медалімен марапатталған. Зейнетке шыққан соң, Қызылқұм ауылдық округінің «Ақ әжелер» алқасының мүшесі болып, елге тәрбиелік мәні бар дәстүрлерді дәріптер жүр.

Қынабай АРАЛБАЕВ



1956 жылы 4-ші ақпан күні Киров ауданы, Бірінші Мамыр ауылында дүниеге келген. С.Ерубаев атындағы орта мектебін бітірген.

1979 жылы ҚазМУ-ді бітіріп шыққан. Еңбек жолын 1972-1973 жылдары Жетісай қаласындағы «Жетісай» газетінде тілшіліктен бастаған. 1979-1982 жылдары республикалық «Білім және еңбек» журналында тілші, бөлім меңгерушісі, 1982-1991 жылдары Қазақ теледидарының қоғамдық-саяси хабарлар Бас редакциясында телекомментатор, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарады.

Қазақ КСР Телевидение және радиохабарлары жөніндегі Мемлекеттік комитетінің төрағасының көмекшісі (1983). «Көкжиек», «Талантыңмен таныл», «Көкпар», «Батыр мықты ма, бастық мықты ма?», «Бетпе бет» т.б. хабарлары көрермендерге кеңінен танымал болды. 1991 жылы Балуан Шолақ сарайында атақты палуан Д.Тұрлыхановтың шоу-хабарын өткізді. Республика деңгейіндегі футбол, бокс репортаждарын қазақ тілінде жүргізді.

1991 жылы 5-ші тамыз күні дүниеден өтті. Артында жұбайы, 1 ұл мен 1 қызы бар.

Әсемов Қамшыбек Жасұзақұлы

1957 жылы Киров ауданына қарасты «Абай» ауылында дүниеге келген.

Сол жылдары «XX партсъезд» кеңшарының №5 бөлімшесіне көшіп келеді. 1973 жылы С.Ерубаев атындағы орта мектепті бітірген. 1979 жылы Алматыдағы ауылшаруашылық институтының инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шығады. Еңбек жолын 1980 жылы Өзбекстан Республикасы, Мырзашөл ауданында техника саласында бастаған. 1983 жылы «XX партсъезд» кеңшарының №4 бөлімшесінде жөндеуші механик, көлік коллонна механигі болып жұмыс істеген. 1988 жылдан кеңшар тарқағанға дейін осы бөлімде



бөлімше басқарушысы болып істеген. Қазіргі таңда «Өміржан» шаруа қожалығының және «Агро-Қызылқұм» ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің басшысы. Жұбайы Кульбаева Салима екеуі 2 ұл тәрбиелеп өсірген.

Исабеков Әли Сабырұлы

1961 жылы 15-ші қаңтар күні бұрынғы Киров ауданы, XX партсъезд кеңшарының №4 бөлімшесінде дүниеге келген.

Осы бөлімшеде С.Ерубаев орта мектебін бітірді. 1978 жылы бөлімшеге жұмысшы болып, 1979 жылы Ауылшаруашылық институтының дайындық курсына қабылданады. 1980 жылы сол институттың агрономия факультетіне түсіп, 1985 жылы бітіріп шықты. 1985 жылы Шардара астық қабылдау пунктіне аға «товаровед» болып жұмысқа орналасты. 1986 жылы XX партсъезд



кеңшарының №4 бөлімшесіне гидротехник, кейіннен аға агроном болып кеңшар тарқағанға дейін жұмыс атқарды. 1996 жылы «Али» өндірістік кооперативіне басшы болып сайланып, осы күнге дейін сол кооперативте жұмыс істеп жатыр.

Ташимбаев Алмасхан Темірханұлы

1973 жылы Киров ауданы, «XX партсъезд» кеңшарының Датқа ауылында дүниеге келген.

1991 жылы С.Ерубаев атындағы орта мектепті бітіріп, Теміртау қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институтына оқуға түседі. Еңбек жолын А.П.Чехов атындағы орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі ретінде бастап, аз уақыт ішінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне ауысады. 2000 жылы Сарыарқа жалпы орта мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалады. 2003 жылы Сарыарқа жалпы орта мектебінің директоры лауазымына көтеріледі. 2005 жылы 20-шы маусымда Қызылқұм ауылдық округінің әкімі қызметіне тағайындалады.



2006 жылдың мамыр айында дүниеден өтті.

Жылына бір рет ауылға барып, қара шаңырақтағы қарт анамызды, туған-туыс, бауырларды көріп, көңілді бір марқайту отбасымыздың қалыпты дәстүріне айналған. Қайбір жылы туған ауылға тағы бір рет жол түскенде қара шаңырақтағы ағамнан жақсы жаңалық естідім. Кезінде орталық мектепте бірге жұмыс істеген Алмас Тәшімбаев деген әріптесім ауыл әкімі болып тағайындалыпты. Сәтті сәйкестікті қараңыз, тура мен ауылға барған күні Алмастың жаңа қызметіне байланысты бұйрық шыққан. Мұны ести сала із суытпай оны құттықтауды ұйғардым. Ауылдың жаңа әкімімен түс мезгілі кезінде үйінде кездестік.

Мектепте жүргенде Алмастың ұйымдастырушылық жұмыстарына қолымнан келгенше қолғабыс жасап жүруші едім. Әсіресе, мәдени шараларда жұбымыз жазылған жоқ. Екеуара әңгімеміз сол бір қайталанбас кезеңдерді еске алудан басталды. Ұстазымыз, марқұм Оңласбек ағай туралы да біраз естеліктер айтылды. Қай тақырыпты қауласақ та, екеуміздің ойымыз бір арнада тоғысып жатты. Тіпті, танды таңға асыра әңгіме өрбітсек те есте жалықпайтындай жағдайда едік. Алайда, уақыт – Алланың еншісінде. Онымен санаспасақ болмайды. Сағат тілі түскі екіге таяғанда сыртқа шығуға бет алдық. Бірақ, бұл талпынысымызды үй телефонының сыңғыры бөгеді. Телефон тұтқасын алған Алмас арғы жақтан жағымсыз хабар естіді-ау шамасы, түрі бозарған қалыпта тұнжырап тұрып қалды. «Тыныштық па?» деп қасына барғаным сол еді, ол «Бәрі дұрыс, Ереке» деп қысқа қайырды. Бір кезде ол «Қазір мен сонда барамын, жағдайды бақылауда ұстандар» деп айтты да, телефон тұтқасын орнына қойды. Ізін ала болған жағдайды маған баяндады. Алмастың үйіне телефон шалған әкімшіліктің қызметкері екен. Ауылдың бірнеше бөлімшесі жарықсыз қалыпты. Осы жағдайды әкімге хабардар еткен ғой.

Алғашқыда Алмас көрші ауылда орналасқан қос ауылға ортақ электр тарату стансасына жалғыз өзі баруды ұйғарып еді. Алайда мен оған «Бүгін сенің алғашқы жұмыс күнің ғой, оның жартысын әкімшілік ғимаратында өткіздің, ал мына жағдайға байланысты қалғаны түзде өткелі тұр. Қасыңда бірге жүріп демей болсам, қалай қарайсың?» деп едім ол қуана құптай жөнелді.

Электр стансасына екеуміз барғанда ол жерден бірнеше электрик маманды кездестірдік. Жарықтың өшу себебін олар анықтап қойған екен. Бірақ, қосалқы бөлшектің жоқтығы қолбайлау болған. Алмас ондай бөлшекті қайдан және қанша сомаға алуға болатынын сұрап

көріп еді, әлгі мамандар «Тек Жетісайда ғана бар, бағасы да қомақты» деп жауап қатты. Ізін ала Алмас өз қалтасынан қажетті қаражатты шығарды да, оны электриктердің біріне ұстатып, Жетісайға жіберді.

Қосалқы бөлшекті алып келу бар, оны орналастыру бар, әйтеуір 4-5 сағат уақытымыз осы стансаның жанында өтті. Байқағаным, бөлімшелерге жарық берілгенге дейін Алмастың жаны бір жай таппады. Ал, дйттеген мақсатына жеткенде балаша шаттанып шыға келді. Кеткен шығынды ойлап отырған ол жоқ. Электрик мамандардың қолын қысып, алғысын жаудырып жатты. Осындай шат-шадыман көңіл-күйде екеуміз қайтадан өз ауылымызға қарай аяндадық.

Астанада жүргенде ауыл әкімі Алмастың ел игілігі жолында атқарып жатқан ауқымды жұмыстарын ағайын-туыс, бауырлардан естіп-біліп жүрдім. Ол бірінші кезекте өзі жұмыс істейтін кеңсені ретке келтіріпті. Жөндеу жұмыстарынан кейін бұл кеңсе көз тартарлықтай болып өзгерген. Ауласы гүлге ораныпты. Мұны бір деңіз. Екінші, ауылдарды байланыстырып тұратын басты күре жолдың іргесіне ағаш көшеттерін отырғызып, оны қорғаштайтын қарауыл қойған. Бұдан басқа да бұқара халықтың шынайы ықыласына бөлнерлік бірталай жұмыстарды атқарып үлгерген. Мұның бәрін ел-жұрт жыр қылып айтып жүргендіктен бір күні елордадан Алмастың жұмысына телефон шалдым. Амандық-саулықтан соң оған «Еткен енбегінді ауыл тұрғындары жақсы бағалап жатыр екен. Мен соны қағазға түсіріп, мақала етіп жазайын. Облыстық газеттен бір орын бұйырар» деп едім, ол «Ауылда атқарылатын жұмыс әлі өте көп. Жүзеге асқаны соның тамшысы ғана. Ереке, ниетіңе рахмет. Газетке шығуға әлі ерте» деп жауап қайтарды.

Ауыл тұрғындарынан Алмасқа қатысты тек жағымды әңгімелерді естіп жүрдім. Бұл азаматтың маған әу, бастан-ақ өз ісіне деген ұқыптылығы қатты ұнайтын. Орталық мектепте директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарғанда оның бұл қасиетіне бәріміз тәнті болатынбыз. Абыройды адал еңбегімен жинағанды жаны сүйетін. Ауыл әкімі болған кезінде де осы бір азаматтық тұлғасынан айнымапты. Алайда, тосыннан келген сұм ажал арда азаматтың асқақ армандарына «балта шапқан». Алмас ауданнан ауылға келе жатқанда көлік апатынан көз жұмыпты.

Бұл қайғы менің де қабырғамды қайыстырды. Көп уақытқа дейін оның жарқын бейнесі көз алдымнан кеткен жоқ. Халыққа қызмет етуді ұлы мақсатына айналдырған азаматтың өмірі ерте қиылады деп кім ойлаған? Көкірегімізді өкініш жалыны өртеді. Әттен...

Ерлібай Өзбекбайұлы

«Керуен ата» туралы

Саналы ғұмырын еліне адал қызмет етуге арнап, халықтың ризашылығына бөленіп, Жапа би немесе Керуен ата атанған Жаппарқұл Таласұлы (атақты Талас молданың ұлдан жалғыз перзенті) 1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы аумағында дүниеге келіп, 1974 жылы дүниеден өткен. Өз заманында ел игілігі үшін аянбай тер төккен Жакеңнің біртуар адами қасиеттері ретінде сирек кездесетін ұйымдастырушылық қабілетін, іскерлігін, жұртшылықпен тіл табыса білетіндігін, біліктілігі мен диқаншылығын және ғажайып кәсіби тәжірибесін атап айтуға болады. Жапа би немесе Керуен ата атамыз өз заманында тек даңқты диқан, білікті басшы ғана емес, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті тұтынушылық тауарларын таситын Керуен ұйымдастырып, оны басқарған ақсақал. Сонымен қатар, өзінің ата-бабасынан қалған диқаншылықтың қыр-сырын, жеке қожалық жүргізу жолдарын меңгере біліп, оны балаларына терең ұқтыра алған іскер жан. Бүгінде еңбекқорлықты ту еткен Жаппарқұл Таласұлының ұрпақтары да аудан, облыс, республика көлемінде еліміз экономикасын дамыту жолында аянбай еңбек етіп жүр.

Замана көшінің бағыты жаңашылдыққа бет бұрған қазіргі кезеңде тарих қойнауында өмірі өнегеге толып, шежіреге айналған ата-бабаларымыздың болмыс-бітімі бізге таптырмас рухани нәр, адастырмас темірқазық болмақ.

Жаппарқұл Таласұлы ұлт болашағы үшін өлшеусіз қызмет еткен, ел басына түскен сын сағаттарда – зорлық-зомбылық, ұжымдастыру, ашаршылық және Ұлы Отан соғысы жылдары, өз ортасына қолынан келген көмегін аямай, туған өлкенің халқына қорған бола білген тұлғалардың бірі.

Сауатсыздығының салдарынан көп қиналған Жаппарқұл Таласұлы балаларының білімді болғанын қалаған. Шындығында ол кісінің балалары заманауи көштің алдыңғы қатарында елдің мақтанышы болып, әр түрлі салаларда, атап айтқанда кәсіпкерлікте тастары өрге домалап келе жатқан азаматтар екенін айта кеткен орынды.

Жаппарқұл Таласұлы өз ортасында айтарлықтай шоқтығы бөлек, алғыр, есіткен жақсы әңгімелерді, көрген жақсы қылықтарды бойына дарытқыш, зерек болып жетілді. Әкесі Талас өлер алдында баласын шақырып алып, балам “қилы-қилы заман болады, қарағай басын шортан шалады” дегенге саятын елге “тауқымет” келеді – деген екен, “сондықтан сенің арнаулы білім алмағандығыңның, керісінше,

саған пайдасы тиіп қалар” дегені есімде – деп Жакеңнің өзі айтқанын есіткендер бар.

Шындығында әкесі Талас өмірден өткеннен соң, көп ұзамай ел арасында сол “тауқымет” басталып та кетті. Халықтың сауатты тұрғындарын “халық жауы” деп атап, жаппай тұтқындап, халықтың мал-мүлкін тартып алып, мәжбүрлі түрде ұжымдастыру басталды. Тек мал-мүлкімен, оның сүт-майымен күнін көріп отырған халық ашаршылыққа душар болды.

Жаппарқұл Таласұлының керуеншілікке (ел арасында оны жалпақ тілмен “түйекештік” деп те атаған) араласып, оны керуенбасы ретінде басқарған кезеңі өткен ғасырдың 30-шы жылдарының басы мен 50-ші жылдардың бас кезіне сәйкес келетінін айта кету керек. Тарих беттерінен мәлім, дәл осы 30-шы жылдары Қазақ даласында Кеңес дәуірінің “Голощекин ылаңы” бой алып, халықтың басым көпшілігі аштықтан қырғынға ұшырады. Ол ол ма, 40-шы жылдардың басында Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, аштықты бастан өткеріп, одан кейбіреулері аман қалған халықтың жарамды өкілдері сол соғысқа аттанды.

Жакең “текті тектігін сақтайды, асыл асыл калпында сынады, жасып сынған асыл жоқ” – деген ұлағаттан болар, осындай ел басына төнген қара бұлтты сейілтпек мақсатпен, халық арасына жиі барып, болып жатқан жағдайларға түсіністікпен қарап, оларды имандылықты ұмытпай, сабырлылыққа үгіттеді.

Соғысқа дейін темір жол торабы тек Сырдария өңіріне ғана тартылған болатын. Сондықтан Мақтаарал аймағындағы жаңадан құрылған кеңшарлар түйекештер көмегінсіз өз жұмыстарын атқара алмайтын. Ол бір жағынан, ал екінші жағынан аштықтан әлсіреген халықтың тұрмыс-тіршілігіне де көмек көрсетпесең ұжымшар жұмысы әдірем қалатыны тағы бар. Осындай элеуметтік-экономикалық жағдайда тәжірибелі түйекештер немесе керуен басқаратын азаматтар ауадай қажет болатын. Көтеріліп отырған шаруаның соншалықты өзекті болғандығынан Керуен басқарып, елдегі халықтың күн көрісін қамтамасыз етіп, қала берді ұжымшарға қажет шаруаларды да атқару, тағы басқаларды ескере келе, бұл жұмыспен айналысатын тәжірибелі кісілерді (ондайлар кемде кем болатын) соғыстан да арнаулы “бронь” арқылы алып қалу жолдары қарастырылған болатын.

Жаппарқұл Таласұлы отыз жасқа толған кезінен бастап кемелдене түседі де, би деген атағы ел арасына тарай бастайды. Сол кезден бастап елге атағы асқақтап тұрған Бахрам қазы, Дауылбай керуен басы, кіші Дауылбай билермен үзегілес жолдас болып, мыңға тарта жандарды

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

қос тартқызып, соңына ертеді. 35 жасқа жетер-жетпес, керуен салып, Оратөбе, Забын, Қоқан сияқты жерлерге барып, Ел халқын қант, шай, мата тағы тағыларға қарық қылады. Осылайша отызыншы жылдардағы ашаршылықтан өзі туған аймақтағы халықты сақтап қалғанын айтып, оны бізге жеткізген жандар қазірде арамызда баршылық. Олардың қатарында Нақыпбай, Жаңбырбай, Қали сияқты ақсақалдар. Осы кісілер сол кезде жастары 13 пен 15-тің арасындағы жасөспірімдер, керуен құрамында түйе жетекшілік жасап, қызметтер атқарған көрінеді.

“Адамгершілікке арналған үш сауап бар: шөлге құдық қазған бір сауап, өзенге көпір салған бір сауап, жолға ағаш еккен бір сауап” дегенді Жакеңнің туы десе болғандай еді. Өйткені, ол кісі бір рулы елге емес, көп рулы елге қамқоршы болды.

Осылайша халық арасында Керуен ата немесе Жапа би атанған Жаппарқұл Таласұлы өзінің саналы ғұмырын осындай қасиетті де қадірлі шараға арнап, халықты ашаршылықтан сақтауға, сонымен қатар ұжымшардың қалыптасуына аса зор үлес қосты.

Жаппарқұл Таласұлының өмірге келгеннен бастап, өмірден өткенге дейін еңбек етіп, тұрмыс құрған мекені Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Мақтаарал аймағы болатын. Өз кезінде бұл аймақ Мырзашөл аймағы болып аталған.

Көбек ауылы 1959 жылы «Целинное» ауылы болып, XX партсъезд кеңшарындағы № 4 бөлімшенің құрамында болған. Мемлекеттік ономастика комиссиясының 1993 жылғы 22 шілдедегі ұйғарымымен «Көбек ауылы» болып бекітілген. Қазіргі таңда Қызылқұм ауылдық округі, Көбек ауылында Жеңіс, Молшылық, Мақталық атты 3 көшесінде 29 отбасы бар, халық саны 172. Ұлттық құрамы 100% қазақтар. Ауыл толық ауыз сумен қамтылған, көшелері асфальтталған. Егінді жер көлемі 1091 га, оның 928 га жеріне мақта дақылы егіледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, “Көбек ауылын”, осы өңірге сіңірген адал еңбегіне ескерткіш ретінде, Жаппарқұл Таласұлының атымен орайластырып, “Керуен ата ауылы” немесе “Керуен ауылы” деп өзгертуді ұсынамын! Бұл ұсыныстың өскелең ұрпақ тәрбиелеуде оң ықпалы болатынына және жергілікті халықтың қолдауына ие болатынына сенімім мол.

*Әбдіманан Оспанов Әбубәкірұлы,
Құрмет орденінің иегері, Оңтүстік Қазақстан облысы,
Мақтарал ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның Ұлттық
жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника
ғылымдарының докторы, профессор*

№5 БӨЛІМШЕ

ЖАЛПАҚҚҰМ

Алғаш кедейлердің «Қосшы» одағынан 1928 жылы «Сталин» артелі бөлініп шығады. Кәдірхан Пазылханов ұжымшарға басқарма болып сайланып, 1948 жылға дейін оны басқарған. Одан соң 1953 жылға дейін Мұратбек Бозов басшылық еткен. Бұл ұжымшарда екі мақта бригадасы болған, оларды Мейірхан Сербаев пен Әйдік Дәрменқұлов басқарған. Ақ егіс бригадирі және әйелдер кеңесі болып Жақсыгүл Жүрімбетова, завхоз Кулзина Әйдікова, тракторист Бейсебай Байташов, майшы Жассак Ұзақов, арбакештер Тұратбек Мырзапайзов және Жамал Мырзакеримовтер болды. Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезеңдерде «Киров» каналын қазғандар: Шәйнек Сербаева, Ұлболсын Бозова, Жақсыгүл Жүрімбетова, Ұбайдаш Сәтен, Әсем және Ұлдар. Салыбек Нұралиев 1948-1953 жылдарда ұжымшарда «завхоз» болып істеген. Қансейіт Нұралиев ұжымшардың түйелерін баққан кісі.

1948-1950 жылдары Мұратбек Бозов, ал 1953-56 жылдары Құрақбай Қосақбаев ұжымшарды басқарған. Ол кеңшар болып біріккеннен кейін 1958 жылға дейін мақта бригадирі болған. 1958 жылдан бастап 1996 жылы кеңшар таратылғанға дейінгі аралықта Жакыпбек Абдалимов табысты еңбек еткен. Осы аралықтағы озат механизаторлар Әбілда Жамантаев, Бейсебай Байташов, Сүлей Аширов, Сайлау Пердеханов және Ташкенбай Сейткаримов жер жырттып, мақта егіп, мақта терді. Сушылар: Зинат Садыков, Бәйділда Бердібеков. Бригада аспазшысы Қаламқас Әкімбекова және Күлай Махтумханова болды. Мақтаның шабығын шауып, мақтасын терген жұмысшылар: Рахия Кәдірханова, Қалманай Сейткаримова, Қаламқас Әкімбекова, Кенжегүл Пердеханова, Бәйділда Зинап, Ибрахим, Жақсыгүл Жүрімбетова, Лескул Мырзакеримова, Орынтай Оралова және Бұрмашаш Мырзаева. Бұлардың барлығы адал еңбектерімен елге үлгі болған.

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

1960-1970 жылдар аралығында жоғарғы оқуды бітірген, осы өңірде жұмыс атқарған, қазіргі таңда еңбек ардагерлері жайлы қысқаша дерек).

• **Кәдірханов Әнуар** - Киров ауданында бас архитектор, Партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде және ПМК-ның басшылық қызметтерін басқарған.

• **Төлебаев Оңалбек** – «Победа» ұжымшарында құрылысшы маман болған.

• **Мейірханов Шілдехан, Кәдірханов Ерназар** - Ауыл шаруашылығында бас агроном болып істеген.

• **Мейірханов Мамахан** - бас мал дәрігері.

• **Бөрі Иса** - Жетісай драма театрында көп жылдар еңбек еткен және Сырдария университетінде профессор.

• **Сахов Ыбырай** - Шардара ауданында 25-30 жылдай Шардара ГЭС-ін басқарған.

• **Сахов Срайыл** – Шардара ГЭС-інде құрылысшы маман.

• **Жұмабаев Ендібай** – Шардара ауданында спорт саласында істеген.

• **Темиров Асан** - Шымкент қаласындағы Балалар ауруханасында жоғарғы санатты балалар дәрігері.

• **Құрақбаев Құрал** - Алматы қаласындағы С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-де профессор, доктор.

Кешегі сурет – бүгінгі тарих (6)



Әйдік ДӘРМЕНҚҰЛОВ

1870 жылы туған.

1937 жылы Сталин ұжымшарының жылқышысы болған. 1941 жылы осы ұжымшарға ақ егіс бригадирі болып жұмыс істеген. 1967 жылы дүниеден озған.



Сүрме ДҮЙСЕКОВА

1900 жылы Шымкент облысы, Киров ауданында дүниеге келген.

Жастайынан еңбекқор болған кісі. Суармалы егіншілік дамыған жылдары Киров каналын қазуға көмектескен. Ұзақ жылдар бойы кеңшарда қызметші болған. «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілген. Батыр ана.



Ережес АҚЫНБЕКОВ

1908 жылы дүниеге келген.

Соғыс уақытында бидай оратын комбайншылар тапшы болып, бұл кісі соғысқа жіберілмей, ұжымшарда бидай орып, тыл жұмысына қарқынды атсалысқан. Зейнетке шыққанша қажырлы еңбек еткен тыл ардагері. 1946 жылы отбасын құрып, 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. 1992 жылы дүниеден өтті.



Муратбек БОЗОВ

1909 жылы дүниеге келген.

Шардара ауданы, Сталин ұжымшарында басқарма болып істеген. 1948 жылы Қызылқұм ауданы құрылғанда сол жылы Шардара ауданынан Қызылқұм ауданына көшіп келіп, Сталин ұжымшарын құраған. Осы кезеңде жертөледе отырып халық жинаған. Ұжымшарды кеңшар құрылғанға дейін басқарған.



Жақсыкүл ЖҮРІМБЕТОВА



1920 жылы қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген.

4 сыныптық білім алған. 1939 жылы «Сталин» ұжымшарына келін болып түседі. 1941 жылдан 1980 жылға дейін алғашында ұжымшардың, кейін кеңшардың барлық жұмыстарына етене араласады. Киров каналын қазу жұмыстарына қатысқан. Жыл бойы жасалынатын жұмыстарға, яғни мақтаны егу, оны арам шөптен тазарту, жегенелеу, қол терім жұмыстарын зейнетке шыққанша істеді.

Қуландә ӘЙДІКОВА

1922 жылы 15-ші наурызда ОҚО Қызылқұм ауданында туған.

Ауылдық мектепте білім алған 1940 жылдан бастап дүкенде сатушы болып жұмыс істеген. 1942 жылы «Қызылқұм» ауданы Сталин колхозының бидай қоймасының меңгерушісі болып тағайындалады. 1947 жылы Сталин колхозының магазиніне қабылданды. 1963 жылы зейнеткірлікке шықты. 4 ұл, 3 қыз перзент тәрбиелеген. 1982 жылы дүниеден озды.



Исаев Жасұзақ Қырқынбайұлы



1923 жылы дүниеге келген.

1942 жылы әскер қатарына алынып, Жапон шекарасында қызметте болған. Жапон соғысы аяқталғаннан соң елге келіп, Сарыағаш ауданы «Көгертү» ұжымшарында 1945-1948 жылдар аралығында комбайнер болып жұмыс істеген. 1949 жылы осы жерге көшіп келіп, ұжымшар құрылғанда жұмысшы болып ауылдың дамуына атсалысқан. «Ветеран труда», «За доблестный труд в Великой Отечественной Войне» т.б. медальдармен марапатталған. 2006 жылы 17-ші қарашада дүниеден озды.

Байдилда БЕРДИБЕКОВ

1924 жылы 15 маусымда дүниеге келген.

1943 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1-ші Украина майданында Харьков қаласында шайқаста болған. 1945 жылы елге оралып, Жеңіс мейрамын елмен бірге тойлаған. Соғыстан оралғаннан кейін 1980 жылдарға дейін ұжымшарда жұмысшы болып істеген. Осы кезеңде бірнеше рет аудандық советтің депутаты болып сайланған.



Жақынбек АБДАЛИМОВ

1926 жылы дүниеге келген.

«ХХ партсъезд» кеңшары құрылған жылы №1 бөлімшенің №5-ші Сталин ауылындағы мақта алқабына бригадир болған. Бірінші бөлімшені екі бөлімше етіп бөлген кезде 1978 жыл №5 бөлімшеге агроном болып та қызмет атқарды. Кейін қайтадан бригадир болып, кеңшар тарағанша осы қызметте істеп зейнетке шықты. 2013 жылы дүниеден өтті.



Байташов Бейсебай Бабырахымұлы



1926 жылы туған. 1952 жылы «Сталин» ұжымшарына қоныс аударған. МТЗ тракторымен ұжымшар жерін айдаған. 1961 жылдан бастап жүргізушілікке ауысып, 1965-1970 ж ылдар аралығында ХХ партсъезд кеңшарының директоры Жолдасбай Ералиевтің жүргізушісі болған. 1973 жылдан зейнетке шыққанша механизатор болған.

Әбдірахман ЕЛТАЕВ



1926 жылдың 7-ші ақпанда бұрынғы Пахтааралда, қазіргі Көкпарсай елді мекенінде алма бағының орнында үлкен ауылда дүниеге келген.

Әкесі Елтай шаруа кісі, анасы Сүрме кеңшарға еңбегі сіңген батыр ана. Ауыл молдасынан Әбдірахман хат танып, 4 – сыныпқа арналған мектепті бітіріп шыққан. Арабша сауаты болған. 1939 жылы мал шаруашылығы бойынша өз білімін жетілдіріп, осы саланы өркендету ісіне септігін тигізген. Жасы жетпегендіктен соғыс кезінде әскер қатарына алынбаған. Елге жарық тарату ісімен айналысып, Мырзашөлге ең алғаш электр сымдарын таратуға 1947 жылдары атсалысқан.

1948 жылы «Сталин» ауылына көшіп келген. Сыр бойын қоныстаған, онда мал өсіріп, бау-бақша еккен. ХХ-партсъезд кеңшарына электр сымдарын тартқан. 2 ұлы Темірхан, Әбілсейіттен 6 ұл, 9 қыз тараған. 1969 жылы дүниеден өткен.

Садықов Зинатулла Шәкірұлы

1927 жылы 15-ші маусымда Ресей Федерациясының Новосибирск қаласында дүниеге келген.

1950 жылы «Сталин» ұжымшарына көшіп келіп, зейнетке шыққанша ауылда сұшы болып жұмыс істеді. 7 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. 1995 жылы 6-шы тамызда қайтыс болады.



Асылбек БИЖАНОВ



1928 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданына қарасты «Арбақалды» ауылында дүниеге келген.

Әке-шешесі ерте қайтыс болып, 8-9 жасында 2 бауырымен немере туысқандарының қолында тәрбиеленген. Соғыс кезіндегі қиыншылықтарды ересектертей көрді. 1941 жылы шілде айында соғыс

басталған кезде ол 13 жасар бала еді. Ол уақытта соғыстың кесірінен ауылдағы жас балалар мен қыздар ұжымшарда жұмыс істеп кеткен болатын.

Асылбек 1949-1951 жылдар арасында Түркістан педагогикалық училищесінің бастауыш сынып факультетін бітірген. Сол жылы «Ленин» атындағы мектепке жұмысқа орналасты. 1953 жылы Бағарадағы Ворошилов мектебінің қазақ тілі мұғалімі, 1957 жылы Винсовхоз бастауыш мектебінің қазақ тілі мұғалімі, 1958 жылы Победа ұжымшарындағы «Сталин-абад» мектебінің қазақ тілі мұғалімі және оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1958-1963 жылдары аралығында Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі пәні мұғалімі мамандығын сырттай оқып бітірген. 1961 жылы «Мақталы» 7 жылдық мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болған. Ал, 1969 жылдан бастап «1 май» орталау мектебінің қазақ тілі және әдебиетінің мұғалімі қызметін 1988 жылға дейін, яғни зейнеткерлік демалысқа шыққанша қалтқысыз атқарды. Көп жылдық еңбегі ескеріліп, бірнеше құрмет грамоталары және алғыс хаттармен марапатталған.

1958 жылы Тұрсын апамызға үйленіп, 4 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірді. 40 жыл шәкірт тәрбиелеуде өзін үлкен жүректі, қайырымды жан ретінде дәлелдеген кісі. 1996 жылы 68 жасында дүниеден озды.

ЖАМАЛ Мырзакеримов

1928 жылы туған.

6 сыныптық білімі болған. 1939-1950 жылдары арбакеш болған. 1951-1954 жылдары әскери борышын өтеп келеді. Әскерден келгенде Жүрімбетова Жақсыкүлге үйленіп, 2 ұл тәрбиелеп өсірді. 1995 жылы дүниеден озды.



Қаламқас АҚЫНБЕКОВА

1928 жылы қазіргі Байырқұм ауылында дүниеге келген.

Жастайынан отбасын құрып, 5 баланың анасы атанған. Зейнетке шыққанға дейін ұжымшардың, кеңшардың барлық жұмыстарына араласып, кейіннен аспазшы қызметін атқарған. 2005 жылы дүниеден өтті.

Әбілда ЖАМАНТАЕВ




1938 жылы 15 маусымда дүниеге келген.

1961 жылдан бастап 55 жыл тракторшы болып жұмыс атқарған. Ауылда ауа-райының қолайсыз уақыттарында да техниканы іске қосып, жоғары өнім алуға елеулі үлес қосқан озат механизаторлардың бірі. 2 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсірген.

Әлиайдар МЫРЗАКЕРИМОВ

1938 жылы 10-ші шілдеде Қызылқұм ауылында дүниеге келген.

1956 жылы Ташкенттегі индустриальный құрылыс техникумына механика бөліміне түсіп, 1956 жылы аяқтады. 1956 жылдан бастап В.И.Ленин орта мектебінде электро-механика пәнінен сабақ берді. Ал 1959 жылы қайтадан Алматыдағы ҚазГУ-дың «Тарих және құқықтану» факультетіне түсіп, оны 1964 жылы тәмамдады.



Сол жылдардан бастап педагогика саласында қажымай еңбек етіп келді. 1975-1977ж.ж. орталықтағы 8 жылдық мектепте 2 жыл оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеді, 5-8 сыныптар арасында орыс-қазақ мектебінде сабақ берді. 1977 жылы бұл мектеп қысқартылуына байланысты, яғни Ленин орта мектебіне бірігуіне байланысты 30 жылдық кеңшарында «Кировское» 8 жылдық орыс-қазақ мектебінде 1978-1979 оқу жылында оқу ісінің меңгерушісі болып істеді. 1979 жылдан бастап «1 май» мектебінде мұғалім болып тарих пәнінен сабақ берді. Бұл мектеп кейін 1997 жылы Ябек Есенбеков атындағы орта мектеп болып аталды.

Алғашқы шәкірттері: Рахым Ділбарханов – Алматы мединститутында сабақ береді, академик. Толықбай Қадырбаев – Оңтүстік Қазақстан облысында 40 жылға жуық медицинаның хирургия саласында еңбек етіп, осы саланың майталманына айналған. Асан Теміров, Құршыман Таймырзаев Шымкентте өз мамандықтарымен жұмыс істейді. Осы мектепте Ақбай Абсаматов

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

осы кезге дейін сабақ беріп, зейнеткерлік демалысқа шықты. Замандастары Асай Әбубакиров, Дүйсен Қаныбеков, т.б. ұстаздық еткен. 1994 жылы зейнеткерлікке шықты.

1959 жылдан 1994 жылға дейінгі ұстаздық еткен жылдарында көптеген шәкірт тәрбиелеп шығарды. Оның өмірлік жары Лескул Спарханова 1942 жылы 9 мамыр күні дүниеге келген. 1959 жылы екеуі шаңырақ көтеріп, 11 ұл-қыз тәрбиелеп, 45 немере 11 шөбере көріп, бейнетінің зейнетін көрді.

Мырзакеримова Лескул Спарханқызы

1942 жылы 9-шы мамыр күні Шардара ауданында дүниеге келген.

Білімді, текті, ұлағатты ұстаз Алиядар Мырзакеримовпен 1959 жылы шаңырақ көтеріп отау құрды. Ол сүйген жарының қас-қабағын бағып, отбасының берекесін кіргізіп, үйдің ғана емес, түздің де адамы болды.

1960-1977 жылдары аралығында кеңшарда белсенді жұмыс істеген. 1977 жылдан бастап «Сталин» бөлімшесіндегі медпунктте медбикенің көмекшісі болып еңбек етті.

Көптің көңілінен шығып, адал еңбек еткен. Жұмыс пен отбасын қатар алып, жолдасы екеуі 11 ұл-қыз тәрбиеледі. Барлық ұл-қызының бойына қарапайымдылықты, адамгершілікті, адалдық пен сабырлықты сіңіріп отырды. Бүгінгі таңда 45 немере, 12 шөбере сүйіп, бейнетінің зейнетін көріп отырған «Ардақты ана», «Асыл әже».



Ұлболсын БОЗОВА

Киров каналы қазылған кезде сонда қара жұмыс жасап, елмен бірге аянбай еңбек еткен ардақты аналарымыздың бірі.

Сондай-ақ, ұжымшардың әртүрлі жұмыстарына араласып, ауыл шаруашылығының дамуына үлес қосқан. Ұжымшарда өте белсенді еңбек етіп, өз ортасына сыйлы болған.

Бібырай САХОВ



1938 жылы 10-шы наурыз күні Қызылқұм ауданының «Сталин» ұжымшарында (қазіргі Шардара ауданы, Шардара ауылы) туған.

1946 жылы осы ұжымшардағы бастауыш мектептің бірінші сыныбына барады. Оқуды Киров ауданының «XX партсъезд» кеңшарындағы «1-май» бөлімшеде В.И.Ленин атындағы орта мектепте жалғастырады. 1955 жылы 10 сыныпты бітірген соң Ташкент қаласындағы Орта Азия политехникалық институтқа түсіп, оны 1960 жылы тәмамдап, инженер-электромеханик мамандығын алады. Институттың жолдамасымен Өзбекстанның Алмалық қаласындағы рудникте жұмыс істейді.

1961 жылы Шардара ГЭС-інің құрылысы жүріп жатқан кезде «Шардарастрой» құрылыс басқармасына жұмысқа орналасады. 1965 жылы ГЭС-тің құрылысы аяқтала бастағасын Шардара ГЭС-і мен су қоймасына кезекші инженер болып тағайындалады. 1967 жылы осы мекеменің бас инженерлігіне ауысып, ал 1969 жылы директор болған. 1969 жылдан 1999 жылға дейін, яғни зейнеткерлікке шыққанша «Шардара ГЭС-і мен су қоймасы» басқармасын басқарған. 2000-2002 жылдары Шардара ПЭС, Шардара РЭС мекемелерін басқарған.

Ауданның өнеркәсіп саласында істеген еңбегі үшін бірнеше рет аудандық партия комитетінің мүшесі, халық депутаттары аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланған. 1995-1999 жылдары облыстық маслихаттың депутаты болған.

25.03.1974ж. «1973 жылдың социалистік жарыстың жеңімпазы», 08.06.1976ж «Тоғызыншы бес жылдықтың екпіндісі» деген төсбелгімен, 09.08.1968 ж. «Тың жерлерді игергені үшін», 11.04.1970ж. «Ерен еңбегі үшін В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты», 16.12.1985ж. «Еңбек ардагері», 04.02.2002ж. «ҚР тәуелсіздігіне 10-жыл», 08. 11.2005ж. «Тыңға 50 жыл», 07.12.2007ж. «Ерен еңбегі үшін», 10.11.2011 ж. «ҚР тәуелсіздігіне 20-жыл», 29.10.2012ж. «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстан мәслихаттарына 20-жыл» медалдарымен марапатталған.

1998 жылы Шардара ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілген. 05.03.2013 ж. «Ардагер энергетик. Қазақстан

электрэнергетикалық қауымдастығы» деген төсбелгімен марапатталған.

Су шаруашылық министрлігі мен Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен бірнеше рет марапатталған.

Жұбайы Құралаймен бірге бес ұл мен бір қызды тәрбиелеп өсірген. Барлығы жоғары білім алған. Солардан 24 немересі бар.

Жақсыбек МҰРАТБЕКҰЛЫ

1939 жылы дүниеге келген.

1960 жылдан бастап ұжымшарда жүргізуші болып жұмыс істеген. Өзінің кішіпейілдігі мен үлкенге деген айрықша құрметі еңбек ұжымында абыройлы болуына түрткі болған. Сондай-ақ, өз ісіне деген жауапкершілігінің жоғары болуы ісінің жемісті болуына жетелеген.



Әбдіохан ОРАЛОВ



1940 жылы 20-шы наурызда қазіргі Мырзакентте (бұрынғы Сақуан Қарақырда) дүниеге келген.

Әке-шешеден ерте айырылып, ата-әжесінің қолында өседі. «Сталин» ұжымшары қазіргі жеріне көшіп келіп жатқанда бұл кісілерде алғашқылардың бірі болып қоныстанған болатын. 1960 жылдан бастап зейнетке шыққанша механизатор, көлік жүргізушісі болып әртүрлі маркалы машиналарды айдаған. Кейіннен өрт сөндіру қызметінде, табиғатты қорғау инспекторы қызметтерінде жұмыс атқарған. 1964 жылы өмірлік жолдасы Орынқұлмен отау құрып, 3 ұл мен 6 қызды тәрбиелеп өсірді. Бірнеше мақтау грамоталары және де алғыс хаттармен марапатталған. Зейнетке шыққан соң ауыл адамдарын имандылыққа, намаз оқуға шақырып, бос тұрған баспананы мешіт ретінде пайдаланды. Бұл кісінің емшілік қасиеті де болған. 2008 жылы 16 желтоқсанда дүниеден озды.

Бөрі ИСА



1945 жылы 15 тамызда ОҚО, Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округіне қарасты Жанатұрмыс елді мекенінде дүниеге келген.

Жамбыл атындағы жетіжылдық мектептің 1955-1959 жылы «ХХ партсъезд» совхозының Бірінші мамыр (қазіргі Я.Есенбеков) атындағы орта мектебінің түлегі. 1963 жылы Шымкент музыкалық училищесін «Домбыра пәнінің мұғалімі» мамандығы, 1971 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясын (қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы) «Домбыра» және «Дирижер» мамандықтары бойынша тәмамдаған. Халыққа танымал күй өнерінің майталманы.

Өнертану ғылымының доценті, «Сырдария» университетінің профессоры. Домбырашы, сазгер әрі дирижер. «Ақсақ құлан», «Желтоқсан», «Жиделі байсын» партитуралар жинағы және «Наурыз тойы», «Алтын — аймақ мекенім» әндер жинағы мен «Мерекелік күй» жинағының сондай-ақ, қазақ-ұлт аспаптар оркестрінің негізі болған домбыраға арналған 15 шығарма, 100-ден астам әндер мен күйлердің және «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер тарғын», «Айсұлу», «Аршынмалалан», «Малиновкадағы той» атты музыкалық қойылымдар мен «Жеңіс жолы» атты шығармалар топтамасының авторы.

«Бүкілодақтық халық творчествосы» фестивалінің лауреаты. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері. Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі. Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Мақтаарал ауданының құрметті азаматы.

Еңбек жолында В.И.Лениннің 100 жылдығында «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған мерекелік медалімен, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», «Ахмет Байтұрсынов» атындағы, Ы.Алтынсарин атындағы медальдермен және КСРО Мәдениет министрі тарапынан «Үздік еңбегі үшін» төс белгісімен наградталған.

Бірқатар Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталған.

1993 жылы Ордабасы тауында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан республикасының президенттері қатысуымен өткен Тәуелсіздік облыстың біріккен үлкен оркестріне дирижерлық жасаған. ОҚО-ның рухани-мәдени саласы мен өнерінің дамуына үлес қосқаны үшін «2000 жылдың ең үздік орындаушысы» атағы берілген. 2010 жылы еліміздің мәдениеті мен өнерінің дамуына қосқан үлесі үшін «Шәмші әлемі» гүлзарында ашылған «Жұлдыздар» аллеясында есімі жазылған.

1963-1971 жылдары Жетісай мәдениет үйінің ұлт аспаптар оркестрінің жетекшісі. Жетісай қазақ педагогикалық училищесінің мұғалімі, Жетісай мәдени ағарту училищесінің оқу істері жөніндегі директордың орынбасары, 1972 жылдан бері Жетісай қазақ музыка театрының Бас дирижері, Халықаралық қазақ-түрік университеті Жетісай бөлімшесінің аға оқытушысы, «Сырдария» университеті «Ән және саз» кафедрасының меңгерушісі әрі профессоры қызметтерін атқарып келеді.

Отбасылы, жұбайы Өмірбаева Үлбике Ергешқызымен (мамандығы: «Мәдениет және өнер қызметкері») бірге бес перзент 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, ұл-қыздарынан 14 немере, 1 шөбере сүйіп отыр.

1986 жылы Желтоқсан партитура, ал 1991 жылы «Ақсақ құлан» партитуралар жинағы жарық көрді. 2000 жылы облыстық рухани-мәдени саласы мен өнерінің дамуына үлес қосқаны үшін «2000 жылдың ең үздік орындаушысы» атағы берілді.

2002 жылы «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған мерекелік медальдің» иегері және Қазақстан композиторлар одағының мүшесі атанды. Осы жылы Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері болды.

2005 жылы Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің құрметті қызметкері».

2012 жылы «Алтын аймақ мекенім» әндер жинағы, 2013 жылы «Жиделі байсын» партитуралар жинағы, 2014 жылы домбырашылар ансамбліне арнаған «Мерекелік күй» жинағы, 2014 жылы симфониялық оркестрге арналған «Наурыз тойы» жинағы жарық көрді.



Айш ТАСБУЛАТОВА

1941 жылы дүниеге келген.

1961 жылы «Сталин» ұжымшарына келін болып келген. Кеңшарда 6 жыл жұмыс істеді. 1967 жылдан бастап 1987 жылға дейін сол ауылда дүкенде жұмыс жасаған.

Соғыс кезіндегі елдегі шындық

Бұл 1940 жылдары болса керек, Шардарда «Сталин» атындағы ұжымшардың жаңадан құрыла бастаған кезінде ата-аналарымыз еңбек етті. Таңның атысы, күннің батысы жұмыста болатын. 1941 жылы соғыстың қайнап жатқан кезі, алдымен әкемнің ағасы 30 жас шамасындағы Дүйсехан ағамызды соғысқа алып кетті. Үйленбеген жас жігіт еді, сол кеткеннен оралмады. Әкем Сербаев Мейірханды көп ұзамай армияға алып кетті, әкеміз 1942 жылы қолынан жараланып елге оралды. Адам жетіспейді, әкеме бір отар қой беріп, «Әбіш құдық» дейтін құдықтың басына барып жайғастық. 1943 жылы мен 7 жасар баламын, адам жетіспегендіктен «сақпаншы» етіп, қозы бақтырып қойды. Әкем армияға кеткен кезде 1942 жылы анам Сербаева Шәйнек бір жыл бұрынғы «XX партсъезд» аймағында болған. «Бағарада» бидайық жинап, қырманды тазалап, қайтып арбаға тиеп, поезд жолға апарып, армияға жіберіп отырған. Сонда анам аспазшы болып істеді. Ер-азаматтар жоқ, таңның атысы күннің батысы, түннің бір уақытына дейін әндетіп, көңілдерін әнмен көтеріп, шаршағандарын білдірмей жұмыс жасайтын. Сарбаздардың армияға кетіп жатқанын, самолеттердің ауылдың үстімен ұшып өтіп жатқанын көретінбіз, бірақ олардың қайда бара жатқанын білмейтінбіз.



1944 жылы әкем қойды тапсырып, «Винсовхоз», «Прогресс» кеңшарларының шекарасына орналастық. «Сталин» ұжымшарында мақта бригадирі болып, сонда бірінші рет мақта екті. Арықтарда су тұрмайды, оны су шайып кетеді. Токтату үшін қашан бекітіп болғанша ағынды жерде 3-4 әйел көлденең жататын.

1945 жылы «Сталин» ұжымшары қазіргі жеріне көшіп келді. Алғашқы кезде жертөледе тұрдық. 1944-1946 жылдары 8-9-10

жастағы балалар Әнуар Кәдірханов, Бегім Серіков жастығымызға қарамай, адам жетіспегендіктен «қырық аяқ» атқа, өгізге жегіп мақтаның арасын «культивация» жасайтынбыз. Сонда біз кейде атты жетектейтінбіз. Ол кезде «чеканка» деген жоқ. Мақтаның бойы 1,5 метрге дейін өсіп, ішінде жүрген ат, адам көрінбейтін. 1946-1947 жылдар үйлер салына бастады. Ұжымшарға Мұратбек Бозов, Кәдірхан Пазилбеков деген аталарымыз бастық болып жұмыс жасады. Осы кезде ұжымшардың еңсесі көтеріле бастады. Әкем Мейірхан көп жылдар мақта бригадирі болып жұмыс жасады. 1958 жылы қайтыс болды. Шешеміз Шәйнек 1988 жылы дүниеден өтті. Біздер Бегім Серіков, Әнуар Кәдірханов, Ендібай Жұмабаев, тағы басқа жастар соғысқа кеткен әкелеріміз бен аталарымыздың орнын баса алмасақ та, шамамыздың келгенінше жұмыс жасадық. Аналарымызға қолқанат болдық. 1946 жылы мектептегі өміріміз басталды. Соғыстан кейінгі жылдар да ауыр болды. Жетіспеушіліктер болды. 1956 жылы 10 сыныпты бітіріп, әркім әртүрлі жолдармен, әртүрлі мамандық иелері болып, өз жолдарын тауып жатты. Өткен өмірлеріміз қанша қиын болса да, біз үшін өте ыстық. Өмір жалғасып жатыр, бала-шаға, немере, шөбере көріп жатырмыз. Ендігі арманымыз мемлекетіміз тыныш болып, тұрмысымыз жақсарып, немере-шөберелеріміздің қызығын көру.

Шілдехан Мейірханов

Мамахан МЕЙІРХАНОВ

1944 жылы қазіргі «Жалпаққұм» ауылында дүниеге келген.

Мектепті В.И.Ленин атындағы орта мектепте оқып, 10 сынып кешкі мектебін 1962-1963 жылы бітірген. Сонда оқып жүргенде «Сталин» ауылында жұмысшы болып істеген. Мақта теріп, шабық шауып, қырман жасаған. 1963-1966 жылдары Кеңес әскерінің қатарында болды. Одан келген соң 1966 жылы Алматы мал дәрігерлік институтына түсіп, 1971 жылы бітірген. Жолдамамен Ақтөбе облысында мал дәрігері болып 1971-1972 жылдары істеген. Кейін ауылға келіп 1972-1975 жылдары Киров аудандық «Мал дәрігері» мекемесінің бас маманының көмекшісі болған. Ал 1975-1981



жылдары аудандық ауылшаруашылық басқармасының бұйрығымен «ХХ партсъезд» кеңшарының бас мал дәрігері болып, 1981-2005 жыл аралығында аудандық «Мал дәрігері» зертханасында бөлімнің бас маманы, одан кейін аудандық «Мал дәрігері» мекемесінің «Қызылқұм» ауыл әкімшілігіне қарайтын маманы болып істеген. 2005 жылдан бастап еңбек ардагері. 2 ұл, 3 қыздан 17 немересі бар.

Құралбай ҚҰРАҚБАЕВ



1945 жылы 25-ші сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында, қазіргі Шардара ауылында туған.

Орта мектепті бұрынғы Киров (қазіргі Мақтарал) ауданында бітіріп, 1966 жылы Алматы мемлекеттік дәрігерлер институтын тәмамдаған. Аталмыш институтта 1966-1972 жылдар аралығында клиникалық ординатурада, аспирантурада оқыған. Одан кейін 1972-1995 жылдары Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институтының оқытушысы, доценті, Алматы қаласының №2 стоматология емханасының бас дәрігері, Республикалық стоматология емханасының бас дәрігерінің орынбасары, бас дәрігері болып жұмыс істеген. 1995-1998 жылдары жаңадан ұйымдастырылған Республикалық міндетті медициналық сақтандыру қорының бас директорының бірінші орынбасары, ал 1998-2010 жылдары Қоғамдық денсаулық сақтау жоғарғы мектебінің кафедра меңгерушісі, 2004 жылдан бастап сол жерде оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, 2008-2010 жылдары кафедра меңгерушісі болған.

2007-2010 жылдары Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің бас стоматологы қызметін атқарған. 2010-2011 жылдары Республикалық ақпараттық-талдау орталығының Алматы қалалық филиалының директоры, 2011 жылы қыркүйек айынан осы күнге дейін С.Ж.Асфендияров атындағы ұлттық медицина университеті департаментінің директоры қызметінде. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Медицина ғылымынан кандидаттық диссертацияны 1976 жылы «Отандық анестетик ринокаинды бет-жақ аумағындағы операцияларда пайдалану» тақырыбында, ал докторлық диссертацияны 2003 жылы

«Денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды реформаландырудың теориялық және практикалық негіздері» тақырыбында қорғаған. Ол өзінің еңбек жолында ұйымдастыру-басқарушылық істерін ғылыми жұмыстармен қатар жүргізіп отырған. Ғылыми жұмыстардың ішінде стоматология саласының қызметін жетілдіру және жоспарлау мәселелері, жаңа шаруашылық механизмдерін денсаулық сақтау саласына енгізу, нарық қатынас негізінде денсаулық сақтау саласының қалыптастыру жөніндегі еңбектер бар. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің дамуы туралы да ғылыми талдаулар жасаған. Соңғы кездерде ғылыми жұмыстардың негізгі дені денсаулық сақтау саласының нарықтық экономика кезеңінде шешілмеген мәселелерін зерттеу, оны дамыту жолдарын қазіргі экономикалық теорияларға сейкестендіру, денсаулық сақтау саласына бірыңғай ұлттық жүйені енгізу мәселелеріне арналып отыр. Осы бағытта денсаулық сақтау саласын реформаландыру бағдармаларын дайындау жөніндегі жұмысшы топтың тұрақты мүшесі болған.

2016-2018 жылдары міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу жөнінде Республикалық халыққа информациялы түсіндіру штабының және де парламенттік жұмыс тобының мүшесі де болды. Денсаулық сақтау саласында жасаған қызметі үшін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасын, ҚСРО-ның және Қазақстанның денсаулық сақтау саласының үздігі, «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» белгілерін, «Қазақстан Республикасының 20 жылдығы» мерекесіне арналған медальді, «Құрмет» орденін иеленген. Қазақстан және Ресей медициналық журналдарындағы редакция алқасының мүшесі, Ресей медико-технологиялық академиясының академигі. Қазақ ұлттық медицина университетінің диссертациялық кеңесінің төрағасы.

Ташкенбай СЕЙТКАРИМОВ



1947 жылы 15-ші шілдеде дүниеге келген.

Отан алдындағы әскери борышын 1970-1972 жылдары атқарып келген. Әскерден келген соң 1996 жылға дейін осы кеңшарда үлгілі механизатор және бригадир көмекшісі болып жұмыс істеген. Жұбайы Сейткаримова Қалбибі екеуі 1 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірген. 2003 жылы дүниеден озады.



Құрақбай ҚОСАҚБАЕВ

«Сталин» ұжымшарына 1950-1953 жылдары басқарма болып қызмет атқарды. Кеңшар болып біріккеннен кейін 1958 жылға дейін мақта бригадирі болған.

Сүлей АШИРОВ

№5 бригада механизаторы. Жер жырттып мақталық алқапты шит егуге дайындау жұмыстарын істеді. Өніп шыққан мақтаның арасына өңдеу жұмыстарын жүргізген.



Сайлау ПЕРДЕХАНОВ

№5 бригаданың механизаторы. Мақта егу мен жиналған мақтаны «Қызылқұм» мақта қабылдау пунктіне тасымалдау және басқа да жұмыстарды атқарған.

Кәдірхан ПАЗЫЛХАНОВ

Алғашқы кедейлердің «Қосшы» одағынан «Сталин» ұжымшары бөлініп шыққанда басқарма болып сайланды. 1948 жылға дейін сол қызметін атқарды. 3 ұл, 1 қызы болған. Балдарының бәрі жоғары оқу орындарын бітіріп, аудан көлемінде қызметтер атқарды.



Бұрмашаш МЫРЗАЕВА

№5 бригаданың алдыңғы қатарлы жұмысшысы. Шит еккенде «сеялкаға» отырды. Мақтаны жегене жасау және шабығына қатысты, мақта терді, басқа да жұмыстарын істеген. Аудандық мәслихаттың депутаты болды. Кеңшар тарағанша тынбай еңбек еткен.

І МАМЫР

1934 жылы ұжымшар болып құрылған. Оны құрылғаннан бастап қызмет атқарған азаматтардың есімдерін айта кетсек. Оны 1934-1941 жыл аралығында Ботабек Қайыпов, ал 1941 жылдан бастап Қазыбек Айтенов басқарған. Кейіннен Сыдық Құрманалиев ұжымшар басшысы болды. Ал, Әділхан Әбдіразақов 1936 жылдан бастап құрылған он ұжымшарға ортақ ауыл кеңесін 1941 жылдың аяғына дейін басқарған.

Серіктестік және ұжымшарды құруға және канал қазуға белсене қатысып, қажырлы еңбек еткен ата-әжелер: Әбсамат Мәткәрімұлы, Сейдік Байжігітов, Алданияз ата, Байтөре Бекжігітов, Әділхан Әбдіразақов, Тілеп, Жөрген, Сыдық пен Әбубәкір Құрманалиев, Маңқара Жүзжасаров, Досан, Қожантай, Зүкірдің Күнжігітовтер, Төреқұл Жанжігітов Шынтай, Шынтөре, Сәдірдің, Төлебай, Қоспан, Меңдікұл, Бердалы, Ғани, Ерназар, Сәрсен, Асқан, Қайып, Сағындық, Қилыбай, Ақжігіт ата, Ж.Жүзжасаров, С.Жетекбаев, Ікім Сералиев, Белесбек Жабаев, Зікір Қоқанбаев, Серік Жүнісов, Пазылхан Ақжігітов, Әмзе Ботабеков, Әмзе Құрбанов, Нәділбек Шынтөреев, Әбдіразақов Қаныбек, Дәрібек Садыбеков, Бозай, Иманқұл, Айнамқұлов Асан, Аулаш, Әлі, Төребек, Жақсыбай, Ендібай, Елібай Бөрібек Қажының ұлдары, Құрманбек, Шора, Қилыбай, Әжітай, Тәжітай, Талас, Жұмаділ, Бекман, Жабай, Дәрмен, Пәрмен, Зәйт, Көбеш, Айтөре, Шойқара, Көбеш аталарымызбен Түймен, Әжікүл, Анар, Ұлбазар, Қатимаш, Бибісара, Құрбанкүл, Қадиша, Айбарша, Зейне, Толман, Қыздархан, Шарипа, Аманкүл, Жәукеркүл және Бейсенкүл апалар. 1941 жылдан бастап екінші дүниежүзілік соғысқа аттанған азаматтар: Әбсамат Мәткәрімұлы, Сейдік Байжігітов, Байтөре Бекжігітов, Әділхан Әбдіразақов, Өзім Алданиязов, Тілеп, Жөрген, Сыдық пен Әбубәкір Құрманалиевтер, Маңқара Жүзжасаров, Қожантай Күнжігітов, Ікім Сералиев, Белесбек Жабаев, Зікір Қоқанбаев, Зүкірдің, Әзбай, Төреқұл, Қаныбек аталар, Пазылхан Ақжігітов, Әмзе Ботабек, Серік Жүнісов, Шойқара және Әбдімұрат аталар. Соғысқа аттанған кісілердің көпшілігі соғыстан қайтпаған.

Соғыс жылдарында елде қалған аналарымыз майдандағы жауынгерлерге жылы киімдер тоқып, құрт-май жинап, ауылдан

жіберіп отырған. Сондай-ақ, саз балшықты қайнатып цемент те жасаған екен. Сол цементтен Ақтөбе ауылындағы бұрынғы мәденит үйінің (клуб) іргетасы қаланған.

Қайнаған еңбектің арасында түйекештер Есенбек, Сапар деген кісілер ауылдың жем-шөбіп тасыса, Сармантай деген кісі қолынан түрлі бұйым жасапты. Бұл кісінің қолынан шыққан орақ, ат әбзелдері, жер жыртуға арналған құралдар, тағы басқа да тұрмысқа қажетті дүниелер ел игілігіне жараған. Сондай-ақ, Кемал Ендібайұлының ақындығы, ал дүкенде сатушы болған Салқынай, Күләндә және Ділде секілді аналарымыздың еңбегін де ерекше айта кеткен жөн.

«1 мамыр» ауылының өркендеуіне үлес қосқан кісілер: Әден Боранбаев, Сырбек Кеттебеков, бас бухгалтер Нәділбек Шынтөреев, есепші Оразбай Ерназаров, жұмысшы Сейілхан Ақжігітов, Белесбек Жабаев, Орынбасар Байтахов, Әзім Алданиязов, молдалар: Құлтас, Құрбан, Әділбек аталар, диірменші Әжітай Байзаков, шығыншы Анашбек Қамбаров, озат малшылар, «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегерлері Нұржан Айтөреев, Әбубөкір Құрманалиев, Битуған Байтөреев, мал дәрігері Мекенбай Сәрсенов, сушылар Күнтуған Байтөреев, Қалқабек Төкеев, Жұмабай Қалдаров, Байлар Құрбанов, еңбек озаттары болған механизаторлар Оразбақ Ерназаров, Дәржан, Ержан Әлиевтер, Көпбай Ғаниев, Жұмадилов Игібай, Күшібай, Боранбай Сағындықов, Көпжасар Динасилов, Медетбек Досанов, Маханбет Асханов, Әлімхан Аманқұлов, Әшірхан Алданиязов, Сүндет Құрбанов, Әбіш Алданиязов, Қалдаш Максұтов, Мәжітхан, прораб Артықбай Тастанов, бөлімше басқарушы Әлиайдар Құрманалиев, инженер-аға механик Темір Бердалиев, Қыдыр Бердалиев, Алтынбек Мендікұлов, Самат Өтегенов, жұмысшы-сушылар Әбілхайыр Төлбаев, Құдірет Сералиев, Жақып Хайпов, Жиенқұл Құрбанбеков, Әбілда Алданиязов, Сембек, Сандыбай Ерназаров, Орынбасар, Орынбек, Ордабек Құрманалиевтер, Құдайқұл Төлебаев, Ахат Құрбанов, Сырғабай Қайназаров, май тасушы Сапаралы Қайыпназаров, шофер Дархан Қайназаров, есепші Айбек Құрманалиев, бригадир Мырзабай Байжігітов, Хамит Айтөреев, Лесбай Мамасерипов, Байларбек Қаңтарбаев, электрик Әбіш Жабаев, Сәбит Ерназаров сынды азаматтардың атқарған еңбектері өскелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Алтын кұрсақты он бала туған аналар: Тұрсынай Ақжігітова, Зейне Шынтөреева, Айнаш Ғаниева, Бибіайша Хаюпова, Бейсенкүл Төлебаева, Базаркүл Таласова, Ұмсын Әлиева, Ханшайым Сәрсенова, Сапаркүл Ғаниева, Несібелі Сағындықова, Гүлзираш Досанова.

Ауылдағы мақта шаруашылығының дамуына үлес қосқан аналар: Бригадир Үрзада апа, Аққыз Қалдарова, Жүзімкүл Байтөреева, Күлайша Ерназарова, Тіллә Өтегенова, Баян Байтөреева, Дүйсенкүл Қайназарова, Гүлсара Бердалиева, Гүлжәмиля Ахметова, Бибігүл Алданиязова, Несібелі Сағындықова, Жақсыкүл Дарибекова, Айша Медетбекова, Гүлзираш Досанова, Күлайна Бердалиева, Базаркүл Құрбанбекова, Райхан Құрманалиева, Садина Құрбанова, Жұмакүл Алданиязова, Айсалам Алданиязова, Ұлжалғас Жабаева, Дария Қамбарова.

Осы ауыл тумасы Нұржанов Омарбектің басшылығымен 2006 жылы «Нұрән» мешіті салынды. Мешіттің имамы болып сайланған Тасмахамбет Ерімбетов осы бүгінге дейін қалтқысыз халыққа қызмет етіп келеді. Көмекшісі болып Мырзалы Байжігітов қызмет атқарды.

Ябек Есенбеков мектебінің тарихы

«1 мамыр» ауылында Ябек Есенбеков атындағы орта мектеп бар. 1963 жылға дейін бұл мектеп В.И.Ленин атындағы 10 жылдық білім ошағы болған. Кейіннен аты орталықтағы мектепке беріліп, сегізжылдық «1 май» мектебі болып өзгерді. 1999 жылы 11 жылдыққа ауыстырылды. Бүгінгі таңда Ябек Есенбеков атындағы жалпы орта мектебі деп аталады.

Ауылдың көптеген түлектері бүгінде Қазақстанның көптеген өңірлерінде абыроймен қызмет атқарып жүр. Ғылым мен білім саласында биіктерге қол жеткізіп, еліміздің өркендеуіне, дамуына өзіндік үлестерін қосып жүрген азаматтарымыз да бар. Атап айтсақ, Бегім Серіков – Өзбек КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, экономика ғылымының кандидаты, Омарбек Нұржанов – көптеген ауданның бірінші басшысы, облысты басқарған білікті маман, экономика ғылымының кандидаты, Сәтіллә Қоқанбаев – техника ғылымының кандидаты, профессор, Сайлыбек Есенбеков – облыстық маслихат депутаты, Бекжан Хайпов – Мақтаарал аудандық салық комитетінің бас маманы,

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Бауыржан Жанаев – бүгінде Мақтаарал аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы.

Ұлағатты ұстаздар: Құлтай Шіркітбаев, Нұрлыбай Сүлейменов, Ратқан Шіркітбаев, Қалкеш Құдашева, Тұралы Сұлтанов, Құдайберген Әбішев, Қапизов Омарбек, Әбдіхалық Әміреұлы, Асылбек Бижанов, Арыстан Мендіқұлов, Жақсылық Төлебаев, Құдайберген Жолдасов, Көбей Ғаниев, Әлиядар Мырзақеримов, Көшербай Омаров, Молдасейіт Бөріқұлов, Ақбай Абсаматов, Мерекебек Ябеков, Асан Абубакиров, Дүйсен Қаныбеков, Тәжібек Сапарбаев, Әлиядар Құрманалиев, Пердебай Медетбаев, Дәрімбай Маширов, Бибінұр Құрманалиева, Раиса Жолдасова, Әсемкүл Әуезова, Күміскүл Ябекова, Айнаш Жолдыбаева, Қарлығаш Серікбаева, Роза Әбдуайтова, Сапаркүл Ғаниева, Ханшайым Тілемисова, Әсия Имантаева, Гүлшара Тұранова, Макпал Сманова, Дүниезада Әліпбаева, Тамара Оспанова, Балағыз Мықтыбекова, Қалдыгүл Ибрагимова, Мағира Сопишева, Райхан Жандарова, Халипа Бекмырзаева, Гүлжәмила Мұратова, Анар Спаева, Құралай Қабылбекова, Анар Мұратова, Әсия Смадиярова, Гүлайым Байтөреева, Рабиға Әлиева, Гүлмира Жамединова.

Ябек Есенбеков мектебінің директорлары: Ябек Есенбеков, Асиллов, Жаппархан Есалиев, Ынтықбай Тасқұлов, Ақбай Абсаматов, Тәжібек Сапарбаев, Сәбит Құралов, Әсия Имантаева, Мамбетберді Абубакиров.



Я.Есенбеков атындағы орта мектепті ірілендірілген Мақтаарал ауданы бойынша ең үздік оқу ошағына айналдырған ұлағатты ұстаз, білікті басшы Әсия Имантаева әріптестерімен бірге.

Әділхан ӘБДРАЗАҚОВ



1902 жылы Қызылқұм ауданы, Сыр бойында дүниеге келген. 1936 жылдан 1941 жылдың аяғына дейін ауылдық кеңесті, сол кездегі 10 ұжымшарды басқарған. 1941 жылдың аяғына қарай соғысқа өзі сұранып аттанған. Ал, соғыс біткен соң елге аман оралып, «Сталин» атындағы ауылдық кеңесті 1953 жылға дейін қайта басқарады. 1953 жылы «1 май» ұжымшарының

Шардарадағы мал шаруашылығын өркендетуге 40 үй көшіріліп, сол халықтың тіршілігін басқару үшін кетеді. 1956 жылы халықтың малы тәркіленіп, кедей отбасыларға бөлініп беріледі де, ел Қостақыға қайта көшіп келеді. Мұнда келген соң қазылған 10 құдыққа бақылаушы қызметін атқарды. 1962 жылы зейнеткерлікке шықты. Жұбайы Анар екеуі өмірге 4 ұл, 1 қызды әкеліп, саналы тәрбие беріп өсірді. Бүгінде балалары елдің көркеюіне үлес қосып жүрген азаматтар.

Байтөре БЕКЖІГІТОВ

1908 жылы Қызылқұм өңірінде дүниеге келген. 1-май ұжымшарында түрлі жұмыстар істеген. 1942 жылдың наурызынан 1945 жылдың маусымына дейін екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1945 жылы «Қызыл жұлдыз» № 1402409 орденімен наградталған. 1948 жылы «1-май» ұжымшарын алғаш құрғандардың қатарында болды. Мырзашөл өңірін игеруге үлес қосып, Киров каналын қазу жұмысында звеновед болған. 1949 жылы «Еңбек Қызыл Ту» № 98091 орденімен марапатталған. 1968 жылы қайтыс болды.



Ябек ЕСЕНБЕКОВ

1916 жылы Жаушықұм болысында туған.

1926 жылы Ташкент қаласындағы «Рабфакқа» түсіп, оны 1930 жылы бітіріп, бұрынғы Қызылқұм ауданындағы «Тыңғылық» деген серіктестікте 1936 жылға дейін оқытушы болып жұмыс істеген. 1937-1942 жыл аралығында Мақтаарал ауданындағы «Трудовосток» деген елді мекенде оқытушы және директор болып қызмет



атқарады. 22 маусым 1941 жылы фашистік Германия Кеңес Одағына соғыс ашқанда 25 жаста еді, әйелі және туғанына 2 ай да толмаған баласы болды. Белсенділер қатарында әскери комиссариатқа барып, әскерге баруға өтініш жазады. Ол жылдары сауатты, білімді адамдар өте аз болған. Сұрапыл соғыс кезінде халықтың үрейін сейілтпін тыныштандыратын сауатты басшы ел ішіне аса қажет болды. Соны ескерген жоғарыдағы басшылық өтінішін қабылдамады.

Ұлы Отан соғысы кезінде кеңшарда төрағалық қызметін қоса алып жүрді. 1943-1949 жылдары Киров ауданындағы «Фрунзе» атындағы мектепте директор болып қызмет атқарды.

1947 жылдан өзі туған «1 май» ауылына мектеп салу мақсатын жүзеге асыру үшін көп еңбектенді. Ол бұл мақсатына қол жеткізді де. Өз қолымен алғашқы кірпішін қалап, туған жеріне мектеп салдырды. 1947 жылдан 1985 жылы қайтыс болғанға дейін «Ленин» атындағы және «1 май» атындағы мектептердің директоры болып қызмет атқарды. Ұлағатты ұстаз, оқу-ағарту ісінің үздігі. Ябек Есенбеков оңтүстік аймаққа танымал тұлға. Бар өмірін ұстаздыққа арнаған, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, қазақ елінің өркендеуіне өз үлесін қосқан, озық ойлы сауатты да алғыр, өткір де өжет, өз заманының бетке ұстар азаматы болды.

1997 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Асықата өңіріндегі, өзі кірпішін қалаған, сол орта мектепке «Ябек Есенбеков» есімі берілді.

Бар өмірін ұстаздыққа арнаған, айналасына жақсылық пен сәттілік нұрын сепкен бұл кісінің еңбегі еленіп, келер ұрпаққа үлгі болып, есімі мәңгілік өшпестей тарих беттеріне жазылды. Арамызда болмаса да ісін жалғастырушы ұрпағы, туыс-бауырлары, көзін көрген әріптестері мен шәкірттері ұлағатты ұстаздың ерен еңбегін, қанатты сөздерін еске алып мақтан етеді.

Әбубәкір ҚҰРМАНАЛИЕВ



1918 жылы 15-ші маусымда Шымкент облысы, Мақтаарал ауданы, Кеңесшіл ауылында дүниеге келген.

1939 жылы әскер қатарына алынды. Содан ары қарай соғысқа кеткен. Онда хабар-ошарсыз кетіп, алғашқы хат- хабар 1945 жылы 18-ші маусымда

келеді. 1949 жылы Ұлы Отан соғысынан оралған. 1950 жылы Дәмеш Ырысқұлқызымен танысып, отбасын құрды. Жұбайы екеуі 3 ұл, 3 қыз: тәрбиелеп өсірген.

Өзінің еңбек жолында «Мойынды- Шу» темір жолын салу жұмысына араласып, бригадир қызметін атқарған. Бұл темір жол 45 күнде салып біткен екен. Осында қажырлы еңбегі үшін марапатталған. 1956 жылы №3 мақта бөлімшесіне жұмысшы болып орналасады. «XX партсъезд» мақта кеңшарының түрлі салаларында жұмыс атқарған. 1981 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1987 жылы 26-шы маусымда зейнетке шықты.



Сыдық ҚҰРМАНАЛИЕВ



1922 жылдың 16-шы маусымында Шымкент облысы, Мақтаарал ауданы, Кеңесшіл ауылында дүниеге келген.

1942 жылы екінші дүниежүзілік соғысқа аттанған. 1942 жылы Сталинград майданында пулеметші болған. 1942 жылдың 24-ші мамырында сол аяғынан ауыр жараланып, 1943 жылы елге оралған.

1944 жылы Бекмырзаева Ділдаммен шаңырақ көтерген. Сол шаңырақта 9 перзент дүниеге келді (5 ұл, 4 қыз).

1950 жылы Кеңесшіл ауыл кеңесінде есепші, 1950-1958 жылдары Қызылқұм ауылында есепші, 1958-1960 жылдары «Сталин» кеңшарының бастығы болған. 1960-1985 жылдары «XX партсъезд» кеңшарында жоғары санатты есепші қызметін атқарған. 1985 жылы 6-шы маусымда зейнеткерлікке шықты.

«Гвардия», «Ұлы Отан соғысы», «Жеңістің 20 жылдығы», «Жеңістің 30 жылдығы», «Жеңістің 50 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

Жұбайы Бекмырзаева Ділда 1923 жылдың 8-ші желтоқсанында Шымкент облысы, Мақтаарал ауданы, Мақталы ұжымшарында дүниеге келген. 1941-1944 жылдары Мақталы ұжымшарында

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

7 сыныптық білімімен есепші қызметін атқарған. 1944 жылы Құрманалиев Сыдықпен отау тіккен. 1944-1950 жылдары Кеңесшіл ауыл кеңесінде есепші болған. 1950-1955 жылдары ұжымшарда кітапханашы қызметін атқарған. 1966-1970 жылдар аралығында кеңшардағы ауыл дүкенінде сағушы болып жұмыс істеген.

«Батыр ана», «Жеңіске 60 жыл», «Алтын алқа» медальдарымен марапатталған.

Нәділбек ШЫНТӨРЕҰЛЫ



1920 жылы Шардара ауылының Мақталы ауылында туған.

7 сыныптық білім алып, еңбекке ерте араласқан. 1949 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ұжымшардың, «XX партсъезд» кеңшарының, «1 май» ауылының бухгалтері, кассирі, ревизоры қызметін атқарған. 1956 жылы кәсіподаққа мүшелікке өткен. Жұмысына адал, ауылға беделді азамат болды. Еңбегі бағаланып, мақтау грамоталарымен марапатталған. 1944 жылы жұбайы Әбдімұсақызы Зейнеге үйленіп, 8 перзент тәрбиеледі. Зейне де өте еңбекқор болған, күні-түні ауыр жұмыстар істеген. Киров каналын қазуға, елдің өркендеуіне еңбегін сіңірді. 1977 жылы Нәділбек Шынтөреұлы өмірден озды.

Әзім АЛДАНИЯЗОВ



1920 жылдың 15-ші маусымында дүниеге келген.

Балалық шағы өмірдің қиын кезеңдерінде өтті. Анасынан ерте айырылды. Алайда, өмірдің сол қиындықтарына мойымай өте зерек болып өседі. Төрт жылдық мектеп бағдарламасын небәрі бір жылдың ішінде меңгеріп шығады. Жастайынан еңбекке ерте араласады.

Олон жасқа қараған шағында арқасүйер әкесінен айырылып, бар ауыртпалықты өзі көтереді. Оның еңбексүйгіштігін, есепке жүйріктігін байқаған өңір басшылары он сегіз жасқа толған шағында ұжымшарға бригадир етіп сайлайды.

Соғыс жылдарында ұжымшардың бар ауыртпалығын арқалап, тыл еңбеккері атанады. Сонымен қатар, өңірдің мақта шаруашылығының дамуына да үлкен үлес қосады. Кейіннен кеңшар құрылған соң да зейнет демалысына шыққанша жемісті еңбек етеді. Еңбегін ел бағалап көптеген марапаттармен марапатталады.

1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Отбасында жеті перзент тәрбиелеп өсіріп, бүгінде ұрпақтары әр салада абыройлы қызмет атқарып жүрген азаматтар. Немересі Есен Алданиязов бірнеше жыл «Қызылқұм» ауылдық округінің әкімі қызметін абыроймен атқарды.

Әзім ақсақал 2015 жылы сексен бес жасқа толған шағында өмірден озды. Алайда, оның ұрпағына берген тәлімі, тәрбиесі, өмірден түйген сабақтары ел-жұртқа өсиет болып қала береді.

Анашбек ҚАМБАРҰЛЫ



1923 жылы Сыр бойында туған.

Шора молда әулиенің немересі. Жастайынан өте зерек болып өсті. Небәрі 19 жасында Ұлы Отан соғысына шақырылды. Бұл 1942 жылы майданның өршіп тұрған кезі болатын. Талай жанның тағдырын ойран еткен сұм соғыстан Анашбек Қамбарұлы 1945 жылы жаралы болып оралды. Содан II топ мүгедегі болып қалған ол өмірдің қиындығына мойымай, елге келген соң

еңбекке бел шеше араласып кетті.

1948 жылы «Қызылқұм» ауданы, «1 май» ұжымшарында есепші болып қызмет атқарды. Жемісті еңбегінің арқасында көп жетістіктерге қол жеткізді. Ол адалдықты ұстанған, парасатты мінезімен ел ішінде құрметке бөленген жан болатын. Сенім артқан ауыл тұрғындары оны ауыл биі етіп сайлаған соң өңірдің көптеген мәселелеріне араласады.

1956 жылы кеңшар құрылған соң «Шығыншы» болып жұмыс істейді. Еңбегін билік бағалап, көптеген алғыс хаттармен, мадақтамалармен марапаттаған.

Аяулы жары Жұпаркүл Жақыпбекқызы тоғыз перзент сүйіп, балаларына тағылымды тәрбие берді. Бүгінде ұл-қыздары өңірдің абыройлы азаматтары.

Өтеген ЕСЕНҚҰЛҰЛЫ



1919 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауылында дүниеге келген.

Анасынан жастай жетім қалған. Отбасында төртінші ұл болған. Жастайынан зерделі болып өскен бұл кісі өсе келе қазақшамен қоса арабша да хат таныған. Құранның аяттары мен сүрелерін жатқа айтатын болыпты. Өмірлік жолдасы Тоты екеуі 2 ұл, қыз тәрбиелеп өсірген. Көзі тірісінде сол ұрпақтарынан 32 немере сүйген екен. Кезінде ұжымшардың, одан кейін кеңшардың әртүрлі жұмыстарын атқарған.

Көпбай ҒАНИҰЛЫ

1927 жылы мамыр айының 20-шы жұлдызында Асықата өңіріндегі Арбақалды ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы мектепті бітірген.

13 жасқа жаңа толғанда ол ұжымшар жұмысына етене араласып кеткен. Алғашқы шыққан ХТЗ маркалы тракторын сол 13 жасында айдады. Тракторы бұзылып қалғанда жаяу барана тартқан кездері де болыпты.



1950 жылы қазіргі Атакент кентіндегі техникалық училищеде механизаторлық курсын оқып диплом алды. Кейін ұжымшардың озат тракторшысы атанған. 1959 жылы шаңырақ көтерді. Өмірлік жолдасы Боранбаева Айнаш та осы ұжымшарда еңбек еткен. Еңбек студен жалықпайтын, буыны қатпай еңбекке төселген ел ағасы 1962 жылға дейін колхоздың барлық жер айдау, тырмалау, егу жұмыстарын жауапкершілікпен атқарды. Жарты ғасырға жуық трактор айдап, еселі еңбектің өнегесін көрсетіп, 1987 жылы зейнет демалысына шықты. Көптеген мақтау қағаздарымен, Алғыс хаттармен, «Еңбек ардагері» ордендерімен марапатталды. Ал жұбайы Айнаш та 1972 жылы «Батыр ана» алтын алқасын омырауына тақты. Жұбайы екеуі 10 перзент тәрбиелеп өсірді. 2012 жылы өмірлік серігі Айнаш өмірден озды. Бүгінде Көпбай ақсақал 34 немере мен 16 шөбере сүйіп отырған ардақты ата.

Арыстан МЕНДІҚҰЛОВ

1930 жылы 16-шы қазан күні Шымкент облысы, Шардара ауданы, Арбақалды ауылында дүниеге келген.

Әкесі – Өзімқұлов Мендіқұл, анасы – Ережепова Аманкүл.

1938-1948 жылдары Ташкент облысы, Октябрь ауданындағы №20 Шверник орта мектебінде білім алды. Оны бітірген соң сол мектепте 2 жыл ұстаздық етті. 1950-1953 жылдары №46 Роковский мектебінде ұстаздық жұмысын жалғастырды. 1955-1960 жылдар аралығында Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік педагогикалық институтын сырттай оқып бітірген. 1955 жылдан №8 Карл Маркс атындағы орта мектепте, 1957 жылы №21 Победа мектебінде, 1958 жылдан 1966 жылға дейін Ф.Энгельс мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып істеді. 1966-1968 жылдар арасында А.С.Пушкин атындағы орта мектепте қызмет атқарды. Ал, 1969 жылдан «1 май» орталау мектебіне ауысып, 1996 жылы құрметті демалысқа шыққанша ұстаздық жұмысын жалғастырды. Аудандық, облыстық құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталды. Жұбайы Тұрғанай Оразалықызы екеуі 3 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан бүгінде 27 немере, 30 шөбере өсіп-өніп жатыр. Ұл-қыздарының барлығы жоғары білімді.



Жақсылық ТӨЛЕБАЕВ

1931 жылы 19-шы шілдеде дүниеге келген.

Мектеп бітірген соң 1950-1953 жылдар аралығында Карл Маркс атындағы педагогикалық училищені бітірген. 1954-1955 жылдары еңбек жолын «Победа» ұжымшарында оқу ағарту ісі бойынша бастаған. Кейін туған жері «1 май» ауылында 1956 жылдан 1994 жылға дейін ұстаздық еткен. Бар өмірін балаларға білім беруге арнаған. Жары Бейсенкүл Төлебаева 1935 жылы 5-ші тамызда Шымкент облысы, Абай ұжымшарында дүниеге келген. 10 баланы өмірге әкеліп, оларды тәрбиелеумен қатар кеңшарда сауыншы болып, жібек құртын бағып жұмыс жасаған.



Хаинов Серікбай Әбдіқадірұлы

**1931 жылдың 1-ші сәуірінде
Өзбекстанда дүниеге келген.**

Ашаршылық жылдары қазақ жеріне өтіп, ата-анасымен «Арбақалды тоғай» жеріне қоныстанады. Жастайынан ұжымшарға мүше болып кіріп, өтпелі кезеңнің қиындығына байланысты еңбекке ерте араласады. 1948 жылдары ұжымшарға келген алғашқы көліктердің бірін жүргізеді. «Қызылқұм» ауданының құрылуына өз үлесін қосады. 1953 жылы Байсейітова Бибайша Анарбайқызымен отбасын құрады. Ол 1934 жылы 8-ші наурызда дүниеге келген. Бұл кісі де ұжымшар жұмысына араласып, канал қазу жұмыстарына қатысқан «Батыр ана». Отбасында 5 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірген.



Битуган БАЙТӨРЕЕВ

**1934 жылы Қызылқұм өнірінде дүниеге
келген.**

1956 жылдан бастап «XX Партсъезд» кеңшарында жұмысшы болып, 1960 жылдан бері мал шаруашылығында бақташы болып зейнеткерлікке шыққанша (1996 жыл, наурыз) жұмыс істеген. 1971 жылы озат малшы «Еңбек Қызыл Ту» № 542571 орденімен және 1973 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен наградталған. Әкімшілік жанындағы комиссия шешімімен облысқа сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған. 2006 жылы дүниеден озды.



Кобей ФАНИЕВ



**1936 жылы Қызылқұм ауылдық округі,
Келес ауданында дүниеге келген.**

Ол 1952 жылы Қызылқұм ауданы, 1- май жетіжылдық мектебінде оқып, 1955 жылы «Қызыләскер» атындағы №2 орта мектебінде білімін жалғастырған. 1955-1958 жылдар аралығында Венгрия қаласында әскери

борышын өтеді. Әскерден оралған соң 1959 жылы Шымкенттегі педагогикалық институтында жоғары білімін жетілдіріп, 1964 жылы осы аталған институттың қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша бітіріп шығады. Алғашқы еңбек жолын XX партсъезд кеңшарындағы «Мақталы» бастауыш мектебінде бастаған. Қазіргі Ябек Есенбеков атындағы орта мектептің түп қазығы болған білім ордасында еңбек жолын жалғастырады. 1970 жылдан бастап аталған мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін ұзақ жылдар бойы абыроймен атқарады. Екі рет «Педагогика саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі» медалімен марапатталған. Қиыны мен қызығы бірге жүретін мамандықтың иесі өзінің тынымсыз еңбегінің арқасында білім нәрімен сусындатып өсірген шәкірттері қазіргі таңда егеменді Қазақстанымыздың түкпір-түкпірінде елімізге қызмет жасап жүр. Жарты ғасырға жуық мектепте шәкірттерге саналы білім мен сапалы тәрбие беруде қосқан орасан үлесі мен жарқын бейнесін шәкірттері мен әрістестері сағынышпен еске алады. Бүгінгі таңда ұстаздықтың ұлы тұлғасын көрсете білген ардақты әкенің жолын, әкенің тәрбиесін ұл-қыздары жалғастырып келеді.

Мерекебек ЯБЕКОВ

(27.04.1941 жыл – 25.04.1976 жыл)



Ташкент облысы, Бегабад ауданы, Дальверзин ауылында педагогтар отбасында дүниеге келген.

1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданындағы орта мектепке оқуға барып, 1958 жылы осы ауданындағы «1 май» атындағы мектепті бітірген. Он жылдық мектепті бітіргеннен кейін 1 жыл «Жастар» бригадасында жұмыс істеп, ауылды көркейтуге атсалысқан. 1959 жылы Шымкент Мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін оқыды. 1966 жылы Марксизм-Ленинизм негіздерінің мектебіне түсіп, оны 1971 жылы бітірген. Коммунистік партияның мүшесі болған. Халық депутатылығына сайланған. «1 май» орта мектебінде физика-математика пәнінің мұғалімі болып сабақ бере жүріп көптеген жаңалықтар енгізген. Атап айтсақ:

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

- физика зертханасында тәжірибе көрсетуді ұйымдастырушы алғашқы маман;

- фотосурет үйірмесін ашқан;

- кино механикалық жұмысын жандандырған;

- шашка-шахмат үйірмелерін ашқан т.б.

Кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін атқарған. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, мектеп ұстаздарымен бірге туған жердің экономикасының артуына оқушылардың қатысуына жетекшілік еткен. Аудандық, облыстық, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутаттарды сайлау алды бағдарламаларын халыққа үгіт-насихат жүргізуде белсене қатысқан.

Аз ғұмырында халқына қалаулы, еліне елеулі болған жандардың бірі болып, алғыс хат, мақтау грамоталарымен марапатталған.

В.И.Лениннің туғанына 100 жылдығына байланысты СССР Жоғарғы Кеңес Президум Жарлығымен «Юбилейный» медалімен 1970 жылы наградталған. Өзінің ұстаздық өмірінде шәкірттерінің білімді-білікті азамат болып өсуін қалады.

Ақбай ӘБСАМАТОВ



1945 жылы 9-шы мамырда (12 қыркүйек құжат бойынша) Шардара ауданы, Қызылқұм кеңшарында дүниеге келген.

Әкесі Әбсамат Мәткерімұлы (Мәтей деп атап кеткен) 1902 жылы дүниеге келген шаруа кісі болған. 1942 жылы екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, 1944 жылы үш жерінен жараланған соң елге оралған. Мұнда ауыл шаруашылығын басқарып, кеңшарда қызмет жасаған. Анасы Бибісара Тұрсынқызы (Айтбозым руынан) үш қыз, бір ұлды дүниеге әкеліп, оларды ұлтжанды етіп тәрбиелеген. Бұл кісінің өзі де қазақтың салт-дәстүріне қанығып өскен жан болыпты. Отызыншы жылдардағы нәубетті бастан кешкен, соғыс жылдарында бауырын, ерін, қайнысын әскерге аттандырып, ал өзі бидай егіп, егін орып, тылда еңбек еткен. Үш қызына қорған болған қайратты ана. 1944 жылы ері соғыстан жаралы болып оралғаннан кейін 1945 жылы үш қыздан кейін дүниеге келген ұлының есімін Ақбай деп атауының да себебі бар еді. Шаңырақтың шаттығына айналған ұл «Жеңіс күні» дүниеге келген. Бұған қатты қуанған Әбсамат әкесі жақсылық болсын деп Ақбай есімін беріпті.

Бибісара анасы мен Әбсамат әкесі соғыстан оралғаннан кейін Киров каналын қазуға қағысқан. Бұл каналға су жіберілгеннен кейін қақаған қыстың бір күнінде Әбсамат каналдың бір арнасын су шайып кетеді, бұзылған тоғанды жабуға көмекке шақыратын ер азаматтар жоқтың қасы, бір өзі суды кешіп тоғанды жабады. Соғыстан алған жарақаты асқынып, аз-кем уақыт төсек тартып жатып қалады да, 1946 жылы қайтыс болады.

Ақбай Әбсаматов «1-май» мектебінде білім алды. Содан кейін В.И.Ленин атындағы орта мектепте онжылдықты тәмәмдады. Қалкеш апай, Есенбеков Ябек, Бердіқұлов Орынбай секілді ұстаздардан тәлім алды. 1961 жылы А.С.Пушкин атындағы орта мектепте комсомол комитетінде, пионержетекші болып қызметін бастады. Қапланбек зооветеринарлық техникумында оқып, кейіннен 1966 жылы Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтында сырттай білім алып, 1-Май сегізжылдық мектебіне тарих пәні мұғалімі болып қызметін жалғастырды. 1974-1980 жылдары Партия ұйымының хатшысы болса, 1983 жылдан бастап «1 Май» сегізжылдық мектебінің директоры қызметіне тағайындалды да сол қызметін 1989 жылға дейін атқарып келді. 2008 жылы зейнеткерлікке демалысқа шықты. Жолдыбаева Айнаш Бейсенғалиқызына 1966 жылы үйленіп, 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді. Айнаш Бейсенғалиқызы В.И.Ленин мектебінде оқып, кейіннен Жетісай педагогикалық училищесінде білім алады. Еңбек жолын «1 Май» мектебінде бастауыш сынып оқытушысы болып бастап, кейін 25 жыл ұстаздық еткен жоғары білікті маман. Өзінің еңбек жолында қаншама шәкірттерді тәрбиелеген.

*Есенбеков Сайлыбек Ябекұлы
(07.09.1947 жыл – 27.05.2007 жыл)*

1947 жылы 7-ші қыркүйекте дүниеге келді.

1965 жылы «Ленин» атындағы орта мектепті бітірген соң Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтына оқуға түсті. Оны тәмамдаған соң жолдамамен Көкшетау облысында бірнеше жыл кеңшар зоотехнигі болып жұмыс істеді. Туған жерге оралған соң бұрынғы Киров ауданы «Өзбек ССР-нің 40 жылдығы» кеңшарында бас зоотехник болып қызмет атқарды. Сөйтіп, малшаруашылығын асылдандыру, сүт өнімділігін молайту жолында аянбай еңбек етті. Бойына терең білімділікті,



МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

зеректікті, қайсарлық пен өжеттілікті дарытқан кісі болатын. Сондықтан да халқы оны құрметтеп бірнеше рет аудандық, облыстық мәслихатқа депутат етіп сайлады. Осы кезеңде шалғай ауылдарға жол салынып, автобус қатынайтын болды, ауыз су мәселесі шешілді. Ол өткір тілді, тік мінезді, халықтың сөзін, мұқтажын, шешілмей жатқан мәселелерін мәслихат жиналыстарында ортаға салатын. Аулымыздың көркеюіне өз үлесін қосқан, шындықты жеріне жеткізіп айта алатын, бағыл да өжет азамат болды.

Темір БЕРДАЛИЕВ



1947 жылы наурыз айының 10-шы жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Киров ауданы, «XX партсъезд» кеңшарында дүниеге келген.

1961 жылы 7 сыныпты үздік бітіріп, осы жылы Мақтарал ауылшаруашылық техникумына түсіп, 1965 жылы техника-механика мамандығын бітірген. Сол жылы Киров ауданындағы ауылшаруашылық училищесінде бір жыл мұғалімдік қызмет атқарады. 1966 -1969 жылдар аралығында әскери борышын Ресей өңірінде өтеп келеді.

1970 жылдан бастап «1 Май» ауылында бригадир көмекшісі болып қызмет атқарды. 1971 жылдан 1998 жылға дейін аға механик қызметін үздіксіз атқарды. Осы жылдар аралығында көп жылғы еңбегі мен ауылды көркейтуге қосқан үлесі мен жетістіктері үшін Киров ауданының Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталған.

Жанұясында жолдасы Гүлсара Азимова екеуі 3 ұл бала , 3 қыз бала тәрбиелеген. Барлығы да жоғары білімді. Ұлдары қазіргі таңда кәсіпкерлікпен айналысады.

Құрманалиев Әліайдар Сыдықұлы

1949 жылы Мақтарал ауданы «Кеңесшіл» ауыл советі Тегістік ұжымшарында дүниеге келген.

1966 жылы «Сарыарқа» (Бұрынғы В.И. Ленин атындағы мектеп) орта мектебін бітірді. Сол жылы Ташкент қаласындағы орыс тілі мен орыс әдебиеті институтына түсіп, 1971 жылы жоғары деңгейде аяқтады.

Институттың 1-2 курсына оқып жүргенде Ташкент қаласындағы халықтар шығармашылығы үйінде ән айту өнері бойынша дайындық курсына қатысады. 1967 жылы Республикалық орталық опера балет театрында Октябрь революциясының 50 жылдық мерейтойына арналған үлкен концертте Ш.Қалдаяқовтың бұрынғы мәтіндегі «Менің Қазақстаным» әнін шырқап, көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Оқуды осылай өнермен ұштастырып бірнеше концерттерге қатысады. Еңбек жолын «1-май» сегізжылдық мектебінде орыс тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып бастайды. Кейін В.И.Ленин атындағы орта мектепке ауысып, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымында 1980 жылға дейін жұмыс істеді. Қызмет барысында ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екендігімен ерекшеленіп, оқушыларды ауыл шаруашылық науқандарында жақсы қатыстырып, кеңшар басшыларының көзіне түседі. Нәтижесінде ауданның І-ші хатшысы Әліайдарды ауыл шаруашылығына ауысуға үгіттейді.



5 жыл бойы өзінің ауылында бригадир қызметін атқарады. Мақтадан жыл сайын гектарына 38-40 центнерден өнім алып, 1986 жылы 7 шілде күні Кеңес одағы жоғарғы Президиум Кеңесінің шешімімен «За трудовое отличие» медалімен марапатталды. Кейінгі жылдарда еңбегі жоғары бағаланып, бригадирлік қызметтен ХХ партсъезд кеңшарындағы 5-бөлімшінің басқарушысы қызметіне көтерілді. 5 бөлімшенің құрамына «1 май», «Куйбышев» және «Сталин» елді мекені, сондай-ақ КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Әжіхан Есқараевтың бригадасы да кірген. Мақта өнімділігі бойынша І орын тек 5 бөлімшеге тиесілі болды. Бірде сол кездегі кеңшар директоры А.Сүттібаев бөлімше басшыларын шақырып алып: «Осы жылғы мақта науқанында қай бөлімше І орын иеленсе мынау ақ түсті «Баз-31»-ді тұрған орнынан алып кете берсін» – дейді. Бұдан соң жарыс қыза түскен. Нәтижесінде 5-бөлімше І орынды иеленді. Сол жылдары Ресейдің Краснодар өлкесінен жоғары сұрыпты бидай тұқымын 5-бөлімшедегі алқапқа егіп, гектарына 50 центнерден (5 тонна) өнім алып, Мақтаарал ауданы диқандарының семинарында

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

облыстың әкімшілігінен мақтау қағазымен марапатталды. Кеңес одағы ыдырап, кеңшар тарағаннан кейін Әліайдар сүйікті ұстаздық қызметіне қайта оралды. Я.Есенбеков орта мектебінде психолог болып орналасты.

Мектепте бірде-бір арыз шағымның болмауы, бітіруші сыныптардың ҰБТ-де жоғары нәтиже көрсетуі, әрине, мектептегі дұрыс психологиялық райға, психолог еңбегіне тікелей байланысты. Жүзінде жылылық ұялаған Әліайдарды мақтаралдықтар құрмет тұтады.

Оның әділеттігі мен шыншылдығы, имандылығы мен адамгершілігі, зерделі болмысы, біліктілігі ұрпаққа өнеге болары сөзсіз. Өмірлік серігі Имантаева Әсия екеуі ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған.

Марапаттары:

- 1) *«За трудовое отличие»*
- 2) *1986 жылы 10 қыркүйек күні XX партия съезінің шешімімен «Ударник коммунистического труда» төсбелгісімен марапатталды.*
- 3) *КПСС орталық комитетінің КСРО министр кеңесінің шешімімен «Ударник одиннадцатой пятилетки» төсбелгісімен марапатталды.*

Имантаева Әсия Пердебайқызы



Шілде айы Әсия Пердебайқызының ең жақсы көретін мезгілі. Көпшілік осы бір айдың аптап ыстығын айтып, тез өтсе екен деп тілейді. Ал Әсия ұстаз үшін бұл бір қуанышты кезең. Өйткені, шілде түсе салысымен өзінің туған күні аталып өтіледі. Әсия Оңтүстіктің ең бір берекелі жеміс-жидекке бай, бұрынғы Киров ауданында 1954 жылдың 4-ші шілдесінде дүниеге келген. 1970 жылы «Сарыарқа» орта мектебін «Алтын медальмен» бітірді.

1970-1974 жылдары Шымкенттегі, сол кездегі Н.К.Крупская атындағы педогогика институтында физика мамандығы бойынша үздік оқып, «Қызыл дипломмен» аяқтаған.

Еңбек жолын 1974 жылы өз ауылындағы Г.С.Титов атындағы мектепте физика пәні мұғалімі болып бастады. 1975 жылы жаңұя жағдайына байланысты «1-май» сегізжылдық мектебіне ауысады. 1994 жылдан бастап осы мектептің директоры лауазымына тағайындалады. Тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарында мектеп басқару тізгінін қолына алған ол біліктілігі, білімділігі мен парасаттылығының арқасында кездескен қиындықтарды жеңе білді. Мектеп директоры қызметін атқару барысында білім берудің өзіндік іс-тәжірбиесін жұмыс барысында толыққанды пайдалана білді. Өзі басқарған білім ошағын биік шыңдарға жетелеп, осы жолда елдің ерекше ықыласына бөленді.

Оның басшы кезіндегі басты мақсаты – әр шәкірттің өмірден өз орнын табуына ықпал ету болса, ұстанатын қағидасы – мұғалімнің өз ісіне деген сүйіспеншілігін оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыру болды. Соның нәтижесінде ҰБТ-де ол басқарып отырған мектеп алдыңғы қатарда көріне білді. Дәлірек айтсақ, 2003-2012 оқу жылдары ҰБТ-ге 510 оқушы қатысса, оның 283 оқушысы мемлекеттік грантты жеңіп алды. Яғни, қатысқан оқушының 55%-ы. 2009-2010 оқу жылдары ҰБТ-ге 48 оқушы қатысса, одан 40 оқушы оқушы мемлекеттік грантты жеңіп алды. Яғни, қатысқан оқушының 80%-ы. Ата-аналардың өтініші бойынша кейбір оқушылар жеделдетілген бағдарлама бойынша, яғни бір жылда екі сыныпты бітірді. Бұл уақытта мұндай бағдарламамен жұмыс жүргізуге тіпті қала мектептерінің басшылары жүрексінетін болған.

Еңбек елеусіз қалмайтыны белгілі ғой. 1999 жылы 12-ші қазанда білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі». 2006 жылдың 28-ші ақпанында жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін Б.Алтынсарин атындағы медальмен марапатталды. 2006-2007 оқу жылынан қорытындысы бойынша қала әкімшілігінің шешімі бойынша «Жыл директоры» номинациясына ие болды. 2010 жылы 3-ші желтоқсанда Елбасының Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл толуына орай» мерекелік медалімен марапатталды.

Елеулі еңбегінің арқасында «Ұстаз» деген атпен деректі кітап жарық көрді. Авторы: Ерлібай Өзбекбайұлы. Әсия Пердебайқызы жұбайы Құрманалиев Әліайдармен бірге төрт қыз бен екі ұлды дүниеге әкеліп, оларды өнегелі етіп тәрбиелеп өсірді.

Қыдырәлі БЕРДАЛИЕВ



1949 жылы 2-ші мамыр күні Оңтүстік Қазақстан облысы Киров ауданы «1-май» ұжымшарында дүниеге келді.

XX партсъезд атындағы кеңшардағы № 1 бөлімшеде 1966-1981 жылдар аралығында механизатор, 1981 жылдан 1996 жылға дейін №5 бөлімшенің механизаторы болып еңбек етті. 1996-1999 жылдар аралығында «Жаңа талап» ұжымында механик болып жұмыс атқарды.

Өз ортасына сыйлы болып, жұмысын тиянақты атқарып жүрді. Қарапайым қалпынан танған жоқ. Еңбегі бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және «Лениннің 100 жылдығы», ВДНХ мерекелік медалімен, ВЛКСМ медальдарымен марапатталған.

Күлайна АБДИЕВА



1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Фрунзе ауылында дүниеге келген.

1965 жылдан бастап еңбекке араласып, 1966 жылы тракторлық курсы бітірді. 1967 жылы механизатор болып еңбек етті. 1975 жылдан бастап бригадир болып қызмет атқарды.

1976 жылы Бердалиев Қыдырәліге тұрмысқа шығып, осы еңбегін әрі қарай жалғастырды. Елеулі еңбегінің арқасында көптеген марапаттарға ие болды. Атап айтар болсақ, 1970 жылы «Лениннің 100 жылдығы» медалімен, 1973 жылы ЦК ВЛКСМ «Трудовая доблесть» медальдарымен марапатталды. 2012 жылы «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Ол 6 перзентті өмірге әкелген ардақты ана. Барлық перзенттері жоғары оқу орнын бітірген. Бүгінгі таңда елге абыройлы қызмет атқарып жүрген азаматтар.

Тіліә ӨТЕГЕНОВА

1945 жылы желтоқсан айының 31-ші жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Қаңтарбай ауылында (бұрынғы Жамантоғай ауылы) көп балалы отбасында дүниеге келген.

Әкесінің аты – Амал, анасының аты – Бексұлу. Ол Б.Алтынсарин атындағы мектепте 5-сыныпқа дейін оқып білім алған. 1961 жылы Қызылқұм ауыл әкімшілігі, «1-май» бөлімшесіне тұрмысқа шыққан. Осы жерде мақта егісіп, шабық шауып еңбек етті. Жолдасы Өтегенов Серікбай Шардара ауданы құрылып жатқан уақытта үлкен машина айдап еңбек етті. 1979 жылдың наурыз айында оның қайын енесі Тоты, желтоқсан айында жолдасы Серікбай дүниеден озған. 33 жасында 6 қыз, 3 ұлмен қалды. Бүгінде 40 немере, 13 шөбере сүйіп отырған 73 жастағы батыр ана, асыл әже.



Қоқанбаев Сәттілә Зәкірұлы

1956 жылы 26-шы шілдеде Шымкент облысы, Киров ауданындағы «XX партсъезд» кеңшарында дүниеге келген.

1962 жылы «1 май» атындағы сегізжылдық мектептің табалдырығын аттап, 1972 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепті бітірген. 1979 жылы Алматы қаласы Еңбек Қызыл ту орденді Қазақ ауылшаруашылық институтының механика факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын 1979 жылы «Казгипросельхоз» мемлекеттік



бас жобалау институтында инженер болып бастаған. 1984 жылы қазақ ауылшаруашылық институтының аспирантурасына түсіп, 1988 жылы «Техника ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесін алды. Ауылшаруашылығы өнімін техникаландыру мен электрлендіру мамандығы бойынша оған «Доцент» ғылыми атағы берілді. 2007 жылы «Педагогика ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесін қорғады, оған 2008 жылы педагогика мамандығы бойынша «Профессор» ғылыми атағы берілді. 2002-2007 жылдары Алматы индустриялық-педагогикалық академиясында проректор, Алматы индустрия колледжінің директоры болып қызмет жасады.

Ол 60 астам ғылыми еңбектің, 6 оқулықтың авторы. 2007 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Алматы гуманитарлық-техникалық университетінде, оқу әдістемелік және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор лауазымында қызмет етті. 2010 жылдың 5-ші сәуірінде 53 жасқа қараған шағында өмірден озды.

ТҮРКЕБАЙ

1948 жылы Қызылқұм ауданынан көшіп келген 10 ұжымшардың бір бөлігі саналады. Алғашқыда, яғни жеке ұжымшар құрылғанда бұл ауылды «Куйбышев» атаған. Оны бірінші Айбатыр Ағабаев деген кісі басқарған. Бас есепшісі Әди Ахметов пен орынбасары әрі көмекшілері Төлеген Мәуленов, Жасұзақ Елемесов, Мыңбай Сопбеков белсене жұмысты істеген. Осы азаматтардың атсалысуымен ұжымшарға қажетті ат қора, ұстахана, сарай және шөп жинайтын орындарға 3-4 га жер бөлініпті. Содан бірінші қатарға 20 үй, ал ортадағы көшенің екі жағына 42 үй салына бастапты.

Алғашқы жылдары ұжымшар меншігінде 450 га жер болған. Оның 200 га жері 1951 жылы көршілес Жүзім кеңшарына өтіп кеткен. Сондықтан 250 га жер ғана қалыпты. Мақта егуге 120 га жер бөлінсе, жоңышқаға 80 га жер, 10 га жер бау-бақшаға, 40 га жер жүгері егуге берілген.

Осылайша бастапқы жылдарда ұжымшардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына Айбатыр Ағабаев, Әди Ахметов, Садық Жоланов, Тажбекей Абилдаев, Төлеген Мәуленов, Жасұзақ Елемесов және Мыңбай Сопбеков секілді ел азаматтары өлшеусіз үлес қосты. Сондай-ақ, кейінгі жылдарда бригадирлер Зәкір Қойлыбаев, Сейдімұрат Абдраимов, тракторшылар Тәліп Қошбеков, Садуақас Өтембеков, арбакештер Қошназар Ізейев, Мыңжасар Сопбеков, сушылар Эгорна Дубровский, Жүзтай Сопбеков және Дархан Ешмұратов, мал шаруашылығымен айналысқан ферма бастығы Ерхан Сейдімұрат, ұжымшардың көлік жүргізушісі Мұқым Шманов, жұмысшылар Сейсен Бейімбетова, Айдын Ағабаева, Жібек Елемесова, Ұлтусын Омарова, Хантегкүл Ағабаева, Глескүл Жауғашарова, Вера Пиминиди, Мария Пиминиди, Сәтен Имамова, Марияш Аропова және Айсапар Сопбековалар қажырлы еңбек еткен.

1953 жылы ұжымшар басшысы болып Садық Жоланов тағайындалған. Бұл кісі бір жылдан соң денсаулығына байланысты басшылық қызметтен кеткен. Оның орнына бұрынғы басқарманың орынбасары Жасұзақ Елемесов 1954 жылы тағайындалған. Ол ұжымшарға жетекшілік еткен 2 жылда үлкен көрсеткіш көрсеткен. Кеңшар құрылған кезде,

яғни 1956 жылдан бастап 1960 жылға дейін Сатылхан Махатов деген кісі мақта бригадирі болған. Ал, 1960-1966 жылдар аралығында Жақсылық Айбатыров болып, ол 1967 -1969 жылдары бөлімшенің агрономы, 1974 жылға дейін бірінші бөлімшенің басшысы қызметін атқарған. 1979 ж. 5-бөлімше ашылып, сол бөлімшеге жетекшілік еткен.

1967-1980 жылдары аралығында Парсахан Темірханов болса, одан кейін (1980-1990 жылдары) мұндай қызметке Пердебай Шондыбаев келген. Аталған абзал азаматтардың барлығы егінді алқапта елеулі еңбек ете білді. Сонымен бірге, ерлермен бірге иық теңесе жұмыс істеген Сейсен Бейімбетова, Айдын Ағабаева және Жібек Елемесова секілді аналарымыздың да атқарған жұмыстары орасан.

Осы орайда атап кетерлік жағдай, 1964 жылы бұл ауыл мол табысқа жеткен екен. Әр гектар жерден 48 центнерге дейін өнім жинаған. Сондай-ақ, ауылда мал шаруашылығы да қарқынды дамыпты. Тіпті, түліктерді Шымқорған, Ұзынқұдық, Дөкей, Дарбаза және Қостақы мал шаруашылығы ұжымшарларына бөліп берген екен. Бұл уақытта ауыл малына Қалдыбек Үкібаев пен Ешенкүл Шойбеков бас-көз болыпты.

Ауылдың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқандардың қатарында Елеусіз Мәмедейов, Батырхан Мәмедейов, Алмахан Әбсематов, Тәжібекей Әбілдаев, Құдайберген Сүлейменов, Садық Жоланов, Телқозы Айтөреев, Майрық Жоланов, Әзберген Бейсенов, Жолдас Шотбай, Смайл Әбілдаев, Рахым Жантейінов, Қайбылда Әбдікерімов, Темірхан Тенеов, Молдахан Рүстемов, Мустақ Кеттебеков, Қалдыбек Сырбеков, Төлеген Шуақбаев және Сейітжаппар Шондыбаевтер бар.

Жоғарыды аталған аға толқынның қажырлы еңбектерін бүгінгі таңда сол ізін жалғап жатқан ұрпақтары жалғастырып келеді. Мәселен, Кұршан Елемесов бүгінде ауыл бийі болса, Бегайым Алыбекова Түркебай ауылындағы әжелер алқасының төрайымы. Қазірде бұл ауыл жеке кәсіпкерлер мен диханшылардан кенде емес. Қанат Өтешов, Сәкен Мәуленов, Сержан Елемесов, Ғалым Мәуленов, Дәулет Мәуленов, Ержан Шондыбаев және Олжас Сүлейменовтер өздерінің еңбектерімен ауылдың қазіргі таңдағы дамуына, гүлденуіне өз үлестерін қосуда.

Елеусіз МАМАДӘЛІҰЛЫ



1920 жылы 15-ші маусымда Шымкент облысы, Пахтаарал ауданы, «Жаңажол» ұжымшарында қарапайым отбасында дүниеге келген.

1936 жылы орта мектепті аяқтап, ұжымшар жұмысына ерте араласады. 1938 жылы көктемде Кеңес армиясы қатарына шақырылады. Әскерде жүргенде Ұлы Отан соғысына аттанады. Украина, Белоруссия жерлерін фашист басқыншыларынан азат ету шайқастарына қатысып, ержүректілігімен көзге түседі. Осындай шайқастардың бірінде жараланып, әскери госпитальде емделіп шығады. 1945 жылы соғыс аяқталған соң бір жыл Минск қаласын қайта қалпына келтіру жұмыстарына қатысады. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін II және III дәрежелі КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ордені, медалі және Құрмет Грамотасымен марапатталған.

1946 жылы елге оралып, туған жерін өркендету мақсатында ұжымшар жұмысына қайта араласады. Ұжымшар қоймасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1949-1959 жылдар аралығында «Жаңажол» ауылының фермасын басқарады.

1959 жылы отбасымен «XX Партсъезд» кеңшарына көшіп келеді. Енді құрылып жатқан кеңшардың іргетасын қалауда аянбай еңбек етеді. 20 жылға жуық төрт түліктің жайын жақсы білетін маман мал фермаларының бригадирі болып қызмет атқарады. Кеңшардың мал шаруашылығының өркендеуіне үлкен үлесін тигізеді. 1979 жылы зейнет жасына шыққанша кеңшардағы №5 бөлімшесінің қойма меңгерушісі болып жұмыс істейді.

Ол жарты ғасырға жуық өмірін еңбек жолына арнады. Еңбекқорлығының арқасында қарапайым жұмысшыдан ферма меңгерушісіне дейін қызмет атқарды. Жаңадан құрылған ұжымшарлар мен кеңшарлардың көркеюіне өз үлесін қосты. Үлгілі отбасын құрды, тәрбиелі, жоғары білімді ұл-қыз тәрбиеледі. Бүгінде оның немере-шөберелері ұрпақ сабақтастығын жалғап, түрлі салаларда қызмет атқарып, еліміздің қарқынды дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Зәкір ҚОЙЛЫБАЕВ

1923 жылы 4-ші мамыр күні Шымкент облысы, Шардара ауданында дүниеге келген.

Осы ауданда орта мектепті бітіріп, «Куйбышев» ұжымшарында 1950 жылға дейін есепші болып жұмыс істеп, сол жылы армия қатарына азаматтық борышын өтеуге аттанады. 1953 жылы елге оралып, ұжымшарда 1957 жылға дейін бригадир қызметін атқарған. 1957 жылы мамыр айында Ленин атындағы ұжымшарға қоныс аударып, зейнетке шыққанға дейін сол жерде бригадир болған. Жұбайы екеуі 4 ұл мен 4 қызды тәрбиелеп өсірді. 2007 жылдың 12-ші қазанында дүниеден өтті.



Рысқұлов Батыр Мамадәліұлы



1 қаңтар 1924 жылы Пахтаарал ауданы, «Жаңа жол» ұжымшарында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген.

Осында 7 сыныптық мектепте оқыған. Алғашқы еңбек жолын қарапайым жұмысша болып бастаған. Кейіннен ат айдап, ұжымшардың мақтасын және бидайын тасыған. 1940-1945 жылдары Сырдария облысындағы қамыс зауытында жұмысшы болып істеген. 1946 жылы әскер қатарына алынып, Түркменстан Республикасындағы «Кушка» деген жерде 2 жыл қызмет етіп, Ашхабад қаласының жер сілкінісінен кейін оны қалыпқа келтіруге қатысқан. 1948 жылы елге оралғанда әкесі Мамадәлі ұжымшардан жер алып, 20 отбасымен бірге мақта егіп, егіншілікпен айналысқан. 1950 жылы Ильич кентінде шоферлық курсты оқып, 1951 жылы Қызылабад МТС-інде автослесарь болып жұмыс жасаған. 1955 жылы өмірлік серігі Ұлжалғасқа үйленіп, отбасын құрған. 1959 жылы I – Жетісай РТС-інде шофер болып жұмыс атқарып, 1968 жылы қысты күні құмдағы шопандарға жем-шөп тасыған.

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

1972 жылдың 12-ші қыркүйегінде Киров ауданы «ХХ партсъезд» кеңшарындағы мал фермасында жұмысшы болып істеген. 1985 жылдың қыркүйек айына дейін жұмыс істеп зейнеткерлікке шыққан. Өмірлік серігі Ұлжалғас Рысқұлова екеуі өмірге 13 ұл-қыз әкеліп, содан тағдырдың жазуымен, 5 перзенті қалған. 4 қыз бен 1 ұлды тәрбиелеп өсірген.

Әди АХМЕТОВ



1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, осы күндегі Сарыағаш ауданы, «Әлімтау» даласында, молда Ахмет Жұманазарұлының отбасында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1941 жылы екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында жұмысшы болып бастаған. 1943 жылдың ақпан айында Кеңес армиясының қатарына шақырылып, 1947 жылдың сәуір айына дейін соғысқа қатысып, Ұлы Жеңіске өз үлесін қосқан. Майдан даласында екі рет жарақат алып, 1949 жылы аман-есен елге оралды.

1947-1956 жылдар аралығында Қызылқұм МТС-да есепші, бас есепші қызметтерін абыроймен атқарған. 1956- 1964 жылдарда кеңшар шаруашылығының қалыптасуына, дамуына және өркендеуіне бөлімше есепшісі, бас бухгалтер болып өз үлесін қосты. 1964-1972 жылдарда тыңнан жаңа ашылған «Өзбек ССР 40 жылдығы» және Шардара ауданындағы «Комсомол» кеңшарының құрылу, қалыптасу кезеңдерінің бастауында тұрды. Ал, 1972 жылдан бастап табан аудармастан өзінің өскен ауылы, бұрынғы «ХХ партсъезд» кеңшарында қажырлы еңбек етіп, 1987 жылы зейнеткерлікке шықты.

Әди Ахметұлы білімді, талапшыл, әділ ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырушыларының нағыз білгірлерінің бірі болды.

Мемлекетіміз оны Ұлы Отан соғысы және бейбіт еңбек жылдарында сіңірген еңбегін жоғары бағалап, жоғары наградалармен марапаттады:

- I-II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен;
- Германияны жеңгені үшін (1941-1945ж.ж.) медалімен;

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

- Беларусияны неміс басқыншыларынан азат етілгеніне 60 жыл;

- Г. Жуковтың туғанына 100 жыл (1896-1996);

- Ұлы Жеңістің 20, 30, 40, 50, 60, 65 жылдық мерейтойлық медальдарымен;

- Бейбіт еңбегі үшін ВДНХ, КССР, Еңбек Ардагері, «Астанаға 10 жыл медальдарымен», ОҚО облысы Құрмет грамотасымен.

Әди Ахметұлы сонымен бірге көргені мен көңілге түйгені көп, тура, әділ сөзімен көптің құрметіне және сеніміне ие болған абыз ақсақал еді!

Ел есінде де солай қалары сөзсіз!

Жасұзақ ЕЛЕМЕСОВ

1926 жылы 15-ші маусымда Шымкент облысы, Шардара ауданында дүниеге келген.

Сол Шардара ауданындағы Шардара орта мектебінде 1941 жылы орта білім алған. Қызылқұм ауданы (қазіргі Мақтарал ауданы), Куйбышев атындағы ұжымшарда (қазіргі Түркебай ауылы) механизатор болып жұмыс істеген. Қызылқұм ауданы басшыларының ұйғарымымен армия қатарына жіберілмей соғыс кезінде техника меңгерушісі болып елге қызмет еткен.



1944 жылы Бижанова Жібекпен отбасын құрып, 6 перзентті тәрбиелеген. Куйбышев ауылында полевод болып 1953 жылға дейін істеп, сол ұжымшардағы мал ферманың меңгерушісі, кейіннен ұжымшар басқармасы да болып қызмет атқарған. Ворошилов кеңшарында, Мырзашөл ауданы 10 а кеңшарында және Өзбекстан жерінде жаңа жерді игеру жөнінде бөлімше басшысы болып 1973 жылға дейін қызмет атқарған. Содан ОҚО, Киров ауданына қарасты «Өзбекстанның 40 жылдығы» кеңшарына 1973 жылдан бастап бақша бригадирі болып 1986 жылға дейін істеген. 1992 жылы Сауд Арабияға қажылыққа барып қажы атанды. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. «Мұхам» атты шаруа қожалығын ашып төрағалық етті. Ауыл адамдарына өсиетін айтып жол көрсеткен ақсақал 2000 жылы 18-ші сәуірде дүниеден өтті.

Баймахан ЕЛЕМЕСОВ

1929 жылы Шымкент облысы, Шардара ауданында дүниеге келген.

Шардара орта мектебінде білім алады. Армия қатарына 1953 жылдары шақырылып, Ресейдің Владивосток қаласында 1956 жылға дейін азаматтық борышын атқарып келген. Елге оралған соң «XX партсъезд» кеңшарында «счетчик» болып жұмыс бастап, өмірінің соңына дейін осы ауылда жұмыс атқарған. 1956 жылы үйленіп, 4 ұл мен 2 қызды тәрбиелеп өсірді. 1998 жылы 17-ші сәуір күні дүниеден өтті.



Иманберді ЖҰМАЕВ



1937 жылы 15-ші маусымда қазіргі Ж.Ералиев ауылдық округінде дүниеге келген.

1940-1941 жылдары XX партсъезд кеңшарына көшіп келеді. 1944 жылы «1 май» орта мектебіне барып, оны 1952 жылы бітіріп шығады. Еңбекке ерте араласып, 1953 жылдан бастап тракторист болып қызмет еткен. 1960 жылы XX партсъезд кеңшарындағы №2 бөлімшеде механик-тракторист болып жұмыс істеді. Ал, 1963 жылдан 1999 жылға дейін орталықта механик-тракторист болып қызмет жасаған. 1999 жылы 15-шы маусымда зейнеткерлікке шығып, бүгінде немерешөберелерінің қызығын көріп отырған ардақты әке, асқар таудай ата.

IV бөлім

ТАРТУ



ҚЫЗЫЛҚҰМ ГИМНІ

Сөзін жазған: Жасұлан Ағайдаров

*1) Қызылқұм күннен күнге гүлденесің,
Жүректерге жақұт қып жыр бересің.
Өзіңде гұмыр кешіп қалу керек,
Мына жалған өмірге бір келгесің.*

Қайырмасы:

*Қызылқұм сенен қалай жырақ кетем,
Сезімім саған деген тұрақты екен.
Біз үшін өзіңсің зой – берекелі ел,
Біз үшін өзіңсің зой – жұмақ мекен.*

*2) Анық қой талайларды көктеткенің.
Жырларым саған шығар көптеп менің.
Сарыарқа, Есенбеков, Ерубаев,
Қызылқұм алтын ұя мектептерім.*

Қайырмасы:

*3) Шырқалсын оғланыңның шіркін әні,
Тек алға ұл-қыздарың ұмтылады.
Біз жақтың адамдары кең пейілді,
Жарасқан әрқашанда ынтымағы.*

Қайырмасы:

«АҢСАУ»

Ешкім білмес балалықтың бағасын,
Ойлағанда ойдан рахат табасың.
Көз алдыма алып келді мінекей,
Киров атты дәу каналдың жағасын ...
Білмейміз зой қайдан ағып келерін,
Майда толқын көрсетуші ед өнерін.
Біздің тұста сарқырама болатын,
Сол толқынға істететін дегенін.
Шлюздерді көтерсе су ағады,
Ал түсірсе судың жолын жабады.
Бала біткен шомылушы ек күн сайын,
Жағалап кеп жағаны.
Жаның сенің содан рахат табады,
Кезіктіресің іні менен ағаны.
Сүңгіп өтіп арғы бетке «жақ» ойнап,
Жүрген күнің бәрінен де бағалы.
Дәл сол жерден қаниа өсті даналар,
Білім құды, ғылым құды ағалар.
Еңбегімен сыйлы болған еліне,
Шықты не бір даралар.
Күн күлімдеп, ұясына қонатын,
Бала көңіл қуанышқа толатын.
Мұның бәрі менің туған ауылым,
Жиырмаасыншы партсъезде болатын.
Сол каналдың жағасында базары,
Сол каналмен кіретұғын ажары.
Сол каналдан бес жүз метр жүрген соң,
Сол ауылдың мазары....
Бәрі есте, бәрі есте барлығы,
Бәрі есте жүрегіңнің жарлығы.
Туған жерге, ауылыма тілерім,
Жарқырасынышы әр күні.

*Мұхтар Құралов, ақын сазгер
Мақтаарал ауданының құрметті азаматы*

XX партсъезд кеңшарының директорлары

Ескерту: Бұл кеңшардың алғашқы директоры болған М.Лугин мен одан кейін қызмет атқарған А. Әлібаев пен Р.Биназаровтың фото суреттері табылған жоқ. Сондықтан төменгі жаққа суреті бар директорларды ғана орналастырдық.



Ж.Ералиев



Ә.Жапбаров



М.Оралов



А.Күзембаев



А.Сүттібаев

Қызылқұм ауылдық округінің әкімдері



А.Мырзақұлов



А.Ташимбаев



Б.Сериков



А.Молдаханов



Н.Абдазимов



Е.Алданиязов



Н.Қойлыбеков

“ҚЫЗЫЛҚҰМДА АУЫЛЫМ”

ТУҒАН ЖЕР. Бұл сөзді естіген кез келген адамның жүрегіне ерекше жылылық ұялайтыны анық. Өйткені, жер басып жүрген барлық пенделер үшін «кіндік қаны тамған» туған жері қашанда қымбат. Еліміздегі бәзбір ақындардың «Туған жеріме кіндігім байланған» деп тебіренуі де тегін емес. Ия, мен үшін де туып-өскен ауылымның ауасы да, елі де, жері де қастерлі. Бұл әрине, бүгіндегі «Қызылқұм» ауылдық округі. Жер жәннаты – Жетісай ауданының аумағында орналасқан.



Жоғарыда тарихы тереңнен қозғалған шежірелі елді мекен. Халқы да, данқы да аспандап тұрған ардақты аймақ. Себебі, бүгінгі таңға дейін бұл ауылдан бүкіл оңтүстік өңіріне кеңінен танылған әулие-әнбиелер, батырлар мен ақындар, білімін біліктілікке ұштастырған білгірлер, әсіресе ауыл шаруашылығында аянбай еңбек етіп, ерлікпен пара-пар іс атқарған талай аппал азаматтар шыққан. Солардың бүгінгі ұрпақтары да ұлы бабаларының ізін жалғап, қазір елдегі қай салада болсын бойындағы қажыр-қайратын аямай жұмсап келеді. Сондықтан болса керек, бүгінгі таңда Қызылқұм ауылы осындағы еңбекқор тұрғындардың арқасында шаруашылық өнімдерді жыл санап өрістетіп жатыр. Мәселен, бүгінде Қызылқұм ауылдық округінің жер көлемі 9185 га жерді алып жатыр. Онда 17 елді мекен бар. Тұрғындар саны 11225 адамды құрайды. 808 шаруа қожалығы, 2 пошта бөлімшесі, 1 АТС, 34 кәсіпкерлік субъектісі, 5 орта білім беру мекемелері, оның ішінде мұғалімдер саны – 300, оқушылар саны – 2484, мектепке дейінгі мекемелер саны 6 болса, ондағы тәрбиешілер саны – 40, амбулатория – 1, медпункт – 7, ал кітапхана – 1.

Бұрнағы жылдарда бұл ауылдың негізгі шаруашылығы мақта өндіру жұмыстары болса, кейінгі жылдарда қауын, қарбыз, қияр, қызанақ және орамжапырақ секілді дақылдарды егін даласында өсіріп, өнім көлемін көл-көсір етіп жатқан жайы бар. Сондықтан болса керек, Қызылқұм ауылындағы тұрғындардың әлеуметтік ахуалы қазір Құдайға мың да бір шүкір етерлік деңгейде деп айтуға болады. Халықтың қорасында малы бар, баспана мәселесін еңбекқор



тұрғындардың өздері-ақ шешіп тастаған. Бұл жерде жыл сайын бірнеше үй салынады. Қандай үй дейсіз ғой? Сыртқы және ішкі безендірілуі мен онда жасалған жағдайлар қаладағы құрылыс нысандарынан әсте кем түспейді. Тіпті, дәретхана мен жуыну бөлмесі де үйдің ішінен орын алып, оған аса қажет көріз жолдары да жасалған. Яғни, еңбекке епті жұрт егінді алқаптан тапқан нәпақасын өздерінің игілігіне жұмсап жатыр. Осы орайда айрықша айта кетер жайт, 2018 жылдың қыркүйек айында дүбірлеп өткен Қызылқұм ауылының 70 жылдық мерейтойы осындағы ел-жұрттың қаржылай үлес қосуымен атап өтілді. Мұндағы жомарт халық не ауылдық, не аудандық бюджетке телмірткен жоқ. Ендеше, елдің ерекше қолдауымен дүркіреп өткен мерейтой жайында аз-кем әңгіме өрбіте кетейік.



Жалпы, Түркістан облысына қарасты Жетісай ауданындағы Қызылқұм ауылдық округінің 70 жылдық мерейтойының аталып өтуіне Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасы түрткі болған. Яғни, бүгінгі таңда еліміздің жер-жерлерінде аталмыш бағдарлама аясында елдің, жердің өткен тарихы таразыланып, осы бағытта түрлі шаралар өтіп жатыр. Қызылқұм ауылындағы мерейтой да соның жемісі. Сонымен, бұл ауылдағы мерекелік шара алдымен округке кіреберісте орнатылған «Шаңырақ» монументінің ашылуымен

басталды. Еңселі тарихи нысанның ашылу салтанатына Жетісай ауданының әкімі Жамантай Бейсенбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбдіғаппар Исаев, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Тойым Жүнісов және профессор Бегім Серіков сынды азаматтар, сондай-ақ ауылдың еңбек ардагерлері мен жалпы тұрғындары қатысты. Онда бірінші болып аудан әкімі Жамантай Бейсенбаев сөз алса, одан кейін Қызылқұм ауылындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Орынбасар Серікбаев пен мерейтойды ұйымдастыру шарасында айрықша белсенділік танытқан Амантай Айтуғановтар өз лебіздерін білдірді.

«Шаңырақ» деп аталатын ауылдағы бұл монументте өзінің аты айтып тұрғандай символ ретінде «шаңырақ» бейнесі орнатылған. Өйткені, қай заманда болсын, қай уақытта болсын қазақ шаңырақты қасиетті санаған. Дана халқымыздың ғасырлар бойы баспана еткен киіз үйінің қақ төбесінде тұратын қастерлі бөлшегі. Сондықтан болса керек, қазақ ұғымында «шаңырақ» деген сөз кең ұғымға айналып, «баспана», «отбасы» және «жанұя» деген сөздердің орнын да алмастырып келеді. Демек, Қызылқұм ауылы алғаш құрыла бастаған кензеңдерде қазақтың киелі шаңырағы елдің кәдесіне талай жараған. Алғашқы уақытта бұл жерге тұрғындар киіз үйлерімен бірге көшкен екен. Мінекей, бұл монументтің мән-мағынасы осында жатыр.

Аталмыш монументтің салтанатты ашылу рәсімінен соң аудан әкімі бастаған топ Қызылқұм ауылындағы жазушы, ҚР Парламентіне бірнеше рет сайланған депутаты Мырзагелді Кемел 5 мың дана кітабын тарту еткен ауылдық кітапхананың жұмысымен танысты.

Бүгінде Қызылқұм ауылдық округі Жетісай ауданында орын тепкен, аумағы, халқы жағынан ең ірі елді мекендердің бірі саналады. Бұл ауылдың шығысында Абай ауылдық округі, солтүстігінде Шардара су қоймасы, батысында Өзбекстан Республикасы, оңтүстігінде Мақталы ауылдық округі орналасқан. Қазір мұндағы 17 елді мекенде халық саны 11225-ке жетіп отыр. Жергілікті тұрғындардың негізгі күнкөрісі егін мен мал шаруашылығы.

Орталықтағы әкімшілік ғимаратының іргесінде өткен мерекелік шарада алдымен аудан әкімі сөз алды. Ол Қызылқұм ауылының терең тарихына тоқталып, жиналғандарды айтулы мерекемен құттықтады. «Қызылқұм алқабының тарихы тереңде жатыр. «Жері қасиетті жердің ерлері де қасиетті» болары анық. Бұл өңірде елдің есінде жақсылығымен, қамқорлығымен қазірге дейін сақталған Тұрлыбек,

Қанай, Мұсабек, Сапақ, Дәуренбек, Жабай, Таубай секілді аңызға айналған тұлғалар ғұмыр кешкен. Ең бастысы, ХХІ ғасырға аяқ басқан тұста Қызылқұм халқы қиыншылықтардың уақытша екенін, ең қымбат дүние – Тәуелсіздік екенін бар жүрегімен түсінді. Жер байлығы бар жерде ел байлығы болмай қоймайды. Жаңа ғасырға бүкіл еліміздегідей ауыл халқы да зор намыспен, қажымас қайрат-жігермен, ұлттық биік рухпен қадам басты», – деді Жамантай Қанайұлы.

Мерекелік шара барысында қол күресі, қазақ күресі, футбол, кір тасын көтеру секілді спорттық жарыстар ұйымдастырылды. 70 жылдық шараға осы ауылдан түлеп ұшқан талай беделді азаматтар арнайы шақырту алыпты.

Мерейтой соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

**Қызылқұм ауылдық округінің 70 жылдық мерейтойына
демуші болған азаматтар:**

- | | |
|---------------------------|------------------------|
| 1) Төлепов Данабай | 22) Исаев Қахар |
| 2) Әметов Ербол | 23) Бекзадаева Нұргүл |
| 3) Әбдәзимов Серғазы | 24) Исаев Мейрамбек |
| 4) Байтұрсынов Яхия | 25) Үстенов Рашид |
| 5) Әбубакиров Мәмбетберді | 26) Пердеханов Жанат |
| 6) Әлиев Бақыт | 27) Жантеев Таңат |
| 7) Бердалиев Жұмахан | 28) Әлімханов Ерғали |
| 8) Өтешов Қанат | 29) Әлімханов Нартай |
| 9) Шондыбаев Ержан | 30) Айтуғанов Ербол |
| 10) Елемесов Кенжебек | 31) Смайлов Ниязбек |
| 11) Әбдікерімов Ербол | 32) Сағындықов Мұстафа |
| 12) Айбатыров Мырзахан | 33) Мәуленов Дәулет |
| 13) Елемесов Құршан | 34) Тастанов Ербол |
| 14) Избарханов Қасымхан | 35) Абдалимов Бағдат |
| 15) Қозыбеков Орынбек | 36) Балтаханов Бақтияр |
| 16) Бекмұрзаев Омар | 37) Бижанов Талғат |
| 17) Қаюпов Бекжан | 38) Әсемов Қамшыбек |
| 18) Бекмұрзаев Досмырза | 39) Күзенбаев Әлфараби |
| 19) Мейірханов Қайрат | 40) Оразханов Әшімхан |
| 20) Бектаев Нұрлан | 41) Жанаев Бауыржан |
| 21) Серіков Алтай | 42) Қойлыбеков Әсет |

Қойлыбеков Нұрақбай Сраиылұлы



1962 жылы 19-шы қазанда Шымкент облысы, Киров ауданы, XX партсъезд кеңшарында дүниеге келген.

1977 жылы Шымкент гидромелиоративтік-құрылыс техникумына оқуға түсіп, 1981 жылы «Су құбырлары және канализация жүйелерінің құрылысы» факультетінің техник-құрылысшы мамандығын бітірген. 2005 жылы Қарағанды экономикалық университеті Шымкент филиалының «Қаржы және несие» мамандығы бойынша экономист мамандану: банк ісі біліктілігін алған. 1985 жылы Шымкент облысы, Киров аудандық әскери комиссариаттан әскерге шақырылып, Ресейдің Чебаркуль қаласындағы 11396 әскери бөлімінде 6 ай оқуда болады. 1986 жылы мамыр айынан 1987 жылдың қараша айына дейін Кеңес армиясының Германиядағы тобында, Плауэн қаласы 38868 әскери бөлімінде қызмет атқарады. Еңбек жолын Шымкент облысы, Киров ауданы, XX партсъезд кеңшарында 1981 жылы гидротехник болып бастаған. Осы ауылда Қызылқұм мақта дайындау пунктінде 1983 жылы токарь болып жұмыс істеді. 1985-1989 жылдар аралығында тракторшы, 1989 жылы XX партсъезд кеңшарының комсомол комитетіне хатшы орынбасары болып сайланған.

1990 жылы комсомол комитетінің қысқаруына байланысты XX партсъезд кеңшарында план отряд бригадирі болып тағайындалған. 1996 жылы «Ақтөбе» өндірістік кооперативінде жұмысшы, ал 1997 жылдан 2001 жылдың сәуір айына дейін бас есепшінің көмекшісі болып жұмыс атқарған. 2001 жылы Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппаратына мәдени-әлеуметтік сала бойынша маман болып тағайындалған. 2009 жылдан 2018 жылдың қараша айына дейін ауыл әкімінің орынбасары болып қызмет атқарған. 2018 жылдың 26-шы қарашасынан бастап Қызылқұм ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді.

Молдаханов Рүстембек Зиябекұлы

Молдаханов Рүстембек Зиябекұлы 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы, Еңбекші ауылында дүниеге келді. 1978 жылы А.С.Пушкин атындағы жалпы орта мектепті бітірді.



1978-1983 жылдары Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылық институтының, ауыл шаруашылығы пәндерінің мұғалімі факультетін бітірді. 1983-1984 жылдары Қарағанды облысы Қарқаралы қаласында №72 кәсіптік техникалық училище мұғалімі, 1984-1986 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара қаласы №33 кәсіптік техникалық училище мұғалімі, 1986-1988 жылдары Шардара аудандық комсомол комитеті №33 кәсіптік техникалық училищесі комсомол комитетінің хатшысы, 1988-1995 жылдары Шардара қаласы №33 кәсіптік техникалық училище мұғалімі, 1996-1999 жылдары Еңбекші ауыл әкімшілігінің іс-қағаздарын жүргізуші, 1999-2013 жылдары Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, іс-қағаздар бойынша жұмыс істеген. 2013 жылдан Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппаратында әкім көмекшісі, ал 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап Қызылқұм ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарып келеді. ҚР Тәуелсіздігінің 20, 25 жылдығына орай ҚР Президентінің мерекелік төсбелгісімен марапатталған.

Рүстемов Сакен Адилбекұлы

1963 жылы Шымкент облысы, Киров ауданында туған. 1980 жылы Ленин атындағы жалпы орта мектебін, 1985 жылы Семей зоотехникалық ветеринариялық институтын бітірген.



Еңбек жолын 1985 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, «Восток» кеңшарында бастаған. 1987-1996 жылдары Киров ауданы, «XX партсъезд» кеңшарында комсомол комитеті

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

хатшысының орынбасары, аға зоотехник, мал дәрігері қызметтерін атқарған.

1997 жылы «Ақ жол» ӨК басшысы, 2001 жылы «Әділбек әулеті» шаруа қожалығының басшысы қызметтерін атқарған.

2008 жылдан бастап Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-жер инспекторы қызметін атқаруда.

Жанұялы, 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.

Рысқұлов Айдар Батырханұлы

1964 жылы 9 мамыр күні Шымкент облысы, Киров ауданы, «XX партсъезд» кеңшарының Куйбышев ауылында жүргізуші отбасында дүниеге келген.

1981 жылы В.И. Ленин атындағы орта мектепті бітіріп, 1981-1982 жылдары бөлімше қоймасында жұмысшы болып қызмет атқарды. 1982-1984 жылдары әскер қатарында борышын өтеген. 1984-1986 жылдары Жызақ облысы, Мырзашөл ауданында училищеде оқып, ауылшаруашылық есепші мамандығын алып шыққан. 2005 жылы Жамбыл облысы, Тараз Мемлекеттік Педагогикалық Институтына сырттай түсіп, 2010 жылы құқық және экономика мамандығын бітіріп шыққан.



1986-1987 жылдары Киров ауданы «Ақ-Алтын» мақта қабылдау пунктінде жұмысшы, 1987-1988 жылдары XX партсъезд кеңшарының орталық мекемесінде есепші, 1988-1993 жылдары Асық-Ата агрофирмасы орталық мекемесінде экономика бөлімінде диспетчер, 1993-1996 жылдары Асық-Ата орталық мекемесінде әлеуметтік есепші, 1996-1997 жылдары «Түркебай» өндірістік кооперативінде есепші, 1997-1998 жылдары «Ақ-Ниет» өндірістік кооперативінде есепші, 1998-1999 жылдары «Қуаныш» ш/ш төрағасы және 1999-2013 жылдары Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппаратында салық агенті қызметтерін атқарған.

2013 жылдан бастап осы ауылдық округі әкімі аппаратының мәдениет және әлеуметтік сала бойынша бас маман қызметін атқарып келеді. 1985 жылы отбасын құрып, өмірлік жолдасы Қарабекова Салтанатпен 2 ұл мен 2 қызды тәрбиелеп өсіріп, олардан бүгінде 3 немере сүйіп отыр.

“Қызылқұм” ауылдық округі әкімшілігінің қызметкерлері



*Асхарұлы Досжан
Әкім көмекшісі*



*Әбдікерім Оңзарбай
Жанәділұлы
Бас маман - есепші*



*Өтеи Нұрлан
Құрбанбайұлы
Бас маман-заңгер*



*Сариев Ергалым
Тасмағамбетұлы
Бас маман-
салық агенті*



*Түктібаев Ғалым
Данақұлұлы
Бас маман-
тұрғын үй
коммуналдық
шаруашылық
бойынша*



*Мауленов Ермакан
Досмұханұлы
Бас маман-
әскери есеп
бойынша*



*Тажипбаев
Айнабек
Айтбайұлы
Бас маман-
экономист*



*Ағайдаров Жасұлан
Мыңбайұлы
Кәсіпкерлікті
дамыту, білім және
спорт саласы
бойынша бас маман*



*Мырзамдамов
Ербол
Тастемирұлы
Мәдени іс-шара
ұйымдастырышы*



*Шорабеков
Бауыржан
Избосарұлы
Оператор*



*Рустемов
Жамбыл
Мұхтарұлы
Оператор*



*Рысқұлов
Қылышбек
Айдарұлы
Оператор*

СӨЗ СОҢЫ

Құрметті, оқырман қауым!

Түркістан облысының бір түкпірінде, көрші Өзбекстанмен шекаралас аймақта орналасқан “Қызылқұм” ауылының өткен тарихын сонау Кеңес Одағы алғаш құрыла бастаған кезеңнен бастап қал-қадірімше тереңнен қозғауға тырыстық. Әрине, мұндай ауқымды тарихи дүниені жазу бір адамның ғана қолынан келе қоймайды. Әсіресе, деректерді жинақтау ісінде белсенді, білгір азаматтарды қажет етеді. Бұл тұрғыда менің “айым оңынан туды” деп айта аламын. Алдымен, “Қызылқұм” ауылдық округінің әкімі Нұрақбай Қойлыбеков мырзаға, әкімшіліктегі барша азаматтарға, әсіресе сондағы Жасұлан Ағайдаров бауырымызға, сондай-ақ аталмыш әкімшілікпен бұл бағытта тығыз байланыс орнатқан Амантай Айтуғанов ағамыз бен ұстазым Дүниезада Әліпбаеваға айтар алғысым шексіз. Сонымен қатар, кітаптың басында атап кеткенімдей Тілеу Қыстаубаев ағамыздан алынған деректер де, Серікбай Шәмшиев, Орынбасар Серікбаев, Әбдіраш Арыстанов, Асан Абубакиров, Тайман Егембердиев және Байшығар Егембердиев секілді ділмәр кісілерден естіген мазмұнды әңгімелер де кәдеге жарады. Ауылдан шыққан аңыз әңгімелер мен осындай дүниелерге арқау болып жүрген аңыз адамдар жайында таңды таңға асырып айтуға дайын болған, көкірегі шежіреге толы сыныптасым Құрманғазы Абдазимовтың да деректі хикаялары бұл кітаптан орын алды.

Тағы бір айта кетерлік жайт, кез келген шығармашылық адамға, әсіресе ол жазу кезеңін бастан кешіріп жатқан кезде рухани дем беретін орта ауадай қажет болады. Өз басым бұл жағынан да кенде болған жоқпын. Ауылымыздың ардақты азаматтарының бірі, батырлығымен, батылдығымен елімізге етене танылған тұлға Бақыт Жаңбырбаев ағамыз маған әрдайым тілектес, ниеттес болып отырды.

Сөз соңында айтарым, қадірменді көзі қарақты оқырман қауым! Біз жері де, елі де киелі ауылдың тарихын жазып шықтық. Сондықтан бұл дүние болашақ ұрпаққа ғасырлар бойы рухани азық болары анық.

Автор

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ.....3

I бөлім

ТАУҚЫМЕТ.....8

II бөлім

ТАБАНДЫЛЫҚ.....54

III бөлім

ТАҒЫЛЫМ.....113

IV бөлім

ТАРТУ.....299

Сөз соңы.....310

Ерлібай ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ

МЫРЗАШӨЛ ҚЫЗЫЛҚҰМЫ

Редакторы: Е.Қадырбай

Техникалық редакторы: А.Қияс

Корректоры: Ф.Құрманалиева

Басуға 08.08.2019 ж. жіберілді.

Қалыбы 60x90 $\frac{1}{16}$ ҚАҒАЗЫ ОФСЕТТІК ҚАҒАЗ.

ҚАРПІ ТҮРІ “ТАЙМС NEW ROMAN” ОФСЕТТІК БАСЫЛЫС

ЕСЕПТІК БАСПА ТАБАҒЫ 19,5.

160000 ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ, Б.МОМЫШҰЛЫ КӨШЕСІ, 33/17

ТЕЛ: 8725 2 77 20 10, 8701 312 99 06